

## ПОДГОТОВКА УЧИТЕЛЯ НОВОЙ ФОРМАЦИИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН – ПРИОРИТЕТНОЕ НАПРАВЛЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ВЫСШЕГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УЧЕБНОГО ЗАВЕДЕНИЯ

Беркимбаева Ш.К. (г. Алматы, КазГосЖенПИ)

Как у любого народа, у казахов испокон веков Учитель стоял на пьедестале почета. По значимости и близости для себя после родителей, казахи на второе место ставили учителя. Однако, в эпоху тотальной смены ценностей, учитель, к сожалению, оказался в числе не престижных профессий. Как показали результаты социально-педагогического исследования КАО имени Ы.Алтынсарина, на вопрос “Каков статус современного учителя в обществе”, респонденты – учителя ответили следующим образом:

- а) учителя всегда уважали и любили, тем более в наше время – 16%;
- б) сегодня учитель – одна из самых непрестижных профессий – 36%;
- в) у учителя отсутствуют права, его можно безнаказанно унижить, оскорбить - 48%.

Есть над чем задуматься. Время, в которое мы живем, характеризуется такой особенностью, как *быстро изменяющееся*, требующее от нас быстрых, точных, адекватных ответных действий.

Мощным стимулом для развития в стране системы образования и, в частности педагогического образования, явились Послания Президента страны Н.А.Назарбаева народу Казахстана от 19 февраля 2005 и 1 марта 2006 года. В них Нурсултан Абишевич особый акцент сделал на вопросах перехода к 12-летнему среднему образованию, повышения профессионального уровня педагогов, качества учебников и образовательных программ. При этом подчеркнул: «*Мы обязаны вернуть престиж и достоинство профессии учителя*». Подтверждением этому явились открытие пяти областных педагогических вузов в республике и увеличение государственного заказа на подготовку специалистов педагогического профиля.

Свидетельством истинной заботы государства о педагогах высшей школы: педагогах- исследователях, педагогах-мастерах своего дела, является объявление конкурса “Лучший преподаватель”, в результате которого 200 вузовских преподавателей стали обладателями гранта “Лучший преподаватель” стоимостью в 2 миллиона тенге, что в пересчете означает 15 тысяч долларов США. В целях реализации задания Главы государства были приняты важнейшие нормативные документы, концепции, программы развития образования. К таковым можно отнести: Государственную программу “Образование” до 2010 года, проект новой редакции Закона «Об образовании», где предусмотрен целый раздел о статусе учителя, проекты концепций: “Высшего педагогического образования в Республике Казахстан и “Непрерывного педагогического образования в РК”. Достоинством этих концепций является то, что они построены с учетом тенденций подготовки педагогических кадров в мировой практике. Учет именно мировых тенденций крайне важен в свете присоединения нашей республики к Болонскому процессу.

В контексте рассматриваемого вопроса представляет интерес предлагаемая в Концепции “*Структура высшего педагогического образования*” (п.б), включающая 2 ступени (4+1) – бакалавр с присвоением квалификации учитель.

I ступень – 1-4 курсы, продолжительность обучения 4 года. Классическое педагогическое образование с традиционной системой обучения. Она

заканчивается комплексным тестированием на основе предметов специальностей, сдачей госэкзамена по методике преподавания предмета и педагогике.

II ступень – 5 курс, продолжительность обучения 1 год. Целью этой ступени является формирование системы практической деятельности в условиях производства.

Вместе с этим, заслуживает одобрения раздел 7, называемый “Структура и содержание профессионально-педагогической подготовки учителя по курсам и годам обучения в вузе”. Концепция ориентирована на подготовку педагога-профессионала. На данном этапе идет обсуждение концепции.

В любом обществе требования к подготовке педагогических кадров меняются в соответствии с его социально-экономическими потребностями, что определяет тенденции развития профессионально-педагогического образования. На основе анализа теории и обобщения мирового опыта, нами были выявлены следующие тенденции в развитии педагогического образования в мире:

- важнейшей мегатенденцией XX в. – является *идея гуманизации* обучения, повлекшая за собой обновление парадигмы образования;
- одной из следующих определяющих тенденций является *информатизация*, которая значительно меняет как общество, так и образование, раскрывая их новые черты. Эти изменения, углубляясь “проникают” в человека, интенсифицируя потоки обработки информации и получения знаний личностью в ежегодном, ежедневном и даже ежечасном режиме;
- *глобализация* становится интегрирующей мегатенденцией, поскольку одним из ее проявлений служит распространение тенденций в планетарном масштабе.

В Казахстане прослеживаются следующие ее ключевые характеристики:

- “локализация” – проникновение и адаптация западных методов и методик, технологий и форм обучения;
- “горизонтальные связи” – привнесение идей западных вузов в систему образования Республики Казахстан;
- появление международных вузов на базе двух государств и финансируемых ими;
- унификация уровней подготовки и образовательных стандартов, признание образовательных документов, ученых степеней и званий;
- выполнение совместных научных и образовательных проектов;
- открытость системы образования, способствующая увеличению числа иностранных студентов, а также существующая возможность граждан РК обучаться, повышать квалификацию за рубежом, причем процент таких студентов постепенно увеличивается;
- становление системы дистанционного обучения.

*Диверсификация образования* – это одна из ключевых мегатенденций современного высшего образования. Понимается в широком смысле не только как диверсификация институциональных структур, но и как диверсификация учебных курсов, планов, программ, источников финансирования, внутренних и управляющих структур института, условий доступа и т.д.

Важнейшей тенденцией является *демократизация образования*, т.е. доступность образования для всех и преимущество ступеней обучения, предоставление автономности и самостоятельности учебным заведениям; равные права на образование всем желающим; организация учебного процесса, в котором формируется творчески и свободно мыслящий человек.

Понимание мегатенденций и их осмысление определяет новые направления развития образования. Ответом на новые требования к современному специалисту со стороны педагогической науки становится личностно-ориентированный и компетентностный подходы, а фактическим инструментарием их воплощения каждым педагогом является грамотное проектирование педагогического процесса с использованием активных методов обучения, информационных и педагогических технологий в целом.

Сегодня требование к профессиональной деятельности педагога “быть на высоте того, что он должен преподавать” оказывается недостаточным. Акцент в профессиональной деятельности современного педагога смещается с *передачи знаний другому - на организацию его деятельности*. В этой связи высшая педагогическая школа стоит перед необходимостью образования профессионально компетентного педагога, способного к самостоятельному решению педагогических задач:

- аналитико-рефлексивных;
- конструктивно-прогностических;
- организационно-деятельностных;
- оценочно-информационных;
- коррекционно-регулирующих;

Есть еще одна важнейшая функция высшей педагогической школы: создать базу, помочь прорасти интеллигентности в своих студентах. Речь идет о сверхзадаче, стоящей перед высшим педагогическим образованием: создать предпосылки для становления учителя, понимающего и осмысливающего незавершенность человеческого развития и совершенствования, являющегося носителем национальных и общечеловеческих ценностей, способного находить и реализовывать жизненные и профессиональные смыслы, быть источником тепла и света для других, умеющих отслеживать и оценивать результаты своей деятельности.

Отмеченные мегатенденции развития образования, преломляясь через его приоритетные направления, отражаются на организации профессионального педагогического образования в конкретном вузе. В частности, в Казахском государственном женском педагогическом институте реализуется *двухступенчатая система* профессиональной подготовки кадров: “бакалавриат – магистратура”, наряду с традиционно действующей подготовкой высококвалифицированных кадров – аспирантурой, докторантурой и институтом соискательства, внедряется *кредитная система обучения* студентов в соответствии требованиями, предъявляемыми при переходе на эту новую систему организации учебно-воспитательного процесса вуза, *система менеджмента качества образования*.

Внедрение системы менеджмента качества в организациях высшего профессионального образования (ВПО) по стандартам ИСО серии 9000 способствует интеграции в международное образовательное пространство, обеспечивает гарантию постоянного качества образования, конкурентоспособность вуза и в целом национальной системы образования.

Работы по разработке и внедрению СМК проводятся в нашем институте с ноября 2003 года. В настоящее время с учетом перехода на кредитную систему образования (КСО) разработаны и внедрены основные компоненты СМК образовательных процессов, такие как:

- автоматизированная система тестирования образовательного процесса;
- информационная система управления «Деканат/Офис-регистратор»;
- подсистемы «Отдел кадров», «Учебно-методическое объединение»;

- пакеты прикладных программ автоматизированных элементов КСО «Электронное мультимедийное издание – учебно-методический комплекс» для кредитной системы обучения», «Электронное методическое издание – мультимедийный силлабус», «Электронный мультимедийный учебник».

Благодаря системе менеджмента качества, институт добился повышения качества образования студентов. По итогам промежуточного контроля Министерства образования, качество образования наших студентов поднялась с 75,6% в 2004 году до 82,5% в 2005 году.

В целях подготовки компетентного, творчески мыслящего педагога новой формации к реализации профессиональных функций в институте создана соответствующая инфраструктура:

- *методический кабинет*, позволяющий будущему учителю подготовиться к достойному прохождению как педагогической практики, так и к работе в школе условиях реальной педагогической действительности;
- *видеокomпьютерный банк* передового педагогического опыта школ и учителей республики;
- *Центр компьютерных технологий*, позволяющий будущему педагогу в совершенстве овладеть информационными технологиями обучения;
- *лаборатория “Инновационных технологий обучения”*; позволяющая будущему педагогу овладеть на достаточном уровне современными технологиями обучения;
- *лаборатория “Проблем развития современной казахской школы”*;
- *лаборатория “Самопознания”*, способствующая будущему педагогу овладеть технологией самопознания, самоуправления, самовоспитания, самореализации;
- НИИ социальных и гендерных исследований, результаты исследования которых внедряются в учебный процесс института в форме спецкурса “Основы гендерного образования”;
- Центр фундаментальных исследований;
- Малая академия наук, в целях приобщения студентов к научной деятельности;
- педагогический отряд студентов;
- Школа вожатых;
- Школа кураторов;
- учитывая специфику вуза, разработан спецкурс “Қазақ Аруы”, («Қазақская леди») целью которого является воспитание интеллигентной девушки: будущего педагога, будущей матери, будущей супруги, будущего общественного деятеля – патриота страны;
- ресурсный центр: библиотека, типография, издание институтского сборника «Вестник ЖенПИ»;
- УМО по разработке стандартов образовательных программ по 9 специальностям.
- диссертационные советы по защите диссертаций (для подготовки научно-педагогических кадров высшей квалификации).

Нелишне будет отметить уникальность диссертационного совета К 14.61.09, в котором защищаются кандидатские диссертации по 4 педагогическим специальностям: 13.00.01 – общая педагогика, история педагогики и образования, этнопедагогика; 13.00.02 – теория и методика обучения и воспитания (музыка в системе начального, среднего и высшего образования); 13.00.03 – коррекционная педагогика (сурдопедагогика и тифлопедагогика, олигофренопедагогика и

логопедия); 13.00.07 – теория и методика дошкольного образования. Следует подчеркнуть, что по трем последним шифрам защита возможна только в нашем совете.

Весь указанный комплекс наряду с реализуемыми образовательными программами ориентирован на подготовку *Учителя новой формации*, который по праву будет определять будущее страны, будущее нашей нации.

Вместе с тем, реализация поставленных задач перед системой профессионального педагогического образования, требует адекватного разрешения следующих проблем:

- до настоящего времени не отработаны механизмы совершенствования кредитной системы обучения;
- несмотря на то, что двухуровневая система подготовки педагогических кадров в стране уже действует, в обществе нет однозначного понимания статуса “бакалавра”, что затрудняет проблему его трудоустройства;
- решение проблем поднятия престижа учителя в обществе сопряжено с разрешением прежде всего его социальных нужд, чего можно было бы добиться принятием в стране специальных подзаконных актов.

Эффективное решение этих задач определяется высоким уровнем профессионального образования, общей культурой и эрудицией педагога, его опытом, индивидуальностью, творческим отношением к собственному опыту и опыту других – всем тем, что стоит за профессиональной компетентностью и определяет учителя-мастера. Конечно, выпускник высшей педагогической школы еще не является учителем-мастером. Таковым ему предстоит стать. И вуз, в этом его ценность, создает необходимые предпосылки для личностного самоопределения и становления профессионально компетентного педагога.

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ****БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРҒА ОҚУЛЫҚ ЖАЗУДЫҢ  
ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Аймағамбетова Қ.А (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Қазақстан Республикасының Орта білімді дамыту тұжырымдамасы білім берудегі орын алып отырған дағдарысты талдай келіп, "Шынайы демократияның болмауы және мемлекеттің біртұтас білім беру саясаты салдарынан Қазақстанда жаппай масылдық психология етек алды. Сол себепті мұғалімдер ғана емес, ғалым педагогтар да төл оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдар жасаудан өздерінен-өзі шеттеп қалды" - деп көрсетеді. Шынында да осы кезеңге дейін қазақ мектептерінде негізгі пәндерден көбіне аударма түріндегі оқулықтар қолданылып келді.

1997 жылдан бастап жаңа талап, жаңа міндетке орай 1-4-сыныптарға арналған жаңа оқулықтар жарық көре бастады. Мәселен, дүниетану оқулықтарын Республикада бұрыннан оқу - әдістемелік мәселелермен шұғылданып жүрген ғалым-әдіскерлер: Қ.Аймағамбетова, Ә.Бірмағамбетов, К.Жүнісова, Н.Нұрахметов, З.Ф.Олейник т.б. жазды.

Осы кезге дейін ТМД көлемінде мектеп оқулықтарының мазмұны мен құрылысына байланысты көптеген зерттеулер жүргізілді. Соның ішінде оқулықтардың білімдік, тәрбиелік, дамытушылық, практикалық мазмұнына байланысты мәселелермен айналысқан авторлар қатарында: Д.Д.Зуев, К.Сосницкий, Г.М.Донской, В.А.Онищук, К.Ф.Зайцева, И.Д.Зверевтерді атауға болады. Оқулықтардың теориялық, тәрбиелік мазмұны мен оның құрылысы жайындағы пікір таластары 1974 жылдан бастап жинақталып, жыл сайын "Проблемы школьного учебника" деген атпен (1974-1990 жылдар) жарық көріп отырды. В.Г.Бейлисонның 1986 жылы жарияланған "Арсенал образования" атты еңбегінде оқулықтағы оқу материалының құрамына біріншіден ұғым, екіншіден деректер, үшіншіден белгіленген әрекеттер (деректер мен ұғымдарды меңгеру үшін) енетіндігін көрсетеді. Осы үшеуінің оқулықтағы ара қатысын айқындау арқылы оқулықты білім берудің көзіне айналдыруға болатындығын дәлелдейді. *Ұғым, дерек және белгіленетін әрекеттер* әр пәннің мазмұнына байланысты белгілі бір жүйелілікпен беріледі. Мектеп оқулықтарының жазылуы жайында сөз еткенде оқулықтағы материалды беру жүйелілігіне байланысты мәселеге соқпай кететін авторлар кемде - кем.

Н.Сосницкий оқулықтағы оқу материалдарының берілуін бірнеше жүйеге бөледі. Олар тізбекті, сызықты, сатылық, мақсатты және қоршаған ортаға байланысты жүйелілік т.б. Осылардың ішінен *тізбекті* немесе *сызықты* жүйелілікте берілетін материалдар үнемі бірізділікпен алға қарай жылжи дамып, бір бағытта, бірінен біріне өтіп отыруға тиіс. Мұндай тура тартатын тізбектің бір бөлігін алып тастасаң, арасы үзіледі. Сондықтан да оның әр бөлімін есте сақтай отырып, келесі жаңа бөліммен міндетті түрде байланыстыра оқыту талабы туындайды. Мұндайда тізбек ішінен материалдың негізгі түйінін тауып, басқа ұғымдарын осыған бағындыра білу керек. Бұл бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай келе бермейді. Себебі, психологтардың пікірі бойынша - бастауыш сынып оқушыларының есте сақтау көлемі тар, аумағы шағын. Сондықтан, тізбектің бір бөлімін ұмытса, басқа бөлімдерін меңгеру қиынға

түспек.

*Сатылық жүйелілік кейде психологиялық жүйелілік деп те аталады.* Бұл жүйелілік бойынша материал оқушылардың даму кезеңдеріне (фазасына) қарай жекелеп, топтап, шағындап берілуге тиіс. Мұндай әр оқушының жеке ерекшелігіне лайықтап беруге біріншіден, оқулықтың көлемі көтермейді, екіншіден, бастауыш сынып оқулығы психологиялық даму деңгейлері бір-бірімен шамалас оқушыларға арналатын болғандықтан, материалды бөлшектеп беруге бой ұру қолайлы емес. Ал, оқушылардың жекебас ерекшеліктерін ескере отырып оқыту мұғалімге, оның қолданатын әдіс-тәсілдерінің түрленуіне, тиімділігінің артуына тікелей байланысты.

Бастауыш сыныптарға арналған оқулықтардың өзіне тән ерекшелігі бар. Соның бірі- бастауыш сынып дүниетану оқулығына енетін материалдарды беруде *қоршаған ортаға байланысты жүйелілік* жақын келеді. Қоршаған ортаға байланысты жүйелілікте оқушылардың оқу әрекеті тек логикалық операцияларды орындауға ғана бағытталып қоймай, оның эмоциялық жағы басым болмақ.

XX-ғасырдың атақты психологтері Л.С.Выготский және И.А.Васильева адам күшінің ең күдіреттісі эмоция екенін айтады. Сезім, эмоция адамның ішкі дүниесін тез арада баурап алып, сол арқылы қабылданған затқа, немесе құбылысқа қызығу, қуану, не өкіну, алаңдау т.б. әрекеттер пайда болып сыртқа шығады дейді. Зерттеуші психологтардың айтуына қарағанда адамның ми клеткасының 90 пайызы эмоциялық қызмет атқарады екен. Сондықтан, оқушылардың қоршаған ортаға байланысты материалдарды меңгеруі үшін олардың нақты қабылдауына мүмкіндік беретін заттар мен құбылыстарды өздері бақылап тікелей қатыса отырып, сезінуіне жағдай жасайтындай жүйелілікпен беру қарастырылады.

Материалды қоршаған орта жүйелілігімен беру оқушылар сезіміне, нақты қабылдауына, олардың эмоциялық көңіл күйіне әсер ететеді. Мұндай жүйелілік бойынша оқыту оқушылардың өмір тәжірибесіне, бақылауларына сүйенуге қолайлы болатындай қоршаған орта нысандарына негізделеді, осының нәтижесінде оқушылар түрлі оқу әрекеттерін өздігінен орындайды.

Бастауыш сынып оқулығында берілетін материалдарды үнемі бір ғана жүйелілікпен орналастыру мүмкін емес. Сондықтан, оқулықтағы материал мазмұны спираль тәрізді қайталана отырып кеңиді. Сондай-ақ, оқулыққа енген материалдар қоршаған ортаға байланысты жүйелілікпен қоса кейде сызықтық, сатылық және мақсаттық, жүйеліліктерді аралас қолдана отырып та беріледі.

*Мақсаттық жүйелілікті* қолданғанда материалдың ғылыми мазмұнымен қатар оның практикалық мәні ескеріледі. Л.В.Вахидов “Оқушыларға үнемі дайын ақпараттарды берумен шектеліп отырмыз. Сондықтан олар дайын күйіндегі материалды артық күш жұмсап, талдап, ой қорытып жатпай-ақ тыңдап, ең қолайлы жағдайда көрнектіліктерді қарап қабылдаумен шектеледі” - деген пікір айтады. Біздің пікірімізше, оқулықтарға хабарлар жиынтығы емес, ғылымда айқындалған, ғалымдар талқысынан өтіп, қоғам дамуында қолданылып келген және болашақта үлкен ғылымды меңгеруге жол ашатын материалдар еруге тиіс. Сол материалдарды меңгеруде оқушылардың оқу әрекеттерін дұрыс ұйымдастырып, сезімдеріне әсер ететіндей дәрежеге көтеру, ғылыми тұрғыда қабылдауға жағдай жасау, олардың есінде сақтау процесін күшейту мұғалімінің шеберлігіне байланысты.

Оқушының қабылдауы негізінде оның психологиясына жан-жақты әсер етіп, ойлау, ой қорыту процестеріне материал жүйесінің тиімділігі қандай әсер етсе, оны оқытуды ұйымдастыра білуден оқушылар әрекетінің тиімділігі туады. Осы тұрғыдан алғанда дүниетану оқулығындағы материалдардың берілуіне мақсатты

жүйеліліктің де қолданылуы орынды. Оқулыққа енген материалдардың мазмұнының сапасы оның жүйелілігіне тікелей байланысты. Материалды жүйелі беру арқылы берілетін білім жүйелілігін де қамтамасыз етеді. Жүйесіз қабылданған білімді, К.Д.Ушинский айтқандай-ақ, керек кезде тауып, өмірде қолдану да қиынға түспек.

Оқулық қай заманда да, сол тұстағы ғылым жетістіктерін, мәдениет және әдебиет деңгейі мен халқының салт-дәстүрін оқушыларға жеткізетін, білім беретін негізгі құрал болып табылады. Білім негіздері ұрпақтан-ұрпаққа оқулықтар арқылы беріліп келеді. Оқулыққа нақтыланған, айқындалған, қоғам талабына сай зерттеу талқысынан өтіп, ғылымға айналған шындықтар ғана енеді. Оқулыққа енетін материалдар ғылыми шындық болғандықтан, мұны меңгеру үстінде оқушылардың зерттеушілік әрекеттерінің басым болуына жағдай туады.

Д.Д.Зуев оқулыққа байланысты басты идеологиялық, психологиялық, логикалық, лингвистикалық, әдістемелік, дидактикалық, эстетикалық, полиграфиялық, экономикалық талаптар қойып, оларды кең көлемді принцип-критерийлері ретінде ұсынды. Республикамызда оқулық жайында еңбек жазып, оны зерттеу көздеріне айналдырған ғалымдар да баршылық. Олардың қатарына А.Қ.Құсайынов, Ә.Асыллов, К.Н.Мамырова т.б. атауға болады.

"Дүниетану" пәні бойынша бастауыш сыныпта оқушыларға білім беруде ең негізгі құрал оқулық екенін ескере отырып, оқулықта берілген материалдардың оқушылардың дүниетанымын дамытуға ғылыми түсінігін қалыптастыруға, тәрбиелік және дамытушылық жақтарын күшейтуге баса көңіл бөлінеді.

Бастауыш сыныптан бастап түрлі атауларды, деректерді, табиғат заңдылықтарын, оның құбылыстарын теориялық тұрғыдан ұғындырып, білімді меңгерудің әдіснамалық жолдарын бала бойына сіңіру оқулықтағы материалды меңгеру негізінде жүзеге асады. Дүниетану оқушыларға адам, табиғат, қоғам жайында білім бере отырып олардың арасындағы байланысты ғылыми тұрғыда ұғындырады. Бастауыш сыныптың өзінде-ақ оқушылар заттар мен құбылыстар арасындағы байланыстарды бақылап түсіне бастайды.

А.В.Усова ғылыми ұғымды қалыптастыру жолдары туралы пікірінде білім беретін ғылым салалары оқушыларға ғылыми деректерді, түсініктерді, заңдарды міндетті түрде меңгерту арқылы әр ғылымның теориясынан оларды хабардар етуге тиістігін айтады. Яғни, ғылыми түсінікке негіздеу оқулықтар мазмұнының басты міндеті.

"Адамзаттың, қоғамның пайда болып, қалыптасуы қоршаған табиғи ортаның, қажетті алғы шарттардың, жағдайлардың болуына байланысты екені белгілі" - дейді белгілі философ Д.Кішібеков. Басқаша айтсақ, адам тіршілігінің көзі - табиғат. Осы табиғат заттарын танып-білу арқылы адам оған әсер етеді. Мұндай жетістікке олар бақылау жүргізу, ой қорыту арқылы, ғылыми зерттеулер жүргізу нәтижесінде жетеді.

Қазақ мектептеріне арналған оқулық тілінің әдеби ерекшеліктерімен (ана тілінде, тартымдылығы, түсініктілігі, көркемділігі, эмоциялығы, т.б.) қатар ұғымның ғылыми тілде берілуі үлкен ізденісті керек етеді. Бірақ осы кезге дейін республикада бастауыш сынып оқушыларына арналған оқулықтар тілі жайында, жалпы оқулықтар жазудың тілдік мағынасы тұрғысында зерттелген еңбек жоқтың қасы.

Дүниетану оқулығының тақырыптары жеңіл түрде берілгенмен, ғылыми тілді қолдануды керек етеді. Осы тұста Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі С.М.Исаевтың "Оқулық қалай жазылады" деген мақаласына жүгінеміз. Автордың пікірінше оқулық үш түрлі деңгейдегі адамдарға

(оқушы, мұғалім, ата-ана) арналады.

Оқулық жазғанда оқушының әлеуметтік тұлға ретінде дамуына мүмкіндік беретін, өздігінен ізденуіне жол ашатын, ой елегінен өткізуге жағдай жасайтын материалдарды қамту мәселелері көзделеді. Психолог М.М.Мұқанов “Оқыту - бұл білім беру және білімді тиісті жағдайда қолдануға үйрету” - дейді.

Бастауыш сынып оқулығына ғылыми деректерді енгізумен қатар олардың мәтін ретінде берілуі, яғни, баяндалуын әр түрлі деңгейде (әңгіме, деректі баяндау, ғылыми мақала, тапсырмалар, ескертпелер т.б.) жүзеге асыру жағы қарастырылады.

Оқулықтағы материалдардың оқушылардың ой операциясына түрткі болуы қажетті жағдай. Берілген ғылыми ұғымды оқушылар ой толғау барысында ғана меңгере алады. Оқыған материалдарды меңгеру үшін талдау, топтау, салыстыру, нақтылау, абстракциялау т.б. арқылы ой елегінен өткізу керектіктен, мазмұнның соған лайықты болу жағы қарастырылды, сөйтіп, ойлау процесін туғызу, оқулықтағы мәтін мазмұнымен байланысты екендігі ескеріледі.

Оқушыларға берілетін білім үнемі біртіндеп тереңдеп, мазмұны жағынан бір-бірімен сабақтастықта үзілмей беріле отырып, көлемі кеңейіп, мазмұны тереңдей түседі.

Оқулықта берілетін түрлі суреттер, сұрақтар мен тапсырмалар, сызбалар, яғни, оқулықтың әдістемелік аппараттары тартымды және жеткілікті болған жағдайда ғана тақырып мазмұны сол пәннің мақсатын аша алады. Оқулықта берілетін сұрақтар мен тапсырмалар бірнеше деңгейде қарастырылады да, оқушылардың ойлануына, ой тұжырымдауына, өткен материалдар мен жаңаны байланыстыруына, қоршаған ортаға күнделікті бақылау жүргізуіне, бақылау нәтижелерін қортындылауына, тәжірибелер, шығармашылық әрекеттер жасауына осылардың нәтижесінде мәтінді саналы меңгеруіне жағдай жасайды.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада осы кезге дейінгі оқулық жазуға байланысты жүргізілген Отандық және шетелдік ғалым-педагогтардың зерттеулеріне талдау жасай отырып, «Дүниетану» пәнінің негізінде бастауыш сыныптарға оқулық жазудың теориялық және әдістемелік мәселелері қарастырылған.

#### РЕЗЮМЕ

В статье на основе анализа исследовательских работ отечественных и зарубежных ученых – педагогов, авторов учебников раскрываются теоретические и методические основы написания учебника на примере учебника «Познание мира» для начальной школы.

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІ МЕН ОҚУШЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ БАСТАУЛАРЫ**

Әмірова Ә.С. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Мұғалім мен оқушының арасындағы ынтымақтастық пен гуманистік қарым-қатынас олардың өзара шығармашылық іс-әрекетінде іске асады. Ынтымақтастық идеясы біріккен ізденісті ынталандырады, бір жағынан оқушының қиындықтарды жеңудегі өз күшіне деген терең сенімділігін

тұрақтандырса, екінші жағынан мұғалімнің өз оқушыларының рухани күшіне деген сенімін көрсетеді.

Мұғалім мен оқушылардың іс-әрекетіндегі шығармашылықтың бастауы оқытудың ішкі мүмкіндіктерін ашады, мектептегі бүкіл оқу-тәрбие үрдісін жаңа деңгейге көтеріп, педагогикалық идеялар мен технологияларды жанартады.

“Шығармашылық” сөзі жалпыға мәлім іздеу, табу, бұрынғы жеке және қоғамдық тәжірибеде болмағанды жасау деген ұғымды білдіреді. Осыған сәйкес, оқушылардың танымдық шығармашылық іс-әрекеті де дербес ізденіс және жаңаны жасау немесе құрастыру (оқушының жеке тәжірибесінің негізінде оған жаңа, белгісіз білім немесе әдіс, бірақ қоғамдық тәжірибеде ол бұрыннан белгілі). Яғни, оқушының танымдық іс-әрекетіндегі шығармашылықтың негізгі өлшемдері: дербестік (толық немесе жартылай); ізденіс және мақсатқа жетуде мүмкін варианттарды таңдау (толық немесе жартылай көлемде); мақсатқа жету үрдісінде жаңа өнімді жасау (толық немесе жартылай түрде).

Дербестіктің, ізденістің, жаңаны жасаудың дәрежесін шығармашылықтың төмен, орташа, жоғары деңгейлері анықтайды. Шығармашылық іс-әрекет іздеу мақсатын түсінбесе, бұрын меңгерілген білімді белсенді түрде жаңғыртпаса, дайын білім көздерінен өзіне қажеттіні ала алмаса, дербес ізденбесе нәтижеге жетуі мүмкін емес. Кез-келген шығармашылық іс-әрекеттің негізінде болжам, мүмкін нәтижені алдын ала көру жатыр. Сондықтан, оқушылардың теориялық материалды шығармашылық деңгейде меңгеруі, оған болжам жасауды қажет етеді. Мұндай болжамның қарапайым түрі сөзжұмбақтағы сөздерді іздестіріп табу, бұл ізденістер бұрынғы меңгерілген білімге негізделеді.

Жаңа білімді меңгерудегі ақпаратты болжау, оны алдын ала білу екі циклға бөлінді. Бірінші циклдың мәні мида ақпараттың пайда болуы, екінші циклдың мәні ақпаратты ауызша не жазбаша жеткізу. Сөзжұмбақты оқушы меңгерген білімін есіне түсіру, жаңғырту арқылы шешеді, сондықтан болжам еске түсіре алушылықтың негізінде ғана мүмкін.

Қазіргі кезде зерттеу әдісі, проблемалық тапсырмалар, проблемалық ситуациялар және де тұтастай проблемалық оқыту белсенді үгіттеліп оқу үрдісіне енгізіліп отыр. Проблемалық оқытуды іске асыру мақсатында жаңа әдістемелерді қарастыру қажет. Сондай әдістемелердің бірі оқушылардың теориялық материалды игеруін еске түсіру мен болжамды қиыластыру негізінде құру.

Оқушылардың танымдық іс-әрекеті күрделі де ауқымды құбылыс. Оның құрамында іс-әрекеттің мақсаты мен міндеті, мазмұны, деңгейлері, тәсілдері мен амалдары, нәтижелері енеді. Оқушының танымдық іс-әрекетін жемісті басқару үшін мұғалім болжамның басты міндеттерін өзі жақсы білуі қажет.

Оқушы ақпараттарды есіне түсіргенде оның алдында мынадай міндеттер тұрады: а) тану, ақпаратты түсіну, ой елегінен өткізу; ә) жүйелеу, маңыздыны, бастыны таңдап алып, оны есте сақтау; б) алған білімін есіне түсіріп, оны практика жүзінде қолдану.

Оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамытудың педагогикалық болжамы есіне алу деңгейінен есіне алу – шығармашылыққа, есіне түсіру – шығармашылықтан, шығармашылық деңгейге өтуді дәл есепке алуы керек.

Теориялық материалды шығармашылық деңгейде игеру үрдісінің әрбір болжамдық кезеңінде оқушылар сәйкес операцияларды орындай алуы керек. Алғашқы болжамдық кезеңде көру, ұстап көру операциялары, ойлау операциялары (салыстыру, талдау, жинақтау) және пәндік. Екінші болжамдық кезеңде білімді ауызша жеткізу іске асады, сол себепті негізінен сөздік –

логикалық операциялар орындалады. Бұл операциялар бір-бірімен тығыз байланыста болғандықтан олар бірін-бірі толықтырып отырады.

Психология ғылымы бойынша адамның танымдық іс-әрекетінде өндірілген білімді ауызша жеткізу кезеңі маңызды роль атқарады. Бақылаулар көрсеткендей барлық жоғары психикалық үрдістер осы кезеңде толық және терең дамиды. Мысалы, ғалымдарды бақыласақ, жазған кезде олар сыртқы дүниеден өздерін бөлектеп осы үрдіске тереңінен енеді, ой қойнауынан жаңа мәліметтерді шығарады.

Б.И.Коротяев шығармашылық іс-әрекеттің ара қатынасының басты заңдылықтарын негіздеді:

1) еске түсіру мен шығармашылық таным тұтастықтың екі дербес буыны, еске түсіру дайындық буыны болса, ал шығармашылық негізгі буын.

2) бұл екі таным тұтастық арақатынасқа тән элементтері бар, бірінші буында шығармашылық элемент болса, екінші буында еске түсіру элементі болады.

3) бұл екі танымдық іс - әрекет арасындағы шекара шартты, екі таным өзара кірігіп жатады /1/.

Мектеп өмірінде шығармашылықты үздіксіз білім беруді іске асыруда оқушылардың негізгі іс-әрекеттерінің (оқу-танымдық, қоғамдық пайдалы, еңбек, эстетикалық және спорттық) тиімді арақатынасын орнықтыру өте маңызды. Ол қазіргі қоғамның әлеуметтік сұраныстарына, мектеп бітірушілер жан-жақты даярлығының деңгейіне қойылатын жоғары талаптармен айқындалды.

Егер оқу жоспары бойынша оқушылардың негізгі іс-әрекеттерінің байланысын сағатпен өлшеп көрсек, шартты түрде мынадай арақатынасты көруге болады: оқу-танымдық іс-әрекет басым, ол 80% құрайды, ал қалған 20% басқа іс-әрекеттерге біркелкі бөлінбейді.

Бұдан көріп отырғанымыздай, оқу-танымдық іс-әрекетке бөлінген уақытты азайтып, басқа іс-әрекеттердің сағатын көбейтуге болады. Мектеп өміріне: тәрбиелеу мен оқытудың формалары мен әдістеріне, басқару мен өзін-өзі басқаруға, күн режиміне, өзара қарым-қатынасқа рухани шығармашылық бастауларын енгізу бүгінгі күннің талабы.

Бірақ негізгі іс-әрекеттердің тиімді арақатынасын ешкім анықтаған жоқ, бұл сұраққа жауапты ұзаққа созылған ғылыми-педагогикалық қалыптастыру эксперименті ғана бере алады деп есептейміз. Тиімді варианттардың теориялық моделін Н.Н.Скаткин, Э.Г.Костяшкин, Б.С.Гершунскийдің және олардың шәкірттерінің еңбектерінен көруге болады.

Оқушылардың негізгі іс-әрекеттері мына циклдар арқылы іске асуы қажет: ғылым негіздері және оқу-танымдық іс-әрекеттер; моральдік негіздер және адамгершілік қарым-қатынас; мінез-құлық тәжірибелері; эстетикалық негіздер және эстетикалық іс-әрекет тәжірибелері, оның қолданбалы түрлері мен жанрлары; еңбек негіздері және қоғамдық пайдалы іс-әрекет тәжірибелері; физкультура және спорт негіздері, спорттық іс-әрекет тәжірибелері. Әрине, бұл үрдіс күрделі және ұзаққа созылады, бірізділікті талап етеді. Сондықтан циклмен оқытуды біртіндеп енгізу керек, әуелі 1-сыныпқа, оқушылар жинақтаған тәжірибенің негізінде эксперименттік вариантты 2-сыныпқа қоюға болады; осындай бірізділік жоғары сыныптарда да сақталуы қажет.

Жаңашыл педагог Ш.Амонашвили оқушыларды тек біліммен қаруландырып қана қоймай, олардың дүниетанымын, моральдік қасиеттерін тәрбиелеу керек және оқушыларға мектепке келген күннен бастап өмір

тәжірибесін үйретіп, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, оларды еңбекке баулу қажет, - деп есептеді /2/.

Шығармашылық рухты мектеп өміріне енгізу мұғалімнің кәсіптік даярлығына, азаматтылығына, шығармашылығына байланысты. Олай болса, осындай мұғалімді даярлау бүгінде педагогикалық оқу орындарының үлесінде.

Болашақ мұғалімді кәсіби және жалпы білімдік даярлаудың өзіндік аспектісін қамтиды. Соның бірі – психологиялық-педагогикалық пәндерді оқу жүйесінде студенттердің психологиялық-педагогикалық білім, білік және дағдылардың арнайы жиынтығын меңгеруі және барлық оқу жылдарында педагогикалық практиканы ұйымдастыру болып табылады. Бұл бағытты кәсіби мамандар педагогика, жеке әдістемелер және психология кафедралары іске асырады.

Зерттеуші ғалым В.В.Шахгулари жоғары оқу орнында мұғалім даярлауды қайта құрып жетілдірудің төмендегідей стратегиялық бағыттарын көрсеткен:

- қайта құрудың жалпы максатына сәйкес оқу жоспарлары мен бағдарламаларды қайта жасаудың негізінде студенттердің оқу, кәсіби, қоғамдық іс-әрекеттердің күн тәртібі мен тынысын, ырғағын өзгерту;
- студенттердің, оқытушылардың, барлық бөлімшелер жетекшілерінің кәсіби және қызметтік құқығын, дербестігін, жауапкершілігін кеңейту; ұжымда шығармашылық ахуал тудыру; осының негізінде жаңа дәстүрлер, жаңа ұрпақ қалыптастыру;
- деканаттар, кафедралар, оқытушылар мен студенттердің кәсіби функцияларын қайта бағдарлау; қағаз бастылықты жою;
- студенттер және оқытушылар ұжымының іс-әрекеттерінің құндылық бағыттары мен өлшемдерін өзгерту; алдыңғы қатарға идеялық-адамгершілік және кәсіби құндылықтарды, іске деген шығармашылық қарым-қатынасты шығару.

Сондай-ақ, автор оқытушылардың студенттермен жұмыс жүргізудегі іс-әрекеттерінің соңғы нәтижелерін анықтайтын негізгі өлшемдері мен құндылық (тұспалдар) бағыттарын ұсынады:

1. Идеялық-адамгершілік мүмкіндіктердің қалыптасу деңгейі; ол адамгершілік сынау нәтижелері бойынша анықталады, оның мазмұны, күрделілік, дәрежесі қайта құру барысында жасалады, дамытылады;
2. Интеллектуалдық мүмкіндіктердің қалыптасу деңгейі; ол бақылау тапсырмалары мен шығармашылық есептерді орындау нәтижелері бойынша жалпы анықталады, оның мазмұны мен көлемі қайта құру барысында жасалынып дамытылады;
3. Кәсіби мүмкіндіктердің қалыптасу деңгейі; ол арнайы кәсіби тапсырмаларды орындау нәтижелері бойынша анықталады, мазмұны күрделілік дәрежесімен, көлемі жеке дамытылады.
4. Студенттердің денсаулығы (1 курстағы деректермен бітірушілердің денсаулық жағдайларын салыстыру) /3/.

Барлық тапсырмалардың орындау нәтижелері студенттердің кәсіби іс-әрекетке даярлығының дәрежесі мен деңгейін анықтайтын негізгі өлшемдері болып табылады. Тапсырмалар мазмұны факультеттің профилін ескере жасалынады.

Қайта құрудың ортасында студенттің жеке тұлғасы болады, талаптардың жалпы жүйесінде мынадай логика орнығады: әр студент кепілді ең аз төменгі деңгейден, жеке дара мүмкіндіктің жоғары деңгейіне дейін көтеріледі. Міне,

осындай даярлықтан өткен студент яғни болашақ мұғалімдер оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыра алады деп санаймыз.

Мұғалім мен оқушылардың біріккен шығармашылығының аймағы шексіз: қалыптасқан өмір салты және қоршаған жағдайлардың өзгеруі, қайта құру, көркемдік құндылықтарды жасау, өнертапқыштық пен құрастыру іс-әрекеті, оқушының танымдық іс-әрекеті және мұғалімнің білім берушілік іс-әрекеті. Соңғы аймақ ерекше, себебі ол мұғалімнің де, оқушының да уақытының көбін алады. Мұнда шығармашылықтың ауқымы да өте кең, есеп шығарудан бастап оқушылардың өздерінің шығарма жазуына (материалдарды құрастыру) дейін; жеке дара шығармашылықтан ұжымдыққа дейін және керісінше, оқытудың мазмұнын, әдістерін, формаларын өзгертуден құндылық бағдарлардың, өлшемдерінің өзгеруіне дейін көтеріледі. Қайта құрудың мәні осында.

Бұл тұрғыда В.Ф.Шаталовтың шәкірті В.М.Шейманның тәжірибесін атап өтуге болады. В.М.Шейманды қайталау мүмкін емес, сол сияқты ол өз-өзін де қайталамайды, себебі ол әрдайым ізденіс үстінде: өзін жөндейді, толықтырады, қайта құрады, ойлап табады:

- мұғалімнің әр сабақта оқушыларды дүниені бөлшектемей тұтас қабылдауға үйретуі, баулуға тырысуы;
- мұғалімнің мақсаттық ұстанымдарының тұрақтылығы мен негізділігін сәйкестендіру, оны іске асыруда түрлендіріп отыру;
- теорияны меңгеруде, есеп шығаруда оқушыларды мақсатты және жүйелі түрде гностикалық аппаратта үйрету (есеп шығару технологиясы);
- оқушылардың өмірлік тәжірибесіне сүйену, ынталандыру.

Біз шығармашылық рухы жоғары осындай мұғалімдердің іс-тәжірибесін қолдай отырып, өз тәжірибесінде шығармашылықтың қиындығы мен қуанышын басынан кешірген, шаршамай-талмай ізденетін және өз оқушыларын осы ізденіске жұмылдыра алатын рухани бай мұғалім дайындау қажет деп санаймыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Коротяев. Б.И. Учение – процесс творческий. -М., 1989г. 141-143с.
2. Амонашвили. Ш.А Школа жизни. А., 2002. 47- 49с.
3. Шахгулари. В.В. Подготовка будущих учителей творческой деятельности в школе. -А., 2002. 292с.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мұғалім мен оқушылардың іс-әрекетіндегі шығармашылық бастаулар сөз болады. Тұлға дамуында шығармашылық ерекше роль атқарады. Біздің пікірімізше мұғалімнің оқушымен бірлескен іс-әрекеті ғана әр бір оқушының шығармашылығын дамыта алады.

#### РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы творческого начала учителя и учащихся. Огромную роль в развитии личности играет творчество. По мнению автора только совместная деятельность ученика и учителя дает возможность развитию творческого начала.

## КІШІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ЕҢБЕККЕ БАУЛУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

Асилбаева Ф.Б. (Алматы қ, ҚазМемҚызПИ)

Білім беру мен тәрбиелеу жүйесінде болып жатқан саяси өзгерістер баланың жеке басын дамыту, оны ізгілікке баулып, көркемдік шығармашылығын қалыптастыру, бәсекелестік қабілетін арттыруды талап етуде. Жас ұрпаққа тәрбие беру ісін жаңа деңгейге көтеріп, шығармашылық іскерлігін дамыту, еңбекке баулу міндеті бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесі болып отыр.

Еңбек - әрбір жеке адамның өмірі үшін қажетті материалдық рухани құндылықтарды жасауға бағытталған адам қызметі [1/, 175]. Бүгінгі таңда жастарға осы қызметтерді іске асыра алатын әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім беру мен бәсекеге қабілетті, шығармашыл, жан-жақты тұлға тәрбиелеу біздің міндетіміз. Әрбір адам еңбек арқылы өз орнын тауып өмірде не нәрсеге қабілетті екенін сезініп түсіне білуі тиіс. Өз қолымен жасаған нәрсесі үшін мақтаныш сезіміне ие болғанда ғана жан-жақты дамуға жол ашылады.

Көптеген ғалымдар тіршілікке қажетті нәрселерді өндіру мақсатымен адамның табиғатқа әсер етуі деп түсіндіреді. Өткенге көз салсақ, қай ғасырда да ұлы ойшылдар, педагогтар баланы еңбекке тәрбиелеу, көркемдікке баулу мәселелеріне көп көңіл бөлген.

Әбу Насыр әл-Фараби еңбек тәрбиесінің ғылыми теориясын жасады. Оның пікірінше: еңбек – өмір сүрудің негізі, адамзат тіршілігінің мәңгілік табиғи шарты болып табылады. Оқушыларға саналы тәртіп пен сапалы тәрбие беру – оларды қоғамдық пайдалы еңбекке баулу деген сөз және еркін еңбектің адамның жан-жақты дамуы үшін маңызы зор екендігін атап көрсетті. әл-Фараби тағылымдарына сүйене отырып, әбу-али Ибн Сина ақыл мен ойдың құдіретті күші еңбек тәрбиесінің жемісі деп білді. «Еңбегі бардың өнбегі бар» деген қағиданы келер ұрпаққа тағылым етіп қалдырды [2/, 56].

Әзербайжан ақыны әрі ойшылы Низамидің шығармаларында дене еңбегі, оның ішінде еңбек тәрбиесі адамнан ажырамайтын, адамның күнделікті тіршілігінің негізгі борышы делінеді. Бүгінгі педагогикалық еңбек тәрбиесі туралы ой-жүйесі бостандықты, әйел теңдігі, жеке адамның кәсіптік шеберлігі, колөнерге деген қабілеттілігі, ауылшаруашылық еңбегінің салалары әр түрлі мамандықты меңгерудің қажеттілігі жатыр делінген [2/, 106].

XVIII ғасырда өмір сүрген түрікменнің классик жазушысы Мақтымқұлы: «Оқу мен білім – еңбекпен келетін дүние, өнермен өрнектелген халық даналығы да сол еңбектің нәтижесі», -деп еңбектің адам өміріндегі мәнін ашып айтты [2/, 155]. Қазақ халқының біртуар ақын-жазушылары мен қоғам қайраткерлерінің бала тәрбиесі жайындағы құнды пікірлері әлі күнге дейін өз мәнін жойған жоқ.

Орта ғасырдағы қазақтың ғұлама ғалымы Қадырғали Жалайри көшпенді халықтың мал шарушылығымен бірге отырықшылықпен айналысып, егін егіп, астық өсіріп жер кәсібімен айналысуын уағыздады. Жалайри өз шығармаларында жастарды адал, таза еңбек етіп, білім алуға шақырады.

Дулат Бабатайұлы (1802-1874), адамды негізінен тындырған ісіне қарай бағалау керек деген. Сондай-ақ жалпы жұрттың мүддесі үшін еңбек еткен дұрыс және өмірлік мақсаты – ақыл, парасатқа негізделсе ғана оның ұлылығы, еңбегі танылады,-деп жас ұрпақты тұрмыс тіршілігіне ерте араласып, еңбекке дағдылануға шақырады.

Тұңғыш зерттеуші-ғалым Ш.Уалихановтың рухани мұрасы педагогикалық пайымдауларға мейілінше бай. Қазақ ұлтының өзіндік қасиеттері, олардың тұрмыс-салтына, мәдениетіне, орналасу жағдайына қатысты ерекшеліктерден туындайды. Ғалымның пікірінше білім, баланы әртүрлі кәсіпке баулиды. Адал еңбек жолына түскенде ғана адам барымта секілді індеттерден айығады.

Қазақ жерінде тұңғыш рет мектеп ашқан ағартушы-педагог Ы.Алтынсарин шығармаларынан еңбек тақырыбы негізгі орынды алатыны белгілі. Ұлы педагог дене мен еңбек тәрбиесінің адамгершілік тәрбиесінің аса күрделі мәселесі ретінде қарап, еңбек тәрбиесіне байланысты ойларын терең айқын көрсетіп берді. Баланы жас кезінен еңбекке араластыру, қолөнер үйрету оның басты мақсаты болды. Алтынсариннің әрбір шығармасы балаларды адал болуға, еріншектік, жалқаулық сияқты әдеттерден сақтанып, еңбек етуге дағдылануға, еңбек сүйгіштікке баулиды.

Кемеңгер ақын А.Құнанбаев қазақ баласының болашағы жарқын, сауатты, белгілі бір талаппен айналысатын, адал, еңбекқор болуын көкседі. Еңбек- оның пікірінше, адамның таным қабілетін дамытады. Еңбек естігенді санада сақтауға көмектеседі. Еңбек үрдісінде адам өз білімін ретке келтіреді, керекті білімді керексізден іріктеп алып, ақыл-ойын арттыра түсіреді. Тіршіліктің табысты болуының қажетті шарты – еңбек ләззаты, оның сұлулығы өз еңбегінің рақатын көре білу кісіліктің басты белгісі. Абайдың өлеңдері, ғақлияларының тәлім-тәрбиелік маңызы зор. Онда балаларды оқу оқып, еңбектеніп мал тап, талап қыл, халқына пайда келтір, құр жатпа дей отырып, еріншек, өтірікші, мақтаншақ сияқты қасиеттерден бойын аулақ ұстауға шақырады. Осы ойын оның отыз жетінші қарасөзінен байқауға болады: «Өзің үшін еңбек қылсаң өз үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамшылықтың парызы үшін еңбек етсең алланың сүйген құлының бірі боласың», - деп тұжырымдайды.

Ш.Құдайбердиевтің философиялық тұжырымында адамның жақсы өмірінің негізі – адал еңбек, нұрлы ақыл, ыстық жүрек болуы керек. Осы үш қасиет барлығына басшы болуға тиіс, - деп адам өмірінде адал еңбекті алдыңғы орынға қояды [3/, 36].

Философияда адамның қалыптасу жағдайын анықтайтын оның еңбегі әуел бастан ұжымдық әлеуметтік тұрғыда көрінетін еңбек қызметі. Тек еңбек белсенділігінің артуы адам құрылымының табиғи биологиялық өзгеруіне айтарлықтай ықпал етеді делінген [3/, 57].

Қоғам үшін еңбек ету пікірін алғаш рет әлеуметтік утопистер Т.Мор, Т.Кампанелла, А.Сен-Симон, Р.Оуэн айтқан болатын. ХҮІІІ ғасырдағы орыс ағартушылары Ж.Руссо, Г.Песталоцци оқыту мен еңбек тәрбиесін ұштастыру мәселесін көтерді. Орыс революционер-демократтары В.Г.Белинский, А.И.Герцен, Н.А. Добролюбов, Д.Н. Писаревтар еңбек тәрбиесіне елеулі үлес қосты. Д.И. Писарев еңбектің қоғам дамуы мен жеке адамды дамытудағы маңызына ерекше назар аударды, баланы өзімшілдік пен менмендікке тәрбиелеуге қатты соққы берді.

К.Маркс пен Ф.Энгельс еңбек тәрбиесінің негізгі бағыты политехникалық оқу және оқыту мен өнімді еңбекті ұштастыру керек, - деді [3/, 59]. Еңбек тәрбиесі мен политехникалық оқу Н.К.Крупская, В.В.Луначарский еңбектерінде үлкен орын алды. Еңбек етуге әдеттену - бұл жай ғана еңбекке үйрену емес, ол ізгілік қасиеттердің жоғары деңгейі, еңбекке қызығушылық, құштарлық, еңбек етуге дағдылану, - деп тұжырымдайды Н.К.Крупская. Мектептегі еңбектің маңыздылығына ерекше тоқталған В.В.Луначарский оқушы оқу пәндерін еңбек

арқылы қабылдауы, шығармашылықпен ойлап, еңбекте алдыңғы қатарда болуын дұрыс деп есептеді.

Еңбек тәрбиесінің ғылыми-теориялық негізін жасаған К.Д.Ушинский, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский зерттеулерінде балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу қажеттігі сондай-ақ, еңбектің тәрбие құралы ретіндегі маңызы жоғары бағаланды. К.Д.Ушинскийдің педагогикалық идеялары да баланы жан-жақты дамытуды еркін еңбектің маңызын дәлелдеп, табиғаттағы жаңалық атаулыны жүзеге асырудағы еңбектің рөлін нақтылы тұжырымдай білді. А.С.Макаренко еңбектерінде жасөспірімді еңбек процесінде тәрбиелеу тәжірибесінде еңбек тәрбиесін білім беру мен тығыз байланыстырады [4/, 25].

В.А.Сухомлинскийдің баланы жас кезден бастап бойында еңбектену талабын қалыптастырудың мәнін аша отырып, еңбек үрдісінде оқушыларды мектептегі практикалық еңбек, қоғамдық пайдалы еңбек қызметіне тарту жолымен ғана еңбекке қатынасының негізін қалауға болатындығын баса айтты [5/, 466].

Еңбек балаларды ұйымшылдыққа, жігерлі іске, көркемдік шығармашылыққа, іскерлікке баулиды. Ал мектептегі еңбекке тәрбиелеу мен оқытудағы мақсат баланың толық, жан-жақты білім алуына ықпал жасайды. Кіші мектеп оқушыларын еңбекке тәрбиелеудің басты міндеті – жасөспірімдерді еңбек сүйгіштікке, еңбекті құрметтеуге, еңбек мәдениетіне үйрету және олардың еңбек ету шеберлігі мен дағдыларын қалыптастыру. Сондықтан, бастауыш сатыдан бастап бала бойында жаңа өндірістік және нарықтық экономикалық қатынастарды игеруге әзірлік, кәсіптік икемділік әр түрлі жағдайға тез бейімделе алатын, шығармашылық, қабілеттілік сияқты жеке тұлғалық қасиеттердің алғы шарттарының көрініс табуының қажеттігі туындайды.

Ерте жастан бастап тәрбиелейтін ұжымдық еңбекке қатысу, қоғамдық пайдалы еңбекке үлес қосу сияқты әдеттерсіз баланың еңбекке сүйіспеншілігін қалыптастыру қиынға соғады. Еңбек сабағында істелетін жұмыстардың барлығы дерлік оқушылардан жауапкершілікті, ұқыптылықты талап етеді және эстетикалық сезімдерін тәрбиелеуге септігін тигізеді.

Еңбекке баулу сабағында бала өзінің іс-әрекеттерін жоспарлау тәртібін және оларды іске асыруға қажетті құралдарды алдын-ала қарастыруды жедел меңгереді. Сонымен қатар оқушылардың болашақта мамандықты дұрыс таңдауына, олардың еңбекке шығармашылықпен араласуына, қабілеттерін арттыруға, өз қолдарымен жасаған бұйымдарынан ләззат алып, көркемдік сезімдерін оятып, берілген тапсырмаларды жауапкершілікпен атқаруға үнемі қозғау салады.

Оқушылардың жалпы еңбекке қатысы *амалсыз, салғырт және ынталы* болады. Негізінен мұғалім еңбекке баулу сабағын дұрыс ұйымдастырған жағдайда ғана еңбекке салғырт, немқұрайлы қарайтын және амалсыз еңбек ететін оқушылар саны азайып, белсенді, еңбекқор оқушылар саны артады.

Еңбекке баулу сабағының тиімділігі мен оқушының еңбекке ынталылығын арттыру мақсатында төмендегі педагогикалық шарттарды мұғалімдердің назарына ұсынамыз:

- оқушыларды сабақта еркін ұстау;
- еңбек процесін ұйымдастыруға оқушыларды қатыстыра алу керек, кездескен қиыншылықты сынып болып, ұйымдасқан түрде өздері дұрыс шешім табуына ықпал ету;
- шығармашылық бағыттағы тапсырмалардың ретін көбейту;
- нұсқау беруді бірте-бірте азайту;

- оқушылардан қосымша білімді талап ететін ғылыми көпшілік энциклопедия, қолөнер шеберлерінің еңбектерін үлгі ретінде жиі қолдану;
- оқушылардың өздері жасаған бұйымдарынан мектеп ішілік көрме ұйымдастыру;
- әрбір сабақта техникалық қауіпсіздік ережелерін ескертіп отыру.

Бұл шарттар оқушылардың еңбектегі салғырттығын жойып, ынталылығын, белсенділігін арттыруға және жеке сапаларының (шығармашылық қиялы, көрнекі образды ойлауы, мінез-құлқы, ерік-жігері, түйсігі, қабілеті) ашылуына көмектеседі. Оқушының еңбекке қабілеттілігі негізінен бейімділікке байланысты болып келеді. Бейімділік – қабілеттің жаңадан ашылып келе жатқан алғашқы баспалдағы. Егер оқушы бір іске бейімді болса, онда ол еңбектің орындалуын жақсы түсініп, тапсырманы орындауда жаңа ізденістер жасайды. Оқушының ынталы еңбек етуі жауапкершілік сезімінен туады. Оқушы берілген тапсырманы орындауға іштей жауапкершілікпен қараса, оны нәтижелі орындап шығады. Баланың істеген ісі де сапалы, эстетикалық талапқа сай болады. Сөйтіп, еңбекке үйрену барысында оқушылар өз қолдарымен жасаған бұйымдарынан қуаныш, ләззат алып әсемдікті ажарсыздан, нағыз сұлулықты жалған сұлулықтан ажырата алатын болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –А.: Дайк-Пресс., 2000.
2. Әбиев. Ж. Педагогика тарихы. –А., 2006.
3. Тұрғынбаев. Ә.Х. Философия. –А.: Білім., 2005.
4. Қабаева. Ж. Философия білімінің негізі. –А., 2000.
5. Макаренко. А.С.Трудовое воспитание.–М.: Просвещение. 1964.
6. Сухомлинский. В.А.Сердце отдаю детям.-Киев: Радянська школа. 1987.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада еңбек тәрбиесінің педагогикалық негіздері қарастырылған. Сонымен бірге, еңбек сабағында бастауыш сынып оқушыларының еңбекке деген көзқарасын жақсартудың педагогикалық жағдайы көрсетілген

#### РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются педагогические основы трудового воспитания, а также вопросы правильного формирования взглядов на трудовую деятельность на уроках трудового обучения у учащихся начальных классов.

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАЗМҰНДЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Байназарова Т.Б. (Алматы қ , ҚазМемҚызПИ)

Екінші онжылдық бойы Қазақстан Республикасында бастауыш мектепте білім берудің бүкіл жүйесін қайта құру және жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Мектептің даму жолдары іздестіріліп, тұжырымдамалар, жобалар, бағдарламалар, оқытудың дәстүрлі емес түрлері жасалуда. Сонымен бірге өскелең ұрпақтың тәрбиесін кешенді қарастыру маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Тәрбиенің факторлары, әдістері және құралдары (эстетикалық, адамгершілік, экологиялық

және т.б.) тәрбиенің нақты түріне сәйкес жеке жақтарын қамтып жеке тұлғаға тұтастай әсер етеді.

Кіші мектеп оқушысының белсенді шығармашыл жеке тұлғасын қалыптастыру, оқу-тәрбие үрдісінің қазіргі формалары мен әдістерін жетілдіруді талап етеді. Бұл оқушылардың эстетикалық тәрбиесіне толығынан қатысты. Осы үрдісті зерттеуде біз педагогика мен психологияның жалпыға бірдей қағидаларына сүйендік, онда эстетикалық тәрбие - болмыс құбылыстары мен өнер туындыларын эстетикалық қабылдау қабілеттерін, және де өнер саласындағы дербес шығармашылығын мақсатты дамыту деген.

Эстетикалық тәрбие – күрделі де көп қырлы үрдіс. Жеке тұлғаның эстетикалық тәрбиеге қатысты психологиялық ерекшеліктерін Л.С.Выготский, Э.В.Леонтьев, А.А.Венгер, В.С.Мухина қарастырған. Адамның эстетикалық санасының құрылымын аша отырып, олар көркемдік–эстетикалық қабылдау, эстетикалық сезімдер, эстетикалық қажеттіліктер, эстетикалық идеалдар мен талғам, эстетикалық көзқарастар сияқты негізгі элементтерді бөліп көрсетті. Осы тұста біз жоғарыда аталған ұғымдардың өзіне тән ерекшеліктерін айта кеткенді жөн көрдік. Көркемдік–эстетикалық қабылдау өнер және қоршаған дүниенің сұлулығымен қарым–қатынастың бастапқы кезеңі. Оның тереңдігі мен айқындығы эстетикалық әсерленудің тереңдігіне байланысты. Көркемдік–эстетикалық қабылдаулар болмыс құбылыстары мен өнерден эстетикалық сезімдерді оятатын қасиеттерді, сапаларды бөліп алу қабілетінен көрінеді. Көркемдік эстетикалық қабылдауға бейнелеу өнеріне байланысты қабылдау да енеді. Бұл эстетикалық сананың негізі. Ол эстетикалық эмоциялармен қатар адамды эстетикалық немесе тағы да басқа қажеттіліктерді қанағаттандыратын әрекеттерді жасауға ынталандыратын мотив болып табылады.

Педагог А.В.Бакушинский эстетикалық қабылдаудың моделін екі бағытта қарастырды: ерікті көңіл-күйі басым шығармашылық толғаныс; логикалық ойлау үрдісі басым (сана) таным. Б.П.Юсов эстетикалық қабылдаудың төрт компонентті моделінің төмендегідей құрамдарын бөліп көрсетті:

- бірге әсерлену қабілеті, эмоциялы ықыластылық;
- өнер туралы білім көлемі мен түсініктердің болуы;
- көркем шығармалардың пішінін қабылдау қабілеті;
- бағалаулар мен көркемдік пайымдауларын болмыс құбылыстары мен өнердің басқа түрлерін қабылдауға көшіре білу қабілеті.

Шынайы дүние құбылыстарын эстетикалық қабылдау, бейнелеуге қажетті сенсорлық қабылдау ғана емес, сонымен бірге қабылдаған құбылыстың эстетикалық бағалануы, заттың әдемілігін көре білу, сезіну қабілеті. Дәл осы қасиет ерекше таң қалдырған, қуантқан нәрсені графикалық түрде жеткізудің негізін қалайды.

Адамның эстетикалық, эмоциялық сезімдері толассыз, сарқылмайды, алайда эстетикалық қабылдау мен эмоциялар мотивтен әрекеттің стимулына айналуы үшін, олар ерекше эстетикалық әсерленуде шешімін табуы қажет.

Әлеуметтік эстетикалық әсерленулер жалпыға ортақ, ешқандай “ережеге” бағынбайды, субъективтілік, сырластық сияқты ерекше белгілермен сипатталады. Эстетикалық әсерленулер - адамның белсенді шығармашылық іс-әрекетін оятып “сұлулық заңдары” бойынша оның болмысқа деген эстетикалық қарым-қатынасының нақты формалары эстетикалық эмоцияларды, талғамдарды идеалдарды жалпылай білдіретін категория. Эстетикалық әсерлену шығармашылық ықыластылық немесе шығармашылық жасампаз іс - әрекетке ықыластылық түрінде өзекті мәселе. Кейде эстетикалық қабылдауды дұрыс

анықтама ретінде бағалауға болады. Адамды шығармашылық іс - әрекетке баулу өзінше де, онда шығармашылыққа қатысты тәрбиелеу бір басқа .

Эстетикалық әсерленудің бастапқы неғұрлым қарапайым формасы – эстетикалық эмоция. Психологияда эмоциялардың табиғаты жайлы мәселеге қатысты екі тұжырым бар. Кейбір авторлар эмоцияларды адамның болмысқа, адамдарға, өз-өзіне қатысты әсерленуі деп айтады. Басқа бір тұжырым эмоцияларды болмысты бейнелеудің ерекше формасы ретінде қарастырады. Мәселен, К. Платонов “ Эмоциялар бейнелеудің бір формасы болып табылады, алайда олар шынайы дүниенің заттары мен құбылыстарын емес, әсерленген адамның іс-әрекеттің қажеттіліктеріне, мақсаты мен мотивтеріне қатынасын бейнелейді. Адам бұл объективті қатынастарды өзінің оларға деген қатынасы ретінде субъективті сезінеді “ – деп жазған.

Объектілер немесе түсініктердің эстетикалық сәулеленуі үшін, олар бейнелі, мәнерлі, сұлулық жөніндегі “көркем”, “асқақ”, “үйлесімді”, “жетілген” сияқты түсініктерге сәйкес немесе кері эмоциялар мен әсерленуді тудыруы тиіс .

Бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық қабылдауын мақсатты қалыптастыру оларда композицияның формасын, түсін, бағасын, жете айыру қабілеттерінің дамуын талап етеді. Осы мәселенің шешімін табуда психолог ғалымдар В.В.Волков, Е.И.Игнатъев, А.В.Запорожец, В.И.Кириенколардың заттар, шындық өмір құбылыстары мен өнер туындыларын қабылдауды қалыптастыру заңдылықтарын анықтауға арналған зерттеулерінің маңызы зор. В.И Кириенко бейнелеу іс-әрекетінің қабілеттерін көріп қабылдаудың белгілі қасиеті ретінде қарастырады, атап айтқанда: кейбір бөлшектері тап осы мезетте байқалмаса да, объектінің барлық қасиеттерін үйлестіре, тұрақты жүйелі тұтастық ретінде қабылдау.

Мысалы, терезеден тек адамның басын ғана көргенде, біз оны денесінен бөлек қабылдамаймыз (қабылдаудың тұтастығы):

- суретте тік және көлденең бағыттардан ауытқуды бағалау қабілеті;
- пропорцияларды қабылдау қабілетті;
- ұсынылған түстің аққа жақындықтың дәрежесін бағалау қабілеті;
- болашақ қысқартуларды бағалау қабілеті.

Осы эстетикалық қабылдаудың ерекшелектеріне негіздесек, дүниетану пәнінің әрбір табиғатқа, оның сұлулығына, көркемдігіне байланысты тұстарын бейнелеу өнерімен кіріктіре отырып оқушылардың тұтас қабылдау негізінде эстетикалық сезімге бөленуіне жағдай туғызу мүмкіндігі тұмақ.

Эстетикалық сезімдер - адамның шындық өмір құбылыстары мен өнер туындысына баға беру қатынасынан туған субъективті эмоциялық күйі. Эстетикалық сезімдер оқиғаны ой елегінен өткізу негізінде пайда болып, қуаныш, таңдану, аяушылық сияқты эстетикалық әсерлер тудырады. Олар оқушылардың заттар мен қоршаған дүние құбылыстарының құрылымы, формасы, түсі жайлы түсініктері мен қабылдауларының молаюынан едәуір терең, түсінікті бола бастайды.

Эстетикалық сезімдер, көбінесе, бейнелегенді бейнелейді, яғни адамның әр затқа, құбылысқа суретшінің, шебердің көзқарасындай қарым-қатынасын тудырады. Эстетикалық сезім болмыстағы әсемдікті түсіну немесе түсінбеу тұрғысынан адамдардың әртүрлі көзқарастырын топтастырады .

Табиғаттың өзінде эстетикалық сезімдерді, байқағышықтықты, қиялды дамыту үшін бай материал бар. Бұл жөнінде К.Д.Ушинский: ”Еркіндік, қаланың әсем келбеті, хош иісті орман, жайқалған дала, қып–қызыл шие, алтын күз бізге тәрбиеші болған жоқ па? “- деген .

Эстетикалық қажеттіліктер көркемдік құндылықтармен қарым-қатынаста рухани көңіл-күйлерді бастан кешіруде пайда болатын тұрақты қажеттілік. Эстетикалық қажеттіліктер жеке тұлғаның көркемдік ләззатқа шөліркеуі ретінде көрінеді. Өнермен алғашқы кездесуден туған қажеттілік адамды шаттыққа кенелтіп, рухани күштерді жинақтайды. Осылайша қоршаған дүние мен көркем өнер туындыларын қабылдауға қатысты жалпы ұстаным қалыптасады. Олай болса оқушыны бастауыш сыныптан бастап-ақ табиғат пен бейнелеу өнеріне деген талғамын, эстетикалық сезімін қалыптастырудың жолдары мен әдістерін ғылыми тұрғыда тұжырымдауға мол мүмкіндік бар.

Эстетикалық қатынас адамның эстетикалық талғамымен тығыз байланыста қалыптасады. Эстетикалық талғам адамның күнделікті өмірімен, эстетикалық теориямен, практикамен және көркемдік шығармашылық шеберлік мәселелерімен тығыз байланысты. Эстетикалық талғам қабылданатын объектінің сапаларына ғана емес, оны қабылдаушы, бағалаушы, танушы адамның жеке ерекшелігіне де байланысты. Адам қабілетінің күрделі иерархиясындағы эстетикалық талғам айрықша ұстанымды иеленеді. Эстетикалық талғам болмайынша кез келген іс-әрекет үлкен жетістікке жете алмайды. Ол адам іс-әрекетінің мақсаттылығын баса көрсетіп отырады. Эстетикалық талғам – бұл субъектінің бағалауы ғана емес, адамның іс-жүзіндегі объективті болмысқа қатынасының түрі. Мұндай қарым-қатынас табиғатқа шыққан топсаяхат, серуен кездерінде оқушының іс-әрекеті негізінде туындап, біртіндеп оның бейнелі ойына әсер етпек. Бастауыш сынып оқушыларының нақты объектілерді байқап, бақылай көруінен бейнелі ойы туындайды. Эстетикалық аспектіде объективті құбылыстардың сапасын бағалаумен қатар, адамның іс-жүзінде меңгерген бұл сапаларды тану мөлшері де анықталады. Бұл шынайы әдемілік пен ұсқынсызды, қайғылыны немесе күлдіргіні көру, сезіну, түсіне алу және оны әділ бағалау. Бұл едәуір күрделі педагогикалық міндет. Қарапайым эстетикалық түсініктер мен пайымдаулар бастауыш сыныптарда қалыптасады.

Баланың эстетикалық талғамы оқу мен айналаны танудың алғашқы тәжірибелерінен дами бастайды. Оның қалыптасуының ең қарқынды кезеңі – мектептегі оқу жылдары. Бұл кезде баланың табиғат көріністерімен, оның құбылысымен өнер құбылыстарымен жүйелі танысып, көркемдік–шығармашылық қабілеттерін белсенді дамытуға мүмкіндігі көп.

Эстетикалық талғам оқушының эстетикалық дамуының басқа көрсеткіштерімен салыстырғанда едәуір нақты әрі педагогикалық жағынан ұйымдастырылған болып келеді. Бастауыш сынып оқушыларының көркемдік, эстетикалық түсініктеріне сүйене отырып, мұғалім оқушының талғамын жетілдіруге толық жағдай жасай алады. Эстетикалық талғамның көріністерінің бірі - көркемдік талғам болып табылады. Онда оқушының әдебиет пен өнерге деген құндылық бағалары, жеке бағасы көрінеді .

Көркемдік талғамның дамуы оқушыларды бейнелеу өнері сабақтарында белгілі бір нәтижелермен сипатталатын эстетикалық іс әрекетке баулиды. Балаларды сұлулық пен қайырымдылыққа үйретіп қана қоймай, оларды әрекетшіл болуға, яғни сұлулыққа қызығып қана қоймай, оны сақтай білуге, мейірімділікке, жақсылық жасай білуге тарту қажет.

Осы тұста егер дүниетану пәні кез-келген табиғат нысанын сақтауға, қорғауға, қамқор болуға тәрбиелесе, оның көркемдігі мен әсерлілігін, сұлулығын бейнелеу бұл мақсаттың маңыздылығын күшейте түспек. Эстетикалық сапалары дамыған адам қоршаған дүниенің көркемдігін жақсы сезінеді, көбірек көреді, сезімі нәзік, өзін-өзі терең түсінетін болады. Табиғаттың әрбір көркемдігінен әсер

алады. Оқушыда бейнелейтін нәрсені шын беріліп қабылдау қабілеттері пайда болып, іс-әрекет кезінде жүзеге асыруға құмарлана, қызыға кіріседі.

Бейнелеу өнері - адамзат дүниесін, заттарды, табиғат құбылыстарын, қоғамды көркем бейнелейтін өнер түрі. Олай болса, бейнелеудің табиғатқа байланысты тұстарын жан-жақты қарастыру зерттеу көзіне айналуы тиіс.

Адамның эстетикалық санасының маңызды элементі – эстетикалық идеал. Бұл адамның шындық өмір құбылыстарының кемелдігі (мүлтіксіздігі) жайлы түсінігі. Эстетикалық идеал әсерленуден тыс болмайды. Эстетикалық идеал кез-келген іс - әрекеттегі шығармашылықтың негізі болумен қатар, өмір мен өнердегі сұлулықты бағалаудың өлшемін де көрсетеді.

Тұлғаның эстетикалық қажеттілігі эстетикалық сананы анықтайды. Онда адамның қоршаған ортаға көзқарасы мен оның азды-көпті бейнеленуі тұтасқан. Адамның эстетикалық қажеттілігі іс-әрекеттің барлық түрінде, оның ішінде өнерде басым көрінеді, онда адам өзін-өзі таниды, ойын жеткізеді, мүмкіншіліктерін іске асырады. Мәселен, оқушы көктемгі табиғаттың көркемдігін сезініп қабылдағаннан кейін, оның суретін бейнелеп салуға машықтанады. Машықтану бірден пайда болмайды, ол қызығушылықтан, өз сезімін сыртқа шығарғысы келген қажеттіліктің нәтижесінде ғана туындайды.

Қажеттілік, қызығушылық, идеал, эстетикалық талғам жинақталып келіп, бастауыш мектеп оқушыларының жеке тұлғалық мотивациялық – қажеттілік ортасын құрайды. Жеке тұлғаның бағыттылығы деп нақты ситуациялар, өзгермелі жағдайларға қарамастан, оқушының дүниеге, қоғамға, өзіне қарым–қатынасын анықтайтын тұрақты және басым мотивтердің жиынтығын айтамыз.

Жеке тұлғаның эстетикалық қасиеттерінің көрсеткіштері ретінде оның өмірдің әр түрлі қырларына қызығушылығының, эстетикалық әсерленуін, қоғамдағы мінез-құлық, таным, қарым- қатынас пен еңбек бағыттылығын айтуға болады. Өмірдің барлық салаларындағы белсенді шығармашылық іс-әрекет те эстетикалық тәрбиенің көрсеткіші, ол эстетикалық қабылдаудың дамуына, эстетикалық құбылыстарға деген нәзік эмоциялы серпіліске, оларды тереңнен түсінуге, эстетикалық идеалды жүзеге асырудағы іскерлікке негізделеді .

Эстетикалық тәрбие өзара байланысқан бірқатар компоненттерді белгілеуге мүмкіндік береді, олар:

- эстетикалық тәрбиенің ерекше міндеттері;
- әр түрлі іс - әрекет түрлері;
- эстетикалық тәрбие міндеттеріне сәйкес құралдар;
- жалпы тәрбие әдістерінің негізінде арнайы әдіс–тәсілдерді пайдалану;
- эстетикалық тәрбиеліктен көрінетін эстетикалық тәрбиенің нәтижелері.

Сонымен бірге зерттеуші-педагогтардың эстетикалық тәрбиенің төмендегідей негізгі міндеттерін бөліп қарастырғандығын айта кеткен жөн:

- баланың қоршаған дүние сұлулығынан рухани ізгілікті, мейірімділікті, рақымдылықты байқап, сол арқылы өз бойында әдемілікті қалыптастыруға үйрету ( В.А. Сухомлинский, Б.М. Неменский);
- эстетикалық білімдерді жинақтап, олардың негізінде эмоциялы әсерлену қабілеті, қоршаған болмыстағы эстетикалық құбылыстарды бағалау сияқты әлеуметтік–психологиялық қасиеттерді қалыптастыру (Н.И.Кияшенко, А.С. Ключев);
- баланы өнердің әртүрлі қарапайым түрлерін көре білуге, түсінуге, сол арқылы өзінің дербес шығармашылығын көрсетуге үйрету (Е.А.Флерина, Н.А.Ветлугина).

Эстетикалық тәрбиеліктің осындай деңгейінде табиғатпен өзара тығыз әрекет, шығармашылық еңбек, отандық және шетел өнерімен танысу үрдісі негізінде оқыту мен тәрбиелеу арқылы жетуге болады.

Академик Д.Лихачев ұсынған эстетикалық тәрбиенің негізгі қағидаларында эстетикалық тәрбиеге әртүрлі принциптері, формалары мен әдіс-тәсілдері бар көп нәрсені қамтитын ұғым деген анықтама берілген. Ол бейнелеу өнерінің туындыларын қабылдаумен ғана шектелмей, қоршаған табиғатты, дербес шығармашылық іс-әрекетті де қамтиды.

Кіші мектеп жасында бейнелеу өнерін қолданудың мақсаты – жеке тұлғаның дамуына әсер ету. Бұл оқушының іс-әрекет субъектісі ретінде қалыптасуына жәрдем беру дегенді білдіреді. Жеке тұлға бұл ең алдымен іс-әрекет субъектісі, іс-әрекет мақсаттарын қоюға, құралдарды таңдауға, оны жоспарлап және жүзеге асыруға, нәтижеге жетуге қабілетті адам. Басқаша айтқанда, дербес әрекет ете алатын адам. Олай болса, жеке тұлғаға тән ең бастапқы сапалар осы бастауыш сыныптан-ақ өз көрінісін табатынын естен шығармауға тиіспіз.

Адамның қандай болып қалыптасуы – қоғамдық өмірдің жағдайларына ғана емес, бастауыш мектеп өміріне де байланысты. Атап айтқанда, бастауыш мектеп технократиялық, жансыз түсінуге қарсы, тәрбиеленушілерінің жоғарғы рухани қажеттіліктерін дамытумен жүйелі түрде айналысуы қажет. Туған жер туралы эстетикалық түсініктер - Отан туралы сезімнің, оған деген сүйіспеншіліктің, оны қорғап, сақтау эстетикасының негізі болып табылады. Сонымен, кіші мектеп оқушыларын эстетикалық тәрбиелеудің негізіне эстетикалық білім, эстетикалық сана, эстетикалық мәдениетті қалыптастыру жатады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Краткий словарь по эстетике. Под ред. М.Ф.Овсяникова. -М.,1983. 223 с.
2. Симонов П.В., Ершов П.М. Темперамент. Характер. Личность. -М., 1984.
3. Кочерук О.В. Межпредметные связи в эстетическом воспитании младших школьников во внеурочной деятельности. Дис.п.н. Белгород., 2000.
4. Ушинский К.Д. Сб.сочинений.: В 11 т.- М., 1952. Т 2 – с. 52-53.
5. Сокольников Ю.П. Общая педагогическая теория. Белгород; 1997. 4 с.
6. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. – М. 1967.
7. Сокольникова Н.Л. Изобразительное искусство и методика его преподавания в начальной школе: Уч. пособие для студентов пед. вузов. – М.,1999.-368 с
8. Программно-методические материалы: Изобразительное искусство. /Составители В.С.Кузин, И.В.Корнута. – 3-е изд., перераб. - М.2001г.
9. Программы для общеобразовательных школ, гимназий, лицеев: Изобразительное искусство. – М. 2000.
10. Неменский Б.М. Культура – Искусство-Образование: Цикл бесед.-М., 1999.
11. Неменский Б.М. Мудрость красоты. -М., 1987. с.38.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада кіші мектеп оқушысының белсенді шығармашыл жеке тұлғасын қалыптастыру, оқу-тәрбие үрдісінің қазіргі формалары мен әдістерін жетілдіру, сонымен бірге оқушылардың эстетикалық тәрбиесіне көңіл аудару, осы үрдісті зерттеуде педагогика мен психологияның жалпыға бірдей қағидаларына сүйену мәселелері қарастырылды.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются факторы, методы и средства воспитания, воздействующие на личность в целом, а также пути совершенствования существующих форм и методов учебно-воспитательного процесса.

## БІЛІМ САПАСЫ – БАСТЫ МАҚСАТ

Дулатбекова Т.С. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Жас ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру, оқыту үрдісінде оны ұтымды пайдалану уақыт талабы болып отыр.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 19 наурыздағы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін» атты Қазақстан халқына жолдауына еліміздің жастарына білімді, парасатты, елжанды және кәсіби қызметке дайындығының жоғары болуын талап етеді. Тәуелсіздіктің қысқа тарихи кезеңінде еліміз әлемдік қоғамдыққа ықпалдаса отырып, экономикада айтарлықтай өрлеу жолына түсті. Осы орайда, еліміздегі кадр дайындау мәселесінің маңызы арта түсті. Қазіргі студенттің алдында өзін барынша көрсете білу және қоғам өміріне пайдалы түрде қатысу, күнделікті ақпаратты өздігінен табу, оны талдай білу, керекті жерлерінде шеберліктерін арттыру міндеттері тұр.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңның 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - оқытудың жаңа технологияларын енгізу білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп атап көрсеткендей қазіргі кезеңдегі әрбір мұғалімнің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі оқытудың әдіс - тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру.

И.П.Вемков «Педагогикалық технология бұл жоспарланған оқу нәтижесіне жету процесінің нұсқауы, дидактикалық жүйенің негізгі процессуалдық бөлігі» - деп атайды.

Қазіргі таңда еліміздің оқу орындары мен педагогикалық ұжымдары ұсынылып отырған көпнұсқалыққа байланысты өздерінің қалауын сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадаға мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жаз және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, адамзаттық және басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Педагогикалық технология оқу үрдісімен, яғни мұғалім мен оқушының іс-әрекетімен тығыз байланысты. Оның құрылымына мыналар кіреді: а) тұлғарыңдық негізі; ә) оқыту мазмұндық бөлімі (оқытудың нақты және жалпы мақсаты және оқу материалдарының мазмұны); б) үрдістік бөлім - технологиялық үрдіс (оқу үрдісін ұйымдастыру, оқушылардың оқу қызметінің әдістері мен

формалары, мұғалім жұмысының әдістері мен формалары, мұғалімнің материалды меңгеруді басқарудағы іс-әрекеті және оқу үрдісінің диагностикасы).

Қазіргі кезде қолданылып жүрген жаңа педагогикалық технологияның негізіне мыналар жатады:

- әрбір оқушының жеке және дара ерекшеліктерін ескеру;
- оқушылардың қабілеттіліктері мен шығармашылықтарын арттыру;
- оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын қалыптастыру.

Жаңа педагогикалық технологияларға ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру технологиясы, мәселелік оқыту технологиясы, тірек белгілері арқылы оқыту технологиясы, түсіндірі басқарып озат оқыту технологиясы, деңгейлеп саралап оқыту технологиясы, міндетті нәтижелерге негізделген саралап оқыту технологиясы және жобалап оқыту технологиясы кіреді.

Оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы сабақ деп қарасак, осы мақсатқа бағытталған мұғалім мен оқушылардың ұжымдық, шығармашылық бірлескен еңбегі екені белгілі. Адамдар арасындағы қарым-қатынас, біріккен әрекет қоғам мүшелерінің өзара ой, пікір, идея алмасу арқылы жүзеге асатын болса, интерактивті қарым-қатынас кезінде оқушылардың істі ұйымдастыра білу қабілеттері де көрінеді. Интерактивтік әдіспен сабақ өткізу кезінде оқытушы – кеңесші, серіктес рөлін атқарады. Ал топ белсенді түрде әрекет ете отырып бірін-бірі қолдау, толықтыру арқылы сұхбат құруға үйренеді. Екі оқушының сұхбатына үшіншісі араласуына болады. Ол қарсы топтың оқушысы болуы да мүмкін. Қарсы таптан болғандықтан ол сұхбатқа сұрағымен немесе екі оқушының сұхбатында айтылмаған тақырыпқа қарасты тың дерегімен кіре алады. Мұны «полилог» дейді. Бұл үйреніп жүрген өзге тілді меңгеруді жеделдетеді, өзге тілді үйрену барысында кездескен қиындықтарды жеңуге көмектеседі және әдет-дағдылары қалыптасады. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланғанда оқушыны субъект тұрғысынан қарастырғанда оқытудың нәтижелі, білімнің сапалы болатындығы және ең бастысы, оқушылардың пәнге деген жауапкершілігі, қызығушылығы күшейеді, оқушының өз бетінше жұмыс істеуге ынтық оянып, оның ізденушілік-шығармашылық, зерттеушілік қабілеттері артады.

Интерактивті әдіс - күрделі құрылымды тәсіл және біртұтас педагогикалық жүйе. Оның нәтижесінде әр оқушының өзін-өзі өзгеруші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдайлар жасалады.

Интерактивті әдістің дәстүрлі оқытудан айырмашылығы: көздеген мақсатында, мәнінде, мазмұнында, дамытудың негізгі факторында, мұғалімнің рөлі мен атқаратын қызметінде, әдіс-тәсілдерінде, оқушының білім алу белсенділігінің түрінде; оқу үрдісінің мүшелерінде әрекеттестік ерекшеліктерінде, олардың қарым-қатынас сипатында, танып-білу үрдісін ұйымдастыру түрлерінде т.б.

Сабақ барысында ұйымдастырылатын жұмыстың мазмұны мен мақсатына қарай біріншіден, мұғалімде алдымен жаңа ой туындайды. Екіншіден, оқушының ойлау қабілеті дамып жетіледі, үшіншіден, оқушы да мұғалім де тәжірибемен алмасады. Осы тұста қолданылатын жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: оқыту мен тәрбиенің бірлігі, оқушының танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, оқушыға ізгілік тұрғысынан қарау, өздігінен орындайтын іс-әрекеттердің әдістерін меңгеру, әр оқушының қабілетіне орай оқыту, оқу үрдісін оқушының өзі сезіну, оқушылардың білімділігі үшін жүйелі

жұмыс істеу. Егер осы көрсетілген талаптар жүйелі түрде қолданылса ғана оқыту технологиясы өз мақсатына жетеді.

Оқу–тәрбие үрдісінде қолданып, айтарлықтай нәтиже беріп жүрген жаңа педагогикалық технологиялар: дамыта отырып оқыту әдістемесі (Л.Занков, Д.Эльконин, В.Давыдов, В.Репин, В.Левин); оза отырып оқыту (С.Лесенкова); іс әрекетті бағалау (Ш.Амонашвили, И.Волков); тірек және тірек конспектері арқылы оқыту (В.Шаталов); саралап оқыту, шоғырландырып қарқынды оқыту жүйесі; деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқыту; жобалап оқыту технологиясы, т.т.

Бүгінгі таңда Қазақстанда Ш.Каманованың, Ж.Қараевтың, Ш.Таубаеваның, Қ. Қабдықайыровтың, С.Лактионованың, М.Жанпейісованың, Ә.Жүніспек пен Қ.Нағымжанованың, С.Көшімбетованың зерттеулерінде оқытудың жаңа технологиялары жан-жақты қарастырылады. Педагогикалық технологияны пайдалану арқылы сабақ құрылымын түсіну оқыту үрдісін ұйымдастыру, мұғалім мен оқушының өзара байланысын оның өзіндік әрекетін жүзеге асыратын оқушының ішкі дамуын қамтамасыз ететін нақты жұмыс болып табылады. Бұл арқылы сабақ үстінде жаңа білім алып қоймай өздігінен жұмыс орындау арқылы білімді саналы игеріп, ізденіп пікір таластыру деңгейіне дейін жетеді. Осы салада профессор Ж.Қараевтың технологиясы тиімді оқыту әдісі ретінде кеңінен қолданылады. Ол технология бойынша білім берудің мына мәселелері жүзеге асады: оқушыларға сенімділік білдіру; пәнге қызығушылығын арттыру; оны дамыту. Осы арқылы шығармашылық деңгейге көтерілуі көзделген. Мұғалімнің негізгі мақсаты тек тақырыпты түсіндіру ғана емес, оны оқушының іс-әрекетімен ұйымдастыру болып табылады. Шебер мұғалім өзінің педагогикалық үрдісімен, ұстаздық шеберлігімен, білімділігімен, жоғары қызмет істеу деңгейімен оқушыға үйрету қабілетімен, шығармашылық әрекетімен өмірге деген талпынысымен де көзге түседі. Мұндай мұғалім әр уақытта білім деңгейі жоғары ұрпақ тәрбиелейді. Бүгінгі мектеп табалдырығын аттаған жас өркеннің болашағы ата-аналар мен ұстаздар қауымының арасындағы тығыз педагогикалық үрдіске байланысты. Оқыту әдістерін жіктеп ғылыми, әдістемелік әдебиеттерді пайдалана отырып оның ең тиімділерін өзінің іс тәжірибелеріне пайдалануға тырысады.

Оқыту технологиясын жетілдірудің психологиялық – педагогикалық бағыттағы негізгі ой тұжырымдарды төмендегідей сипатталады:

- есте сақтауға негізделген оқып білім алудан бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып, ақыл-ойды дамытатын оқуға көшу;
- білімнің статистикалық үлгісінен ақыл-ой әрекетінің динамикалық құрылым жүйесіне көшу;
- оқушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламалардан жекелеп, саралап оқыту бағарламасына өту.

Жаңа технологиямен жұмыс істеу оқу үрдісін интенсификациялауды қолға алу, оқушылардың өздік әрекетін күшейтіп немқұрайлықты назарда ұстау, жаңа буын оқулықтарының мазмұнын жете түсіну, оқыту үрдісін ізгілендіру мен демократияландыру үнемі басшылыққа алу болып табылады. Жалпы жаңа технологияны енгізудің саналылығы білім беру ісінің дұрыс жолға қойылып оны ақпараттандыру білім берудің тиімді шарттардың бірі ретінде қарап отыр. Олай болса сабақ үрдісін ұштастыру білім беру мекемелерінің қай түрін алсақ та (колледж, институт, университет, мектеп т.б.) оны ақпараттандыру мен тиімді жаңа технологияны қолдануға баса көңіл бөлу әрбір мұғалімнің міндеті.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Лихачев Б.Т. Педагогика. Курс лекций: Учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений и слушателей ИПК и ФПК – М.: Прометей. Юрайт. 1998.
2. Білім туралы - Об образовании: Қазақстан Республикасының Заңы. Алматы. «Литера». 1999.
3. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологий учебно-воспитательного процесса. Усть – Каменогорск, 1982.
4. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Тараз. ТарМУ, 2003.

## ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, адамзаттық және басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына, өзін-өзі дамытуына игі әсерін тигізетін, оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыру мәселелері қарастырылған.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы необходимости освоения новых технологий, способствующих саморазвитию и оптимизации учебного процесса.

### БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА КӨРНЕКІЛІК ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Жаспанова Т. К. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Теориялық математиканың нәтижесін практика жүзінде қолдану шешілуге тиісті мәселе есептің жауабын сан түрінде алуды талап етеді. XX ғасырдың 30 жылдарынан бастап елімізде бастауыш оқыту жүзеге асырылды. Бастауыш сыныпта негізгі пәндердің бірі ретінде - арифметика оқытылды. Бұл пән қарапайым сандарды үйрету қосу-алу амалына негізделді. XX ғасырдың 60 жылдарынан бастап педагог-ғалымдар В.А.Сухомлинский мен жаңашыл педагог В.Шаталов бастауыш сыныпқа математика пәнін енгізуді ұсынды. Мұндағы ең басты мақсат - арифметиканы одан әрі теориялық негізде толықтыру. Екіншіден, математика ғылымының ойындар теориясы; кибернетика, информация теориясы, бағдарламалап оқытудың қарапайым элементтерін бастауыш сыныптан бастап үйрету және теориялық негізде жүзеге асыру көзделген.

Бастауыш сынып математикасы Қазақстанда “Есептеу математикасы” негізінде жүзеге асырылды. Мұның негізін қалыптастыруға М. Әмірбаев, Ө.М.Сұлтанғазин ықтималдықтар теориясы, математикалық лингвистика - Қ.Б. Бекетаев, математика тарихы - Ф.Д. Крамер, А.Көбесов, т.б.ғалымдар үлес қосты. Сондай-ақ, математиканы оқыту әдістемесі бойынша зерттеулер жүргізілді, бастауыш сыныпқа арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жазу қолға алынды. Қазақстанда XX ғасырдың 60-80 жылдарында М.О. Ысқақов, Х. Ибрашев, М. Әмірбаев, Ш. Еркеқұлов, Б. Төлегенов сынды математик - ғалымдар қазақ тілінде оқулықтар жазды, оның кейбір салалары бастауыш сынып математикасын қамтыды.

Математика гректің *mathematike* деген сөзінен шыққан білім, ғылым - деген сөз. Математиканың анықтамасын Лобачевский, «ақиқат дүниенің сандық қатынастары мен кеңістік формалары жайлы ғылым» - деп берген. Осы негізде

математиканың әдістемесін зерттеген ғалымдар көрнекілік әдісін бірінші орынға қойды.

Оқыту әдістемесін зерттеген ғалымдар бастауыш сынып математикасын оқытуда қолданылатын көрнекіліктің үш түрін ұсынды, олар: демонстрация, иллюстрация, тәжірибелік әдістер.

*Демонстрация* (көрсету) оқушыларды нақты есептеуге үйрету, көрнекілік көрсету, процестер мен заттардың нысанасымен табиғи түрде таныстыру. Әдістің бұл түрі математикалық теңдеулер негізінде есептеуге арналған. Сондай-ақ, заттың ішкі құрылысы және сыртқы көрінісімен немесе бірыңғай заттардың орналасу жағдайымен байланыстыруды көздейді.

Табиғи математикалық нысананы көрсету негізінен сыртқы көрінісінен басталады: көлемі, түсі, формасы, өзара байланысы, т.б. Келесі кезекте, оның ішкі құрылысы немесе жекелеген құрылымы көрсетіледі. Заттың үлгісі (математикалық моделі), математикалық туындылар оқушылар тарапынан біртұтастықта қабылданады.

Демонстрациялау көбінесе оқушыларды практикалық оқыту әрекетімен ұйымдастырыла жүргізіледі. Демек, демонстрациялаудың табысты болуы бірнеше жағдайларға байланысты:

- көрсетіліп отырған нысана барлық оқушыларға жақсы көрінуі тиіс және ол оқушының жас ерекшелігіне сәйкес келуі ескеріледі;
- көрнекі құралды бақылау барысында әрбір оқушы мұғалімнің нұсқауы бойынша жұмыс істеуі тиіс;
- оқу материалын түсіндіру кезінде көрсету жұмыстары жүргізіліп, соңынан нысана алынып тасталуы керек;
- көрсету кезінде математикалық негізгі құралдар көрінісі анық әрі ашық баяндалып, кейбіреуі тақтаға сызылып қойылады;
- оқушыларды осылай демонстрациялық бақылау жұмыстары нәтижесінде қорытынды жасай білуге дағдыландырады;
- көрсету кезінде мұғалімнің ауызша баяндауы оқушылардың бақылауын дамытуға және математикалық ұғымдарды терең түсінуге мүмкіндік береді.

Оқытуды демонстрациялық негізде ұйымдастыру оқушылардың оқу материалын жеңіл әрі терең ұғынуына мүмкіндік туғызады, олардың ойлау әрекетін жандандырып, қосымша ақпараттар береді. Оқушылардың математикалық құбылысты және танымдық процесті, өздері белсенділік танытып оқып үйренсе, шын мәнінде бұл әдіс нәтижелі болмақ. Олар тарапынан мұндай қарым-қатынас оқыту процесінде проблемалық және ізденушілік жағдайға итермелейді. Сабақ барысында оқытудың демонстрациялау әдістерін қолдануда кодоскоп, музыкалық орталық, ұнтаспа, теледидар, видеофильм секілді техникалық құралдары қолданылады.

*Иллюстрация* - демонстрация әдісімен тығыз байланыста болады. Бұл әдісті иллюстративті құралдарды (суреттер, сызбалар, портреттер, модельдер) көрсету қолданылады. Иллюстрация әдісінің нәтежиелі болуы мұғалімнің бұл әдісті қаншалықты меңгергеніне байланысты.

Мектеп тәжірибесі көрсеткендей сыныпқа иллюстрациялы материалды жиі қолдану математикалық нақтылық пен дәлдікке үйретеді. Сондықтан, көрнекі құралдарды пайдаланудың дидактикалық қолданысын және таным процесінде олардың рөлін алдын-ала жақсылап ойластырып алу қажет. Бұған қосымша мұғалім көрнекі құралдың математикалық көлемін, білімділік мазмұнын, математикалық ықпал теориясына сәйкестігін ескеруі қажет.

Бұл әдістің ішінде ең басты рөл атқаратыны - *бақылау әдісі*. Ол барлық оқу пәндерінің ішінде математикалық нақтылау, пысықтау, көрсету әдістерінің негізі болып есептеледі. Сондай-ақ, мұны бастауыш сыныптың барлық пәндеріне қолданады. Бақылау әдісін математикада қолданудың тиімділігі мынадай тәсілдерге байланысты:

- байқаудың мақсатын анықтау (математикалық түбірін негіздеу және есептеу мәтінін түсіну);
- қабылдайтын математикалық құбылыс пен жүйенің негізін түсіндіру;
- математикалық жүйені топтастырып, қорытындылар мен тұжырымдар жасау.

Математикалық бейнелердің ерекшеліктеріне байланысты бақылау әдісінің негізгі түрлері: математикалық бақылау, лабораториялық бақылау, техникалық бақылау, оқушылардың өздігінен дербес бақылауы.

Оқушылардың ойлау, зерттеу, үйрену дағдыларын арттырудың күшті құралы математикалық бақылау екендігін Н.И.Лобачевский атап көрсеткен.

Математикада, оның ішінде бастауыш математикасында бақылау өткізудің негізгі әдістемелік талаптары төмендегілер:

- 1) көрсетілген заттың әртүрлі қасиеттерін, ерекшеліктерін, мүмкіндіктерін, көру, есту иіс т.б. сезім мүшелерін қатыстыру арқылы зерттеуге, бағыт берудің маңызы зор. Бақылау тек көру т.б. сезім мүшелерінің жұмысымен ғана емес, ол адамның ойлау, әрекетімен тығыз байланысты. Яғни, есепке, математикаға бейім баланың педагогикалық және физиологиялық ойлау ерекшелігіне тікелей байланысты шешіледі;
- 2) мұғалім бақылауда оқушыға талдау мен жинақтау арқылы заттардың негізгі қасиеттерін таныстыру, ажырату, қорытындылау сияқты ойлау процестерін қолдануға басшылық етуі қажет.
- 3) мұғалім бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес оқушылардың бақылауын ұйымдастыру үшін ең алдымен бақылаудың мақсатын, байқайтын заттың мөлшерін (математикалық өлшемі мен теңдігін) немесе көлемін анықтап, жоспарын жасап беруі керек.

*Тәжірибелік немесе математикалық есептеу техникасын жетілдіру әдісі.*

Математикалық есептеу техникасын жетілдіру әдісі жиі қолданылады. Оған тәжірибелік әдіс көмекке келеді, толықтырады. Ең бастысы, бұл әдіс оқушының, әсіресе, математикадан алған алғашқы бастауыш негіздегі теориялық білімдерін, біліктілігі мен дағдыларын тереңдету және жетілдіре түсу мақсатында олардың математикалық және практикалық жұмыстарының маңызы ерекше.

Оқытудың негізгі дәстүрлі әдістерімен қатар бастауыш сыныптың педагогикалық және психологиялық ерекшеліктерін, оның математикалық негізде техникалық әдістермен үйлестірілуі мұғалімнен үлкен педагогикалық шеберлікті талап етеді.

Математикалық есептеу техникасын жетілдіру әдісі - бастауыш сынып математикасында жиі қолданылады. Олар біріншіден, математикалық қарапайым санаудан, тендеулер құрастыру деңгейіне дейін көтеру. Екіншіден, сандық бөлшектерді күрделендіру. Педагогикадағы қарапайымнан күрделіге көшу тәсілін қолдану. Техникалық құралдардың қарапайым, жай нұсқаулары арқылы оқушылардың математикалық есептеу, өлшеу, санау, көбейту, т.б. амалдарын үйрену, оны қолдана білу. Үшіншіден, тәжірибе жасағанда сыныптағы оқушылар әртүрлі бейімділік көрсетеді. Мұғалім олардың әрқайсысының жұмыс тәжірибесін жинақтайды. Сондай-ақ, математикалық қаблеттерін ұдайы жетілдіріп отыру қажет.

Педагогикалық шеберлік тұрғысынан қарағанда, математикадағы тәжірибелік әдісті мынадай төрт кезеңде немесе бағытта өткізеді - дайындау, өткізу, қорыту кезеңі және алдағы әдістерді қабылдау немесе нұсқау дәрежесі.

Дайындау кезеңінде оның мақсаты белгіленеді, жоспары жасалады және оқушыларды қажетті аспаптармен, реактивтермен, басқа да оқу құралдарымен, жұмыс істеу принциптерімен таныстырады. Өткізу барысында мұғалім әр оқушының қойған тәжірибесін мұқият бақылайды және қажет болған жағдайда оларға көмектеседі.

Қорыту кезеңін бірнеше тәсілмен өткізуге болады. Алайда тәжірибелік әдістің бұл үш кезеңі болашақ бесінші сыныпқа дайындық түрінде төртіншісі эксперименттік сыныпта өткізіледі. Бұл сатылы кезеңде, біріншіден әр оқушы өзінің орындаған жұмысын хабарлайды. Екіншіден, ұжымдық түрде орындаған жұмыстың нәтижесі туралы әңгіме өткізеді. Үшіншіден, тәжірибелік әдістің нақты қорытындысын мұғалімнің өзі анықтап, оқушылар орындаған жұмыстардың нәтижесін қорытып баяндайды.

Тәжірибелік әдістің ішінде жиі қолданылатыны - жаттығу әдісі. Бастауыш сынып үшін ең пайдалысы осы әдіс болып табылады. Қазақ мектептеріндегі бұл әдісті академик О.Жәутіков еңгізді. Тәжірибе көрсеткеніндей, бұл әдіс оқушыларда біліктер мен дағдыларды қалыптастырады. Оқу барысында техникалық ережелер мен қағидаларды қайта пысықтап, тиянақты меңгеру жаттығу арқылы орындалады. Сондықтан бұл әдісті бастауыштың барлық пәндеріне қолдануға болады. Мысалы, есеп сабағында (математика) жазбаша есеп шығару, тіл сабақтарында диктант жазу, грамматика және фонетика жұмыстарын орындау, т.б. Сондай-ақ, сурет салу, сызбалар сызу, диаграммалар құру, математикалық сызбалар сызу, т.б. жатады.

Бастауыш сыныптың жас ерекшелігіне байланысты жаттығу әдісінің артықшылығы оқушының өздігінен орындау белсендігін арттырады. Өзіндік жұмыстар математикалық есептер құрастыру арқылы жиі орындылады. Бұл математиканың негізгі түрі болып саналады, мұны ғалымдар әр пәнде қолданатын болғандықтан жазбаша жаттығу деп атаған.

Математикада пайдалы әдістің бірі ауызша баяндау. Біріншіден, математиканың ережелері мен қағидаларын жатқа айта білу. Екіншісі - математикалық ережелердің мазмұнын ауызекі баяндау. Үшінші, қолданбалы математиканың кейбір теориялық қағидаларын жатқа айту.

Математикада қолданылатын әдістер - математикалық процестердің барлық кезеңдерінде оқытудың түрлі мақсат, міндеттерін орындау барысында оқушылардың таным әрекетін арттыруға бағытталады. Сондықтан, математикадағы таным әрекетінің белсенділігін арттыруға септігін тигізетін әдістерге айрықша назар аудару қажет.

Бастауыш сыныпта математикаға, оның әрбір тақырыбына сәйкес, оқыту әдісін мұғалімнің таңдап алуы мынадай белгілі шарттарға байланысты болып келеді:

- оқыту әдісін, оның мақсат-міндеттеріне, оқушылардың жас және таным әрекетінің ерекшелігіне сай қолдану;
- қолда бар нақтылы көрнекі және техника құралдарын, кабинет жабдықтарын ескеру;
- мұғалімнің педагогикалық шеберлігі мен іс-тәжірибесінің шығармашылық сипатына, оның шеберлігіне тікелей байланысты шараларды іске асыру;

- тәжірибе көрсеткеніндей, математика пәнінің бастауыш сыныптағы нәтижелі болуы, мақсаттың жүзеге асуына байланысты. Мұғалім қандай тақырып өтсе де, ең алдымен, оның мақсатын анықтауы тиіс.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбенбаев С.Ш., Құдиярова А.М, Әбиев Ж.Ә. Педагогика. -А., 2003.
2. Нысанбаев Ә. Математика және дүние тану. -А.,1973.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада бастауыш сынып математикасын оқытуда көрнекілікті пайдаланудың демонстрация, иллюстрация, тәжірибелік әдістері қарастырылған. Математикада қолданылатын әдістер - математикалық процестердің барлық кезеңдерінде оқытудың түрлі мақсат, міндеттерін орындау барысында оқушылардың таным әрекетін арттыруға бағытталғаны көрсетілген.

#### РЕЗЮМЕ

В статье показана необходимость применения на уроках математики начальной школы таких методов обучения как демонстрация и иллюстрация, которые способствует развитию познавательной деятельности и усвояемости материала.

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Жиенбаева С.Н. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Егемен елімізде табандылықпен жылжу саясаты қоғамымыздың барлық саласында түбегейлі өзгерістер енгізіп жаңа талаптар қойылып отыр. Соның ішінде болашақ ұрпаққа әлемдік деңгейде білім беру мақсатына орай білім мазмұнына жаңаша қарау басты міндеттердің бірі. Қазіргі кезде елімізде білім берудің жаңа жүйесінің жасалынуы, оның парадигмасының өзгеруі, білім мазмұны мен әдіс-тәсілдерінің жаңаруы бәсекелестікке қабілеті мол, шығармашылық бағытта еңбектенетін, ой қабілетімен ерекшеленетін азаматты тәрбиелеуді көздейді. 12-жылдық білім берудегі өзгешеліктердің бірі баланың мектепке 6 жастан қабылданып, технологиялық білім беруді бастауыш мектептен бастау болып табылады. Бұның өзі ғылыми-техникалық прогрестің даму бағытындағы, ғылым мен технологияның жаңа сапалық деңгейге көтерілуінде өмір сүре алатын және соны жасайтын ұрпақ дайындауды көрсетеді.

Философиялық, психологиялық, педагогикалық теорияларды талдай келе, «Технология» ұғымы көп қырлы екендігі анықталды. Ағылшын тілінен аударғанда «техника», ал грек тілінде «шебер немесе шебер туралы ғылым» деген мағынаны білдіреді. Философиялық тұрғыдан «қозғалыс, дамуға бағытталған, жаңа сапалық деңгейге өту, адамның әрекеті» деп түсіндіріледі. Сол сияқты әдебиеттерде технологияның механикалық, физикалық, химиялық, биологиялық, әлеуметтік, геологиялық, планетарлық, ақпараттық, педагогикалық және басқа түрлері кездеседі.

В.П.Беспальконың пікірінше, кез келген әрекет не технология, не өнер болуы мүмкін, «Өнер интуицияға, ал технология ғылымға негізделеді. Барлығы өнерден басталып, технологиямен аяқталады» деп тұжырымдаған. С.А.Смирнов технологияның өндірістік және әлеуметтік түрлерін бөліп көрсеткен. Автордың пікірінше, өндірістік технологияға табиғи шикізат өнімдерін қайта өңдеу немесе одан дайын өнімдер алу, өндірістік технологияны «материалды, шикізатты өңдеу, дайындау, қасиетін, формасын өзгерту әдістерінің жиынтығы, оның өндіріс өнімін шығару үрдісінде жүзеге асуы» жатады.

Әлеуметтік технологияға бастапқы және соңғы нәтижесін адамның бір немесе бірнеше қасиеттерін өзгерту жатады. Педагогикалық әдебиеттерде технологияға бірнеше анықтамалар берілген.

Технология – бұл егжей-тегжейі ойластырылған бірлескен педагогикалық әрекет, мұғалім мен оқушы үшін толық жабдықталған оқу үрдісін жобалау, ұйымдастыру және өткізу моделі (В.М.Монахов). Педагогикалық технология – бұл жоспарланған оқу нәтижесіне жету үрдісін сипаттау (И.П.Волков). Педагогикалық технология – педагогикалық мақсатқа жетуде қолданылатын барлық жеке тұлғалық, инструментальдық және әдіснамалық құралдардың жұмыс істеу реті және жүйелі жиынтығы (М.В.Кларин). Педагогикалық технология – бұл тәжірибеде жүзеге асатын педагогикалық жүйелердің жобасы (В.П.Беспалько). В.М.Казакевич технологияны жабдықтар, құрал-саймандарға, техникалық білім, дағдымен сәйкестендірілген әдістер жиынтығы деп анықтама берген. Дегенмен, В.Д.Смирновтың зерттеуінде технология ұғымының көп қырлы екендігі әдіснамалық тұрғыдан түсіндіріліп, ғылым ретінде алмасу және қайта жасау құралы, қоғам, өндіріс және адам дамуының көрсеткіші ретінде, таным көзі ретінде, білімді жинақтау және талдау, индукция және дедукция, теория мен тәжірибе, тұрмыс пен сананың бірлігін қамтамасыз етеді, мәдени ұғым ретінде материалдық және рухани мәдениеттің бірлігі ретінде түсіндіріледі. Автор осыларды негізге ала отырып, бірнеше аспектілерін бөлген: әлеуметтік (технология және қоғам), антропологиялық (технология және адам), экологиялық (технология-табиғат), мәдениеттану (технология және мәдениет). В.Д.Смирнов технология ұғымын зерттей келе, төмендегідей үш топқа топтастырды:

1. Материалдық өндіріс технологиясы, оған энергетикалық технология, металлургиялық технология, құрылыс технологиясы, т.б.;
2. Өндірістік емес технологияға педагогикалық технология, ғылыми зерттеуді жүргізу технологиясы, медициналық технология, сауда технологиясы, тұрмыс технологиясы, көркем және ақпараттық қызмет жасау технологиясы және т.б.;
3. Тіршіліктегі түрлі технологияға танымдық әрекет технологиясы, еңбек әрекеті технологиясы, көркемдік және техникалық шығармашылық технологиясы, қарым-қатынас технологиясы, ойын әрекет технологиясы, ақпараттық технологиясын жатқызған.

В.С.Степина, П.С.Гуревич, Д.Б.Крылов, т.б. авторлар технологияның құрылымы мен жүзеге асу механизмі адамның тарихи дамуымен және мәдениетімен тығыз байланысты екендігін айтқан. Бүгінгі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы, жаһандану мәселелері, өркениетті елдер қатарына қосылу қарсаңында, жаңа мәдениетті енгізуді талап етіп отыр. Атап айтсақ, адамның табиғатқа, қоғамдық-тарихи, мәдени, экономикалық, технологиялық өркендеуге қатынасының өзгеруі, технологиялық мәдениетін қалыптастырады. Бұл жөнінде ғалым П.С.Гуревич технологиялық мәдениет жалпы адам мәдениетінің басты аймағы, жоғары технологиялық қоғамның феномені, адамның қабілеті,

шығармашылық күшін, білім, білігін іске асырып, технологиялық әлемді игеруі деп түйіндеген. Аталған ғалымдардың теориясын негізге ала отырып, бастауыш сыныптан бастап, технология пәнінен бастапқы технологиялық білім беріп, технологиялық мәдениетін қалыптастыру көзделеді. Оқыту үрдісінде бастауыш сынып оқушыларын технологиялық мәдениеттің әлемдік құндылықтарына тарту, қоршаған ортаны зерттеу тәсілдерімен таныстыру, еңбекте шығармашылық деңгейде білім және біліктілігін қолдану, жеке тұлғаның моральдық-этикалық сапаларын қалыптастыру, мамандық таңдауға қызығушылығын ояту жүзеге асады.

Адамзат қоғамының дамуының барлық кезеңінде жас ұрпақты еңбекке дайындау негізгі әлеуметтік-педагогикалық мәселелердің қатарында жетекші орын алып келеді. Еңбекке баулу өз мүддесі және болашақ қоғам үшін еңбектен білетін, ойлау дәрежесі биік, еңбекқор, іскер, дамыған адам даярлау мақсатына бағытталады. Адамның адам болып қалыптасуындағы еңбектің маңызын ескерсек, баланы еңбекке баулудың қаншалықты құндылығын түсіну қиын емес.

Еңбекке баулудың отандық және шетелдік педагогикалық тәжірибесін талдай келе еңбек баланың үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін орасан зор алғышарт екендігін тұжырымдаймыз. Бұл проблеманың мазмұндық және процессуалдық аспектісі қоғамның әлеуметтік-саяси, экономикалық, технологиялық даму деңгейіне және психологиялық-педагогикалық білім аймағына да байланысты.

Педагогика теориясы мен практикасында 1884 жылдан бастап жас ұрпақты өздігімен еңбектену әрекетіне дайындауды жалпы білім беретін мекемеде еңбекке баулу арқылы шешу ұйғарылған. 1886 жылы Швециялық мектеп директоры Сант-Илер «Қол еңбегін оқыту негіздері» атты еңбек жазды. Ресейде 1901 жылы «Қол еңбегі мен сызу пәндерін оқыту» деп аталатын бағдарлама ұсынылып, онда жас ұрпақты еңбекке дайындау, кәсіби бағдар берілуі керектігі көрсетілген.

Елімізде тұңғыш рет Ы.Алтынсарин 1887-1888 жылдары орыс-қазақ мектебін алғаш ашқанда сабақты еңбекке баулудан бастаған. 1881 жылы Н.И.Ильминскийге жазған хатында «Сізде қол өнерін, бау-бақша, огород істерін, мал шаруашылығын және егіншілік кәсібін үйретуге арналған практикалық жеңіл оқу құралы жоқ па?» - деп сұрауынан-ақ қалам ұстап, сауатын аша бастаған қазақ баласының еңбек дағдыларын меңгеріп, өнермен белгілі бір кәсіппен шұғылдануын армандағанын көреміз. 1882 жылы Торғай облысындағы оқу жұмысының жайы туралы есебінде: «Қарапайым халықтың тұрмысына қажетті, киім тігу, киім пішу, шәлі, түбіт шарқат тоқу, жіп шалу және қазақтардың қолында көп болатын жүн, қылшық секілді материалдардан өрмек тоқу, киіз басу және тақыр кілемдер тоқу сияқты әйелдер істейтін жұмыстар үйретіледі» - деп жазған. Дегенмен, еңбекке баулудың оқытылуының өзіндік тарихы бар.

Кеңес үкіметінің алғашқы кезеңдерінде болашақ ұрпақты еңбекке баулу К.Д.Ушинский, П.П.Блонский, С.Т.Шацкий, В.А.Сухомлинский, К.Ю.Цирюля, И.А.Стебута, П.А.Кропоткин, А.С.Макаренконың гуманистік идеяларының негізінде дамыды. Кіші мектеп оқушыларын еңбекке баулу мәселесі И.Я.Рожнева, Е.П.Тонконова, С.Ф.Трифорова, И.Г.Майорова, И.П.Фрейтаг, М.И.Гусакова еңбектерінде теориялық тұрғыдан негізі қаланып, мазмұны анықталған. Л.П.Заречная, А.В.Леонтьев, В.Д.Симоненко, Д.А.Махотиннің зерттеулерінде еңбекке баулудың барлық тарихи, әлеуметтік-экономикалық даму тенденциялары анықталып, төрт кезеңге бөліп көрсетілген.

Бірінші кезеңі - революцияға дейінгі және 1917 жылдары мектепте еңбекке баулу арнаулы пән ретінде жүргізілген, бұл экономикадағы қолөнер жұмысшы кадрлардың қажеттілігінен туындаған. Бұл кезеңде «қол еңбегі» (К.Ю. Ци роль) ұғымының енуіне байланысты болып, оқу шеберханасында материалдарды өңдеп практикалық сабақ түрінде өткізілді. Пәннің мазмұнына қолөнер түрлеріне бағытталған (ағаш өңдеу, етікші, т.б) еңбектер енді және материалдарды көркем өңдеу, қол еңбегі, ауыл шаруашылық еңбектері қамтылды. Қол еңбегіне үйрету үлгіге қарап бұйымдар дайындаудан басталды. Мұндағы педагогикалық мақсат оқушылардың қол еңбегі арқылы жалпы еңбек және арнаулы білім, білік, дағдыларын қалыптастыруды көздеді.

Бір-бірте қол еңбегіне баулу әдістемесі қалыптасып, 1915 жылы типтік бағдарламасы қабылданып, онда тек ұйымдастырылу ғана емес, әдістемелік жағынан көрсетілді. Онда сабақта практикалық сабақтан басқа «түсіндіру» сабақтары жүргізілуі керектігі айтылды. Мұғалім тақтаға жасалатын бұйымның сызбасын көрсетіп, орындау жүйелігін, жолдарын және құрал-саймандарды қалай қолдануды түсіндіреді.

Екінші кезең - 1918-1937 жылдардағы тарихи, саяси, экономикалық, әлеуметтік өзгерістерге байланысты еңбекке баулудың мазмұнында өзгерістер болды. Сол кездегі экономиканы тез қалпына келтіру және өндірістің тез дамуы, социалистік қоғамның құрылу жүйесіне қарай мектепте оқытудың политехникалық принципі енгізілді. Еңбекке баулудың басты мақсаты: өндіріс саласының қажеттілігіне қарай түрлі еңбектің негізінде оқушыларды әлеуметтік-еңбекке бейімдеуге бағытталды.

1919 жылы қол еңбегі бойынша бағдарлама жарияланып, ол «Өнегелі қол еңбегі бағдарламасы» деп аталды. 1925-1927 жылдары қайта өңделіп, ол «Қол еңбегі бағдарламасы» деген атпен шықты. Оқушыларды ғылыми принцип негізінде материалдармен және құрал-саймандармен таныстыру, ең маңызды өндіріс салаларымен таныстыру, индустрияландырудағы еңбекке саналық көзқарасын тәрбиелеу көзделді. Оқыту мазмұны ағаш және металл өңдеу, электромонтаж жасау, түптеу жұмыстары, үй шаруашылығы, ауыл шаруашылығы кешенді бағдарламасы және жобасы бойынша жүргізілді. Бұл оқыту мазмұны 1932-1933 оқу жылдарына дейін орындалып кейінгі бағдарламаларда еңбектің политехникалық жағы күшейтілді. Бірақ 1930 жылдары маманданған кадрларды дайындау қажеттілігіне байланысты еңбекке баулу пәнінің практикалық жағына ерекше мән беру мен мектепте ғылыми білімді күшейту қажеттілігінің арасындағы қарам-қайшылықтың тууы, еңбекке баулу пәнін алып тастады. Елімізде 1922 жылы халық ағарту комиссариаты мектептегі оқу жоспарына еңбекке баулуды арнаулы пән ретінде екі сағаттан оқу жоспарына енгізді.

Үшінші кезең - 1952-1990 жылдар арасында қоғамдық өндіріске жаппай жұмысшы күші қажеттілігіне қарай мектепте білім беру мазмұнына пән ретінде қайта енгізілді. Тек 1954-1955 оқу жылынан бастап, еңбекке баулу бастауыш сыныптан бастап пән ретінде қосылды. Пәннің мазмұнында қол еңбегі қағаз, қатырма қағаз, матамен жұмыс, ағашпен, металмен қарапайым жұмыстар, құрастыру, электротехника негіздері үйретілді. Бұл кезең оқушыларды жалпы еңбекке дайындауды күшейтумен сипатталып, кәсіби бағдарын қалыптастыруға оның ішінде бейіндік алпыс бағытта жүргізіліп, кәсіби оқытуға дейінгі жұмыстар жүргізілуімен ерекшеленеді.

Төртінші кезең - 1993 жылдан бүгінгі күнгі тәуелсіз елдердің қатарына қосылып, нарықтық экономика және технологиялық революция қарсаңын қамтиды. Қазақстанда 1997 жылы «Еңбекке баулу» 1-4 сыныптарға арналған

жаңа буын оқулығы, оқу-әдістемелік кешен тұңғыш рет жарыққа шықты. Еңбекке баулу оқулығының теориялық негізін жасауға П.Р.Атутов, В.Д.Симоненко, Ю.Л.Хотунцев, О.С.Сатқанов, С.Қантарбаевтың зерттеулері басшылыққа алынды.

Жаңа буын оқулығының ерекшелігі: көп деңгейлілігі, кешенді құрылуы және дамыта оқыту технологиясына негізделіп, ұлттық еңбек сипаттары қамтылған. Осы кезеңде «технологиялық білім», «технологиялық мәдениет» жаңа ұғымдарының шығуына байланысты еңбекке баулу «Технология» деп аталып отыр. 1998 жылы «Технология» пәнінің орта білім стандарты жазылып, 2002 жылы толықтырылу енгізілді. Стандарт мазмұнында оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар көрсетілген.

12-жылдық жалпы білім беру тұжырымдамасында «Технология» 1-сыныптан бастап жүргізіліп, мазмұны төмендегідей негізгі міндеттерді шешуге бағытталады:

- оқушыларға технологиялық білім және біліктілік негізінде технологиялық құзырлылық қалыптастырып, жасампаз және түрлендіре алатын әрекеттің негізі қаланады;
- оқушыларда ішкі қажеттілігін және үрдіске, оның нәтижесіне құрметін қалыптастыру;
- оқушыларды түрлі кәсіби әрекеттермен таныстыру және өзін кәсіби тұрғыда анықтауын жағдай жасау;
- оқушыларда еңбек, графикалық, кәсіпкер, экологиялық, ақпараттық, этикалық, эстетикалық мәдениеті қалыптасады;
- оқушыларды өзін-өзі таратушы, өзін-өзі таныту және әлеуметтендіру мүмкіндігімен қамтамасыз ету.

Шетел тәжірибесінде Ұлыбританияда, Францияда, АҚШ, Австралиядағы жалпы білім беру жүйесінде технологиялық білім беру бөлек “Технология” пәні ретінде жүргізіледі. Гонконг, Сингапур, Оңтүстік Корея, Тайванда бастауыш мектеп оқушыларына міндетті, ал жоғары сынып оқушыларына таңдаулы пән болып саналады. Оның мазмұны жобалау процесіне, ақпараттық технологияға, ақыл-ой күшін талап ететін проблемалық тапсырмаларды шешкізіп, өндірістік процестер қамтылады.

Ғалым М.Б.Павлов салыстырмалы талдау барысында Австралия, Ұлыбритания, АҚШ, Ресейдің технологиялық білім берудегі өзіндік бағыттарын анықтаған. Ресейдегі білім беру бағыттарының сипаты: топқа бағдарлану; делдалдық және тұтастық; білімдегі энциклопедизм, кең көлемді білім; моральдық сұрақтар жоғары интеллектуалдық деңгейде көзқараспен келу; ғылыми зерттеулерге теориялық тұрғыдан қарау қамтылады. Англиядағы білім беру бағыттары: баланың даралығына ізгілендіру тұрғыда бағдарлану, жеке дара қажеттілігіне қарай терең білім, кәсіптендіру; моральдық сапалар: парызына сенім, қайырымдылық, басқаның пікірін ескере білу қабілеті, әрекетке сүйену қамтылады.

Біздің елімізде 1998 жылдан бері “Технология” пәнінен орта білім беру міндеттері, мазмұны жетілдірілді. Еңбектің әлеуметтік-экономикалық мәнін, қоғам мен жеке адамның дамуындағы орнын түсіндіру, еңбек адамы өндіруші еңбектің иесі екендігін үйрету арқылы еңбекке қабілетін, біліктілікке, шеберлікке баулу көзделген. Жоғарыдағы шетел және еліміздегі технологиялық білім берудегі теориялар мен тәжірибелерді саралай келе, мынадай дәстүрлі еңбекке баулудағы кемшіліктер жіберілмеу керек деп есептейміз. Мәселен, бастауыш сыныпта және басқа сатыларында:

- оқытуда оқушылардың тек орындаушы қызметін атқарып, шығармашылық және жобалау қызметтерін дамытуға, бағдарлану және бақылау-бағалау әрекеттеріне мән берілмеуі;
- еңбекке баулу мазмұнында оқушылардың жеке қызығуын, икемділігін, қажеттілігін ескермеу, пәнге деген мотивациясының төмендеуі;
- еңбекке баулу мазмұнындағы әлеуметтік тәжірибенің аздығы, оқушылардың әлемдік технологиялық мәдениет құндылықтарына қатысын тоқтатады;
- еңбекке баулудың дәстүрлі ұйымдастыру формасы, әдіс-тәсілдері оқушыларға зерттеу, жобалау, шығармашылық әрекеттеріне белсене араласуына тежеу болды. Дегенмен, еңбекке баулудың көп жылдық тәжірибесі оқушыларды еңбекке сүйгіштікке, еңбекке дұрыс қатынасын тәрбиелеуде, әртүрлі материалдарды өңдеуде практикалық біліктілік пен дағды қалыптастыруда, политехникалық көзқарасын кеңейтуде және мамандық әлеміне түсініктеме беруде маңызы ерекше.

Міне, осы жетістіктерге сүйене отырып, бастауыш сыныптан бастап технологиялық білім беруді жаңа сапалық мазмұнда қайта құруға болады. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында “Қазіргі жалпы білім беретін мектептегі оқытудың мазмұны фактологиялық күйінде қалып отыр, пәндік тәсілге негізделген мемлекеттік стандарттар моральдық тұрғыдан ескірген. Мектепте оқушының өмірлік жолын, мүдделері мен болашаған таңдауға нақты дәлелдемелер бермейді... Орта білім берудің мақсаты - жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға, өздігімен дұрыс адамгершілік тұрғыда шешім қабылдай білуге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру”, - делінген. Сондықтан бастауыш мектептен енгізіліп отырған “Технология” пәнінің мазмұнына жаңаша көзқараспен қарауды талап етеді. Соңғы психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді негізге ала отырып, мынадай бағыттарды:

- білім мазмұнының көлемі баланың психологиялық және дене дамуына және шамасына сай келуі;
- бастауыш білім беру сатысындағы балалардың жас ерекшелігі даму заңдылықтарына, ерекшелігіне, мүмкіндігіне сай келуі;
- білім беру және тәрбиелеу мазмұны жеке тұлғаға бағдарлана жүргізілуі;
- білім беру нәтижесі өмір сұраныстарына сәйкес келуі;
- оқу-танымдық, коммуникативтік, практикалық, шығармашылық әрекеттік сипатта жүргізілу арқылы білік, дағдыны меңгерту;
- пәнаралық байланыспен білім беруді кешенді жүргізу;
- білім берудің мектепке дейінгі сатысынан жоғары сатыға дейін сабақтастықпен жүргізуді басшылыққа алғанда технологиялық білім беруді оңтайлы жүзе асыруды қамтамасыз етеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Концепция развития образования в РК до 2015. -Астана, 2004.
2. Кенжебеков Б., Құтпанбаев Ә. “Технология” пәнін оқыту тұжырымдамасы. // Қазақстан мектебі.– 1999. №6. 30-34 б.
3. Атутов П.Р. Технология и современное образование. //Педагогика.– 1996. №2.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада бүгінгі таңдағы технология пәнінің бастауыш мектептен бастап жүргізілу қажеттілігі, оның қалыптасу тарихы ашылған

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается вопрос необходимости изучения предмета технология в начальном классе общеобразовательной школы.

**БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ТИІМДІ  
ҚОЛДАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

Қоқымбаева Т. И. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Бастауыш сыныптың озат мұғалімдері сабақтарында оқытудың тиімді әдістерін қолдануға баса көңіл бөледі. Білім беруде әдістерді дұрыс іріктеу үшін оқыту әдістерінің теориясы мен тәжірибесін жете білу қажет.

*Оқыту әдісі* - екі жақты процесс. Мұғалім баяндайды, әңгімелейді, түсіндіреді, сонымен қатар заттарды немесе көрнекі құралдар мен техникалық құралдарды көрсетеді, ал оқушылар тыңдайды, қызығады, қабылдайды, бақылайды, ойланады және т.б. таным әрекеттерін жасайды. Мұғалім оқыту әдісі арқылы оқушыларға білім беруде өзінің іс-әрекетін балалардың таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады. Сонымен, оқыту әдісі дегеніміз - оқушыларға білім беру және оларды дамыту мақсатында мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жасайтын қызметі мен қарым-қатынасының тәсіл-амалдары.

Сабақта берілетін оқу материалын оқушыларға жеткізу үшін әр түрлі оқыту әдістерін қолданудың тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр. Тіпті бір мазмұндағы оқу материалын меңгерту түрлі әдістер арқылы жүзеге асуы мүмкін.

Білім беру үрдісінде ең жиі қолданылатын оқыту әдісі - ол мұғалімнің ауызша баяндауы. Сабақтың мазмұнын ашуда сөздің құдыреті күшті. Сондықтан да сөздік әдіс сабақтың түрлі кезеңдерінде әсіресе, жаңа материалды түсіндіру барысында кеңінен орын алады. В.А.Сухомлинский баланың ойы мен тілін дамытудағы сөздің мәніне тоқталып “СӨЗ - ең маңызды педагогикалық құрал, оны еш нәрсемен ауыстыра алмайсың. Бастауыш сыныптың мұғалімі - ең алдымен тіл маманы” – деген.

Сөздік әдісті қолданғанда мұғалім оқушыларға білім берумен қатар олардың таным белсенділігін дамытуға (зейін, қабылдау, ойлау т.б. процестерін) байланысты әрекет жасайды. Мұғалім өзінің баяндауын басқа әдістердің тәсілдерімен ұштастырады (бақылау, әңгіме, жазбаша және графикалық жұмыстар т.б.).

Мұғалім өзінің сөзін көрнекі бейнелермен сабақтастырып, түрлі көрнекі және техникалық құралдарды көрсетеді, сонымен қатар көркем сөзді де пайдаланады. Мұғалімнің ауызша баяндауы барысында сұрақтардың анық және түсінікті болуы мәтін мазмұнына байланысты түрлі жағдаяттар тудырып оны оқушыларға шештіру баяндалатын материалдың ең маңызды жерлеріне айырықша мән беру және баяндаудың жүйелі, дәлелді болуы сөздік әдіске қойылатын негізгі талаптардың бірі.

Мұғалімнің сөзі әсерлі, тартымды, сенімді, сонымен қатар дауыс ырғағы мен мимикасы бет-әлпет құбылысы мәнерлі және бай болуға тиіс.

«Мұғалім балалармен істес болады: егер олар бір нәрсені түсінбесе, онда мұғалім шәкірттерді кінәламай, оларға дұрыс түсіндіре алмағаны үшін өзін-өзі кінәлауы керек. Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлықпен сөйлеп, шұбалаңқы сөздер мен керексіз терминдерді қолданбастан

әрбір затты ықыласпен, қарапайым тілмен түсіндіруі керек», - деген Б.Алтынсарин.

Тақырыпты оқыту барысында түрлі әдістерді қолданудың тиімділігін озат мұғалімдердің іс-тәжірибесі көрсетіп отыр. Мәселен, үшінші сыныпта ана тілі мен өтілген сабақтың әдістерін қарастырып көрейік.

*Сабақтың тақырыбы:* Абай және табиғат. “Жаз” өлеңін оқыту.

*Сабақтың мақсаты:* Білімділік: оқушыларға Абай туралы түсінік беру және “Жаз” өлеңінің мазмұны мен идеясын ашу.

*Дамытушылық:* оқушылардың танымдық әрекеті мен танымдық белсенділігін тақырып мазмұнына қызығуын, жүйелі ойын, ойлау әрекетін дамыту. Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал жасау.

*Тәрбиелік:* Тұған жерінің табиғатын сүюге эстетикалық талғамдылыққа тәрбиелеу.

*Сабақтың түрі:* Жаңа білім беру.

*Қолданатын әдістер:* Сөздік баяндау, әңгіме, оқулықпен жұмыс, түрлі бейнелі көрнекілік. Абай портреті. Жаз мезгілінің суреті.

*Сабақтың барысы:*

I. Үй тапсырмасын тексеру, өткен материалды пысықтау ретінде сұрақ-жауап тәсілі арқылы жүзеге асады.

II. Жаңа тақырыпты түсіндіру.

*Жоспары:*

- а) Мұғалімнің кіріспе сөзі;
- ә) Мәтінді мәнерлеп оқу;
- б) “Жаз” өлеңінің тақырыбы мен мазмұнын түсіндіру;
- в) Сөздік жұмыс;
- г) Мәнерлеп оқу;
- ғ) Өздігінен жұмыс;
- д) Сазгерлік өнер. Абайдың “Желсіз түнде жарық ай” әнін тыңдату;
- е) Сұрақ-жауап арқылы сабақты қорытындылау;
- ж) Үйге тапсырма “Жаз” өлеңін жаттау және “Желсіз түнде жарық ай” әнінің сөзін жаттап келу.

*Мұғалімнің кіріспе сөзі.*

1. Ауызша баяндау арқылы Абайдың өмірі мен шығармашылық өнері туралы әңгімелеу,
2. Мәтінді мәнерлеп оқытып әр шумақтың мәнін талдау,
3. Жаз өлеңінің тақырыбы мен оның мазмұнын түсіндіру және оқушылардың ұғымын байқау,
4. Сөздік жұмыс өлеңіндегі бейнелі көркемдегіш сөздерді анықтау. Бұл оқушылардың бақылауын зейінің байқауға мүмкіндік береді,
5. Жаздың суретін көрсетіп осыған байланысты өлеңнің оқушылардың бақылау қабілетін дамыту мақсаты мен мазмұнын талдау,
6. Оқушылардың өздік жұмысын тақтада жазылған сұрақтарға мәтін қалыптастыру мақсатымен мазмұнынан жауап таптыру. Бұл оқушылардың кітаппен жұмыс істеу қабілетін дамытады.

*Дәптермен жұмыс.* Өлең мазмұнынан жаңа сөздерді атауларды тауып, дәптерге жаздыру оның мағынасын түсіндіру.

Күркіреп - өзеннің ағып жатқандағы дыбысы.

Шұрқырап – немесе кісінейді.

Шалғын – жайылым немесе қалың шөп.

Жоны – арқасы.

Ықылдап – тойынғандықтың белгісі.

Бұлтылдап – ойнақтап.

*Мәнерлеп оқу.* Оқушылардың сөз мәнеріне, өлеңнің шумақтарына дыбыс екпіннің қоя білу қабілеттеріне көңіл аудару.

III. *Өздігінен жұмыс.* “Абайтану” дәптері бойынша Абай шығармаларының атымен танысады. Тақтадағы сұрақтар мен тапсырмаларға жауап берді. *Сұрақтар мен тапсырмалар:*

1. Жердің әсемдігін бейнелеген сөздерді оқы,
2. Жылқының үнін қалай атайды?
3. Шөптің биіктігін қандай сөзбен бейнелеген?
4. Ат, айғыр, бие деген сөздердің мағынасын айт,
5. Құлын-тайдың ойнақтауын қалай әсерлеп жазған?
6. Құстар дыбысын бейнелейтін сөзді тап,
7. Сазгерлік өнерге не жатады?
8. Үй тапсырма. “Жаз” өлеңін жаттап келу, мәнерлеп оқуға жаттығу.

*Қорытынды:* Бұл сабақта мұғалім тақырыптың мазмұнын ашуда бір емес, әр түрлі әдістерді тиімді қолданып оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуда өз шеберлігін көрсете алды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. –А., 2003.
2. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. –А., 1983.
3. Сабыров Т. Оқыту теориясының негіздері. –А., 1993.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада оқыту әдістерін бастауыш мектептің оқыту процесінде тиімді қолданудың дидактикалық негіздері мен шарттары баяндалады.

#### РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются эффективные пути использования методов обучения в начальных классах на основе опыта передовых учителей начальной школы.

### ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАУ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Рысқұлбекова А.Д. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Жаңа бағдарламаға сәйкес қазіргі дидактиканың талабы – сабақты түрлендіріп жүргізу арқылы оқушылардың білімге қызығушылығын арттырып, оларды ойландыру, ізгілендіру арқылы өз бетінше тиянақты білім алуға дағдыландыру болып табылады. Ал бүгінгі ұстаздар қауымының алдында тұрған маңызды істің бірі – оқушылардың оқуға деген ынта-жігерін күшейтіп, ақыл-ой әрекетіндегі белсенділіктерін арттыру болып отыр.

Оқыту – екі жақты үрдіс болғандықтан, мұғалім өзінің ғана іс - әрекетін ұйымдастырып, тек оның орындалуымен қанағаттанбай, оқушылардың да танымдық әрекеті мен белсенділігін дамытуға ерекше көңіл аударуға тиіс. Мұның

өзі оқыту мен бала дамуының заңдылықтары туралы өте күрделі психологиялық педагогикалық мәселе.

Ұлы педагогтар мен ғалымдар: Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, А.Дистерверг, Д.Локк, И.П.Песталоцци, П.Я.Гальперин т.б. оқыту арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға баса назар аударған. Танымдық әрекет пен танымдық белсенділіктің психологиялық негіздерін зерттеуге үлес қосқан ғалымдар: Л.С.Выготский, Б.Г.Ананьев, А.Н.Леонтьев, Л.В.Занков, В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Мұқанов т.б.

Республикамызда оқушылардың оқу әрекетін белсендіру, оны ұйымдастыру, әдіс-тәсілдерін жетілдіру барысында зерттеу жұмыстары жүргізілуде (Т.Сабыров, Н.Айғабылов, Ж.А.Қараев, Г.К.Нұрғалиева, А.Е.Абылқасымова, Ғ.М.Құсайынов т.б.). Жоғарыда аталған еңбектермен танысу барысында бастауыш сынып оқушыларының ойлау белсенділігін қалай арттыруға болады? Оны арттыруда қандай дидактикалық мүмкіндіктер ұйымдастыру қажет? Міне осы сұрақтарға жауап іздеу біздің мақаламыздың мақсаты болып отыр.

Оқыту үрдісінде оқушылардың ойлау белсенділігін арттырудың маңызы зор. Әсіресе, бастауыш сатыдағы кезең – оқушының оқу әрекетін қалыптастырудың өте ыңғайлы кезеңі. Мұның нәтижесінде ғылыми ұғымдар мен түсініктерді меңгере отырып, оқушының психикалық қасиеттері қалыптасады. В.А.Сухомлинскийдің пікірі бойынша, балдырған кездегі ой еңбегін ұйымдастырудағы шеберлік баланың мұғалімді ыждаһаттылықпен тыңдай білуінде, ұмытпауында және ойлана білуінде. Бұл пікірден баланың ойлау қабілетін дамытуда бастауыш оқытудың ерекше екенін түсінуге болады.

Көптеген педагог, психологтардың зерттеу нәтижелеріне қарағанда, бастауыш сынып кезеңіндегі оқушының ой әрекетінің төмен болуы, оның жоғарғы сыныптарға барғанда үлгермеушілігіне, сабақтың төмендеуіне әкеліп соғатынын дәлелдеген. Бұл мәселені шешу – бастауыш оқытуда балалардың ойлау қабілетін дамытуға, қызығушылығының тұрақты болуына, ойлау әрекетіндегі түрлі тапсырмаларды шығармашылықпен орындауда өзіндік амал – тәсіл қолдана білуіне мүмкіндіктер туғызу.

«Ойлау» ұғымына байланысты ғылыми, психологиялық, әлеуметтік әдебиеттерге сүйенер болсақ, әр түрлі көзқарастың бар екені белгілі болды. Мысалы, философтар: Д.Кішібеков, А.Қасабек, Ұ.Сыдықов, Ғ.Есімов; педагогтар: Г.Селевко, Н.Данилов, М.Скаткин, Н.Хмель, А.Бейсенбаева, Т.Сабыров, т.б. ойлау мәселесін зерттей келе, өз анықтамаларын, түсініктемелерін ұсынады.

*Ойлау* - адам миы қызметінің нәтижесі. Ойлау дегеніміз - сыртқы сезім арқылы деректердің қабылданып алынуы және оның адам миында өңделуі. Ойлау барлық адамға тән. Кез - келген дені дұрыс, ақыл – есі бүтін адам ойлауға қабілетті. Сондықтан мұғалімнің міндеті ойлау түрлерінің мәнін терең түсініп, оларды тұтас педагогикалық үрдісте дұрыс қолданып, оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға әсер ететін әдіс – тәсілдерді қолдана білу.

Баланың ойлау қабілетін дамытуда оқытудың маңызы орасан зор. Мұғалім балаларға білім беру, оқушының ой - өрісін кеңейту, тілін жетілдіру арқылы ойлауын да дамытады. Бастауыш сыныптан бастап – ақ балаларды оқу материалын түсініп және игеріп қана қоймай, қызықтыратын мәселелеріне өздеріне жауап табуға үйрету қажет. Мұны балалар алғаш мұғалімнің көмегімен, содан кейін өз бетінше орындайтын болады. Мұғалім алғашқы күннен бастап шәкіртін ойлай білуге үйретіп, сабақты түсіндіруге асықпай, оқушының өзінің ойлауына мүмкіндік бергені жөн /1/.

Оқыту үрдісінде оқушының «ойлау» қабілетімен қатар «белсенділігін» дамыту педагогикада басымды бағыт болып есептеледі. Оқушылардың оқу үрдісіндегі белсенділігі, өз бетінше білімді игеру дәрежелері педагогика зерттеулерінде және мектеп тәжірибесінде үнемі басты проблеманың бірі болып қала береді. Өйткені мұғалім әрекеті оқушыларға негізделеді. Білім беру үрдісі қай кезде де әрбір адамның жалпы дамуын кең ауқымда қамтамасыз ету шарт. Сабақта мұғалім түсіндіріп, оқушылар тыңдап, сұрағанына жауап беріп, жоспар бойынша оқу формасына қалыптасып алғанбыз. Бұл түрдегі сабақ, баланың ойлануына, ой жүйесінің дамуына көп мүмкіндік бермейді.

Әлеуметтік тұрғыда адамның белсенділігі және дербестігі оның еңбегінің жемістігін айқындайды және тапқырлығының мәнін құрайды. Сондықтан оқушыларда осы қасиеттің пайда болуын тудыру - әрбір ұстаздың негізгі міндеттерінің бірі болып есептеледі.

Т.Шамова белсенділіктің маңызды рөлін ескере отырып, оны жеке дидактикалық категорияға бөліп қарастырады. Шын мәнінде саналылық пен белсенділік принциптері ара қатынастарын алсақ, онда мақсатты белсенділік жете түсінбеген емес, толық ұғынған жағдайда болады. Оқушылар белсенді болмаса оқу үрдісіне толық қатыса алмайды /2/. Ендеше, белсенділік білім мақсаттарына жетудің негізгі шарттарының бірі.

*Белсенділік* (лат. *activus* - әрекетшілік) – бұл психикалық көрініс, қарқынды немесе бір ерекше әрекет жасауда көрінетін адам мінезінің бір қыры.

Бастауыш сынып оқушыларының ақыл – ой белсенділігін дамыту үшін өтілетін материалдар оқушылардың жас ерекшелігіне сай болып, олардың қызығуына, интеллектілік сезіміне әсер ететіндей етіп құрылуы жөн. Өйткені оқыту үрдісінің мазмұны мен әдіс – тәсілдері оқушылардың жас және даму ерекшеліктеріне сай болған жағдайда ғана тиімді нәтижелер береді.

Оқу–тәрбие үрдісінде оқушылардың терең білім алуы, іскерлігінің артуы, дағдысының шыныға түсуі – олардың оқу материалын түсіну арқылы ой ұшқырлығын шындай түседі, алдына қойылған міндеттер мен мақсаттарын орындауға өз бетінше әрекет жасайды. Сонымен бірге оқушыларда оқу материалының мазмұнына байланысты жаңа қызығу, қиыншылықты жеңуге бағытталған талпыну әрекеттері; түсініксіз нәрселерді табу үшін жаңадан іздену сияқты психологиялық қасиеттер пайда болады. Мұндай әрекеттер оқушылардың ақыл–ой әрекетіндегі белсенділігін арттыра түседі.

Сондай–ақ, оқушылардың ақыл–ой әрекетіндегі белсенділігін арттыру әрбір мұғалімнің терең теориялық біліміне, шығармашылық еңбегіне, әдіс–тәсілдерді қолданудағы шеберлігіне, оқу–тәрбие үрдісіндегі шындалған тәрбиесіне байланысты.

Қазіргі оқу үрдісінде баланы жан–жақты дамытып, белсенділігін арттыруда интерактивті оқытудың маңызы зор. Елімізде оқушылардың оқу белсенділігін арттыруда «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» деп аталатын білім жобасы енгізілуде. Бұл жоба халықаралық мектептерде қолданылып, табысты нәтижелер берген. Жобаны енгізуде Қазақстан оқу ассоциациясы елімізде толық құқылы және жалғыз өкілі болып табылады.

Дәстүрлі оқытумен салыстырғанда бұл жобада оқушының белсенділігін арттыруға үлкен көңіл бөлінеді. Мысалы, дәстүрлі оқытуда қызығушылықты ояту көбінесе қалып кетіп жатса, интерактивті оқытуда қызығушылықты ояту фазасы ұзақ, әрі мағыналы оқудың қажетті психологиялық негізін салады.

Интерактивті оқыту өзінің қызметіне байланысты үш фазадан тұрады. Алғашқы фаза – қызығушылықты ояту оқушылар үшін сабаққа қатысудағы

алғашқы қадам болып табылады. Осы алғашқы фазада оқушылар болашаққа көз жүгіртіп, ұғынып жаңадан таныстырылған тақырыптарға зерттеу жүргізу үшін өз алдарына мақсат қояды. Сонымен қатар оқушылардың жаңа идея мен мәліметтерді үйренуге және оны өзіндегі білім негізімен ұштастыруда іштей немесе сырттай белсенді болудың алғашқы қадамы іске асады.

Ал, *магынаны тану фазасында* оқушылар жаңа мәліметпен, идеямен немесе жаңа мазмұнмен танысып, әрекет жасау іске асырылады. Бұл фазада оқушының негізгі міндеті – мазмұнмен айналып, жаңа идеяның бұрынғы біліммен байланысқандығы жөнінде хабардар болу. Тиімді түрде білім алу үшін оқушылардың сабаққа мақсаткерлікпен, ойлампаздықпен, өзінің түсінгенін бақылай, жаңа ақпараттарға дұрыс жауап қайтара отырып және оны белсенді басқарумен қатысуы қажет.

*Ой толғанис* – үйрену үрдісінің соңғы фазасы. Бұл кезде оқушылар алған білімдерін сыртқа шығарып, түсінгендерін өз сөздерімен жеткізіп бере бастайды. Бұл фаза саналы талқылаулармен білімді тәжірибеде қолдану, жаңа идеялармен ұғымдарды жинақтаумен, мазмұн жөніндегі өздерінің ашық ұсыныстарымен немесе келесі бір зерттеуді басқаруға шақырумен айғақталады. Бұл – үйрену жеке сипатқа ие болған сәт. Осы аталған үш фазаның орындалуы кезінде оқушылар төмендегідей әрекеттерді орындайды:

- ой әрекетін белсенді ету;
- талқылауға қатысу;
- идеялар мен мәліметтерді біріктіру;
- ойлаудың салдарын ойға түйіп, өз жауапкершілігіне алу.

Осы әрекеттерді орындау барысында оқушылар мынадай мәселелерге қол жеткізеді:

- 1) берілген тапсырмаларды өз бетінше орындауға;
- 2) балалардың өте белсенді болуы және істегі өз жұмысына жауапты болуы;
- 3) білімді дайын күйінде алмай, өзінің ізденісі арқылы түсінуге;
- 4) сабақ мазмұны мен тапсырмалардың ойлау қызметіне бағытталуы.

Интерактивті оқытуда оқушылардың ойлау үрдісін, есте сақтау ерекшелігін, ақпаратты қабылдай алу мүмкіндігін талдай отырып, қайсысы кейін қалғанын көруге болады. Оқушының белсенділігін арттыру үшін мұғалім алдына мынандай мақсат қояды: ойлау қызметіне мүмкіндік туғызу, балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойлау қызметі – бақылау мен тексеруге келмейтін күрделі процесс. Мұндағы ең басты нәрсе – жүйелілік пен бірізділік. Бұл ереже сақталмаса, іс - әрекет толығымен орындалмай, оң нәтиже шықпайды. Оқушының ойлау қабілетін дамыту үшін мұғалім білім беру жүйесін жасап, оқу материалдарын қабылдау, түсіну, ой толғау, бекіту және іске асуын басқару керек / 3, 20-21б/.

Бастауыш сынып оқушыларының ойлауы көбінесе көрнекі-амалдық, нақты-образдық түрде болатындықтан, оқу үрдісінде әр түрлі көрнекіліктерді қолдану сабақты түсінікті, әрі қызықты етеді. Көрнекілік арқылы балалар заттың пішіні, дыбысы, бояуы арқылы ойланып, түсінеді. Сонымен қатар оқу материалдарын, әсіресе, теориялық ережелерді есте жақсы сақтау және жеңіл ұғыну үшін қолданылады.

Оқушылардың білімді терең меңгеруі негізінен мына компоненттерден тұрады: қабылдау, түсіну, есте сақтау, қорыту және жүйелеу. Оқыту үрдісінде бұл компоненттер бір-бірімен тығыз байланысты. Оқушы меңгеретін материалдың қиындығына кезіккенде ғана өз бетінше шешім қабылдап, қорытынды жасай алады, осыдан кейін ол материалды толық игереді.

Мәселелердің шешімін табу арқылы оқушылардың ойлау қабілеті нығайып, тереңдей түседі. Сондықтан да оқытушы балаларға тек тыңдатып қоймай, оларды ойландыратын түрлі әдістерді, ойындарды сабақта қолдана білуі тиіс. Қорыта келгенде, оқушылардың ойлау белсенділігін арттырудың мынадай дидактикалық мүмкіндіктерін атауға болады:

- оқушының білімге деген қызығушылығын ояту;
- берілген тапсырманың анық, түсінікті болуы;
- оқушылардың жас ерекшелігіне сай әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану;
- оқушыны білімді өз бетінше меңгеруіне бағыт беру.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гоноболин Ф.И. Психология. – А.; Мектеп, 1976. 239с.
2. Шамова Т.И.. Активизация учение школьников. – М.; Педагогика, 1979.-208с.
3. Әрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері. Ред. С. Мирсеитова, Ә.Іргебаева. –А., 2004.-264 б.
4. Сабыров Т. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары.-А.,1978.
5. Баширова Ж.Р., Төлешова Ұ.Б. Педагогикалық технологиялар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру.- А., 2003.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының ойлау белсенділігін интерактивті әдістер арқылы арттырудың дидактикалық мүмкіндіктері қарастырылған.

#### РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены вопросы развития активного мышления и дидактические вероятности через интерактивные методы обучения учеников начальных классов.

### МЕКТЕП АЛДЫ БАЛАЛАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Сайлауова Н.С. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Қоғам мен табиғаттың өзара байланысы қазіргі замандағы басты экологиялық мәселелердің орталығы ретінде адам мәселесімен тығыз байланысты. Көп жылдар бойы адам баласы табиғат ресурстарына сарқылмас көз ретінде қарап, табиғатқа әсерін мардымсыз деп санап келді.

“Адам-қоғам-табиғат” арасындағы сабақтастық және соған байланысты шешілетін мәселе бүгінгі күні әлемдік ғылымда бірінші орында тұр. “Адам-қоғам-табиғат” жүйесіндегі дағдарыс бұл адамзат ойының дағдарысы қарым-қатынастың маңызды бағыты - бүкіл адамзаттың экологиялық мәдениетін қалыптастыру.

Адам табиғат туралы қазіргі таныс дәрежесіне оңайлықпен жеткен жоқ. Қазақтың көне түсінігі бойынша жер-адамзат, жан-жануар, ағаш-шөптің, тау мен тастың, өзен-судың анасы. Аспан-жарық, жылу беріп, жаңбыр жаудырып, жер бетіндегі тіршіліктің өсіп-өнуіне күш-қуат беріп тұрған атасы болып есептелген.

Сондықтан, ерте кездегі қазақтар көк тәңірге, жер анаға жалынып-жалбарынып табынған.

Қазақ халқы балаларға табиғат туралы өз білгенін үйретуді мақсат етіп, оны ретті жерде жүзеге асырған. Табиғат адамның ақыл-ойы мен тәрбиесінің саркылмас қайнар көзі екендігін көре білген. Бар өмір тіршілігі табиғатқа тәуелді болып, оның аясында төл баласы болып өскен ата-бабаларымыздың туған жерге, табиғатына деген қарым-қатынасы халық педагогикасынан айқын көрініс тапқан.

Көпшілік жұрт, жалпы қауым өзін қоршаған ортаны, табиғат пен қоғамдағы өзгерістерді, жеке адамның басындағы құбылыстарды түсінуге басқаларға түсіндіруге әрекет жасап, өз танымын кеңейтіп отырған. Табиғат таным процесі келесі ұрпаққа беріліп, ол ары қарай жалғасын тауып, жетіліп дамыған. Осы көзқарас негізінде халық педагогикасы сияқты халық философиясы да болғанын, ауыз әдебиетінің үздік үлгілерінен көрініс тапқанын атап айту керек. Бала сәби шақтан бастап- ақ халықтың бай мұрасын бойына сіңіріп өссе, табиғаттың сан сырын, қоршаған ортаны қадірлеуге, қорғауға, сақтауға, ынтасы зор болатыны белгілі. Ол халық педагогикасының яғни әдебиетінің әрбір саласы: ертегілер, мақал-мәтелдер, табиғат жайындағы жырлар мен жұмбақтар, жаңылтпаштардың мән-мағынасын түсіндіріп, жаттатқызу барысында жүзеге асатыны белгілі.

Табиғаттың әсемдігін көріп, сезіне білу балалардың өмір тәжірибесін байытып, олардың эстетикалық талғамын дамытады. Туған жерге деген ыстық шексіз сүйіспеншілігін күшейтеді. Ата-бабамыз мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, айтыстар, ертегілер, аңыздар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, тыйым сөздер арқылы ұл-қызын жаман әдеттен тиып, ең жақсы нышандарға үндеген.

Халық ұғымында табиғат деген сөз Жер-ана, туған жер, атамалар сөздері түрінде көп айтылады. Осыған орай халық арасында нақыл, даналық сөздер жиі кездеседі. Адамгершіліктің үш сауабы: “Жолға ағаш еккен-сауап, шөлге құдық қазған-сауап, өзенге көпір салған сауап” деп ата-бабамыз табиғаттың жанашыры болып, келер ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеп, осындай сауалдарды орындауды үндейді. “Жері байдың елі бай”, “күте білсең, жер жомарт”, “жер-байлықтың көзі”, “жер-ырыстың кіндігі”, “жерін қорлаған еліне симайды”, “жер-ана, ел-бала”, “қара жер қарыз арқаламайды” т.б. Табиғаттың бар байлығы жермен тікелей байланысты, содан ғана нәр алады. Бұл табиғаттың құбылыстары, заңдылықтары мен байлықтары бір-бірімен өзара байланысты, әрі олар бір-біріне тәуелді деген ұғымды білдіреді.

Халқымыздың ерекше қастерлеп, талай ғасырлар бойы аялы қамқорлық жасап келген табиғат байлығының бір тобы- өсімдіктер әлемі. Өсімдік өссе-тамақ, кесе киім, саялы баспана, күнделікті малыңа өріс, өзіңе қоныс болған. Осыған орай, халқымыздың орай халқымыздың өсімдікті аялағандығын, оны көзінің қарашығындай қорғай білгендігін халықтың ырымдары мен мақал-мәтелдерінен көруге болады. “Тау бұлағымен көрікті, бұлақ құрағымен көрікті”, “Атадан мал қалғанша, тал қалсын”, “Бір тал ексең еңбегіңнің жанғаны, абзал адам өсірсең басыңа бақ қонғаны”, “Бір тал кессең он тал ек”, “шөпті жұлма, көктей соласың”, “Ағаш ексең аялап, басыңа болар сая бақ”, “Мың шыбық шаншып өсірсең, халқыңа олжа салғаның, өзіңе қорған салғаның”, “Орман көп болса, олжаң көп”, деп табиғаттың көз тоймас әсемдігін, ну орман барда жер сұлу болатынын, ағаштың тигізер пайдасын түсіндіріп, әсемдіктің белгісі, таза ауаның кепілі екенін, табиғаттың сұлулығына мән беріп, күтіп баптауды міндеттейді. Осындай нақыл сөздерді табиғат жайында білім беруде бала тәрбиесіне орында пайдалану тәрбиешінің басты міндетіне айналуы тиіс.

Қазақ халқы тіршілік үшін құстардың тигізер пайдасын ерте кезден-ақ түсінген. Оларды қорғауға ерекше мән беріп, қамқорлық жасап отырған. Жақсы жігіттерін қыранға, қыздарын аққуға, әншілерін бұлбұлға теңеген. Аққудың айдын көлде жүзген сабырлы да, кербез қимылы, оның кез-келген шалшық суда кездесе бермейтін тазалығы, аса талғампаздығы халыққа ұнап, тәкаппар құс екенін түсініп, қастерлеген. Оны “Құс падишасы” деп атаған. Ол құстың бір-бірін құрметтейдегі керемет мейірімділігі де халықтың назарынан тыс қалмай, оларды махаббат пен татулықтың жыршысы ретінде дәріптеген. Сондықтан ата-бабамыз “Аққуды атпа”, “Құсқа тас атпа”, “Құстың ұясын бұзба”, “Құстың жұмыртқасын жарма”, “Балапанды жәбірлеме” деп құстарды қорғап, қадірлеп өткен. Бұндай тыйым сөздер табиғат байлықтарын дұрыс пайдаланып, оны қорғау үшін еңбек етуге жетелейді. Бұл біздің бала тәрбиесін дұрыс жолға қоюымызға көмектеседі.

Қазақ халқының суды қадірлеу, сақтау жөніндегі неше түрлі аталы сөздері мен тыйым сөздері су көздерін келешек ұрпаққа таза ұстауды үйретуді мақсат етіп қойған.

Суды таза ұстауды, оны қорғауды уағыздап отырған. Сондықтан “Бастау суалса - бақыт суалады”, “Бастау тапталса - батпаққа айналады”, “Құлазыған шөл - жетім, құс қонбаған көл - жетім, сортаңға құйған сел - жетім”, “Ағын су - өмір, тоқтау су - өлім”, “Су бар жерде өмір бар”, “Бұлақ көрсең көзін аш, құдық көрсең шегенде - басына тал ек” мақал-мәтелдерде философиялық терең ой, тәлім-тәрбиелік бастау жатыр.

Халық тәрбиесінде баланың ақыл-ойын дамытып, ой-өрісін кеңейту, тілін ширату үшін жұмбақтар кеңінен қолданылған. Жұмбақтың қай түрі кездесе де, көбіне оның бүккен сыры мен ішкі шешімі табиғаттың көрінісімен сипатталады.

“Бір нәрсе көруге бар, ұстауға жоқ,  
Жаз көркі көк шәлідей шымылдық боп”

деген жұмбақтарда табиғаттағы сағымды көрінісін, ауаны әр түрлі ойнақы оймен жеткізіп, оны ой елегінен өткізе отырып, шешімін табуды ұсынады. Жұмбақтардың ересек адамдарға арналған түрі мен қатар балаларға олардың жас ерекшеліктеріне лайықты түрлері бар, оны таңдап алу тәрбиешінің шеберлігіне байланысты және табиғат объектілерін көрсетіп оларға арналған жұмбақтар жасыру, баланың ойлануына, ой қорытуына, қиялына көмектеседі. Мәселен, жануарларға арналған жұмбақтарда жасыратын жануарлардың ең басты қасиеті, не ерекше бір қимылы сипатталады,

“Кезікті бір жануар,  
Үстінде екі тауы бар”, (түйе).  
“Екі айнасы бар, екі найзасы бар,  
Төрт жылтырмағы бар,  
Бір шыбыртқысы бар” (сиыр).

Халық ертегіні тәрбие құралы ретінде пайдаланған. Өмірдегі кездесетін жаман әдеттерден, ең жағымсыз мінез-құлықтан, ұнамсыз істерден құтылу, оны болдырмау туралы пікірлерін ертегілер арқылы жеткізген.

Ауыз әдебиетінің қай саласын алсақта, табиғатпен біте қайнасып, оны адам мінез-құлқына сіңісті етіп табиғатқа терең сүйіспеншілікпен қарауға, оның сырын түсіне білуге тәрбиелейтіндігін байқаймыз. Адам баласының халқымыздың өмір қуаты, оның ұлттық экологиялық мәдениетінің негізі бола отырып, ол әлемдік өркениетті экологиялық мәдениеттің бүгінгі таңдағы жаңа сапасын байытатын мазмұн болып табылады.

Ауыз әдебиеті ғасырлар бойы шыңдалып, сұрыпталып келеді. Табиғатты аялау, қорғау мәселелеріне арналған мақал-мәтелдер, тыйым сөздер, жұмбақтар,

ертегілер мен жаңылтпаштарды баланың жасына лайықтап таңдап алу балабақша тәрбиешілеріне байланысты. Бала ес білгеннен бастап үлкендерден естіген өнеге өсиеттерінен сусындап өседі. Өмір салтымызға мән беруі, табиғатқа адамгершілік қатынасын психологиялық, педагогикалық негізін ұлттық тұрғыдан қарауға мүмкіндік беретіні анық.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нарымбетов Ә. Қазіргі поэзиядағы дәстүр тұтастығы. Қазақ поэзиясының дәстүр ұласуы. –А., 1981.
2. Төрекұлов Н. Қазақтың 100 шешен биі. -А., 1996.
3. Ысқақов С. Табиғатты қорғау дәстүріміз. -А.,1973.
4. Марғұлан Ә. Жұмбақтар. Қазақ ауыз әдебиетінің тарихы. 2 том. -А., 1960.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мектепалды балаларының экологиялық мәдениетін қалыптастыруда ауыз әдебиетінің алатын орны қарастырылған.

#### РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрена роль устной литературы в формировании экологической культуры дошкольников.

### **БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІН ОҚЫТУДА "ОҚУ МЕН ЖАЗУ АРҚЫЛЫ СЫН ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ДАМУ" ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ**

Сейдуалиева А.Н. ( Алматы қ., ҚазМемҚызПИ )

Бүгінгі таңда барлық елдер бірінші орынға білім беру сапасын қоюда. Себебі, ХХІ ғасыр білімді, іскер, жан-жақты дамыған, өз ісіне және өзгенің ісіне әділ баға бере алатын, өзіне сенімді азамат тәрбиелеуді талап етіп отыр. Өркениетті елдердің жоғары технологиясын меңгеру, дүниежүзілік білім кеңістігіне шығу мәселесін шешу қолға алына бастады. Осыған орай әр студентке белгілі көлемде білім дағдыларын меңгертумен бірге оларды шығармашылық бағытта, жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты мақсаты. Әсіресе, жоғарғы оқу орындарында болашақ кәсіби педагог мамандарын даярлау мақсатында студенттерге сабақ барысында жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін қолданудың маңызы өте зор.

Болашақ мұғалімдерді даярлау қай уақытта болмасын ең өзекті мәселелер қатарына кіретіні белгілі жәйт. Себебі, қоғамның әлеуметтік-экономикалық міндеттері заманына сай өзгерістерге ұшырап, өскелең ұрпақты соған лайықтап өмірге бейімдеудің жаңа талаптары туындап отырады.


Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептері білім мазмұнының тұжырымдамасында: «қазіргі кезеңде білім берудегі негізгі мақсат – жан-жақты білімді, өмір сүруге икемді, іскер, өзіндік ой толғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жанды қалыптастыру. Республикадағы әлеуметтік-экономикалық құрылымның өзгеруі білім беру мазмұнында жаңалықтар енгізуді қажет етеді» - делінген.

XXI ғасырдағы білім беру жүйесі қандай болуы керек деген мәселе әркімді де толғандырады сөзсіз. Білім беру ісінің барлық саласына жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынас, (білім мазмұнын жетілдіру, жаңа базистік оқу жоспарына көшу, жаңа буын оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерге көшу, т.б.) ұлттық менталитет, жаңаша ойлау қалыптасуда. Сондықтан оқытудың жаңа технологиялары қолданылуда. Жаңа оқыту технологиясы бойынша материалдар сипаттамалы түрде емес, шынайы проблема негізінде берілуі тиіс.

Жаңа технологияны сабақ барысында белсенді түрде жете қолданып, студент зердесіне жеткізуде оларға берілетін біркелкілігі мен біртұтастығының сақталуында, білім меңгеру деңгейінің кеңеюіне жаңа технологияның маңызы зор. Соның бірі – "Оқу мен Жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту" технологиясы. Бұл технологияның тиімділігі – студенттің ойлауын дамытып, танымдық белсенділіктерін арттырады. Сонымен бірге өз пікірін жеке, жұпта, топта тұжырымдап айтуға еркін сөйлеуге, өзіне сенімді болуға, пікір айтуға, пікір таластыруға, жолдастарының ойын тыңдауға, жауаптарды бағалай білуге көп әсерін тигізеді. Сын тұрғысынан ойлау жобасының стратегияларын қолдану әсіресе, табиғатынан тұйық, өз ойын еркін жеткізе алмайтын, өздеріне сенімсіздеу студенттерге пайдасы шексіз. Студент өз ойын сын тұрғысынан дәлелдеуге тырысады. Бұл бағдарламаның өзіндік ерекшелігі мен ережелері бар.

*Ерекшелігі - сабақтың барысы үш кезеңнен тұрады: қызығушылықты ояту кезеңі, мағынаны ажырату кезеңі, ой-толғаным.*  
*Ережелері: кешікпей келу, бір-бірінің пікірін мұқият тыңдау, қол көтеріп сөйлеу, мұғалімнің тапсырмасын бұлжытпай орындау, сабаққа белсенді қатысу, бір-бірімен тәжірибе алмасу.*

Қорыта келгенде сын тұрғысынан ойлау жобасының стратегияларын қолдану барысында студент бойында мынадай қасиеттер қалыптасады.



Осы бағытта "Бейнелеу өнерін оқытудың әдістемесі" пәнінен өткізген сабақ жоспарының үлгісін ұсынамыз.

*Сабақтың тақырыбы:* Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары

*Сабақтың мақсаты:* Білімділік: Студенттің бейнелеу өнері жайында түсініктерін кеңейтіп, бейнелеу өнері мен жанрлары туралы білімдерін жетілдіру. Бейнелеу түрлері мен жанрларына жеке тоқталып, сипаттама беру.

*Күтілетін нәтиже:*

а) оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану арқылы студенттерге тақырыпты меңгерту;

ә) тақырып бойынша танымдық тапсырмалар беру, өз ойларын тұжырымдауға, жеке топта жұмыс жасауға дағдыландыру;

б) студенттердің ойлау, талдау, анализ жасау сияқты қасиеттерін қалыптастыру;

*Сабақта қолданылатын әдістер:* үш кезеңін қолдану: қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс, "Бес жолды өлең" INSERT түртіп алу әдісі т.б.

*Сабаққа керекті құралдар:* ватман қағаз, маркер, әр түрлі жанрдағы суреттер т.б.

*Сабақтың барысы:*

**I. Қызығушылықты ояту.** Студенттердің қызығушылығын ояту үшін олардың жалпы бейнелеу өнері туралы туралы не білетіндерін анықтау мақсатында жазбаша сұрақтар мен тапсырмалар беру.

1. Өнер дегеніміз не?
2. Өнердің қандай түрлерін білесің?
3. Бейнелеу өнерінің түрлерін ата
4. Мүсін, сәулет, сәндік қолданбалы өнері туралы не білесің?
5. Берілген сұрақтар төңірегінде көршіңнің не білетінін анықта.



Тақтаны пайдаланып, студенттер өз ойларын қорытады (тақтаға өнер туралы білетіндерін жазады).

**II. Мағынаны ажырату.** Мағынаны ажырату кезеңінде студент жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік танытады. Бұл кезеңде *INSERT* түртіп алу әдісі қолданылады (қалам арқылы оқығандарына белгі қояды).



Белгілер: V –білемін, + -жаңа білім, ? – күмән туғызады.

**III. Топпен жұмыс.** Студенттер 5 топқа бөлінеді.


**1-топ.** Сызба арқылы кескіндеменің түрлеріне талдау жасалады. Пайдаланатын материалдарына қарай кескіндеменің түрлері; кескіндеменің орындалу тәсіліне қарай бөлінуі. Кескіндеме жанрлары: пейзаж, натюрморт, тұрмыстық жанр, тарихи жанр, батальдық жанр, анималистік жанр, мифологиялық жанр.




**2 топ.** Сызба арқылы мүсін өнерін талдауға кіріседі. Мүсін өнерінің түрлері, оның орындалу тәсіліне қарай бірнеше түрге бөлінуі



**3-топ.** Сызба арқылы графиканың түрлеріне талдау жасайды.



4 – топ. Сызба арқылы сәулет өнерін талдайды. Әлемнің жеті кереметі; өзінің атқаратын қызметіне қарай сәулет өнерінің бірнеше түрге бөлінуі; Қазақстанның ежелгі қалалары.



5 – топ. Сызба арқылы сәндік қолданбалы өнерді талдау. Қолөнердің жасалу, қолдану тәсіліне, ерекшелігіне байланысты бірнеше түрге бөлінуі; қазақтың ою-өрнектерінің жіктелуі;

#### IV. Сабақты қорыту.

- а) студенттердің меңгерген ұғымын анықтап, қосымша сұрақтарына жауап беру;
- ә) ой-толғаныс кезеңінде студенттер меңгерген ұғымдарын саралап, ой елегінен өткізеді;
- б) студенттер тақырыпқа байланысты ойларын қорытып, оны "Бес жолды өлең" әдісі бойынша мазмұнына сыйғызуға тырысады.

Әдісті қолдану барысында әр студенттің өз шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік жасалады.

#### V. Студенттердің өздік жұмысы.

1. Қазақстанның бейнелеу өнері жайында конспект жазу;
2. Кесте толтыру (бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары)

VI. Бағалау. Студенттің өздік жұмысын орындағаны үшін - 80 пайыз; кестені толтырғаны үшін -20 пайыз; берілген екі тапсырмада орындалса -100 пайыз;

Сабақтың осы жобадан өтуі студенттердің еркін сөйлеп, ойларын ашық жеткізулеріне, сыншыл көзқарастарға төтеп берулеріне мүмкіндік тудырады. "Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту" технологиясының стратегияларын сабақ барысында қолдану олардың сын тұрғысынан ойлау

қабілетін дамытуға, өз беттерінше және топ болып жұмыс істеу арқылы ұйымшылдыққа, жауапкершілікке тәрбиелейді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептері білім мазмұнының тұжырымдамасы. – А., Республикалық баспа кабинеті. 1995.
- 2.Тұрғанбаев Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. – А., 2000.
- 3.Қабдықайырұлы Қ., Монахов В.М., Оразбекова Л.Н., Әлдібаева Т.Ә. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы. Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті. -А.,1999.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада "Оқу мен Жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту" технологиясының әдіс-тәсілдері қолданылған бейнелеу өнерін оқыту пәнінен сабақ жоспары берілген.

#### РЕЗЮМЕ

В статье говорится о технологии критического мышления и о его развитии через письмо и чтение, а также приводятся поурочные планы уроков изобразительного искусства.

**ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА, БІЛІМ БЕРУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЭТНОПЕДАГОГИКА****ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕП  
ОҚУШЫЛАРЫНА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ҒЫЛЫМИ-  
ПРАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Иманбаева С.Т., Қалиев С.Қ., Таубаева Ш.Т. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Елімізде бейбітшілік пен ұлтаралық бірлік, ішкі және сыртқы саясат мәселелері, соның ішінде ұлтаралық мәдениетті қалыптастыру мен патриоттық тәрбие беру мәселесі негізгі орын алады. Сондықтан да, біздің алдымызда тұрған негізгі міндет ұлттық мәдениет пен әлемдік өркениетті өзара сабақтастыра отырып бүгінгі ХХІ ғасыр ағымына лайықты тұлға қалыптастыру.

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің ұлттық моделі әлемдік білім кеңістігінде болып отырған өзгерістерге сәйкес, 1997 жылы ЮНЕСКО ұсынған білім берудің Халықаралық стандарттық классификациясына сәйкес жасалды. «Қазақстан -2030» стратегиялық бағдарламасына және «Білім туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік білім беру жүйесінің құрылымы, білім берудің мазмұны айқындалды. Бүгінгі әлемдегі жаһандандыру үрдісінде жастарды жалпы адамзаттық құндылықтармен қаруландыратын Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына әр жылдары жолдаған жолдаулары, «Қазақстан Республикасы азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы», «Қазақстан Республикасы мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің тұжырымдамасы», т.б. құжаттар негізгі орын алады.

Н.Назарбаевтың "Қазақстанның болашағы - қоғамның идеялық бірлігінде" атты еңбегінде ұлт ішіндегі бірлікті нығайту, отансүйгіштікке тәрбиелеу, азаматтық келісім ахуалын жасау мәселелеріне тоқталып, "Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз - Қазақстандық Отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру. Шынайы Отансүйгіштікті, нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке бастың өзін саяси тұрғыдан айқын сезінуін, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді", - делінген.

Көп ұлтты Қазақстан халқы үшін Отансүйгіштік сезімінің рухани саладағы тату-тәтті тірлігі, азаматтық келісімге ғана емес, мемлекеттің материалдық негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар. Отансүйгіштік рух - қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүние жүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш.

Қазіргі кезде республикамыздың егемендігі мен бейбітшілігін сақтауда жастарды Қазақстандық патриотизм арқылы Отансүйгіштікке баулуға үлкен мән беріліп отырғандығы үкіметтің қаулы-қарарларында, ғылыми-зерттеу жұмыстарында және күнделікті басылым беттерінде айқын аңғарылады.

*Философиялық тұрғыда патриотизм* - адамгершілік және саяси принцип, сезім, оның мазмұны – Отанға сүйіспеншілік, оған адалдық, оның өткені мен қазіргісіне деген мақтаныш, Отан мүддесін қорғауға құлшыныс. Патриотизм – адамның мыңдаған жылдар бойы бекіген ең терең сезімдерінің бірі“.

*Педагогикалық тұрғыда* “Патриотизм әдетте Отанға сүйіспеншілік деп аталатын, нақты бір әрекет бейнесінде және қоғамдық сезімдердің күрделі жиынтығында көрініс беретін, балаларының Отан-анаға деген көзқарасын сипаттайтын қоғамдық және адамгершілік принцип“

*Психологиялық тұрғыда "Патриотизм тұлғаның бойында - Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту."*

Жоғарыда берілген анықтамаларды саралай келе әр кезеңде де патриотизм ұғымы Отанға деген сүйіспеншілік тұрғысынан қарастырылады. ХХІ ғасырдағы жаһандандыру процесі бүкіл әлем халықтарын біріктіру арқылы өркениеттілікті сақтап қалу барысында бар күш жігерін жұмсап отырған тұста патриотизм ұғымы кең тұрғыда тек Отанға деген сүйіспеншілік емес, әлемдік тұрғыда қарастыруды қазіргі қоғамдағы және әлемдегі даму үрдісі талап етеді. Бүгінгі жаһандану процесі тұрғысынан алатын болсақ *"патриотизм ұғымы* халықтар мен ұлттардың өз Отанына, мемлекетіне деген сүйіспеншілігімен қатар, әлемдік дамудың тыныштығы мен бейбітшілігін сақтау үшін барлық күш жігерін жұмсау"-деген мағынаны білдіреді.

Қазіргі таңда *"ұлттық патриотизм"*, *"қазақ патриотизмі"* және *"Қазақстандық патриотизм"* ұғымдары қолданылады.

Ұлттық патриотизм ұғымына әр түрлі көзқарас бар. Ұлттық патриотизмді жекеленген, оқшауланған ұғым деп қабылдауға тырысады. Жоқ, ұлт бар жерде, ұлттық патриотизм бар. Қазақ халқының жер бетінен жойылмай сақталуы да ата-бабаларымыздың ұлттық рухының жоғары болуында десек артық айтпаған болар едік, яғни бұл тарихи шындық.

*Ұлт дегеніміз* – адамдардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-этникалық, қауымдық бірлестігінің жоғары түрі. Ұлт болып қалыптасу үшін оның құрамына кірген адамдар тобының материалдық, территориялық және экономикалық жағдайлары, тілі мен әдебиетінің, әлеуметтік хал-ахуалының, мінез-құлқының сол ұлтқа тән кейбір этникалық ерекшелігінің ортақтығы болып табылады.

*Ұлттық патриотизм дегеніміз* – елі мен жері, халқының бостандығы және мемлекет ретінде жер бетінде сақталуы үшін, ұлт намысын жоғары дәрежеде ұстау. Ұлттық патриотизмді *қазақ патриотизмі* деп те қарастыруымызға болады. *Ұлттық патриотизм* - ұлт бостандығы, елі мен жерінің тәуелсіздігі, білім мен ғылым, мәдениет, спортта әлем сатыларының биік шыңынан көрінуі негізгі ұстаным болып табылады.

Қазіргі таңда еліміз өзінің тәуелсіздігін алуымен әлемдік жаһандандыру үрдісінен орын алып отыр. Қазақстан білім беру жүйесінің Болон декларациясына сәйкес әлемдік білім кеңістігіне кіруі, экономикалық еркін аймаққа мүше болуға ұмтылысы жас ұрпақты тәрбиелеуде біздің алдымызға үлкен маңызды міндеттерді жүктейді. Қазақтанның қарқынды дамуы, әлемдік кеңістікте танылуы патриоттық тәрбие мәселесін тек мемлекеттік тұрғыда ғана емес, әлемдік тұрғыда бейбітшілік пен тыныштықты сақтауға бағыттау тұрғысында іске асырмақ. Қазақстандық патриотизм әлемдік тыныштық пен бейбітшілікті сақтаудың негізгі бір тұғыры деп айтуға болады. Қазақстан Республикасының алғашқылардың бірі болып ядролық қарудан бас тартуы, сынақ алаңдарын жабуы бұл әлемдік бейбітшілікті сақтауға жасаған негізгі қадам болып табылады.

*Қазақстандық патриотизм* - Қазақстанды мекендейтін барлық ұлт пен ұлыстардың, халықтардың Қазақстан мемлекетінің әлемдік биіктен көрінуі үшін білім, мәдениет, экономика, әлеуметтік тұрғыда дамуына жағдай жасай отырып, еліміздегі бейбітшілік, бірлік пен тәуелсіздікті сақтау үшін барлық күш жігерін жұмсауы. Дегенмен, көптеген баспасөз беттерінде Қазақстандық патриотизм ұғымы кешегі *"кеңестік патриотизм"* ұғымына пара-пар деп бағалау да бар. Бұл жерде екі ұғымға тән идеология екі басқа. Кеңестік дәуірде бір орталыққа бағындырылған, бір ғана саясаттандырылған идеология болды.

Қазақстан көп партиялы мемлекеттер қатарына жатады. Яғни, көп партиялық бар жерде бір ғана идеология болуы мүмкін емес. Әр партияның өзіндік идеологиясы бар. Барлық партиялардың бағдарламалары мен тұжырымдамаларында негізгі міндеттердің бірі болып - Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, ұлттық экономиканы дамытуға өз үлестерін қосу деп атап көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік бағдарламасында «Қазақстандық патриотизм - әрбір азаматтың өз Отанының тағдырына, қауіпсіздігіне, болашағына деген жауапкершілігін сезіну, барлық отандастардың ұлты мен конфессиясына қарамастан жете құрметтеу, олардың салтын, дәстүрін, тарихымен мәдениетін құрметтеу, мемлекеттік рәміздеріне, мемлекеттік тілге құрметпен қарау. Туған жерге деген махабаты, Қазақстанды барлық азаматтардың бірінғай Отаны ретінде қабылдауы» деп түсіндіреді.

Расында да, *Қазақстандық патриотизм* көп ұлтты Қазақстан үшін бірлік пен елдікті сақтай отырып, демократияландырылған, әлемдік өркениеттен орын алу идеологиясы негізгі дінге болып табылады. Бұл жерде ел президентінің тұжырымы бойынша “Қазақстандағы ұлтаралық жарастықты негізгі атамекеннің иесі - қазақ халқы өз мойнына алуы керек. Өйткені халқымыз ұлтаралық жарастықты, сыртқы дүниемен өзара тиімді ынтымақтастықта жүзеге асыра алса ғана өзінің өркениетті мемлекетіне ие бола алады”, - деп қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың негізгі тірегі қазақ халқына үлкен үміт артады.

XXI ғасыр ұрпағын тәрбиелеуде ұлттық мәдениет пен өркениеттік даму үрдісін өзара сабақтастыра отырып тұлғаның бойындағы *патриоттық құндылықтарды* қалыптастыруымыз керек. Құндылық деген ұғым философиядағы, қоғамтанудағы және педагогикадағы негізгі құбылыстардың бірі болып табылады. Мәселен, философияда құндылық қоршаған дүниедегі объектілердің әлеуметтік ерекшеліктерін, олардың адам мен қоғам үшін, қоғамдық өмір мен табиғаттағы құбылыстардың дұрыс немесе бұрыс мәнін (игілік, жақсылық пен жаманшылық, әсем және көріксіздік) түсіндіру үшін қолданылады.

Мәдени-тарихи тәжірибе дәлелдегендей жалпыәлемдік құндылық болып саналатын: қайырымдылық, сүйіспеншілік, еркінділік дегендер педагогикада адамгершілік өлшемдердің көрсеткіші болып табылады. Тәрбиенің негізі болып саналатын *жалпыәлемдік құндылықтардың бірі* – тәрбиенің басқа адамға деген қажеттілігі, басқа адамдарды сүйе білуі. Әр адамның тағдыры әрқашан әлемдік дүниемен, адамдармен, ұжыммен байланысты. Сондықтан демократияландыру, адамның құқығы мен бостандығын сақтау жағдайларында ұжымдағы қарым-қатынас мәселелері бұл күнде ерекше маңызға ие болуда.

Жалпы тұлғаның бойындағы *адамгершілік құндылық* - адамдар арасындағы бір-біріне деген түсінушілік, ізгілік, мейрімділік, шыншылдық, кішіпейілділік қатынас арқылы көрініс беретін адамның бойындағы рухани қасиеттердің жиынтығы. Тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықты айқындауда жоғарыда патриотизмге берілген анықтамаларға және құндылық, адамгершілік құндылық ұғымдарын философия, педагогика ғылымы тұрғысынан саралайтын болсақ, тұлғаның бойындағы *патриоттық құндылық дегеніміз* - қоғамдағы ізгілік қарым-қатынасты, табиғат пен адам арасындағы мейрімділікті, ұлтаралық мәдениетті ұлттық тілді дамыту, елі мен туған жерін, Отанын сүю, мемлекеттің тәуелсіздігі мен бейбітшілігін сақтау үшін күресу.

Философияның бір бағыты экзистенциализм қағидасы бойынша – тұлға яғни адам әлемдегі ең негізгі құндылық деп қарастырылады. Адам адамгершілік құндылықтарды таратушы дегенді білдіреді. Әрбір адам өзінің “менін” айқындай білуі керек, соны өмірде қолдануы қажет. Өмір, табиғат және адамның ішкі дүниесі үлкен күш. Ол адамды дамытуға, оның қоғамдық өмірге қатынасын қалыптастыруда негізгі орын алады.

Осы тұрғыдан алып қарағанда *патриотизм* - тұлғаның бойындағы сапалық белгі. *Патриоттық құндылықтар* негізінен патриоттық сезім, патриоттық таным, патриоттық сана, патриоттық болмыс, т.б. қамтиды. *Психологиялық тұрғыда* патриоттық құндылықтар сапаға айналып, іс-әрекет (тұлғаның “мені”) тұрғысынан көрініс беруі қажет. Көп ұлтты Қазақстан халқы үшін әр адамның бойындағы патриоттық құндылықты қалыптастыру негізгі міндет болып саналады.

Жаңа әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беруде адамгершілік, құқықтық, экономикалық және азаматтық тәрбие беру жан-жақты қарастыруды қажет етеді. Көпұлтты Қазақстан үшін патриоттық тәрбие - ұлттық құндылық пен өркениеттік құндылықтарды жалғастырушы алтын көпір болып табылады.

Жаңа әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің ғылыми-теориялық және практикалық негіздерін айқындай отырып патриоттық тәрбие берудің тұжырымдамасы жасалып, сол негізде тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізілді. *Тұжырымдаманың мақсаты:* Жаңа әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің жүйесін айқындай отырып, ұлтаралық мәдениетті, еліміздің бейбітшілігі мен егемендігін сақтауға, экономикасын дамытуға үлес қосатын тұлғаны қалыптастыру. *Патриоттық тәрбие беру тұжырымдамасының міндеттері:*

- тұлғаның бойындағы патриоттық құндылықтардың негізін құрайтын көзқарастарды, ұлттық тілге, ұлттық салт-дәстүр және тарихи мұраларға деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасы ата заңын құрметтеу және мемлекеттік заңдарды орындау, қоғамдық қатынастарда заңдардың орындалуын нақты іске асырып, бойына сіңіру;
- Қазақстан Республикасы мемлекеттік нышандары – Елтаңба, Ту, Қазақстан Республикасы Ән ұранына деген құрметті және оған деген мақтаныш сезімді қалыптастыру;
- ұлтаралық мәдениетті дамытуға және оны қоғамдық қатынастар барысында тұлғаның негізгі қасиетіне айналдыру, дін аралық қатынастар бойынша түсінушілік;
- халықтар арасындағы сүйіспеншілік пен достықты қалыптастыруға ықпал ету;
- Қазақстан Республикасының бейбітшілігі мен тұтастығын, Отанның экономикалық және экологиялық байлығын дамытуға, оны қорғауға әр қашан дайын болу;
- мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің жүйесін негіздей отырып, ұлттық және әлемдік білім нәрінен сусындаған ғылыми-техникалық прогресс көшіне ілесе алатын патриоттық құндылықтары қалыптасқан тұлғаны қалыптастыру.

Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру субъект-объект-субъект тұрғысынан қарастыра отырып, әртүрлі әлеуметтік жағдайларда конституциялық және құқықтық нормаларды қадағалау, саясат, патриоттық идеяларды насихаттау,

санада Отан алдындағы парыз, сүйіспеншілік, адалдық, мақтаныш сезімін қалыптастыру негізінде іске асырылу керек.

*Патриоттық тәрбие берудің негізгі ұстанымдары:*

- жүйелі-ұйымдастыру тұрғысынан мектеп, ата-ана және әлеуметтік ортаны өзара сабақтастыра отырып, мақсатты түрде оқушыларға патриоттық тәрбие беруді ұйымдастыру;
- оқушылардың жас және дара ерекшеліктерін ескере отырып, патриоттық тәрбие берудің формалары мен әдістерін нақты пайдалана білу;
- аймақтық ерекшеліктерді ескеру ұстанымы, туған елге, жерге, ауылға, қалаға, т.б. сүйіспеншілігі арқылы, ұлттық және Қазақстандық, әлемдік патриотизмді қалыптастыру;
- кешенді тұрғыда ықпал ету ұстанымы, ұлттық, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан патриоттық, әлеуметтік құндылықтарды, тәжірибелерді жүйелі түрде пайдалану;
- белсенділік ұстанымы, Қазақстан Республикасының ұстап отырған бағытына сәйкес, оқушылардың патриоттық көзқарастарын қалыптастыру.

Жоғарыдағы ұстанымдар бір-бірімен өзара байланыста, бірлікте іске асырылады. Жалпы патриоттық тәрбие берудің алғашқы негізі отбасында басталып, мектепке дейінгі мекемелер, бастауыш мектеп, орта мектеп, қоғамдық-әлеуметтік орта, мұғалімдер мен тәрбиешілер, әртүрлі қоғамдық ұйымдар, мектептен тыс мекемелерде жалғасын табады.

*Патриоттық тәрбиенің негізгі мәселелері және даму жолдарына тоқталатын болсақ*, көпұлтты Қазақстан халықтары үшін жаңа әлеуметтік даму және әлемдік интеграциялық үрдіс жағдайында патриоттық тәрбие берудің кешенді жүйесі қарастырылмаған. Патриоттық тәрбие беру мәселесі негізінен мемлекеттік дәрежеде айқындалып, шешілетін іргелі мәселе. Республикада ұлтаралық, ұлттық мәдениет, мәдени мұра мәселелерін шешуге байланысты көптеген құжаттар бар. Дегенмен, тікелей патриоттық тәрбие мәселесін шешуге арналған бағдарламалар, тұжырымдамалар жоқтығы жұмысты жандандыруға кері әсерін тигізеді.

Көпұлтты Қазақстан халықтары үшін жаңа әлеуметтік даму жағдайында патриоттық тәрбие берудің қажеттілігі және оның бүгінгі күн тұрғысынан жүйелі зерттелмеуі; ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ұлттық патриотизм мен бүгінгі қоғамдағы патриоттық тәрбиенің өзара сабақтастығының болмауы; мектепте, мектептен тыс мекемелерде оқушыларға патриоттық тәрбие беруге байланысты жүйеленген ғылыми әдістеменің жоқтығы бұл мәселені теориялық және практикалық тұрғыда жан-жақты қарастыруды қажет етеді. Ол үшін мемлекеттік тұрғыдағы төмендегідей құжаттар қажет:

1. Қазақстан Республикасы азаматтарына патриоттық тәрбие берудің тұжырымдамасы;
2. Патриоттық тәрбиені іске асыруға байланысты мемлекеттік тұрғыда бағдарламасын бекіту;
3. Республика азаматтарына патриоттық тәрбие берудің әдістемесі, ғылыми ұсыныстар.

*Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру* – Қазақстан Республикасы саясатының негізгі бір бағыты болып табылады.

Қазақстан мемлекетінің тәуелсіз мемлекет болып жариялануы және Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып қабылдануы жас қазақ мемлекетінің алдына үлкен мақсаттар мен міндеттер жүктеді. Қазақ елінің тәуелсіздігі мен егемендігін сақтап қалу әрбір саналы азаматтың ісіне айналды.

Патриоттық тәрбие адамгершілік тәрбиенің құрамдас бір бөлігі болып табылады. *Патриоттық тәрбие* – Отанға деген сүйіспеншілік пен жауаптылықты, тұлғаның туған өлкеге, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру, Отанының басына қиыншылық туғанда ойланбастан қорғауға дайын тұру тұрғысынан қарастырылады. Ол қазақ халқының өткен ғасырдағы жауынгерлік дәстүрлерін марапаттау негізінде іске асырылады. Патриоттық тәрбие адамгершілік тәрбиенің негізгі бір бағыты болып саналса, ал, патриоттық тәрбие беру саласына - әскери, әскери-патриоттық, ерлік, жауынгерлік, ұлтаралық қатынас, интернационалдық тәрбие беру жатады. Егер тәрбие бағыттарын өзара сабақтастыра, жүйелі түрде тұлғаның жас және дара ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастыра білсек бүгінгі ХХІ ғасыр жаһандандыру заман талаптарына сай тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік бар деп толық айта аламыз.

*Патриоттық тәрбиенің негізгі бағыттары:*

*әскери тәрбие* - әскери тәрбие жұмысында жауынгерді, офицерлерді жоғарғы саяси саналық, өз Отанына шексіз берілгендік рухында баулу, жүктелген міндетті тыңғылықты орындауға, адалдыққа, қырағылыққа, соғыс қимылдарына әзір тұруға, әскери қызметте батыл да табанды болуға тәрбиелеу;

*әскери патриоттық тәрбие* – жастардың Отан қорғауға әзірлігін нығайтып, патриоттық сана-сезімін қалыптастыратын тәрбиенің бір саласы. Әскери патриоттық тәрбие арқылы жастар еліміздің өткендегі жауынгерлік тарихымен таныса отырып, Отанымыздың намысын, бостандығын, тәуелсіздігін қорғауға үйреніп, қарулы күштердің даңқты жауынгерлік дәстүрлерін алға апаруға даярлығын қалыптастыра отырып, Отан сүйгіштікке тәрбиелеу;

*интернационалдық тәрбие* – (лат.inter - между, natio - парыз) - қазіргі заман жастарының халықтар достығы және басқа ұлттар еңбекшілеріне деген құрмет сезімін дамытып, қалыптастыратын үздіксіз тәрбиенің басты салаларының бірі;

*ерлік тәрбиесі* - ата-бабаларымыздың жауынгерлік дәстүрі негізінде оқушылардың ерік-жігерін, табандылық, батылдық қасиеттерімен бірге ұлттық сана, парыз, намысты қалыптастыра отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Бүгінгі күн тұрғысынан алып қарайтын болсақ, егемен еліміздің бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың санасына жастайынан ата-бабаларымыз негізін салған ерлік рухты ендіру.

Көне түркілер, көшпенділер тарихына, халқымыздың ерлік және жауынгерлік дәстүріне шолу жасағанда ерлік қасиеттің әрбір жауынгерге тән болғанын көреміз. Әрбір жауынгерден батылдық, табандылық қасиеттерді талап еткен.

*жауынгерлік тәрбие* - қазақ халқының көшпелі тіршілігіне байланысты – тұтас қазақ қолының жауынгерлік сипаттағы әзірлігін үзбей ұстауы, елін, жерін, тәуелсіздігін үнемі қорғауына дайын тұруды қамтамасыз ету. Қазір әскери тәрбие мағынасында беріледі.

Қазіргі таңда, патриотизмнің мазмұнын анықтау үшін ұлттық құндылықтарды бүкіл адамзаттық құндылықтармен ұштастыру негізгі көкейкесті мәселе болып табылады.

Еліміздің тәуелсіздік алуы, әлемдік дәрежеде танылуы Қазақстан Республикасының, әсіресе қазақ халқының алдына үлкен міндеттерді жүктейді. Олар, тәуелсіздігіміздің берік болуы, қоғамдағы бейбітшілік пен ұлтаралық келісім, экономикамыздың, білім мен мәдениетіміздің қарқынды дамуы.

XXI ғасыр жастарын патриоттық рухта тәрбиелеуде біз жоғарыда көрсетілген тәрбие бағыттарын өзара сабақтастыра отырып, жүйелі түрде бүгінгі үздіксіз білім беру жүйесіне енгізу арқылы егемен еліміздің бейбітшілігі мен тәуелсіздігін қорғайтын азамат тәрбиелей аламыз.

*Патриоттық тәрбиені ұйымдастырудың негіздері* Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған “Тәлім-тәрбие тұжырымдамасында” қазақ халқының жауынгерлік және ерлік тарихын, ұрпаққа ерліктің өшпес үлгісін қалдырған қас батырлардың өмір-өнегесімен таныстыру; өз жерін, елін қорғай алатын елжанды, ұлттық намысы мол жігерлі азаматтар тәрбиелеу”, - деп ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ерекшеліктер, салт-дәстүрлерді бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне пайдалануға аса мән береді.

Қазақстан Республикасы әскери доктринасы және құрылыс тұжырымдамасына жауынгерлік және ерлік тәрбие мәселесіне аса мән беріп, “Ұлттық негіздегі бағдарлама қажет” деп атап көрсетілуі өмір талабынан туындаған тілек. Яғни, алдымызда тұрған негізгі міндет – егеменді еліміздің тұтастығын, бейбітшілігін сақтайтын ұрпақты, әсіресе ұлттық ұландарды тәрбиелеу. Яғни, оқушылардың бойындағы патриотизмді қалыптастыру негіздері - отбасы, қоршаған орта, тарих, тұлғаның салауатты өмір салты, мемлекет, т.б. негізгі орын алады. Тұлғаның бойындағы патриотизмді қалыптастыратын микрофакторлар, макрофакторлар, мегафакторлар, мезофакторларды өзара кіріктіру арқылы жағдай тудыра отырып патриот тұлғаны қалыптастыруға болады. Патриотизмді қалыптастыруда философияның негізгі әлемдік жалпы, жалпы, айрықша, бірегей тұрғысынан қарастыру көзделеді.

Ұлы Абай “адамның адамшылығы-ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады” - деген тұжырымы, микрофакторлар, макрофакторлар, мегафакторлар, мезофакторлардың патриоттық құндылықтарды қалыптастыруда негізгі орын алары сөзсіз.

Көрсетілген әр факторлардағы әлеуметтік жағдайлар оқушының бойындағы патриотизмді қалыптастыруға мүмкіндік жасауы керек. Педагогика және психология ғылымдары тұрғысынан: патриотизм; мінез-құлық; патриоттық тәрбие; патриоттық сезім; патриоттық сана; тарихи сана; ұлттық мұрат (идея); ұлттық идеология; ұлттық сана; географиялық сана; мораль; патриоттық көзқарас; тағылым; ізгілік; менталитет, ұлттық парыз, мақтаныш, намыс, сезім, сана, т.б. құндылықтар ұлттық идеяның негізгі көрінісі сияқты іс-әрекеттер мен қасиеттерді оқушылардың бойына сіңіре білуіміз керек.

Еліміздегі бейбітшілік пен ұлтаралық бірлік, ішкі және сыртқы саясат мәселелері, соның ішінде ұлтаралық мәдениетті қалыптастыру мен патриоттық тәрбие беру мәселесі негізгі орын алады. Сондықтанда, біздің алдымызда тұрған негізгі міндет ұлттық мәдениет пен әлемдік өркениетті өзара сабақтастыра, кіріктіре отырып бүгінгі XXI ғасыр ағымына лайықты тұлға қалыптастыру. *XXI ғасыр ағымына лайықты тұлға* - өз ана тілін білетін, басқа тілді құрметтейтін, тарихи зердесі жоғары, ұлттық салт-дәстүрден нәр алған, әлемдік ғылыми-техникалық прогресс көшіне ілесе алатын адам.

Қазақтандағы бірлік пен татулық ел президентінің ұстанып отырған негізі идеологиялық саясаты нәтижесінде іске асып отыр деп толық айта аламыз. Бұл нәтижеге еліміздің тәуелсіздігі мен әлемдік бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді дамытуымыздың арқасында жеттік.

“Түркі халқы – батыр халық. Түркі халқы – арыстан ер халық” дегендей, түркі жұртының ұлттық ерлік дәстүрі негізінде оқушы жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру ерекше орын алады. Оқушыларға патриоттық

тәрбие берудегі негізгі міндеттерге қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік, мемлекеттік рәміздерге (Әнұран, Мемлекеттік ту, Ел таңба) зор құрметпен қарау, мақтаныш сезімді ұялату, қоғамға деген рухани-мәдени қатынас, еліміздің тәуелсіздігі мен бірлігін сақтау, Қазақстан көпұлтты мемлекет екенін негізге ала келе бүгінгі қоғам мүшелерінің Қазақстандық патриоттық сезімін қалыптастыру.

Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру жүйесіне –отбасы, мемлекеттік мекемелер, білім беру мекемелері, қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдар, әртүрлі жоспарланған патриоттық шаралар, т.б. құрайды.

*Көпұлтты Қазақстан үшін жаһандандыру кезеңінде Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың негізгі бағыттары* қазақ халқы ғасырлар бойы атадан-балаға мирас болып отырған елі мен жерін көзінің қарашағындай сақтап ұрпақтан-ұрпаққа аманаттап отырған. Қандай қиыншылық замандада “малым арымның садақасы” деген қағиданы өмірлік ұстанымына айналдырып, ерлік туын жоғары ұстаған. Бүгінгі ұрпаққа аманаттаған елі мен жерінің тәуелсіздігін сақтауда ерен ерлікпен істер атқарып отырған тарихи оқиғалар мен үкіметтің қаулы-қарарларында, ел президентінің халыққа жыл сайынға жолдауынан және тарихи еңбектерінен айқын байқаймыз.

Көпұлтты Қазақстан үшін Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың негізгі бағыттары Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына әр жылғы жолдауларында орын алған. Н.Ә.Назарбаевтың 2004 жылғы халыққа жолдауында “Біз бірлесе отырып, еркін экономика мен ерікті ұлт жасақтау жолында алға жылжуымызға қажетті берік негіз қаладық. Қазақстан бүгін әлемнің ең серпінді дамып келе жатқан елдерінің бірінен саналады, бұл да барша жұрт таныған ақиқат. Еліміздің экономикалық және саяси дамуындағы түбегейлі жаңа кезең, Қазақстанды одан әрі жаңарту мен демократияландыру – біздің күн тәртібіміздегі мәселе осындай”-деп атап көрсеткен.

Егер тарихи дамуға зер салатын болсақ біздің мемлекетімізде тілге, дінге, салт-дәстүрлерге, тарихқа демократиялық тұрғыда ұлы бабаларымыз салып кеткен әділдік пен шыншылдық негізде іске асырып отыр. Расында да көп жағдайда, біздің даму бағытымыз ұлттық менталитетіміздегі негізі кенпейілділік, бауырмашылық қасиеттер бірінші кезекте тұрғаны көптеген басылымдар және әртүрлі ұлттардың Ассамблеясының есептерінен айқын байқауға болады.

“Біздің туымыз - тәуелсіздік, тілегіміз - бейбітшілік, тыныштық. Осы мақсат жолында Қазақстандағы барлық ұлт өкілдерінің бір кісінің баласындай, бір қолдың саласындай күш біріктіруіне мүдделіміз”, - деп Президенттің халыққа жолдаған үндеуі еліміздің елдігі мен бірлігін сақтауға ат салысып отырған көп ұлтты еліміз үшін негізгі мұрат болып табылады.

Біздің бүгінгі алдымызда тұрған негізгі міндет - Ел Президенті атап көрсеткендей “Республикадағы қазіргі ұлтаралық жарасым ахуалын көздің қарашығындай сақтай білу - барлық ұлттың, әрбір азаматтың ең жауапты міндеті. Қазақстандағы ұлтаралық жарастықтың негізгі ұйтқысы болу міндетін алдымен осы атамекеннің иесі - қазақ халқы өз мойнынан алуы керек. өйткені халқымыз ұлтаралық жарастықты, сыртқы дүниемен өзара тиімді ынтымақтастықты жүзеге асыра алса ғана өзінің өркениетті мемлекетіне ие бола алады, - деген сөзі арқылы қазақ халқының атадан-балаға мирас болып келген рухани-имандылық қасиеттері бүгінгі жаһандандыру заманында қазақ елінің өркениетті елдер қатарында болуына негізгі тірек болары сөзсіз деп сенім артады.

Көпұлтты Қазақстан үшін Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың негізгі бағыттары:

*бірінші*, ұлттық экономиканың дамуы, қалыптасуы мен оның халыққа қызмет етуі;

*екінші*, Қазақстанды мекендейтін халықтардың еркін дамуы, тілі, діні, мәдениеті, әдет-ғұрпы, т.б. және Мемлекетке атын берген ұлттың тілін, дінін құрметтеу мен сол елді Отаным деп тану, тәуелсіздігі мен егемендігін сақтауға бір адамдай ат салысу, еліміздің рәміздеріне құрметпен қарау;

*үшінші*, еліміздегі және өңірдегі бекем тұрақтылықты нығайтуға; өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

*төртінші*, ХХІ ғасырдағы әлемдік өркениеттен орын алу үшін білім мен мәдениетті дамыту;

*бесінші*, республикада мекендейтін халықтардың рухани құндылықтарын жетілдіру (фестивальдар мен ұлттық мәдениет үлгілерінің көрмелерін, олимпиадаларды өткізуді дәстүрге айналдыру, радио, телемарафондар өткізу, ұлттық мәдениет пен спорт түрлерін насихаттаудың бағдарламаларын жасау, т.б.);

*алтыншы*, республикалық, алыс және жақын шет елдердегі медиабілім беруді тұлғаның мәдени құндылықтарын қалыптастыруға бейімдеу.

Көпұлтты Қазақстан халқының отансүйгіштік қасиетін қалыптастыратын – азаматтық келісім, ұлттық бірлік. Қазақстанды мекендейтін әрбір ұлт өзінің мемлекет алдындағы міндеті қоғамдық байлықты, яғни мемлекеттің материалдық базасын нығайту, өмірдегі тату-тәтті тірлікті, азаматтық келісімді нығайта отырып ұлттық бірлікті сақтау, егемен еліміздің тәуелсіздігін сақтау ұлттық келісім, ішкі үндесім - барша халқымыздың ынтымағы мен ара жарасымдылығында болып отыр.

Жаңа әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру тұжырымдамасының іске асуы Қазақстан Республикасы “Білім туралы” Заңы, Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейін білім беруді дамыту бағдарламасы және Қазақстан Республикасы тәлім-тәрбие тұжырымдамасын орындалуына өзіндік септігін тигізеді.

Тұжырымдаманың теориялық негізі мен практикалық ұсыныстары патриоттық тәрбиені ұйымдастыруға және бүгінгі егемен еліміздің тәуелсіздігін қорғайтын азамат тәрбиелеуге негіз болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде. Алматы: Қазақстан. 1993.-33 бет.
2. Қазақстан Республикасы азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы. /Альянс. № 3,4 /2005. 5-11 б.
3. Қазақстан Республикасы мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің тұжырымдамасы (Құрастырушылар: С.Т.Иманбаева, С.Қ.Қалиев, Ш.Т.Таубаева). Алматы. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты. 2005. 23-бет.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Жаңа әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің тұжырымдамасында патриоттық тәрбие берудің жүйесін айқындай отырып, ұлтаралық мәдениетті, еліміздің бейбітшілігі мен егемендігін сақтауға, экономикасын дамытуға үлес қосатын тұлғаны қалыптастыру көзделеді.

#### РЕЗЮМЕ

В статье предлагается концепция патриотического воспитания школьников в новых социально-экономических условиях в свете Посланий Президента РК.

## **К СОВЕРШЕНСТВОВАНИЮ СТРУКТУРЫ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Кусаинов А.К. (г.Алматы, КазГосЖенПИ)

Президент страны Н.А. Назарбаев в своем Послании народу Казахстана "Стратегия вхождения Казахстана в число 50 наиболее конкурентоспособных стран мира" отметил: *"В рамках перехода на двенадцатилетнее обучение нельзя исключать десятилетнее среднее образование для желающих выбрать в дальнейшем обучение в заведениях технического и профессионального образования. Необходимо создать условия для получения образования на протяжении всей жизни человека. Для тех, кто желает получить высшее образование, должны быть выработаны предложения по 12-летнему образованию"*.

Речь идет, практически, о разработке новой модели системы образования нашей страны. В настоящее время в Казахстане существует четырехуровневая система образования: дошкольное воспитание и обучение - уровень 1; среднее образование - уровень 2; начальное профессиональное образование - уровень 2,1; высшее профессиональное образование - уровень 3; послевузовское профессиональное образование - уровень 4 (таблица 1).

Согласно международной стандартной классификации образования (МСКО) ЮНЕСКО рассматривается 7 уровней системы образования: дошкольное образование, предшествующее первому уровню - уровень 0; начальное образование - уровень 1; среднее образование - уровень 2; вторая ступень среднего образования - уровень 3; послесредний сектор образования - уровень 4; высшее образование - уровень 5; присуждение высших исследовательских квалификаций - уровень 6.

На основе внимательного изучения отечественной системы образования, национальных особенностей и традиций, послания Президента страны Нурсултана Назарбаева за последние годы, Государственной программы развития образования на 2005-2008гг., Программы Правительства страны на 2006-2008гг., Стратегий индустриально-инновационного развития страны и других важных решений Правительства страны, а также систем образования таких ведущих стран мира, как США, Канада, Германия, Франция, Великобритания, Япония, Китай нами разработан проект новой структуры системы образования Республики Казахстан (рисунок 1), соответствующая МСКО (таблица 1).

Согласно проекту структуры образования, система образования Казахстана будет иметь 7 уровней: дошкольное образование - уровень 0; начальное образование - уровень 1; основное среднее образование - уровень 2; старшая ступень среднего образования - уровень 3; послесреднее образование - уровень 4; высшее образование - уровень 5; послевузовское образование - уровень 6, которые полностью соответствуют уровням МСКО.

На каждом образовательном уровне должны быть реализованы соответствующие образовательные программы.

*Образовательные программы дошкольного образования* должны быть направлены на формирование основ физического, нравственного и интеллектуального развития личности ребенка, привитие чувств собственного достоинства и уважения достоинства других, уважение к семье, государственным и другим языкам, родной земле, национальным ценностям и народным

традициям, бережливого отношения к природе, формирование элементарных навыков чтения, письма счета и опыта языкового общения.

*Образовательная программа начального образования должна быть направлена на:*

- формирование культуры поведения ребенка, опыта личной гигиены, здорового образа жизни и представлений об этических ценностях;
- формирование прочных навыков чтения, письма и счета и элементарного опыта языкового общения;
- выявление и развитие индивидуальных способностей ребенка, навыков его творческой самореализации;
- первоначальное приобщение к национальным и общечеловеческим ценностям, способность жить достойно, уважать себя, свою семью, своих ближних и природу;
- формирование первоначальных трудовых навыков;
- формирование положительной мотивации для последующего освоения образовательных программ основного общего образования.


Таблица 1.

**УРОВНИ ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА И МЕЖДУНАРОДНАЯ СТАНДАРТНАЯ КВАЛИФИКАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ (В СРАВНИТЕЛЬНОМ РАЗРЕЗЕ)**

Существующие	Уровни	Предлагаемые	Уровни	МСКО	Уровни
Послевузовское профессиональное образование	4	Послевузовское образование	6	Присуждение высших исследовательских квалификаций	6
Высшее профессиональное образование	3	Высшее образование	5	Высшее образование	5
Начальное профессиональное и среднее профессиональное образование	2.1	Послесреднее образование	4	Послесредний сектор образования	4
Среднее образование	2	Старшая ступень среднего образования	3	Вторая ступень среднего образования	3
		Основное среднее образование	2	Среднее образование	2
		Начальное образование	1	Начальное образование	1
Дошкольное воспитание и обучение	1	Дошкольное образование	0	Дошкольное образование	0

Рисунок 1.

## ПРЕДЛАГАЕМЫЙ ПРОЕКТ СТРУКТУРЫ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



**Примечание:** ТПО – техническое и профессиональное образование; К – колледж; ВТШ – высшая техническая школа; ПОП – профильная образовательная программа подготовки для поступления в ВУЗ; ПСО – послесреднее образование; ВСО – высшее специальное образование; М – магистратура; А – аспирантура; ДП – докторантура по профилю; Д – докторантура; ДО – докторантура по отрасли наук.

Образовательная программа основного среднего образования должна быть направлена на:

- формирование базовых знаний по системе наук и профессиональной ориентации, целенаправленное и систематическое приобщение к научным способам познания;
- формирование ценностных жизненных ориентиров;

- обеспечение перехода от установки на приобретение знаний к умению и стремлению самостоятельно их получать, расширять, углублять и творчески использовать;
- изменение принципов обучения и роли ученика в нём от пассивного "получателя" знаний, умений, навыков к активному субъекту познавательного процесса;
- разработку и реализацию индивидуальных образовательных программ для развития творческих способностей и личностных особенностей;
- введение и осуществление базовой, предпрофильной подготовки с постепенным увеличением вариативной части учебного плана.

При формировании программы надо учитывать, чтобы каждый предмет был логически завершён в объёме основного среднего образования.

На старшей ступени среднего образования должны быть реализованы образовательные программы профильного обучения и технического и профессионального образования.

*Образовательные программы профильного обучения старшей ступени среднего образования* должны быть нацелены на продолжение обучения в высшем учебном заведении по соответствующему профилю:

- введение и осуществление профильного обучения на основе дифференциации, интеграции и профессионализации содержания образования по социально-гуманитарному, естественно-научному, технологическому и другим направлениям для углубленной довузовской подготовки учащихся;
- формирование способности к независимому мышлению, критическому анализу, умению реально оценивать свои возможности и достижения;
- стремление совершенствовать свои коммуникационные способности, умение выражать свои мысли в устной и письменной форме, освоение и использование в работе новейших информационных технологий;
- понимание значимости и стремления постоянно совершенствовать свои знания;
- владение государственным языком и знание других языков;

*Образовательные программы технического и профессионального образования* должны реализовать:

- ведение и осуществление технического и профессионального обучения по основополагающим дисциплинам, необходимой для получения избранной профессии;
- формирование основных понятий рыночной экономики и умения применять их на практике;
- изучение интегрированных курсов по общеобразовательным, социально-экономическим предметам;
- получение практических навыков для выполнения работ технического и профессионального обслуживающего труда.

Направленность и содержание образовательных программ должны обеспечивать удовлетворение потребностей рынка труда. Технические профессиональные школы, реализующие образовательные программы технического и профессионального образования, должны иметь соответствующую материально-техническую и учебную базу и квалифицированный состав профессиональных педагогических работников.

*Образовательные программы дополнительного образования:*

- дополнительные образовательные программы разрабатываются в целях всестороннего удовлетворения образовательных и культурных потребностей общества, граждан и государства;
- дополнительные образовательные программы направлены на создание условий для личностного развития, профессионального самоопределения, творческого труда детей, реализации их способностей, адаптации к жизни в обществе, формирования гражданского самосознания, общей культуры, здорового образа жизни, организации содержательного досуга.

*Образовательные программы послесреднего образования.* Содержание образовательных программ послесреднего образования должны определяться государственными общеобязательными стандартами образовательных услуг, целями и задачами обучения:

- реализация образовательных программ специальностей культуры и искусства должны осуществляться с учетом принципа ранней профессионализации и особенностей их содержания;
- в колледжах и высших технических школах должны быть реализованы образовательные программы академической и профессиональной направленности, а также повышенного уровня профессиональной квалификации;
- продолжительность образовательных программ, ориентированных на подготовку к обучению в высших учебных заведениях лиц, окончивших технические и профессиональные школы, должны составлять не менее 1 года;
- дополнительные образовательные программы послесреднего образования должны быть направлены на повышение квалификации рабочих, служащих, специалистов с учетом постоянного повышения предъявляемых к их квалификациям требований, углубление профессиональных знаний, умений и навыков;
- дополнительное профессиональное образование должны быть осуществлены в форме повышения квалификации и переподготовки кадров.

*Образовательные программы высшего образования* должны реализовать полные и сокращенные образовательные программы.

1. Полные образовательные программы должны быть реализованы в: бакалавриате, со сроком обучения не менее четырёх лет, подтверждаемое присуждением лицу, успешно прошедшему итоговую аттестацию, академической степени "бакалавр по соответствующей специальности";
2. Высшем специальном образовании, со сроком обучения не менее пяти лет, за исключением случаев, предусмотренных соответствующими государственными общеобязательными стандартами образования, подтверждаемое присвоением лицу, успешно прошедшему итоговую аттестацию, соответствующей квалификации "дипломированный специалист";
3. По отдельным специальностям медицинского образования продолжительность обучения может составлять семь лет, завершающий год обучения организуется в форме интернатуры. Выпускники, не прошедшие интернатуру, к клинической практике не должны быть допущены;
4. Сокращенные образовательные программы высшего образования могут быть разработаны и реализованы отдельно на базе образовательных программ академической направленности послесреднего образования и высшего образования;

5. Сокращенные образовательные программы на базе высшего образования предусматривают только профессиональную подготовку специалистов.

Образовательные программы высшего образования должны строиться на основе ассимиляции преимуществ квалификационной и компетентностной модели подготовки специалиста, формирующие их ключевые компетенции. Ключевые компетенции характеризуются:

- 1) социально-личностными компетенциями - относящимися к человеку, как индивиду, субъекту деятельности и личности; социальными, определяющими его взаимодействие с другими людьми; относящимися к умению учиться;
- 2) общепрофессиональными компетенциями - информационными, связанными с получением и обработкой информации; расчетными, связанными с умением решать профессиональные задачи с использованием адекватного математического аппарата; эксплуатационными, управленческими, организационными, конструкторскими, проектировочными; экономическими, включающими поведение на рынке труда;
- 3) специальными компетенциями, отражающими профессионально-функциональные знания и умения, обеспечивающие привязку к конкретному объекту, предмету труда.

Образовательные программы должны быть характеризоваться как набором социально-личностными, общепрофессиональными, специальными компетенциями, так и глубиной освоения материала, связанного с конкретными компетенциями. Содержание образовательных программ бакалавриата должно иметь профессионально-ориентированный и завершённый характер, позволяющий выпускнику выполнять все виды и обобщенные задачи профессиональной деятельности.

В высших учебных заведениях должны быть реализованы дополнительные образовательные программы, направленные на удовлетворение потребностей обучающихся, а также взрослого населения.

*Образовательные программы послевузовского образования*

1. Образовательные программы магистратуры должны быть направлены на освоение предметной области на продвинутом уровне, овладение новейшими методами и техниками исследования и знаниями новейших теорий и их интерпретаций. Ключевые компетенции обучающихся должны быть сформированы:

- а) социально-личностными компетенциями: формирование когнитивных, эмоциональных и волевых особенностей, критического осмысливания и способности к самокритике, умение работать над решением междисциплинарной проблемы и в команде, восприятия разнообразия и межкультурного различия, коммуникативные навыки общения на государственном языке; ответственность за качество и воля к успеху;
- б) общенаучными компетенциями: формирование способности к анализу и синтезу и генерации новых идей, к организации и планированию, управлению информацией, критическому отслеживанию и осмыслению развития теории и практики, владеть методами независимого исследования и умение объяснять их результаты на продвинутом уровне, способность внесения оригинального вклада в научную дисциплину, умение работать в команде над совместным проектом;

- в) специальными компетенциями, отражающими результаты научных исследований, владение алгоритмами деятельности, связанными с моделированием, проектированием и реализацией разработки.
2. Докторские программы должны быть базированы на преподавании специализированных и углубленных программ, включающих знания теоретического, прикладного и междисциплинарного характера повышенной сложности, на продвинутых авторских курсах, дающих конкретные знания в определенной области науки.

Докторские программы должны быть завершены подготовкой и публичной защитой докторской диссертации, представляющей самостоятельное исследование, отличающиеся концептуальностью, системностью, методологической обоснованностью решения важной проблемы в области конкретной науки.

3. Дополнительные образовательные программы послевузовского образования должны быть направлены на повышение квалификации и переподготовку специалистов, обеспечивающих их конкурентоспособность на рынке труда, позволяющий им адаптироваться к условиям постоянных изменений требований общества и работодателей и развить свои ключевые компетенции.

Кроме того, должны быть реализованы *специальные, специализированные и экспериментальные образовательные программы, направленные* на удовлетворение потребности отдельных категорий граждан, нуждающихся в лечебной и психолого-медико-педагогической коррекций, обеспечения потребностей одаренных обучающихся с учетом их склонностей апробации новых технологий обучения и внедрения нового содержания образования.

На наш взгляд, реализация и введение вышеуказанных образовательных программ будут способствовать повышению качества образования и интеграции системы образования Казахстана в мировое образовательное пространство.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстанның білім беру жүйесінің жаңа жобасы ұсынылған.

#### РЕЗЮМЕ

В статье предложен новый проект системы образования Республики Казахстан.

#### ӘОК 317.1. 02

#### ОТБАСЫ ТӘРИБЕСІ - ОТАН СҮЙГІШТІК ТӘРИБЕНІҢ НЕГІЗІ

Асанбаева С.А., Матай Б. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Отбасы-адамзат қоғамының шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі-дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру. Адам баласы шыр етіп жерге түскеннен бастап, дүниеге екі қоғамға, өзі өмір сүретін тіршілік ортасының мүшесі болып, есептеледі. Ол дүниеге келісімен өзі көріп отырған адамдардың киім киісіне, жүріс-тұрысына, сөйлесуіне, ойнауына, әңгімелесуіне таңдана қарап, өзі де сол

көргендерін істеу мақсатында әрекет жасайды. Тіпті тілі шықпаған 1-2 жасар баланы көтеріп, қойды, малды, жүріп жатқан станокты, тракторды, машинаны көрсетсең оны беріліп тамашалайды.

Әрине бұлардың не екенін білмейді, бірақ оның қимылына қарап, оның тіршілігіне, сыртқы құрылысына таңдана қарап ойланады. Бірте-бірте оларды түсінеді де, кейбірін тілі шыққан соң сұрап, біліп алады. Бала дүниені тұтас білу үшін өзі қызыққан құбылыстарды өзінен үлкеннен үстеме сұрақ беру арқылы түсінгісі келеді. Мұндайда баланы қайтарып тастамай, сұрауына толық, тура, әділ, жауап беріп, егжей-тегжейлі түсіндіру керек. Осыны еске алып «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» - дейді халық. Сондықтанда оның ең әуелгі өсетін ортасы, отбасы тәрбиесіне өте көңіл бөлу керек. Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты, сондықтан ол қоғам мүддесіне қызмет етуі тиіс. Отбасы тұлғаны дамытатын ең алғашқы әлеуметтік орта. Отбасында баланың тұлғалық қасиетіне ықпал ететін көптеген жағдайлар болады. Мәселен: отбасы мүшелерінің мәдени деңгейі баланың түрлі әлеуметтік құндылықтарды игеруіне игі әсерін тигізеді. Отбасында жақсы тәрбие алған бала өскенде де сол тәрбиенің ізімен бару сөзсіз. Отбасындағы барлық адамдардың іс-әрекеті бала тәрбиесіне бірінші әсер ететін орта, бала сол ортаға қарап өседі. Сол үшін балаға отбасындағы тәрбиені қоғамдық ортаға байланыстыра бергенде ғана ұтымды болады. Қоғамдық ортамен байланыссыз жеке берілген отбасы тәрбиесі бала тәрбиесіне әсер етеді. Сондықтан өскен ортамен отбасындағы тәрбиені байланыстырған адамн даму жолында үлкен орын иеленді. Жеке меншікке негізделген қоғамда ұжымдық сана күрделі өзгеріске түсіп, әлеуметтік жағдайда жұмыссыздық етек алып, көпшілік санасында жеке басының пайдасын ойлау орын алды. Қоғамдағы осындай өзгерістер отбасы тәрбиесінде балаларды білімді, ізгілікті, жан-жақты жетілген, өз өмірінің құндылығын жете түсінетін етіп тәрбиелеуді қажет етеді. Осыған орай отбасында балаларды мүмкіндіктерін барынша дамытып, оны өмірде қолдана білуге еңбек етуге, еңбектің қандай түрін болса да, атқаруға психологиялық тұрғыдан даяр болуға, шығармашылық әрекетке даярлыққа, әрдайым өзінің білімін жетілдіріп отыруға тәрбиелеу керек. «Баланың құқы жөніндегі конвенцияда» (1989 жыл) отбасында баланың құқын қорғау, оған қамқорлық жасау көрсетілген. Отбасындағы жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ата-ананың және басқа отбасы мүшелерінің береке-бірлікті, түсінікті сақтауы, сонымен қатар әр отбасы мүшесінің құқы қорғалауы тиіс.

Отбасында тек осындай ізгілік мұраттар орын алғанда ғана отанын, елін-жерін сүйетін өз ұлтының салт-дәстүрін, сонымен бірге жалпы адамзаттық мәдени құндылықтарды бойына сіңіріп өзінің кісілік келбетін сақтай алатын тұлға тәрбиелеуге болады. Бала отбасынан жақсыны да жамандыда сіңіреді. Отбасында халықтың рухани интеллектуалды мұраларын, мәдени құндылықтарын жандандырып, рухани ұлттық сипаттаған мінезді қалыптастыруды көздеу өмірдің талабынан туындап отырды. Баланың отбасындағы-тұлғалық қасиетін жетілдіретін жағдайдың бірі-отбасы ішілік және отбасынан тысқары атқарылатын еңбек отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттілігін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Сондай еңбектің барысында баланың жауапкершілігі артып еңбек ету қажеттігін түсінетін болады. А.С.Макаренко «Ата-анаға» арналған кітабында «бала тәрбиесінде сіздің іс-қимылыңыздың, өз шешуші роль атқарады. Сіз тәрбиені сөз арқылы немесе үйрету, бұйыру арқылы іске асырылады деп ойламаңыз. Тәрбие өмірдің әр сәтінде, сіз үйде болмаған кезде де іске асады.

Қорыта келгенде, халқымыздың ұлттық қасиетінің әдемі қағидалары мен ережелерін бала тәрбиесінде терең мән бере шебер қолдана білсек, ұлтжанды, иманжүзді ұрпақ өсіре аламыз. Ол үшін халқымыздың тарихы мен жүріп өткен жолдарын балаларға түсіндіре отырып, саналы тәрбие мен білім беруді алдымызға айқын мақсат етіп қоюмен бірге, оны жүзеге асырудың жолына мықтап түсетін мезгіл әлде қашан жетті. Ел басы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқына жолдауында» жас ұрпақты жауынгерлік, отансүйгіштік рухта, ата-бабамыздың ерлік өнегесімен тәрбиелеуді мақсат етіп қойды. Әрине бұл мақсатқа жету барысында жас ұрпақтың сегіз қырлы бір сырлы азамат болып қалыптасуына отбасы, балабақша, мектеп, бірден бір ат салысуы тиіс. Соған орай сәби мен жас өспірімдердің бойында отан сүйгіштік сезімін қалыптастыруға Қазақстан Республикасы Ата Заңын, мемлекеттік рәміздерін оқып-үйренуге ықпалдар жасалынууда.

Қазақстанды «Отаным»-деп танитын әр азаматтың оның дамып, гүлденуіне өз үлесін қосуы-бұның басты шарттарының бірі. Бұл ретте өсіп келе жатқан жасұрпақты тәрбиелейтін бүгінгі студент, болашақ педагогтардың бойында патриоттық сана, патриоттық сезім, патриоттық іс-әрекет қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі. Президент Н. Ә. Назарбаев «Қазақстанның болашағы-қоғамның идеялық бірлігінде» деген еңбегінде мемлекет рәміздерінің жас буындарды патриотизмге тәрбиелеудегі маңызын атап көрсеткен.

Мемлекет рәміздері жер бетіндегі өзін мемлекет деп санаған барлық елдерде бар және олар белгілі бір тарихи даму сипатына ие. Сол секілді Қазақстан Республикасының рәміздерінің де даму тарихы тым әріден басталады. Солардың бірқатары ру таңбалары болса тағы бір бастауы-қазақтың ою-өрнектері және халқымыздың ауыз әдебиетіндегі ұлттық сипатты көрсететін бейнелер. Ұлттық рәмізді танып-білу, оның суретін көру және есте сақтаудың ғана құралмайды. Ол әр азаматтың санасынан орын алып, көргенде сезімін оятып, өзінің осы рәміз белгісі бар елдің азаматы екенін мақтаныш тұта білуінде. Ал оның астарында елге, жерге, ұлтына, халыққа деген сүйіспеншілік жатады. Осы сезімдер оянып, іс-әрекетіне басшы болған күнде ғана әр азамат «Отан үшін жан пида»-деген асқақ пікірді өз бойынша сіңіре алады.

Азаматтың тәрбиесі сана-сезімнен, дүние танымнан қалыптасудан басталады. Саяси-идеялық тәрбие арқылы отансүйгіштікке, патриотизмге, ұлтжандыққа әкеледі. Отан сүйгіштік, ұлтжандық екеуі егіз ұғым. Патриотизм (қазақшасы-отансүйгіштік гректің патриотес отандас деген сөзінен алынған)-отанға деген сүйіспеншілік бойындағы күш-қуатын, білімін отан игілігі мен мүдесіне жұмсау. Туған жерін, ана тілі елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту.

Қазақстанда жүзден, астам ұлттар тұрады. Сондықтан қазақ ұлтынан басқа ұлт өкілдеріне, Қазақстанды сүю, өз отаны екендігін сезіндіру, қазақтардың басты міндетті деп есептейміз. Отан сүйгіштік ұғым адамның бойындағы сезімге байланысты, ал отан сезімі өзін өз елінің азаматымын деп сезіне білу. Сонымен қатар өзінің бүкіл елімен, халқымен тұтастығын сезіну. Қоршап отырған ортасын оның саяси идеясын дамыту, өз өмір сүріп отырған ортадағы мәдениетті, әдеп-ғұрыпты, оның әлеуметтік экономикасын жоғары сатыға көтеру болып саналады.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада отбасы тәрбиесі отан сүйгіштікке тәрбиелеудің негізі болып табылатын мәселелер қарастырылған.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы патриотического воспитания, основы которого закладываются в семье.

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ САЯСИ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУГЕ БІЛІМ МЕН  
САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ЫҚПАЛЫ**

Әуелғазина Т. Қ. (Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында қоғам өмірінің барлық салаларында түбірлі өзгерістер жүзеге асырылып жатқаны белгілі. Осыған орай еліміздің білім беру жүйесінде де түбегейлі жаңарулар орын алуда. Демек, бүгінде Қазақстан КСРО кезіндегі бірыңғай және қатал мемлекеттік білім беру жүйесінен білім алудың плюралистік түріне өту үстінде. Яғни, елімізде білім беруді демократияландыру мен егемен мемлекеттің білім беру саясаты қалыптасуда.

Білім беру саласын дамыту еліміздің тәуелсіздігі мен дербес мемлекеттігін нығайту жолындағы басты басымдықтардың бірі болып саналады. Қазіргі білім беру саясатының ерекшеліктерінің қатарында төмендегі жайттарды атап өтуге болады: бүгінгі деңгейімізді сақтау және білім берудің ұлттық үлгісін одан әрі дамыту, білім беру саласының барлық деңгейлерінің мазмұны мен сапасын жаңарту, білім беру саласында информациялық және телекоммуникациялық технологияларды кең түрде енгізу.

Қазақстан Республикасындағы 1991 жылдан бастап жүргізілген білім беру жүйесін реформалау процесін шартты түрде бірнеше кезеңдерге бөліп қарастыруға болады:

- тәуелсіз Қазақстанның білім беру жүйесінің заңдық негізін қалыптастыру кезеңі (1991-1993жж.). Бұл кезеңнің негізгі мақсаты ретінде оқу-тәрбие процесін идеологиясыздандыру мен саясатсыздандыру, азаматтардың білім алуына мемлекеттік кепілдеменің бекітілуі, білім беруді экономикалық жағынан қамтамасыз ету арқылы жаңа әдістерді жүзеге асыруда құқықтық негізді құру болып саналады. Бұл өзгерістердің нәтижесінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (1991ж.) және Қазақстан Республикасының «Жоғары ғылым туралы» Заңы (1993ж.) қабылданды;
- білім беру саласын тұжырымдамалық – бағдарламалық тұрғыда жаңарту кезеңі (1993-1996жж.). Бұл кезде қабылданған заңдық құжаттардың негізінде аталмыш саланы қайта құрудағы нақты жолдар мен бағыттарды анықтау іске асырылды. Осы кезең аралығында бірнеше тұжырымдамалар, соның ішінде «Қазақстан Республикасында білім мазмұнының тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы», «Гуманитарлық білім бағдарламасы», «Болашақ» республикалық бағдарламасы және «Білім беру саласындағы мемлекеттік саясат конвенциясы» бекітілді;
- білім беру саласын басқаруды орталықсыздандыру мен қаржыландыру кезеңі (1996-1998 жж.). Бұл кезде білім берудің мазмұнына түзетулер енгізілді, басқару мен қаржыландырудың ұстанымдары өзгертілді, жаңа құқықтық база қалыптастырылды, білім берудің балама мекемелері мен мемлекеттік оқу орындарына қолдау көрсететін жаңа мүмкіндік көздері пайда болды;

- білім беру жүйесін стратегиялық бағыттаудың ұлттық үлгісін қалыптастыру мен әлемдік білім беру кеңістігіне енгізудің оңтайлы жолдарын анықтау кезеңі (1991 жылдан қазірге дейін). 1999ж. 7-ші маусымда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» жаңа Заңы қабылданды. Оны жүзеге асыру мақсатымен Мемлекет басшысының «Білім туралы» мемлекеттік бағдарламасы» бекітілген 4-ші бұйрығы қабылданды /1/.

Қазақстан Республикасындағы білім беру саласының басты стратегиялық мақсаты - жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық үлгісін қалыптастыру мен әлемдік білім беру кеңістігіне ену болып табылады. Ал, білім берудің негізгі міндеттерінің қатарында: еліміздің біртұтас білім беру кеңістігін сақтау мен дамыту, білім беруді басқаруды одан әрі демократияландыру, білім беруді Қазақстанның тарихи, ұлттық, саяси, әлеуметтік, экономикалық ерекшеліктерін ескере отырып дамыту, ТМД елдерінің ұлттық жүйелерімен кірігу (интеграциялану), үздіксіз білім беру ұстанымдарын және халықаралық білім беру Конвенциясын жүзеге асыру, сөйтіп, әлемдік білім беру кеңістігімен ықпалдасу мәселелері қамтылған.

Қазақстан Республикасының 1999ж. 7-ші маусымдағы «Білім туралы» Заңының негізінде елімізде мынадай білім беру деңгейлері белгіленген: мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту; орта білім; жоғары білім және жоғары оқу орнынан кейінгі білім. Осымен байланысты Қазақстандағы білім беру жүйесінің барлық деңгейі қазіргі кезеңде жеке тұлғалардың білімдік күш-қуатын көтеруге бағытталған. Бұл ретте жалпы білім беретін мектептің бастауыш (1-4-сыныптар), негізгі (5-9-сыныптар) және жоғары (10-12-сыныптар) деп аталатын үш сатысы бекітілді. Сәйкесінше, 2008 жылдан бастап, еліміз әлемнің дамыған елдеріндегі сияқты, балаларға он екі жылдық білім беруге көшеді /2/. Бүгінгі күні білімнің айрықша басымдық алуы қазіргі қоғамдық дамудың заңдылықтарынан туындайды. Себебі жоғары саналы, білімдар жеке тұлғалар мемлекеттің саяси, экономикалық және әлеуметтік даму деңгейін анықтайды. Міне, сондықтан да 1995ж. Қазақстан Республикасының Конституциясы еліміздегі әрбір жеке тұлғаның білімге деген сұранысын қанағаттандыруға кепілдік береді. Бұл жайт Конституцияның 30-бабында былайша тұжырымдалған: «Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алуға міндетті» /3/.

Еліміздің «Қазақстан – 2030» стратегиялық даму бағдарламасында білім мен ғылым қазіргі қоғамның болашақ дамуының ең маңызды факторларының бірі деп анықталған. Себебі білім мен ғылымсыз қоғамның алдында тұрған ешбір мүдде-мұраттардың орындалуы мүмкін еместігі айқын. Сондықтан бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің мақсаты – еліміздің саяси, әлеуметтік және экономикалық мәселелерін тұжырымдап, іс жүзінде шеше алатын, жоғары әрі толыққанды білімді, саяси әлеуметтенген жеке тұлғаларды қалыптастыруға күш салу болып табылады. Сәйкесінше, 2000 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген «Білім» атты Мемлекеттік бағдарламаның нәтижесінде дарынды балаларды анықтау мен тәрбиелеуге бағытталған мемлекеттік саясат жүзеге асырылуда. Осы бағдарламаның негізінде білім беру жүйесін реформалау ісі қазіргі кездегі еліміздің саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайына сәйкестендіріп жүргізілуде. Ал, президенттік «Болашақ» бағдарламасының негізінде Қазақстандағы жоғары оқу орындарының талантты студенттері шетелдік мемлекеттерде білімдерін жалғастыруға мүмкіндік алды. Бұған қоса Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін елімізде мемлекеттік жоғары оқу орындарымен қатар, мемлекеттік емес жеке

меншік жоғары оқу орындары секторы пайда болды. Олар бүгінде жалпы білім беру жүйесінде елеулі рөлге ие.

Сонымен, жеке тұлғаның дүниетанымдық аясын кеңейтіп, саяси әлеуметтендіруде білімнің алатын маңызы зор. Сондықтан жас ұрпақ өкілдерінің бойына білім мен ғылымның негіздерін сіңіру мен мақсатты тәрбие берудің орны ерекше екендігі даусыз мәселе. Осы тұрғыдан алғанда ХІ ғ. әйгілі түрік ойшылы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» («Бақыттылық жайлы ілім») еңбегінде тұжырымдалған адамның қоғамдағы орны, адам өміріндегі білімнің рөлі, ақылдың мәні және т.б. ой-пікірлері бүгінгі күнмен ұштасып, маңызы арта түсуде. Ойшылдың:

«Ақыл-шырақ, қара түнді ашатын,  
Білім-жарық, нұрын саған шашатын.  
Ақыл қолдап, біліммен ер жетілер,  
Екеуімен қадірі артып, бекінер.  
Ақыл қайда болса, ұлылық толады,  
Білім кімде болса, сол білікті болады» /4/,- деген бәйіттері «Білекті бірді

жығар, білімді мыңды жығар» деген мақалмен үндес.

Сәйкесінше, ХІХ ғ. ІІ-ші жартысындағы қазақ ағартушысы, ұлы ұстаз - Ыбырай Алтынсарин «Өнер, білім-бәрі де, Оқуменен табылған» /5/,-деп қалың бұқараның сауатын ашып, оларды білім алуға шақырды. Ол ХІХ ғ. 70-80-ші жылдарында қазақ жерінде мектептер ашып, өзі сол мектептерге «Қырғыз хрестоматиясы», «Орыс тілін оқытудың алғашқы бастауы», «Шариятұл ислам» атты оқу құралдарын, түрлі әңгіме, өлеңдер жазды. Ұлы ұстаз:

«Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге,  
Ықыласпен тоқылық.  
Оқысаңыз балалар,  
Шамнан шырақ жағылар.  
Тілегенің алдыңнан

Іздемей-ақ табылар» /6/,-деп жас ұрпақ өкілдерін білімге үндеп, прогреске шақырды.

Осы тұрғыдан алғанда ұлы ойшыл А.Құнанбаевтың зерделі ой-пікірлерінің маңызы зор. Ұлы ойшыл халықты сауаттандырудың амалын іздеп, оларды оқу-білімді меңгеруге шақырды. Ол: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да-бәрі орыста тұр. Залалынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек» /7/,-деп орыс тілін үйренуге үлкен мән берді. Сауатты, білімді болған кезде ғана ұлттық мәдениетпен қатар, әлемдік өркениет қазыналарын игеруге мүмкіндік аласың дейді ойшыл. Сондықтан барлық мал-жан, еңбек білім алуға жұмсалуды қажет. Білімді болған кезде ғана халық өз елін, өз жерін, тілін, мәдениетін және т.б. құқық жолымен қорғап, өзге елдермен тең дәрежеде қарым-қатынас жасауға жағдай туады деп тұжырымдады. Жеке тұлға білім-ғылымға ден қоюдың негізінде саяси-әлеуметтік тұрғыда жоғары деңгейге көтеріліп, қоршаған орта туралы, қоғамның бүгіні мен болашағы жайлы ой толғап, халық үшін қызмет етуі тиіс деп санады. Ал, қазіргі кезде еліміздің білім беру жүйесінде күрделі өзгерістер енгізіліп жатқан кезеңде ұлы ойшылдардың ағартушылық, саяси-әлеуметтік ой-танымдарының маңызы зор. Біздің міндетіміз-білім беру процесінің саяси мақсаттары мен мұраттарын нақты заман талабына сай, яғни, ұлттық және жалпыадамзаттық мүдделерді ескере отырып жүзеге асыру болып табылады.

Аталмыш кезеңде Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси жүйесінде маңызды жаңарулар жүргізіліп жатқаны белгілі. Осы өзгерістердің қоғамдағы адамдардың санасына айтарлықтай әсерін тигізетіні сөзсіз. Бұл ретте жеке тұлғаны саяси-әлеуметтік тұрғыда жетілдіруде, оларды саяси әлеуметтендіруде саяси құндылықтардың ықпалы зор.

Саяси құндылықтар саясат пен саяси сананың маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Олар саясат субъектілерінің саяси-әлеуметтік сипаттағы мақсат-мұраттарының жүзеге асуына мүмкіндік тудырады /8/. Белгілі философ ғалым С.Е.Нұрмұратов атап көрсеткендей: «Адам мен әлем арасындағы қарым-қатынастың белгілі бір деңгейі, сапасы қалыптасуы керек. Сонда ғана Субъект мен Объектінің, Субъект мен Субъектінің арасында, басқаша айтқанда адам әлемінде құндылықтар жүйесі толық мағынада қалыптаса бастайды. Бұл процесс Субъектінің, яғни адамның құбылысты өзінің жеке Мендік тұрғысынан бағалауынан басталады. Әрине бағалау деңгейіне жеткенге дейін әрбір жеке Мен біршама қалыптасу, даму сатыларынан өтеді. Сөйтіп, ол өз тұжырымдарын белгілі бір өлшемдер, ұғымдар, ойлар түрінде жеткізу деңгейіне жетеді. Сол арқылы әрбір зат, құбылыс өзінің сипаттамасына ие болады, танылады, әлеуметтенеді» /9/.

Сонымен, саяси құндылықтар - қоғамдық-саяси жүйенің жеке тұлғаны қалыптастыру мен оны саяси әлеуметтендіру жолындағы негізгі фактор болып табылады. Осыған орай, бүгінгі күні білім беру мекемелерінде, яғни, балабақшаларда, мектептерде, орта және жоғары оқу орындарында жас ұрпақ өкілдерінің өзіндік жас ерекшеліктеріне қарай қоғамдағы саяси құндылықтардың маңызын жүйелі түрде санасына сіңіру өте қажетті шарт. Жалпы жастар саяси құндылықтардың мәні мен қажеттілігін мақсатты түрде түсінудің негізінде қоршаған ортада мағыналы түрде өмір сүруге ұмтылып, өмір сүру жайында көбірек ізденіп, өзін өзі тану арқылы қоғамды таниды. Қазіргі таңда еліміздегі белең алған түбегейлі жаңарулар қоғам мүшелерінің саяси-әлеуметтік болмысының өзгеріске ұшырауына әкелуде. Соған орай білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие жұмыстарында жеке тұлғаны қалыптастыру мен оны саяси әлеуметтендіру процесінде саяси құндылықтарды басты негіз етіп алу өмір талабы.

Бүгінде Еуропа мен Азияның дәл ортасында орналасқан Қазақстан қоғамы мәдениеттің қай үлгісіне таңдау жасап, қандай құндылықтар мен бағыт-бағдарларды өзіне арқау етеді деген мәселе төңірегінде түрлі тұжырымдар жасалынууда. Өз кезегінде зерттеуші Г.К.Шалабаева: «Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы мәдени ахуал ұлттық рухани бағдарларды, адамгершілік құндылықтарын, салт-дәстүрлерді, ойлау тәсілі мен тілді жаңғыртуды қажет етеді. Дамыған елдерден қалмай отырып, еліміздің ұлттық білім жүйесін қалыптастыру керек. Ол халқымыз бен мемлекетіміздің мәдени тәуелсіздігін қамтамасыз етеді. Бұған білімді техникалық ақпараттық қамтамасыз етудің әлемдік деңгейіне жету мен мәдени құндылықтардың дәстүрлі ұлттық жүйесімен байланыстыру арқылы қол жеткізіледі» /10/, - деп тұжырым жасайды. Зерттеушінің ұсынған бұл үлгісі жапон елінің дамуында басты ұстаным ретінде мойындалып, өз нәтижесін берген құбылыс болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда ескеретін бір жайт, біздің еліміз қоғамды дамытудың өткен кезеңдегі ұстанымдарынан, саяси-мәдени дәстүрлерінен бірден бас тартып, Батыстың да, Шығыстың да озық үлгілерін еш өзгеріссіз қабылдай алмайтыны анық. Азиялық, соның ішінде қазақстандық өркениет ұзақ уақыт бойына әрқашан міндетке (билер соты, хандардың құқықтық құрылымдар туралы ой-пікірлері), ал батыстық қоғам құқықтық жүйеге бағынып

келген. Сонымен қатар қазақ қоғамы алдымен дәстүрлі ұлттық, одан кейіннен күштеу жүйесіне негізделген кеңестік саяси-мәдени әдет-ғұрыпқа, ал Батыс өркениеті бостандық пен еріктілікке, даралануға сүйеніп дамыған.

Қазіргі қазақстандық қоғамда, өзге батыстық емес халықтардағы тәрізді сана-сезім деңгейінің жылдам өсуі, саяси-мәдени құндылықтардың жаңа қырларының ашылуы орын алуда. Мәселен, біз жеке тұлғаның құқығын қорғау мәселесі мен демократияны жетілдіре отырып, қоғамда өзге түрлі-түрлі саяси құндылықтардың дамуының мүмкін еместігі жайлы бұрынғы көзқарастарымыздан арылудамыз. Алайда, тұтастай Батыс өркениеті болсын, әлде басқалар болсын өздерінің ортақ құндылықтарын күшпен енгізе алмайды. Өйткені Еуразиялық үлкен кеңістікте орналасқан Қазақстан Республикасындағы орнығып жатқан демократиялық үрдістердің өзіндік ұлттық дәстүрлі ерекшеліктері мен саяси-әлеуметтік қалпы болатыны сөзсіз. Соған орай олар өзге халықтардың саяси-мәдени өзгешеліктерін ескере отырып ғана, өз құндылықтарын дамытуды ұсына алады. Яғни, өркениеттер арасында ортақ келісім орнауы тиіс.

«Әлемдік өркениетке қарай тәй-тәй басқан жас мемлекеттің буынын бекітетін, аңғал-саңғал жайрап жатқан ел экономикасының жыртығын бүтіндейтін, сөйтіп, біртұтас тиімді экономикалық жүйеге айналдыратын амал бар ма?», - деп сауал тастайды танымал философ-ғалым Ә.Нысанбаев. Бұл сұраққа өзінің «Адам және ашық қоғам» атты еңбегінде төмендегідей жауап береді: «...Батыстағы да, Шығыстағы да өзге жұртты ұшпаққа жеткізген жол біреу ғана еді; әлемдік қаржы көздері мен озат технологиялардың еркін ағылып келуіне, жеке адамдар еркі мен жекеменшік кәсіпорындар мүддесінің жүзеге асуына мүмкіндік беретін ашық қоғам орнату, өнімнің (қызметтің) бағасы мен сапасын, мөлшері мен бағытын өзінен өзі реттеп отыратын, барша өндірісті (қызмет көрсету желісін), басқаша айтқанда, елдің бүкіл экономикасын үнемі жетілуге, ілгері жылжуға мәжбүр ететін нарық заңдарына көшу; барлық адамдарға бірдей құқық беретін, олардың күш-қабілеттері мен ақыл-ойларының қоқан-лоққысыз, әділ бәсекелесе алуына жағдай туғызатын, саяси-әлеуметтік егестердің бейбіт жолмен шешілуіне мүмкіндік беретін демократия принциптерін қабылдау» /11/.

Осы жерде тұжырымдалған ашық қоғам, нарық, демократия тәрізді мәні мен маңызы зор ұғымдар негізінен қоғамдағы жеке тұлғалардың еркін өмір сүруіне, өз құқықтары мен бостандықтарын шынайы түрде пайдалана алуына, саяси-әлеуметтік сипаттағы сапа-қасиеттерін қалыптастыруына, сондай-ақ, олардың саяси әлеуметтенуіне мүмкіндіктерін кеңейтетін құралдар есебінде қарастырылып отыр.

Өркениетті дамыған елдердің қатарына қосылу, қоғамдық-саяси өмірді демократияландыру және жеке тұлғаның саяси-әлеуметтік негізін қалыптастыру еліміздің алға қойған басты мақсат-мүдделерінің бірінен саналады. Осы мақсатқа жету үшін қоғамдық-саяси жүйедегі әрбір жеке тұлғаның жеке әрі ұжымдық өмірінің мәнді де мағыналы болуына жағдай туғызылуы қажет. Өйткені қоғамдық құрылымдағы барлық түбірлі жаңарулардың жеке тұлғалардан құралатын түрлі ұжымдардың, қоғамдастықтардың топтасқан іс-қимылы арқылы жүзеге асатыны белгілі. Міне, сонда ғана мемлекетіміз өркениетті елдер санатына қосылып, әлемдік дамудан өз орнын иелене алады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Казахстан:1991-2002 годы. Информационно-аналитический сборник. А.:2002.

2. Кемел келешек көкжиегі. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ҚР Парламенті Мәжілісінің үшінші шақырылымының алғашқы сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі. //Егемен Қазақстан, 2004. - 5-қараша.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. -А.: Қазақстан, 2000. - 96б.
4. Баласағұн Ж. Құтты білік. -А.: Жазушы,1986. -616 б.
5. Алтынсарин Ы. Өнер-білім бар жұрттар. А.: Жалын,1991.-240 б.
6. Бұл да сонда.
7. Абай. Қара сөз, поэмалар. А.: Ел,1993.
8. Психологический словарь. Под ред. В.В.Давыдова. М.:Политиздат, 1979. С.472.
9. Нұрмұратов С. Рухани құндылықтар әлемі:әлеуметтік-философиялық талдау. А.:2000. -180 б
10. ШалабаеваГ.К. Национальная культура и противоречия социальной модернизации. //Саясат-Политика, 1997.- №2. С.41-42.
11. Нысанбаев Ә. Адам және ашық қоғам. Человек и открытое общество.-А.:Қазақ энциклопедиясы бас редакциясы,1998. -272 б.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада білім беру жүйесі мен саяси құндылықтардың жеке тұлғаның саяси әлеуметтенуіне ықпалы қарастырылады.

#### РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль системы образования и политических ценностей как факторы политической социализации личности.

### **МЕКТЕПТЕ НЕМІС ТІЛІ ПӘНІНЕН БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ**

Бәйнеш Ш.Б. ( Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Қазақстан Республикасының "Білім туралы Заңы" бізге мемлекетіміздің білім саласындағы саясатын жүзеге асырудың басты бағыт-бағдарын көрсетіп отыр. Республикада білім мен ғылымда болып жатқан өзгерістердің бірі-жалпы орта білім беретін мектептердің жаңа тұрғыда білім беруге бет алғаны. Осыған орай орта мектепте оқытылатын қоғамдық-гуманитарлық пәндердің білім мазмұнын жаңалау алда тұрған аса бір маңызды, көкейкесті іс болып отыр. Басқа пәндер сияқты тіл пәндері арқылы жас жеткіншектерге білім, тәрбие беру және олардың жеке бас қабілеттерін жетілдіру іске асырылады.

Еліміздің өз егемендігін алғаннан кейін түрлі мемлекеттермен әр саладағы қарым-қатынастарының қарқындап өсуі, жоғары мәдениетті деңгейде сөйлей білетін, жан-жақты білімді адамдардың көбейе түсуін қажет етеді. Әрбір тіл-біздің аса құнды қазынамыздың бөлінбес бір бөлігі, сондықтан да оларды оқытуды зерттеп, тіл үйретудің тәсілдерін жетілдіре түсуге бүгінгі таңда зор талап қойылуда. Бұл талап орта мектептердің оқу жоспарларындағы пәндерді оқыту әдістемесіне де тікелей қатысты.

Білім мазмұнын анықтауда, толықтыруда, оқу-әдістемелік тұрғыда жаңалауда, алдымен, оның теориялық негіздері айқындалады. Сол теориялық негіздер арқылы қоғамның мектепке, ондағы білім мазмұнына қоятын талаптары

анықталып, жүйеленіп, педагогикалық жолмен дидактикалық міндеттерді белгілеуге тірек болады /2;3/.

Республикамызда қоғамдық-гуманитарлық пәндердің, соның ішінде неміс тілі пәнінің білім мазмұнын, оқыту әдіс-тәсілін жаңалап, толықтыруға қазір мынадай себептер бар:

- еліміздің өз егемендігін алғалы бері әлемнің көптеген елдерімен қарым-қатынасы көбейді. Бұл осы пәндерді меңгерудің әлеуметтік қажеттіліктен туындағанын дәлелдейді;
- әлеуметтік, саяси, экономикалық процестер білім саласына да әсер етуде. Мемлекет, ата-ана шетел тілі пәндерінен білім беруге ерекше ықыласты, мүдделі болып отыр;
- мектептердегі білім беруді гуманитарландыру қолға алынды, сол себепті оқушының жеке бас қасиеттерін жан-жақты дамытуға, жалпы білім беру саласын ізгілендіруге баса назар аударылуда.

Республикамызда ілгеріде аталған пәндерді оқытуды ұйымдастыру ісінде төмендегідей өзгерістерді атап айтуға болады: қоғамдық-гуманитарлық пәндерден жалпы білім беру ісі вариативтік, көп қырлы бола түсті. Яғни:

- а) мектептерде түрлі оқу курстары ашылды;
- ә) шетел тілі пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер, сыныптар саны көбейді;
- б) жеделдетіп оқыту, факультатив, жексенбілік мектеп курстары, түрлі бағыттағы арнайы курстар көптен ашылууда;
- в) мектеп оқушылары шет елдерге барып, Қазақстан мен басқа елдер арасында мектеп арқылы оқушылар алмасу курстары т.б. пайда болды.

Республикамыздың «Білім Заңына» сәйкес жалпы орта білім беретін мектептердің басты міндеттері тек жоғары дәрежелі, сапалы білім беру ғана емес, сондай-ақ, ұлттық және әлемдік мәдениетке сай тәрбиеленген, еркін әрі қажырлы іс-әрекет ететін, жан-жақты ойлай алатын дара тұлға қалыптастыру болып табылады.

Қоғамдық-гуманитарлық пәндерден берілетін білім шәкірттің өзін қоршаған ортада дұрыс бағыт-бағдар тауып, әлеуметтік тәжірибелер жинақтап, оны басқаға үйретуіне, өзінің шығармашылық қабілеттерін көрсете алуына мүмкіндік береді. Тілді меңгеру әркімнің өз жеке басына, мамандығы мен әлеуметтік жағдайына қажет болуымен қатар, түрлі салада кең ауқымда іс-әрекет етуіне жол ашады, жағдай жасайды. Мұндай жағдайда қоғамдық- гуманитарлық пәндерден білім беру оқушыға оның өзінің жеке бас тәжірибесінің негізінде биік талғам мен мәдениетке жол ашып, рухани байи түсуіне себеп болады.

Тіл пәндерінен арнайы пән ретінде білім беру және дамыту, жетілдіру арқылы оқушылардың тек өзін қоршаған әлемге деген көзқарасын ғана байытып қоймай, сондай-ақ, олардың жалпы білім деңгейін арттырып, дүние жүзі мәдениетіне есік ашып, өз мәдениетін терең түсінуіне, оның адамзаттық рухани және материалдық дамуына ықпал етіледі. Сондықтан да республикамыздың жалпы білім беретін мектептерінде неміс тілі пәнін оқыту үрдісін оқу-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету барысында ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізіліп отыр. Тілдің сөйлеуге үйрету, қарым-қатынас мәдениетіндегі алатын орыны сияқты негізгі қызметіне баса назар аударылуда /5/.

Осындай факторларды ескере отырып, зерттеу барысында неміс тілі пәнін оқытудың жаңа бағыттары айқындалды. Атап айтқанда, неміс тілін оқытуда жалпы коммуникативтік білікті дамыту және сөйлеу этикетін игерту негізге алынды. Оқытудың әдістемелік жүйесін жаңартуда басшылыққа алынған ғылыми-

теориялық негіздер отандық және өзге де өркениетті елдердің озық тәжірибелері мен педагогика, оның ішінде әдістемелік саладағы қол жеткен табыстарының үздік нәтижелерін өзіміздің білім беру жүйеміздегі мүмкіндіктермен сәйкестендіру бағытына сай сараланды. Онда білім өзегіне алынып отырған білім беру тарихына лайық мазмұндық, әдістемелік жүйедегі жаңа бағыттарды жүзеге асыру жолдары қарастырылды. Атап айтқанда, оқушыны субъект деп тани отырып, оның интеллектуалдық мәдениетінің дамуына қажетті алғышарттарды жүзеге асыру, ең алдымен, оқу процесіндегі оқушы мәртебесіне деген жаңа қатынасты қажет етеді. Олай болса, білім беру жүйесінде әлі де кең өріс алып отырған бихевиористік оқыту әдісінен арылудың жолдарын нақтылау күн тәртібіне қойылған-ды. Ал, бұл мәселе оқу процесінде оқушының өздік әрекетіне басымдылық беріп, білім философиясында соңғы жылдары жиі көтеріліп жүрген рефлексия талаптарына жол ашумен өзектесіп жатыр /2/.

Білім берудің әдістемелік жүйесін жаңартудың қажеттігін дәйектей түсетін мынадай себептері бар:

- осы тақырыптың соңғы уақыттарға дейін зерттеу нысанына алынған тақырыптардың ары қарай жалғастырылуының логикасына толық сәйкестенетіндігінде;
- білім беру жүйесін реформалау талаптарының оқытудың барлық компоненттерін толық қамтығанда ғана нәтижелі болатындығында;
- қазіргі қоғамдағы қалыптасқан жаңа көзқарастар мен сұраным талаптарының оқытудың әдістемелік жүйесін түбегейлі өзгертуді талап етіп отырғандығында;
- білім берудің жаңа тұжырымдамалары мен бағдарламаларында, білім стандарттарында айқындалған идеяларының нақты жүзеге асырылуы үшін оқытудың әдістемелік жүйесінің жаңартылуының қажеттігінде болып отыр.

Оқытудың әдістемелік жүйесін жаңарту өз бетінше жеке-дара қарастырылмайтыны анық. Өйткені бұл жүйенің барлық компоненттері: білім мақсатынан бастап мазмұн, оқыту түрлері мен оқыту әдіс-тәсілдері, ең соңында білім нәтижелері өзара тығыз байланысып сабақтастырылғанда ғана шын мәніндегі жаңару деңгейіне қол жеткізіледі.

Дәстүрлі жүйеге білім берудің тірегі етіп, негізінен, білім мазмұнына қатысты "нені оқыту қажет" деген мәселе қойылды да, ал оны "қалай оқыту керек" деген мәселе нақты шешілмеді. Соның нәтижесінде "білім-білім үшін" принципі өзгеріссіз қала берді. Оқушы білімі тек потенциалдық күш деңгейінде қалыптасты да, ал оның дара тұлға өмірі үшін мәні ескерілмеді. Оның нақты мысалы социализм кезінде неміс тілінен берілетін білім негіздері оқушының тіл туралы жалпы білімін кеңейтуге қызмет еткенмен, оның тілді қолдана білу іскерлігінің дамуына, өмір қажетіне жарамсыз болды. Себебі, білім мазмұны оқушының тілдің қоғамдық мәнін, әлеуметтік маңызын ерекше құбылыс деп тануына мүмкіндік тудырудан гөрі тіл білімінің теориялық мәселелерін қасаң, жаттанды түрде меңгертуге негізделді. Білім мазмұнын айқындауда жіберілген бұл қателіктің салдары жалпы оқытудың бүкіл әдістемелік жүйесінің әр компонентінің бөлек-бөлек қалып қоюына әкелді. Мәселен, білім нәтижесінде көрсетілген "оқушының тілдік қабілеттерін, сөйлеу дағдыларын дамыту" деген талаптың орындалмауы, әрине, сол дағдыны қалыптастыруға қажетті алғышарттың не мазмұнда, не әдістемелік жүйенің оқыту түрі, әдіс-тәсілдері секілді компоненттерінің қамтылмауынан туындағаны сөзсіз.

Қазіргі қоғам талабы мектеп бітірушілердің жаңа ортаға лайық жаңа

сұранымдарға сай білім мен білікті қатар меңгеруін талап етуде. Бұл да тек білімділікті емес, өмірге бейім коммуникативтік біліктілігі дамыған дара тұлғаны даярлауды мектеп қабырғасында негізгі бағыт етіп ұстанудың маңыздылығын көрсетеді. Ал, қандай болмасын біліктілік, іскерлік, дағдылар оқу процесінде оқушы әрекетін белсендіріп, оны орындаушы деңгейінен әрекет субъектісі дәрежесіне көтеруде қалыптастырылатыны ақиқат. Ол үшін оқытудың түрлерінде, әдіс - тәсілдер жүйесінде, оған қоса білім нәтижелеріне қойылатын талаптарда өзгерту табиғи қажеттілік. Бұл орайда әлемнің көптеген ғалымдары көтеріп жүрген конструктивизм әдісіндегі бізге қолайлы, тиімді дүниелерді өз мүмкіндігімізге лайық деңгейде кіріктіру қажет /4/.

Мәтіндерді оқи отырып, оқушы сол пәндерден түрлі мағлұматтар алады. Тіл пәндерінен берілетін білім мазмұнының жаратылыстану және математикалық бағыттағы пәндермен пәнаралық байланысы ескерілді. Бұл бағыттағы мектептерде білім мазмұнының басты бөліктеріне арнайы сөйлеу және жалпы оқу біліктері жатады.

Жаратылыстану және математикалық бағыттағы мектептерде қалыптастырылуы тиіс іскерліктер үш түрлі сипатта болады:

1. Оқу және ақыл-ой шеберлігі. Тыңдап түсіну және оқуда тілдік құбылыстарды дәлелдей, саралай алу;
2. Оқу және ақпараттық білік. Берілген хабарлардан ең қажетті, керекті дегендерін таңдап, бөліп ала білу. Математикалық және жаратылыстануға байланысты анықтама әдебиеттерді қолдана білу. Түрлі сызбалар, диаграмма, графика т.б. математикалық белгілерді білу, түсіну;
3. Оқу және коммуникативтік білік. Топ болып талқылауға қатысып, белгілі бір мәселені шешу, ауызша айтылғандардан жоспар құра білу, тезис, рефераттар, баяндамалар жазу біліктілігі /5/.

Арнайы біліктер бойынша бағдарлы оқытуда сөйлеу, тыңдап түсіну, оқу талаптарымен қатар аударма және жазу талаптары міндетті түрде беріледі. Гуманитарлық және жаратылыстану, математикалық бағыттағы мектептерде оқу мен сөйлеу басты әрекет бола отырып, оқытудың тәрбиелік пен білім беру мақсаттары төмендегідей бағытта нақтылана түседі:

- мамандық таңдауға оқушының саналы түрде қатынасын қалыптастыру, өзінің болашақ мамандығында тілдерді іс жүзінде қолдана білу қажеттігін сезінуін тәрбиелеу;
- оқушының болашақ мамандығына қажетті жалпы мәдени ой-өрісін кеңейту;
- тіл мәдениеті, жаратылыстану және математика ғылымы саласына қызығуы, ғылыми көзқарасы мен тілді қолдану білігі, сөйлеу мәдениетін дамытуы;
- оқушыларды ауызша және жазбаша түрде болашақ мамандықтарына байланысты өзара мәдени қарым-қатынас жасай білуге дайындау.

Тіл пәндері мектептерде білім, тәрбие берумен қатар жас өспірімдердің жеке бас қасиеттерін дара тұлға ретінде жетілдіруге, қоғамдағы өз орнын табуға ерекше ықпал етеді.

Гуманитарлық пәндер, оның ішінде шетел тілі сабақтарының басты мақсаты шәкірттерге басқа пәндерден, күнделікті өзін қоршаған орта мен қоғамнан алған білім, білік дағдыларына қоса басқа елдердің тыныс-тіршілігінен хабардар болып, мағлұматтар алып, өзі ізденіп білім алуға деген жеке бас тәжірибесін т.б. жетілдіре түсуге мүмкіндік туғызу. Тілдерді меңгеру арқылы оқушылар білім деңгейін көтеріп, өз халқы мен басқа халықтар арасындағы

ұқсастықтар, ерекшеліктерді ажыратуға дағдыланады, жеке пікірі қалыптасады, түрлі елдер мәдениетін үйренеді. Сондай-ақ өз бетінше білім алуға, интернетті бойына сіңіруге де шетел тілдері ықпал етеді.

Жалпы шетел тілі пәндерінің жоғары сыныптардағы міндеті-шәкірттердің қарым-қатынас жасай алу біліктілігін жетілдіру барысында оқушының жеке бас қабілеттерінің дамуына ерекше көңіл бөлу, яғни баланың өзін қоршаған әлемнің қарқынына сай өзінше әрекет етуі, өз шама - шарқын көруі, өз бойына білім қорын жинақтауы әрі оларды түрлі жағдайларда дұрыс пайдалануы іске асырылады /3;4/. Сонымен қатар, соңғы жылдары мәні мен маңыздылығы айқындалып отырған оқу мотивациясын қалыптастырудағы жаңа ұстанымдар да тіл пәнін оқытудың әдістемелік жүйесін жаңартудың негізіне алынды. Олар:

1. Оқытудың әдістемелік жүйесін жаңартуды қазіргі қоғамдық- әлеуметтік сұраным талаптарымен сәйкестендіру ұстанымы. Мұнда білім жүйесі мен қоғам дамуының бір-бірімен тығыз бірлікте болуы ескерілді. Мәселен, гуманитарлық пәндерден игерілетін білім мен біліктер оқушының дара тұлға ретіндегі өмір қажетіне жарарлықтай деңгейде берілуі ескерілді. Бүкіл әдістемелік жүйе осы білім мен біліктің бірге, өзара сабақтас берілуін қамтамасыз етуге қызмет етеді.

2. Білім беруде жаңа педагогикалық парадигма - оқушыны өз әрекетінің субъектісі деп тануды негізге алу ұстанымы. Бұл оқу әрекетінің мотивациялық аспектісін күшейту арқылы жүзеге асырылады. Әдетте, мотивацияның қалыптасуына әсер ететін үш фактор да осы оқытудың әдістемелік жүйесіне енетін компоненттер мен тығыз ұштасып отырады. Олар: білім мазмұны, оқытудың әдіс-тәсілдері және әрекет нәтижесі. Олай болса, бұл ұстаным оқытудың әдістемелік жүйесін жаңартудың ең басты өзегі болып саналады.

3. Оқытудың белгілі бір нәтижеге бағыттала жүргізілуі ұстанымы бойынша атқарылатын барлық оқыту процесінде мақсат пен нәтиже арасындағы жалғастырушы бөліктердің әрқайсысының рөлі мен орнын нақты керсетудің мәні зор.

4. Оқытудың әдістемелік жүйесін жаңартудың негізі етіп білім мазмұнында жалпы адамзаттық құндылықтар мен ұлттық ерекшеліктерді ұштастыру ұстанымы да алынып отыр. Бұл, тілдің табиғи қызметін оқушының жалпы дүниетанымымен бірлікте қарастырудың маңызын көрсетеді.

5. Дәл осы кезеңде оқытудың әдістемелік жүйесін зерттеудің негізгі ұстанымы пәннің өзге ғылымдармен сабақтастығы болып саналады. Әдістеменің педагогикамен, оқушы психологиясымен, мәдениеттанумен бірлігіне сүйену ғана жүйелі зерттеуге тірек болады /3/.

Күні бүгін қоғамның барлық саласында адам факторының алға шығарылуы, әсіресе, ел болашағын қалыптастыратын білім беру жүйесінде, оның ең маңызды буыны болып саналатын - жалпы білім беретін мектептің білім мен тәрбие үрдісін жаңаша құруды талап етіп отыр. Осыған орай, осы жүйені реформалаудың негізі болып саналатын басты тенденцияларды демократияландырудың, ізгілендірудің ерекше ескерілуі бұл саладағы барлық деңгейдегі мазмұндық-құрылымдық іс-шаралардан айқындалып отыр. Мәселен, білімді, тәрбиені жаңа уақыт талабымен үндестіру *тұжырымдамалық құжаттарда*: "Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептердің даму тұжырымдамасында", "Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептердегі білім мазмұны тұжырымдамаларында", "Мектеп пәндерін оқыту тұжырымдамаларында" негізделіп, білімді реформалаудың *нормативтік құжаттарында*, "Пәндердің жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарттарында", "Пәндер бойынша оқу бағдарламаларында" *анықталып*, оқытудың *оқу-әдістемелік жүйесінде*:

оқулықтарда, оқу-әдістемелік кешендерде, сабақтарда *нақтыланып* жүзеге асырылып келеді. Бір-бірінен туындап, бірден бірге кеңейтіліп, дәйектеліп отыратын пәндік мазмұнның бәріне ортақ мәселе - оның гуманистік сипатының күшеюі, ал білімді меңгертудегі басты талап оқушының жеке бас қасиеттері мен қабілеттерін дамытуға барынша мүмкіндіктің берілуі. Бұл жерде демократияландырудың алатын орыны айрықша. Себебі оқушы - оқушы, мұғалім - оқушы қатынасы арқылы оқыту процесіне енуі тиіс бұл тенденция, ең бірінші, қазіргі жаңа педагогикалық парадигмамен толық сәйкес келеді, яғни оқушыны өз әрекетінің субъектісі деп тануға жол ашылады. Міне, осындай өзгеріс гуманитарлық пәндердің барлық аясында кешенді қамтылуы күн тәртібіне қойылып отыр.

Гуманитарлық пәндерді оқыту жүйесі құрылымының барлық компоненттері: білімдік мақсаты, білім мазмұны, оқыту әдістері, оқыту түрлері, оқушы білімінің нәтижелері тіл дүниетаным құралы, ойлаудың формасы, адам болмысының айнасы деген концептуалдық негізге сүйене отырып жетілдірілуде. Бүгінгі әлемдік тәжірибе де, отандық әдістеме ғылымындағы жаңа бастамалар да тілдің ең әуелі адам тіршілігіндегі мәнін сезіндіру арқылы оған деген ішкі қажеттілікті оятудың мүмкіндігін бекіте түседі. Бұл, неміс тілі пәнінің ғылыми, яғни тілдің білімдік арналарымен қатар, лингвокультурология, әлеуметтік лингвистика, психологиялық лингвистика ғылымындағы жетістіктерді, білім философиясындағы басты тұжырымдарды бір-бірімен ұштастыруды, сол бағыттағы нәтижелерді білім мазмұнын жаңартудың тетігі етіп алуды қажет етеді. Осы тұрғыдан келгенде тіл пәндерінің оқытылу жүйесінде қойылатын талап та әмбебаптық сипатта өріс алып отыр /1;2/.

Неміс тілі пәнін оқытудың жаңа міндеттері де осы талаптармен ұштастырылып отыр. Онда тек терең грамматикалық білім, я сауатты сөйлеу мен жазу дағдыларын дамыту меселесі ғана емес, ендігі жерде тілдің әлеуметтік мәнін түсінуге, тіл қызметінің заңдылықтары мен деңгейін, дүниетанымдық рөліне, сөз мәдениетін жеке тұлға мәдениетінің бөлшегі деп тануына қол жеткізетіндей білім, біліктерді жетілдіру көзделеді /2/. Сондықтан гуманитарлық пәндерді оқыту әдістемесі де өзінің ғылыми-практикалық негіздерін ғылымның бірнеше салаларымен байланыстыруға, тақырыпты қамтудан гөрі, тілдік білімнің оқушының сөйлеу білігін қалыптастырудағы мәні ескеріледі, екіншіден, мектептік білім мазмұнында тіл біліміндегі жаңалықтар мен өзгерістерді де қамтуға көңіл бөлінеді. Себебі пәндік білім мазмұнын жетілдірудің басты бір факторы қашан да сол пәнге сәйкес ғылымның даму деңгейі болып қала берері сөзсіз.

Тілдік білім мен білікті жаңа талапқа сай анықтаудың келесі бір негізі ұлттық философиялық қағидалар болып саналады. Себебі тіл - әр ұлттың танымының айнасы, рухани дамуының көзі. Олай болса, тілдегі әрбір ерекшелік халықтың өміртанымымен, ұлттық болмысымен өзектес /5/. Тілді оқыту үрдісі этнопедагогикамен де тығыз ұштастыруды қажет етеді. Бұл, әсіресе, сөз мәдениетін қалыптастыруда ұлттық әдеп нормалары мен жалпыадамзаттық құндылықтарды тілдік білім мазмұнында ұштастыруға келіп тіреледі. Мұнда тілдің табиғи болмысындағы тереңдік, тазалық, кеңдік сипаттардың бүгінгі іскерлік, биік мәдениет талаптарымен үндесуі арқылы жүзеге асыруды керек етеді.

Тілді оқытудағы ендігі бір ғылыми негіздер психологиямен, оның ішінде бала психологиясымен де шектесіп жатыр. Жасыратыны жоқ, кеңестік кезеңде тым жоғары айтылып, оқытудың өзекті бір принципі ретінде қойылғанмен, аса бір көп ескерілмеген мәселе осы психологиялық ерекшеліктердің жүйесінен туындап

отырды. Жас ерекшелік, психология мәселелері аз зерттелгендіктен грамматикалық тақырыптарды жүйелеуде де, оқыту үрдісін ұйымдастыруда да нақты нәтижелерге қол жеткізу мүмкін болмады. Жаңа бағыт бұл салаға да барынша дұрыс назар аударуды талап етуде. Қазіргі жаңа мазмұнды анықтауда оның алғашқы қадамдары да сәтті болып отыр /2/.

Әлеуметтік лингвистика саласындағы жетістіктер, ізденістер тілдің әлеуметтік дамудағы рөлін, тіл мен қоғамдық сананың арасындағы байланысты, адамдар арасындағы қарым-қатынасты қалыптастырудағы ана тілінің мәнін дұрыс түсінуге ден қоюға әкеліп отыр /4/.

Тіл пәндерінен оқыту әдістемесі тілді оқытуда оның мәні мен әлеуметтік қызметі – адамдардың өзара қарым-қатынастарының ең маңызды құралы болуы екендігіне айрықша көңіл бөлініп отыр. Мектеп пен ғылыми әдістеменің міндеті - әр оқушының тілдік қабілетінің қарым -қатынас жасаудың мейлінше жетілген құралы болуын қамтамасыз ету.

Жоғарыда атап өткеніміздей, тілдің адам болмысының айнасы екендігін танытатын бір арна – тіл, сөйлеу мәдениеті болса, бұл ұғым соңғы жылдары бүкіл қоғамның назарын өзіне бұрып отырған лингвокулторологияның жаңа арналарымен тоғысып жатыр. Гуманитарлық пәндерді оқытудың, жаңа бағыттағы бұл мәселенің ең өзекті, ең көкейкесті тетік ретінде қарастырылуы білім мазмұнында сөз мәдениетіне арнайы көңіл бөлінуінен көрініп отыр. Неміс тілі курсының мазмұнын қарым - қатынаспен ұштастыра меңгертуде бұл мәселе оң шешімін тауып отыр.

Яғни, гуманитарлық пәндерді оқытудың әдістемелік жүйесін жаңартудың осындай негіздері мен олардан туындайтын жаңа талаптар қоғамдық сұраным мен мектептік білімнің арасын әрі байланыстырушы, әрі дамытушы фактор болып қала береді. Іскерлік қабілет, өркениетке ұмтылыс, сөз бен ой еркіндігіне сай білім мен біліктерді игеру осы арналардың тілді оқыту жүйесінде тұтас қамтылуы арқылы жүзеге асырылады. Біз осы бағытта тіл пәндерін оқытудың әдістемелік жүйесін жетілдіруге қатысты құжаттарды негіздеуде басшылыққа алдық. Сонымен, неміс тілі пәнінің білім мазмұны жалпы білім беретін мектептің әр сатысының негізгі мақсат-міндеттеріне сәйкестендірілді. Мәселен, бастауыш сатыда неміс тілі жалпы мәдениеттің бір бөлшегі ретінде оқушы бойында оқу әрекеті мәдениетін қалыптастыруға, яғни сауатты жазуға, сауатты тілдесуге дайындық түрінде меңгертіледі. Ал, негізгі сатыда неміс тілі сабақтарында оқушылардың жалпы лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру көзделеді және де білім базасы аясында оқушының тілдік қабілеттерін дамыту жүзеге асырылады. Негізгі сатыда тілдік білім – сөйлеу біліктілігін қалыптастырудың тетігі болып саналады.

Жоғары сатыда, яғни 10,11 (болашақта 12) сыныптарда оқушының аталған білім сатыларында алған білімдеріне сүйеніп, олардың сол білімдерін өзінің өмірлік тәжірибелерінде мәдениет талаптарына сай қолдана алу іскерліктерін жетілдіру мақсаты көзделеді. Тілдік білік сөз мәдениеті негізінде жетілдіріледі. Сонда ғана оқушының өзі меңгерген тілдерін ұлттық мұра ретінде қастерлеуіне де, оны қажетті деңгейде қолдануына да мүмкіндік туады.

Тілдің мектептік дәрежесіне сай қолданылуына жол ашу, соған сәйкес іскерлік дағдыларды жетілдіру - жалпы білім беретін мектептердегі тіл пәндерінің негізгі мақсаты. Олай болса, тіл пәндерінің ең басты ұстанымы коммуникативтік ұстаным деп белгіленуі заңды. Неміс тілі пәнінің білім мазмұны да осы ұстанымға сай түбегейлі өзгертілді. Яғни оқушының тілдік қарым - қатынас біліктілігіне басымдылық берілді де, ал теориялық материалдар соның ауқымында түсіндірілуі

ескерілді. Жаңа мазмұнда лексикалық тақырыптар ірі модульдер бойынша жүйеленіп, оқушының дайындық деңгейіне қойылатын талаптарда сөйлеу әрекетінің бес білігі - айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым, сөйлесім - біртұтас, өзара бірлікте алынды. Бұл білім мақсаты мен білім нәтижесі аралығындағы барлық бөліктердің сабақтастырылуына негізделеді /3/.

Қорыта айтқанда, жалпы білім беретін мектептерде неміс тілі пәнін оқыту ісі әдістемелік тұрғыда төмендегідей бағыттар бойынша жетілдірілді:

1. Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері қазіргі қоғамдық-әлеуметтік талаптарға сәйкес айқындалды;

2. Қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқытудың әдістемелік жүйесін жаңа педагогикалық парадигмаға – оқушының оқу әрекетінің; субъектісі деп тануға - басымдылық бере отырып өзгертудің жолдары анықталды;

3. Осыған сәйкес стандарттағы оқушының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар "Білімдік" және "Біліктік" параметрлері бойынша нақтыланып, ажыратылып белгіленді;

4. Білім мазмұнындағы оқу материалдарының үлес-салмағы: а) оқушының сөйлеу қабілетін дамытуға, сөз мәдениетін жетілдіруге; ә) теориялық білімін жүйелеуге, білімнің сапалық деңгейін көтеруге; б) оқушының тарихи-танымдық көзқарастарын қалыптастыруға қатынасына қарай қайта сарапталып толықтырылды.

Гуманитарлық пәндерді оқытудағы қоғамдық реформа талаптары ескеріліп, білім мазмұнын жаңартуда отандық дәстүрлі мектептің озық тәжірибелері мен әлемдік білім жүйесіндегі демократиялық, ізгілендіру, гуманитарландыру тенденцияларының ұштастырылуына басымдылық берілді.

Неміс тілі пәнін оқытудың ғылыми-дидактикалық негіздерін белгілеуде ең басты үш фактор басшылыққа алынды: а) пәннің өзге де ғылым негіздерімен тығыз байланыстылығы; ә) пәндік білімдердің оқушы дүниетанымын қалыптастыруда алатын орнын ескеру; б) әдістеме, педагогика, психология, әлеуметтану, мәдениеттану бірлігіне қол жеткізу.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жалпы орта білім. –А., 2002. 85-114.
2. Витлин Ж.Л. Эволюция методов обучения иностранным языкам в XX веке. // Иностранный язык в школе, 2001, №2, с. 23.
3. Вайсбрут М.Л., Рубинская Б.И. Деятельностный подход при отборе коммуникативного минимума для среднего этапа обучения. // Иностранный язык в школе, 1990, №1, с.23-28.
4. Бедриков К.Е. Очерки по истории народного образования в Туркестане (1865-1924). –М., 1960, с.431.
5. Козлов П.Г., Молдажаров Ж.М. Алма-Атинскому педагогическому институту иностранных языков 40 лет. –А., 1981, с.28.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада орта мектепте неміс тілі пәнін оқытудың жаңа бағыттары мен оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілу мәселесі қарастырылған.

#### РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены новые направления обучения немецкому языку в средней школе, а также вопросы учебно-методического обеспечения.

УДК 378.372:78

**К ПРОБЛЕМЕ ПОСТРОЕНИЯ ТЕОРИИ ТВОРЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ  
ПЕДАГОГА-МУЗЫКАНТА**

Бекмухамедов Б.М. (г. Алматы, КазГосЖенПИ)

Развитие творческих сторон личности педагога-музыканта как многогранная специфическая проблема, характеризуется выявлением определенных совокупностей идей, понятий, принципов, психолого-педагогических методов, достижений экспериментальных исследований в области его профессиональной подготовки и использованием соответствующего педагогического опыта, накопленного в сфере музыкальной педагогики и психологии. Существенной стороной исследования этой проблемы является актуализация психолого-педагогического потенциала музыкально-педагогической науки и эмпирического опыта традиционной музыкальной культуры, в лоне которых, органически взаимодействуя на протяжении ряда десятилетий, кристаллизовался фундамент института музыкальной культуры. Это весьма позитивное начало перспективно обобщением основных закономерностей не только процесса музыкального обучения и воспитания, но и развития творческого потенциала личности.

В научно-педагогической литературе авторами многих поколений уделялось внимание развитию творческих сторон личности в самых различных областях человеческих знаний. Причем градация изучаемых направлений настолько велика и охватывает такое множество сопутствующих факторов и моментов (в т.ч. эпоха и время обращения, область жизнедеятельности, половозрастные дифференциации, виды деятельности, методы, средства, способы и т.д.), что даже при условии определенного (скажем, профессионального) ограничения, очень сложно полностью и всеобщее охватить всю полноту и глубину интересующей нас информации.

Поставленная перед нами задача, по своей сути выводит нас к осмыслению проблемы на стыке, по крайней мере, двух фундаментальных дисциплин – философии и психологии (не говоря уже о других) и обобщению в них ряда теоретических положений, играющих весьма существенную роль в понимании объективных и закономерных процессов формирования и развития личности в онтогенезе и места творчества в ее становлении. Обоснованием к такому двоякому апеллированию служит тот факт, что до настоящего времени проблема творческого развития личности в области музыкальной педагогики не приобрела сколько-нибудь целостного оформления основных своих положений в виде теоретической концепции.

Имеющиеся исследования, научные статьи и публикации, в частности, относительно профессиональной подготовки студентов музыкально-педагогических факультетов педвузов, можно условно дифференцировать и классифицировать по отдельным сторонам их обращенности в решении тех или иных творческих проблем. В работах Э.Б.Абдуллина, Н.П.Антонец, Л.Г.Арчажниковой, Л.Ю.Берикхановой, Я.Я.Бирзкопса, М.Р.Дадашевой, Т.И.Карнауховой, В.И.Муцмахера, А.Ф.Назарова, И.Н.Одиноквой, Т.А.Стахи, Г.А.Трифоновой, К.А.Цатуряна, Г.М.Цыпина, Г.И.Шахова, Г.И.Шевченко, Т.И.Шевченко и др. рассматриваются общие методологические и теоретические проблемы профессиональной подготовки будущих учителей музыки, в которых в той или степени отражены вопросы развития креативных сторон личности педагога-музыканта.

Ряд исследователей раскрывает психологические особенности развития способностей студентов педвузов в процессе выполнения ими творческих форм деятельности (А.Л.Готсдинер, Д.К.Кирнарская, А.И.Рубан, Т.Ф.Цыгульская и др.). В трудах других исследователей обращено внимание на полифункциональные использование традиционного народно-музыкального творчества в профессиональной подготовке будущих учителей музыки (М.Т.Абраров, К.Абышев, С.Балашова, Т.Надеждинская, А.Петров, Ю.Юзбашян, К.Ф.Тураев и др.). Следует отметить, что в перечисленных работах не ставится задача целостного обобщения теоретического фундамента развития личности педагога-музыканта.

Методические разработки, касающиеся развития эвристических сторон личности музыканта самых различных уровней и звеньев, безусловно, занимают сегодня ведущие места в перечне музыкально-образовательных проблем. Однако, большинство этих практических разработок, все же оторваны от должных методологических корней, по сути, не имея под собой твердой теоретической базы, остаются эмпирическими и неглубокими.

Возможно, поверхностно понимая действительную сложность поставленных перед ними проблем, отдельные методисты-практики, тем не менее, не упускают из виду определенного намерения «подвести соответствующую методологическую платформу», предлагая на веру принять свой личностный опыт и представить «некоторые» давно известные теоретические положения, как универсальные. Теоретики от философии в этом отношении предупреждали о пагубном влиянии на творчество «узкого методологизма, переходящего в настоящий технометодизм. Представители этих направлений не смущаются давать советы из собственного опыта «как творить», «что творить» и т.д., сужаясь и ограничиваясь рамками узкого профессионализма» /1, с.53/. Следует отметить, что кроме перечисленных моментов существует еще и масса других причин, не позволяющих исследователям творческого процесса в области музыкального искусства выйти на более прочный и устойчивый путь решения сложившихся проблем.

Республика Казахстан, определившая для себя рыночный путь развития экономики и выход на международную арену, также придает огромное значение системе образования, стратегическими задачами которой выступают:

- повышение качества образования;
- создание высоконаучной, конкурентноспособной системы образования, способной дать кадровое сопровождение и стимулы развитию рыночной экономики, культуры, науки и техники;
- рационализация сети вузов;
- вхождение высшей школы в мировую образовательную систему с учетом национальных и исторических особенностей страны;
- переход на новую модель формирования студенческого контингента.

В современных условиях обществу требуются специалисты, способные к творческой самореализации, гибкому мышлению, понимающие тенденции развития государства в целом. Им необходимы системное видение задач профессиональной деятельности, умение выдвигать цели и стремление к высоким результатам труда. Этому способствует высокопрофессиональная работа учителей школ и преподавателей вузов. В связи с чем, огромное значение следует уделять подготовке педагогических кадров.

Современный специалист-педагог должен обладать широкими общими и специальными знаниями, способный принимать решения и нести за них ответственность, быстро реагировать на изменения в технике и науке, соответствующие требованиям новых технологий, которые сегодня повседневно внедряются во все сферы жизнедеятельности человека. Также, ему необходимы социально-психологическая компетентность, аксиологические устремления, идеалы, ценности, человеческие и гуманные побуждения, аналитическое мышление, высокий уровень культуры, знание законов межличностного общения, самоорганизация и саморегулирование.

Учитывая всерастущий спрос общества в высококвалифицированных педагогических кадрах, система образования начала осуществлять многовекторное развитие профессиональной подготовки учителей в Казахстане. Оно должно совершенствоваться на основе научно-обоснованной сравнительно-педагогической характеристики современного состояния и тенденций развития государственной политики в области педагогического образования, диалектической взаимосвязи теоретических и педагогических направлений профессиональной подготовки учителей с философией и психологией; систем непрерывного педагогического образования за рубежом.

В последнее время огромное внимание уделяется профиограмме учителей, которая находится на стыке деятельности психологов, работодателей и педагогов. Профиограмма представляет собой краткую характеристику условий и видов будущей работы, критерии и нормативы профессиональной пригодности, психограмму, предназначенную для описания особенностей функционирования психических процессов в течение профессиональной деятельности, шкалу для оценки, выстроенную на выборе молодых специалистов.

Современный учитель в своей работе должен стремиться к формированию целостной личности как субъекта культуры, создавать условия для реализации ее потенциальных возможностей. К тому же, подрастающее поколение должно быть готово:

- к жизни в быстроменяющихся условиях рыночной экономики;
- к свободному выбору условий существования;
- к демократическому развитию общества;

- к расширению масштабов межкультурного взаимодействия;
- к проявлению коммуникабельности и толерантности;
- к межличностному, межкультурному, международному сотрудничеству для решения глобальных проблем;
- к постоянному повышению и кардинальным сменам профессиональной квалификации и места в социальной структуре;
- к жизнедеятельности в условиях динамичного развития экономики;
- к переходу к постиндустриальному информационному обществу.

Особую актуальность в современное время имеет профессиональная ориентация школьников на педагогические специальности. Чем раньше школьник определится в выборе своей будущей профессии, тем осознаннее будет его выбор в дальнейшем и быстрее сформируются интерес, ценностные установки, склонность к выбранной сфере деятельности. Для профессиональной ориентации на педагогические специальности необходимы:

- целенаправленная работа учителей-предметников и классных руководителей по профориентации, начиная с первого класса;
- проведение семинаров и встреч с преподавателями педагогических вузов;
- посещение «Дня открытых дверей» вузов не только выпускными классами;
- объединить в единую компьютерную сеть школы и вузы (как в Англии и США) с целью ознакомления с каждым учеником: его интересов, ценностей, способностей, вкусов, уровня успеваемости, особенностей характера, состояния здоровья и т.п.

Профессиональная подготовка учителя включает его общую и специальную подготовку. Общая подготовка будущего учителя предполагает овладение основами наук: философии, социологии, культурологии, политологии, религиоведения и др., способствующих общекультурному развитию и становлению личности.

Специальная подготовка включает в себя теоретическое и практическое овладение будущей специальностью. Теоретическая подготовка связана с изучением специальных дисциплин психолого-педагогического цикла. Практическая часть включает выработку профессиональных умений, организованных на педагогической практике в образовательных учреждениях, семинарах, конференциях и при самостоятельной работе студентов.

Подготовка будущего учителя нового тысячелетия требует пересмотра учебных планов, программ, разработки современного учебно-методического комплекса, внедрения новых технологий преподавания и диагностики профессиональной деятельности, оценки и контроля знаний студентов, повышения квалификации самого преподавателя, увеличения спонсорских грантов, стипендий и кредитов.

Изменение учебных планов и программ должно осуществляться с учетом главного требования профессиональной подготовки учителя, а именно, систематичности и последовательности изучения психолого-педагогических дисциплин на протяжении всего периода обучения в вузе. Это будет способствовать глубокому усвоению специальных предметов. Однако, с внедрением кредитной технологии в педагогических вузах произошло сокращение часов изучения психолого-педагогического цикла, «свертывание» отдельно читаемых предметов, таких как «Дидактика», «Методика воспитательной работы», «Этнопедагогика», «Основы семейного воспитания»,

«История педагогики» в один – «Педагогика» (который изучается один учебный год, а на некоторых специальностях только семестр), что, по нашему глубокому убеждению, крайне недопустимо и ошибочно, так как это приведет к снижению профессионально-теоретической подготовки будущего учителя.

Разработкой учебно-методического комплекса по изучаемым дисциплинам должны заниматься отдельные специалисты: теоретики и практики в организованных при вузах и Академиях образования лабораториях. Учебно-методический комплекс должен быть доступен студенту через библиотечный фонд, либо в виде электронного учебника в Центрах компьютерных технологий. Для этого необходимо в каждом вузе открыть многочисленные компьютерные классы для самостоятельной работы студентов и преподавателей, имеющих к ним свободный доступ.

Для повышения уровня профессиональной деятельности преподавателей важное значение приобретает сотрудничество с зарубежными вузами с целью обмена опытом. Оно предполагает проведение Мастер - классов ведущих преподавателей, приглашение зарубежных коллег для чтения лекций, посещение открытых занятий доцентов, профессоров, учителей-новаторов, дистанционное обучение под руководством тьюторов, прохождение стажировок на кафедрах престижных Университетов мира, участие на Международных конференциях. Это будет способствовать не только совершенствованию преподавателя и его самообразования, но и приведет к более качественной подготовке специалистов по избранной профессии, что, в целом, повысит качество высшего образования.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстандағы жоғары оқу орындарында педагогикалық мамандарды кәсіби даярлаудың кейбір мәселелері қарастырылған.

#### РЕЗЮМЕ

В статье раскрываются некоторые вопросы подготовки педагогических кадров в высших учебных заведениях РК.

### **МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ИССЛЕДОВАНИЮ НЕПРЕРЫВНОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

Кульчанова С.А. (г. Алматы, КазГосЖенПИ)

Одним из важнейших элементов реформирования системы непрерывного педагогического образования является обоснование теоретико-методологических основ непрерывного педагогического образования. Казахская система образования в условиях устаревшей методологической базы образования, структуры, содержания недостаточна для поэтапного ее вхождения в мировое образовательное пространство.

Нами была запланирована научно-исследовательская работа по разработке теоретико-методологических основ непрерывного педагогического образования в контексте достижений современной теории и практики. В связи с необходимостью установления основных направлений исследования были определены: логика и методы научно-педагогического исследования,

методологические концепции, принципы, а также научные школы, изучение которых будет способствовать получению достоверных результатов.

Методология как учение о структуре, логической организации, методах и средствах деятельности образует необходимый компонент исследования проблемы, становясь предметом осознания и развития содержания профессионального образования.

Методологические основы исследования проблем содержания профессионального образования во многом определяются идеями и глубиной видения методов познания и преобразования действительности. Они могут быть зафиксированы в форме предписаний, нормативных положений и в виде описаний – учебно-методических документов. Поэтому методологическое значение данной проблемы выступает одновременно как нормативное, так и дискриптивное учение. Однако в обоих случаях основной функцией этого знания является внутренняя организация и регулирование познания процесса развития содержания профессионального педагогического образования. основополагающим для педагогических исследований, посвященных проблеме подготовки педагога (ППО) являются исследования О.А.Абдуллиной, С.И.Архангельского, Ю.К.Бабанского, Ю.К.Васильева, Э.А.Гришина, Н.В.Кузьминой, А.И.Пискунова, А.И.Рувинского, А.П.Сейтешева, В.А.Сластенина, А.И.Щербакова и т.д.

Без глубокого теоретического осмысления указанных вопросов невозможно практическое решение профессиональных задач педагогов. Для разработки теоретико-методологических основ непрерывного педагогического образования в контексте достижений современной теории и практики определялись научные подходы. А научные подходы к разработке теоретико-методологических основ определялись в связи с изучением содержания различных теорий.

Методологической основой организации является теория о целостном педагогическом процессе, теория управления и теория коллектива. На основании теории о целостности педагогического процесса взаимодействие педагогических коллективов системы «школа – колледж – ВУЗ – послевузовское образование» можно рассматривать как целостную систему «педагоги – педагоги». А целостность педагогического процесса определяется единством цели и результата при взаимодействии систем разного порядка внутри системы.

Для определения методологических подходов были рассмотрены методологические аспекты организации непрерывного взаимодействия педагогических коллективов системы «школа – колледж – ВУЗ – послевузовское образование». Также был разработан план организации деятельности, который предполагает практическую деятельность каждого в изучении проблемы непрерывного педагогического образования в системе: «школа – колледж – высшее педагогическое образование – послевузовское образование».

Социально-психологический аспект непрерывного взаимодействия педагогических коллективов в условиях «школа – колледж – ВУЗ – послевузовское образование» является главной причиной несформированности целостного педагогического коллектива единомышленников. Ответственной частью процесса формирования педагогического коллектива является работа по конструированию ценностно-нормативного единства.

В ходе изучения проблемы также были определены методологические принципы, которые могут служить основополагающим диалектическим методом нашего исследования. Принципами непрерывного педагогического образования РК являются: гуманизм, фундаментальность, интегративность, универсальность, непрерывность и преемственность этапов и ступеней педагогического

образования, гибкость и вариативность содержания, технологий образовательного процесса, адаптивность, всеобщность, интеграция формальных и неформальных образовательных структур.

В системе методологических законов и принципов, используемых при исследовании в педагогической науке, одно из центральных мест занимают принципы историзма и системности. Эти принципы, представляющие собой важный аспект философской методологии, могут служить основополагающим диалектическим методом в исследовании профессионального образования.

Использование принципа историзма и системного подхода при исследовании теории содержания профессионального образования позволяет отразить его исторический опыт развития и структурно-содержательные и процессуальные стороны, выявить генезис и условия становления на различных этапах, выяснить механизм влияния факторов и компонентов, из которых оно складывается, и дать им оценку.

Принцип историзма является фундаментальным принципом диалектики, начиная с его генезиса, в процессе развития, в связи с конкретными социальными условиями, которые были на всех его временных этапах. В целях эффективного использования принципа историзма в исследовании содержания профессионального образования рассмотрим его сущность как научного метода познания. Теория современной педагогики располагает достаточно богатым опытом в использовании принципа историзма как одного из основополагающих принципов диалектики.

Принцип историзма можно представить в виде следующих основных компонентов:

- настоящее содержание профессионального педагогического образования – ключ к познанию его прошлого и представление о будущем, как исходный пункт исторического рассмотрения исследуемого предмета;
- генезис содержания профессионального педагогического образования – выявление взаимосвязи его предпосылок (условий возникновения) начало формирования и его становления;
- этапы развития содержания подготовки педагога – выделение основных периодов истории;
- будущее развитие содержания подготовки педагога – необходимый результат прошлого и настоящего предвидение будущего, прогнозирование основных тенденций его развития.

В организации научного исследования проблемы непрерывного педагогического образования следует руководствоваться системным подходом, позволяющим выявить общие свойства и качественные характеристики изучаемых явлений и предметов, определить сущность целей, содержания, методов, форм, средств, материально-технической базы каждого компонента системы непрерывного педагогического образования. Принцип системности представляет важный аспект философской методологии. Проблема системности получила достаточно полное отражение в работах философов А.Н.Аверьянова, В.Г.Афанасьева, В.П.Кузьмина, Л.Н.Науменко и др.

Таким образом, роль использования системного принципа заключается в необходимости понимания предмета исследования, как носителя, подлинного субъекта противоречия. А познание противоречий дает нам возможность рационально выразить в логике понятий, развитие содержания профессионального педагогического образования в его движении. Принцип системности в единстве с принципом историзма образует концептуально-

методологическое основание для объективного познания процесса развития содержания.

Методологическое обеспечение исследования (по В.В.Краевскому) указывает на необходимость сочетания системы теоретических знаний с организацией системы педагогической деятельности. Специальная научная деятельность, направленная на совершенствование теории непрерывного педагогического образования – показатель формирования методологического обеспечения исследования.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Анисимов О.С. Основы методологического мышления. - М: Всероссийская высш. шк. управления АПК РСФСР, 1989. -412 с.
2. Гершунский Б. С. Педагогическая прогностика: методология, теория, практика. - Киев: Вища шк., 1986. - 200 с.
3. Костюк Г.С. Методология научного исследования. /В.Н.Костюк. -Киев; Одесса: Вища шк., 1976. - 179 с.
4. Методологические проблемы развития педагогической науки. /П.Р.Атутов, М.Н.Скаткин и др., М: Педагогика, 1985.-236 с.
5. Никольская Т.К. Единство научного знания: Методологические вопросы науки. // Логико-методологические проблемы исследования категории диалектики: Межвуз. науч. сб. Вып. 9. Саратов.,1983.
6. Проблемы методологии педагогики и методики исследований. Под ред. М.А.Данилова и Н.И.Болдырева. - М., 1971.350 с.
7. Скаткин М.Н. Методология и методика педагогических исследований. - М.,1986.144 с.
8. Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: методология, теория и практика формирования. – А., 2000. 381с.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жаңа теория мен практика жетістіктері аясында үздіксіз педагогикалық білімнің әдіснамалық негізі әлеуметтік-психологиялық аспектіде қарастырылды. Сол сияқты үздіксіз педагогикалық білімнің компоненттерінің сабақтастығы жайында мәселелер қарастырылған.

#### РЕЗЮМЕ

В статье методологические основы непрерывного педагогического образования достижений теории и практики рассматриваются в социально-психологическом аспекте, а также рассматриваются вопросы преемственности компонентов непрерывного педагогического образования.

### ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Қалиев С.Қ. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Адам баласы дүниеге келген күннен бастап өз ұрпағын өмірге, еңбекке икемдеп, тәрбиелеп келгені көпке аян. Бүгінгі қалыптасқан белгілі ғылыми-теориялық заңдары бар педагогика ғылымы өмірге келгенше де адамзат тәрбие ісімен айналысып бақты. Оның қағазға жазылып түспеген, бірақ халық жадында

мәңгі сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа ғасырлар бойы ауызша нақыл-ақыл, өсиет-өнеге, қағида болып тарап келген білім-білік, тәлім-тәрбие беру тағылымдары бар. Ол халықтық педагогика деп аталады.

Халықтық педагогика салт-дәстүр, жол-жора, ырымдар, тағам дайындау, қонақ күту рәсімдері мен ауыз әдебиеті үлгілері, ұлттық ою-өрнек, өнер түрлері, спорт ойындары арқылы отбасылық тәрбиеден басталып, ауыл-аймақ, ел-жұрт, ру-тайпа қала берді бүкіл халықтық қарым-қатынастан берік орын алған тәлім-тәрбиенің түрі, адам мінезін, іс-әрекетін қалыптастырудың белгілі нормасы болып табылады. Олай болса халық педагогикасы қоғам дамуының (алғашқы қоғамнан бастап) белгілі сатыларынан өтіп, ғылыми педагогикалық дәрежеге жеткенше ұрпақ тәрбиесінің бастау бұлағы, педагогиканың алғашқы құралы және тәрбие жүйесі қызметін атқарып келгенін байқаймыз. Яғни, осыдан келіп ғылыми педагогика мен халықтық педагогиканың тәрбие тәсілдеріндегі сабақтастығы, принциптік-идеялық үндестігі туындайды.

Бүгінгі әлемдік аренаға жеткен ғылыми-педагогика халықтық педагогикадан бастау алып, оны ғылыми теориялар мен қағидалар тұрғысынан жан-жақты зерттеп қарастырып өз қажетіне жаратады. Осы қажеттіліктен келіп халықтың эмпирикалық тәжірибесіне негізделген ұрпақ тәрбиелеу тағылымдары халықтық педагогиканы ой елегінен өткізіп зерттеп, тәрбие мен оқу ісінің өзекті құралы етудің жолдарын және оның шығу, даму кезеңдерінің өзіндік ерекшеліктерін, басқа ғылымдармен байланысын зерттейтін педагогиканың ғылыми бір саласы этнопедагогика пайда болды. Бұл жөнінде тұңғыш анықтама беріп, термин ретінде ғылыми педагогикаға енгізуші көрнекті ғалым Г.Н.Волков болды. Ол өзінің “Этнопедагогика” атты еңбегінде халықтық педагогика мен этнопедагогика ұғымының айырмашылығын, зерттеу объектісі мен мазмұнын ашып көрсетті.

Г.Н.Волковтың пікірінше, халықтық педагогиканың ерекшелігі: оның адам баласының дүниеге келген күннен бастап бірге жасасып келуінде, еңбек тәрбиесінің алғашқы адамдар өмірінде басты рөл атқарғаны, тәрбиенің басқа түрлерінің кейін туғандығы, халықтың тәрбие жөніндегі қағидаларының өмірлік тәжірибеге негізделген эмпирикалық білім болып келуі, оның ұлттар мен ұлыстардың жазу мәдениеті шықпай тұрған кезінде пайда болып, халық арасында ауызша тарауы, сондықтан да оны шығарушы авторларының аты-жөнінің халық жадында сақталмай бүкіл халықтық мұраға айналып кетуі, халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі озық тәжірибелерімен ой-түйіндерінің сол халықтың ой-тілегімен, арманымен ұштасып келгендіктен озық үлгілерінің мәңгі сақталып, ал тозығының біртіндеп тәрбие жүйесінен шығып қалуы, халық педагогикасы өнерге, еңбекке негізделгендіктен үнемі жетілдіру, ұшталу үстінде болуы, сондай-ақ халық педагогикасының ғылыми жүйеге, теорияларға, құрылмай жеке бастық тәрбиенің озық үлгілеріне және оның нәтижесіне құрылуы, тәрбие тәжірибесінің ғасырлар бойы жалғасып үзілмей келуі (преемственность), алғашқы тәрбие түрлерінің қоғамда бөлінбей синкретті тұтас түрінде берілуі (мысалы қол, би, музыка өнерлерінде ой еңбегі мен дене еңбегі, ақыл-ой тәрбиесі мен еңбек тәрбиесінің бірге ұштасып келуінде) деп саралай көрсете келеді де, “Халық педагогикасы ру, тайпа, ұлттар мен ұлыстардың ұрпақты тәрбиелеу тәжірибесіне негізделген, халықтық тәрбие құралдары (салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ойын түрлері, ауыз әдебиеті үлгілері) арқылы іске асыруға құрылса, ал этнопедагогика теориялық ойларға, ғылымға негізделеді. Ол халықтың этнографиялық салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін педагогикалық, логикалық ғылыми ойлау жүйесі тұрғысынан зерттеп қарастырады. Яғни халық педагогикасы ғылымға шикі материал даярлаушы мәліметтер көзі болып табылса, сөйтіп педагогика ғылымына қызмет

етушінің рөлін атқарса, ал этнопедагогика халықтың бала тәрбиелеу тәжірибесін, педагогикалық мәдениетін зерттеп оның прогрессивтік үлгілерін бүгінгі оқу-тәрбие ісіне жаратудың жолдарын ғылыми тұрғыда қарастырады” (Г.Н.Волков, “Этнопедагогика”, Чебоксары. 1974, стр.7) – дейді.

Халық педагогикасында тәрбие мәселесі бірінші орынға қойылып келеді. Ол заңды да еді. Себебі: халық педагогикасы ғылым мен мәдениеттің дамып жетілмеген кезінде пайда болғандықтан тәрбиені еңбек пен өнерге, оның ішінде қолөнерге негіздей жүргізуді уағыздады. Бертін келе оқу-білім дамып, ғылым мен техника өрістей бастаған кезде XVII ғ. Славян педагогы Я.А.Коменскийдің атымен байланысты ғылыми педагогика пайда болды. Ғылыми педагогиканың теориялық заңдары қалыптасып өмірге келді. Я.А.Коменский өзінің атақты “Ұлы дидактика”, “Ағайынды чехтарды тәрбиелеу” атты еңбектерінде тұңғыш білім беру ісі мен тәрбие ісін біртұтас прогресс деп қарау тенденциясын ұсынды.

Тәрбие әлуметтік прогресс, ал адамның жеке басының өсіп жетілуі, дамып, қалыптасуы – ол әрі әлуметтік, әрі биологиялық прогресс. Осы ерекшеліктен келіп педагогикада қоғамтану мәліметтерін жаратылыстану мәліметтерімен кіріктіре қарастыру қажеттілігі пайда болады. Оның себебі педагогика адам тәрбиесінің қажетін өтеуші, қоғамдық сұранысты іске асырушының рөлін атқарушы болып отыр. Ал педагогика жеке басты (индивидумды) тәрбиелеп жетілдірудегі іс-әрекетті оқу-тәрбие орындары арқылы іске асырады.

Адам тәрбиесінде білімнің теориялық жақтарының шешуші рөл атқарғанымен, оны (теорияны) жеке басты оқытып, тәрбиелеп жетілдіруге пайдалану үшін тәжірибеде қолданудың әдіс-тәсілдері керек. Міне, осыдан келіп теория мен тәжірибенің (оқытудың) байланысы, оны іске асырудың жолдарын қарастыратын педагогика ғылымының бір саласы – оқытудың әдістемелік қажеттілігі туындайды.

Білім беру мен тәрбие ісінің теориялары өмір тәжірибесімен тығыз ұштасқанда ғана адам қажетін толық өтей алады. Ғылыми теориялар тәжірибеге негізделмесе ол тиянақты ғылым болмайтыны сөзсіз.

Өткен ғасырдағы педагогика тарихына көз жіберсек, ұжымдық педагогикалық тәрбиенің мәні мен маңызына, халықтық тәрбие жөніндегі данышпандық ой-тұжырымдарына әл-Фараби, Ибн-Сина, Фердауси, Омар Хайям, Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, К.Д.Ушинский, Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбов, Л.Н.Толстой, Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев сияқты ойшыл-оқымысты ғалымдардың бірде-бірі көңіл бөлмей өткен емес. Олар халықтың бала тәрбиелеудегі тәжірибесінің, педагогикалық ойларының прогрессивтік жақтарына ерекше мән беріп, халықтық тәрбиенің негіздеріне ғылыми талдаулар жасады.

Этнопедагогика ғылымы орыс, батыс елдеріне XVII-XVIII ғ. бастап қолға алынған болса, қазақ этнопедагогикасының зерттелу жәйін және оның ғылым ретінде қалыптасу тарихын сөз етсек оны үш кезеңге бөліп қарастырамыз.

*Бірінші* XIX ғ. екінші жартысында өмір сүріп, қазақтың ұлттық тәлімгерлік ой-пікірлері мен салт-дәстүрлері жайында тұңғыш зерттеу еңбектерін жазған Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты демократ, ағартушылары мен орыс, батыс саяхатшы, этнограф ғылымдарының (Э.С.Вульфсон, П.С.Паллас, А.Вамбери, А.Левшин, В.Радлов, А.Янушкевич, Н.Г.Потанин, Н.Л.Зеланд т.б.) қолжазбалары десек, *екінші* XX ғ. алғашқы 20-30 жылдарында бұл істі ғылыми тұрғыда арнайы қарастырып сөз еткен Ә.Диваев, А.Байтұрсынов, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, Х.Досмұхамбетов, М.Дулатов, Н.Құлжанова, М.Әуезов, т.б. болды. *Үшінші* кезең 40-50 жылдық үзілістен кейін 1970-80

жылдары қазақ этнопедагогикасын зерттеу ісі қайта қолға алынып жандана бастады. Бұл кезеңде М.Ғабдуллиннің, Қ.Бержановтың, М.Әлімбаевтың, Ш.Ахметовтың, А.Көбесовтың, Қ.Жарықбаевтың, С.Қалиевтің, Қ.Сейталиевтың, Ә.Табылдиевтің т.б. баспа арқылы жарық көрген зерттеу еңбектерін ілттипатпен атауға болады. Әсіресе Қазақстан республикасы егемендік алғаннан кейін (1991-2001 жж.арасында) этнопедагогиканың мәселелеріне арналған он докторлық, қырыққа жуық кандидаттық диссертациялар қорғалды.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының, фольклорлық шығармаларының шығу тарихы мен тәлімдік мәнін тұңғыш зерттеп ғылыми еңбек жазған, қазақ мәдениетін орыс, батыс ғалымдарына танытуда ерекше еңбек еткен ғалым Шоқан Уәлиханов (1835-65 жж.) болды.

Патшалы Ресей XVIII ғ. екінші жартысынан бастап Қазақстан мен Орта Азия мемлекеттерін отарлап алу ісіне белсене кіріскен болатын. Ұлы мемлекеттер көрші елдерді отар етіп жаулап алу үшін ең алдымен сол елдің географиялық жағдайымен, шаруашылық кәсібімен, тұрмыс-тіршілігімен, салт-дәстүрімен, мәдениетімен танысып, зертеп білуді мақсат еткен.

Кадет корпусында оқып шығыс халықтарының әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігі мен тілін, дінін жақсы білетін Ш.Уәлиханов осы саясатты іске асыруға қолайлы келді. Ш.Уәлихановтың Батыс-Сібір генерал губернаторының тапсырмасымен 1856-57 жылдары ұлы жүз қазақтары мен қырғыздар арасына, қытайдың Жоңғария даласына бару сапары да осы саясаттың жалғасы еді.

Шоқан қырғыздың “Манас” жырын жазып алып зерттей келе, бұл жырда Алтын Орда дәуірінің батырлары Едіге, Еркөкше, Орақ, Мамай сияқты қазақ батырларының да аттары кездесетініне тоқтала келеді де, қазақ, өзбек, қырғыз жұртының аңыз-әңгіме, ертегі, жырларындағы мазмұндық ұқсастықты тұрмыс-тіршілік, кәсіби ұқсас-тықтан іздестіреді. Мысалы, Манас жырындағы балуандар күресі, жамбы ату, садақ тарту, теңге алу, жаяу бәйге, ат жарысы, күрес, сайыс, қалың беріп қыз айттыру немесе өлгендерге ас беру салт-дәстүрлері, жеңімпаздарға берілетін бәйге, сый-сияпат, жол-жоралар қазақ халқында да бар. Қаңлы, Қоңырат, Қыпшақ, Найман руларының қырғыз, өзбек, қарақалпақ жұрттарында да кездесуіне қарағанда, Алпамыс, Қобыланды, Ер Қосай, Қырық қыз жырларының қазақ, өзбек, қарақалпақ, түрікмен жұртында да аздаған өзгешелігімен қайталануына және олардың ортақ жауы Жоңғарлар болып келетініне қарағанда, олардың түп атасы бір – түрік жұрты деген қортындыға келеді.

Шоқан қазақтар мен қырғыз жұртының арасында шаман дінінің ұзақ уақыт бойы ислам дінімен қатар өмір сүріп келе жатқанын, тіпті, бұл жұрттардың дінге деген сенімінің онша күшті емес екендігін айта келеді де, келін түсіру дәстүрінде шаман діні ырымдарының басым орын алатынын (отқа май құю, келіннің отқа салар апаруы, ауруды бақсы-балгерлердің отпен аластауы т.б.) айтады. Шоқан қазақ арасында әруаққа сыйынушылықтың күшті екенін, олардың қысылған кезде өздерінің әулиелеріне сыйынып, ата-бабаларының әруағын атап шақыратынын, сәті түскен істің бәрін әруақтың қолдап жебеуінен деп қарайтынын, өлген адамның басына зират салу, ескерткіш орнату, мал сойып тасаттық беру дәстүрлерінің бәрі әруақты қастерлеуден туған ырымдар екенін айта келіп, ауруларды бақсы-балгерлердің отпен емдеуін, қазақтардың оларды сәуегей, емші, музыкант, әулие деп танығанын, моңғол тілінде шаман “ұстаз” деген сөз екенін, ал ұйғырларда сауатты адамды “бақшы”, түркімендерде ақын-жыршыларды “бақшы” деп атағанын айта келіп, Қорқыт пен Көрұғлылар осы шамандардың мұсылмандар арасындағы өкілі болған деген қортындыға келеді.

Шоқан Уалихановтан кейін қоғамдық аренаға өткен ғасырдың 60-80 жылдарында шығып, қазақ даласында мектептер ашып, оқулықтар жазып, оған ауыз әдебиетінің асыл үлгілерімен қоса, К.Д.Ушинский, Л. Толстой, И.А.Крылов, И.И.Пульсонның әңгіме мысалдарын аударып енгізіп, өзінің де еңбекті, адамгершілікті дәріптейтін өлең, әңгіме, новеллаларын жазып ұсынуымен ағартушылықтың туын тіккен ұлы педагог Ы.Алтынсарин (1841-1889) болды.

Ыбырай діни оқудың өзін адамгершілікті, гуманизмді насихаттауға бейімдеу керек деп қарады. Осы мақсатпен ол 1883 жылы өзінің “Мұсылманшылық тұтқасы” атты оқу құралын жазып, Қазан қаласынан араб әрпімен Н.И.Ильминскийдің көмегімен бастырып шығарды.

Ы.Алтынсариннің “Мұсылманшылық тұтқасы” (“шариат-ұл-ислам”) кітабын жазып шығаруына екі түрлі жағдай себеп болды: біріншіден, сол заманда қазақ ауылдарында оқытылатын діни кітаптар (“иманшарт”, “кәлем шариф”, “әптиек” т.б.) араб тілінде жазылғандықтан оның мазмұнын не молда, не шәкірт түсінбей құрғақ жаттаумен болатын. Ал, діни оқулықтардың мазмұнын жете түсінбеген дүмше молдалар дін-шариғат қағидаларын өздерінше бұрмалап, теріс түсініктер беретін. Ыбырай ислам дінінің аяттарындағы адамгершілік, иманжүзділік, қайырымдылық қағидаларын өзінің педагогикалық көзқарасына негіздей отырып түсіндіруді көздеді.

Екіншіден, XIX ғ. екінші жартысында қазақ даласына тараған әдеби кітаптардың бәрі дерлік Қазан, Уфа қалаларында ағайынды Каримовтар мен Барановский сияқты татар оқығандарының басшылығымен шығарылып, қазақтың әдеби тіліне татар тілін араластыра тіл шұбарлауға бет бұрған еді. Ал, Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты қазақтың ойшыл ұлдары ұлт тілінің тазалығы үшін күресіп бақты.

Өзінің ағартушылық тәлімгерлік ісінде Ыбырай сан кедергілерге кездесті. Оның елден қаржы жинап Торғай, Ырғыз, Тобыл өлкелерінде орыс-қазақ мектептерін ашып, дүниауи пәндерді оқытуды енгізіп, мәдениет атаулыны кең түрде насихаттауын көре алмаған қожа-молдалар оған өшігіп, ел ішінде “шоқынған кәпір” деп өсек таратса, енді біреулері 1884 жылы ішкі істер министрлігі мен Орынбор генерал-губернаторына “Үкіметке қарсы ойы бар”, “социалист” деп арыз жазып, қаралауға дейін барды. Ыбырай Алтынсарин өзінің біраз еңбектерін қазақ халқының салт-дәстүрлерінің ерекшеліктерін зерттеп этнографиялық очерктер жазуға арнады.

Қазақ әдебиетінің ұлы классигі Абай Құнанбаевтың да ең алғаш нәр алған бастау бұлағы бірінші: қазақтың бай қазынасы ауыз әдебиетінің асыл үлгілері болса, екінші: Физули, Низами, Навои, Сағди, Қожа Хафиз, Фердауси сияқты шығыс классиктерінің шығармалары болды, үшінші: Пушкин, Лермонтов, Толстой, Крылов сияқты орыстың, Гете, Байрон, Шекспир, Шиллер сияқты батыстың классик жазушыларының әдеби мұраларынан үлгі-өнеге алды.

Абай қазақ әдебиетінің асыл үлгілерін әжесі Зереден, халық ақындары: Шөже, Байкөкше, Балталардан естіп жадында сақтап өссе, қазақтың шешендік сөздерін әкесі Құнанбайдың, аталары: Өскенбайдың, Кеңгірбайдың өсиет, үлгі сөздерінен үйреніп, ержетті. Ақындардың терме-толғаулары мен қисса-дастандары, билердің шешендік сөздері жас Абайдың сөз өнерінің бүге-шігесін жетік білуіне септігін тигізді.

Қала берді шығыс әдебиетін еркін оқып меңгерген жас ақын Абай осы елдердің салт-дәстүрін, тіршілік-тынысын, ерлік ісін өз шығармаларына тақырыптық арқау етті. Абайдың Шығыс халықтарының өмірін баяндайтын “Масғұт”, “Ескендір”, “Мың бір түн” ертегісіндегі “Әзім әңгімесі” атты

поэмаларының тууы осыған дәлел. Сондай-ақ Индияның падишасы, атақты қолбасшы, әрі ғалым Бабырдың (1488-1580) еңбектерін оқып, өзіне керекті материалдар тапқанын Абай “Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы” деген мақаласында ашық айтады. Өзінің ақын шәкірттері Мағауяға Африка жұртының өмірінен “Медғат – Қасым” поэмасын, ал Ақылбайға кавказ халқының өмірінен “Дағыстан”, “Кәрі Жүсіп”, Шәкәрімге орыс халқының өмірінен “Дубровский” поэмаларын жаздырып, әр халықтың салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін, бас бостандығы мен ерлік өмірін жастарға үлгі-өнеге етіп ұсынуы, оның ұлағатты ұстаздық ойынан туған туындылар еді.

Шоқан, Ыбарай, Абайлар бастаған қазақ этнопедагогикасын зеттеу ісін жалғастырушылар ХХ ғ. алғашқы 20-30 жылдарында өмір сүріп, келелі еңбек жазған Ә.Диваев, С.Торайғыров, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, Н.Құлжанова, М.Әуезов, т.б. сияқты қазақ зиялылары болды. Бұлардың бәріне арнайы тоқталып жатуға мақала көлемі көтермейді.

Қорыта келгенде айтарымыз, қазақ этнопедагогика ғылымы Шоқан, Ыбырай, Абай, Сұлтанмахмұттардан басталып, Ә.Диваев, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, Н.Құлжанова, М.Әуезов еңбектерінен жалғасын тауып, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтар арқылы ғылыми жүйе ретінде қортылып, белгілі бір ізге келтірілген ғылыми педагогиканың құрамдас бөлігі деп қараймыз.

40-50 жылдық үдерістен кейін қайта жанданған қазақ этнопедагогикасына Қ.Бержанов, М.Ғабдуллин, М.Әлімбаев, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Қ.Сейіталиев, С.Ұзақбаева, Ә.Табылдиев, М.Балтабаев, Қ.Бөлеев, К.Ж.Қожахметова т.б. қосқан үлесі өз алдына жеке бір төбе, арнайы сөз боларлық тақырып.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада халықтық педагогика салт-дәстүр, жол-жора, ырымдар мен ауыз әдебиеті үлгілері, ұлттық ою-өрнек, өнер түрлері, спорт ойындары арқылы ұлттық тәрбие беру туралы ағартышулардың, белгілі ғалымдардың пікірлері қарастырылған.

#### РЕЗЮМЕ

В статье анализируются взгляды известных просветителей и ученых по вопросам формирования и развития казахской этнопедагогики как науки.

#### ӘОК 37 (091)

#### **XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҒЫЛЫМ МЕН АҒАРТУ ІСІНІҢ ДАМУЫ**

Қиясова Б.А. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Әр халықтың тарихында өзінің әлеуметтік-экономикалық және мәдени маңызы жөнінен естен кетпес ерекше оқиғалар болады. Осындай тарихи маңызды оқиғалар қатарына 1928 жылы Алматы қаласында ашылған Қазақтың мемлекеттік университетін жатқызуға болады. Университеттің ашылуы Қазақстан үшін мәдени-ағарту ісін жолға қойып, көпшілікті жаппай сауаттандыру жұмысымен айналысып қана қоймай, қазақ ғылымы мен мәдениетін әлемдік деңгейге көтеруге жол салды.

Қазақ жастарының өз ана тілінде білім алуына негізделген Отанымыздағы тұңғыш жоғары оқу орнының тез арада қанаттанып, ірі ғылыми орталық ретінде қалыптасуына, профессор Санжар Аспандиаров сынды ұлт қамын ойлаған, ізгі ниетті зиялы қауым өкілдерінің атсалысуы, университеттің көптеген жетістіктерге қол жеткізуіне мол септігін тигізгені анық деп айтсақ қателеспейміз.

Университет құрылған алғашқы күннен бастап-ақ, С.Аспандиаров ректор ретінде ғылыми кадрларды даярлау ісіне барынша көңіл бөліп, әсіресе қазақ жастарының ғылымға деген қызығушылығын оятып, олардың ғылыми шыңдалуына үлес қосты.

Осы орайда атқарылған істердің қатарына университеттің педагогика кафедрасының ғылыми базасында, Қазақтың педагогикалық ғылыми-зерттеу институтының (Қазіргі Ы.Алтынсарин атындағы Білім Академиясы Б.Қ.) ұйымдастырылуын жатқызуға болады. Сонымен бірге, профессор Қ.Жұбанов басқарған қазақ тілі кафедрасы да айтарлықтай ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Кафедрада қазақ тілінің орфографиясын жетілдіру, ғылыми тілді, терминологияны қалыптастыру т.б. сияқты маңызды міндеттерді қолға алып, 6-адамнан құрылған аспирантура ұйымдастырылған /1/.

Кадрлар даярлау мәселесіне, әсіресе ұлттық ғылыми кадрларды жасақтаудың жай күйіне қатты алаңдаушылық білдірген С.Аспандиаров, педагогикалық мамандарға назар аударумен бірге, әсіресе, таза ғылыми зерттеу жұмысымен шұғылданатын кадрларға көңіл бөлінуін ұсынады /2/. Ол Алматы қаласында өткен ғылыми қызметкерлердің жиналысында сөйлеген сөзінде: «Біз ғылыми-зерттеу қызметкерлері мен қазақ интеллигенциясының жаңа легі арасында табиғи байланыс орнатуға күш салуымыз қажет» /2/ - деді.

Қазақ жастарының арасында талантымен студент кезінде-ақ көзге түсіп, ғылымға деген бейімділіктерін танытқан Мұхамеджан Қаратаев, Ғаділет Аяпбергенов, Сәдуақас Боқаев, Әуелбек Қоңыратбаев, Қажым Жұмалиев, Сұлтанбек Қожықов, Таир Жароков сынды есімдері бүгінде барша қазақ еліне белгілі азаматтар осы оқу орнының алғашқы түлектері ғана емес, сонымен бірге кеңістік дәуіріндегі әдебиет, мәдениет, ғылым саласындағы алғашқы қарлығаштар болды.

М.Қаратаев 1930 жылы университеттің әдебиет және тіл бөліміне оқуға түсіп, сабақ үлгерімі мен қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, студенттердің алдыңғы қатарынан көріне білді. Сондықтан болар аспирантура бөліміне қалдырылып, ғылыми жұмыстарын жалғастыруға мүмкіндік алады. М.Қаратаев пен Ә.Қоңыратбаев қазақ әдебиетінің классик ақын-жазушылары» С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов-тармен бірлесіп, қазақ мектептері үшін тұрақты оқу құралдарын жазып, аударма жұмыстарымен де айналысқан. Ал, С.Боқаев физика-математика бөлімінің жоғарғы курстарында сабақ жүргізіп, осы пәндердің оқулықтарын қазақ тіліне аударуға көп атсалысқан. Бұлардың қатарына Қажым Жұмалиев, Сұлтанбек Қожықов және Мұхамеджан Әбдіхалықовты жатқызуға болады. Осылайша Университет түлектері өздерінің нәтижелі еңбектерімен алғашқы білім ордасының жақсы көрсеткіштерге ие болуына өз үлестерін қосып. «Қазақ халқының келешегі жастарда, солардың ішіндегі үміт күттіретіндерінде», - деген ұстаздары С. Аспандиаровтың үміті мен сенімінен шыға білді.

Университет 1932 жылы үкімет шешімі бойынша арнайы педагогикалық оқу орны ретінде қайта ұйымдастырылып, Қазақ педагогикалық институты болып жұмысын жалғастырады.

Отанымыздың оқу - ағарту, ғылым саласындағы басты оқу орны болған Педагогикалық институт, осылайша еліміздің жаңа тарихын жасаушыларды даярлаған негізгі орталық, қазақтың ұлттық мәдени қайраткерлерін дайындаған қарашаңырақ болды. 1934 жылы институтқа ұлы ақынымыз Абайдың есімі берілді. «Ертеңгі ірі ғалымдар да, орта мектеп және ВУЗ-дарды оқулықпен қамтамасыз ететін авторлар да, әдебиетіміздің тарихын жасаушылар да біздің университеттен шығулары керек» /3/ - деген профессор С.Аспандиаровтың көрегендікпен айтқан сөздері бүгінде шындыққа айналып, тәуелсіздікпен бірге университет атағын қайта алған бұл оқу орны, республикамыздың ең беделді, көп салалы, халықаралық дәрежедегі білім ордасына айналды.

Профессор С.Аспандиаров басшылық және толып жатқан қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүрсе де, білім, ғылым және мәдениеттің ұлттық шеңберде өркендеуіне өз үлесін қоса отырып, биік деңгейден көріне білген білімдар тұлға. Осыншама істің басында жүріп, ол оқытушылық қызметті де қатар алып жүрген білімді де байсалды, шәкірт жүрегіне жол таба білген шебер ұстаз. Бұл ойымыздың дәлелі ретінде университеттің алғашқы қарқында білім алған студенттерінің бірі, Д.Дінасыловтың айтуы бойынша» «С.Аспандиаров тарихи пәндерді жетік білетін және оны студенттерге ұғынықты жеткізе алатын шебер педагог» /4/ - болған.

Профессор С. Аспандиаров «Батыс пен Ресей революциялық қозғалыстары тарихынан және «Қазақ тарихы» мен «Ұлт-азаттық қозғалыстар тарихынан» лекция оқып, семинар сабақтарын жүргізген, алғашқы тарихшыларымыздың бірі. Бұл лекцияларының басым көпшілігі кейін «Қазақстан тарихы», «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс», «Қазақ тарихы очеркісі» сонымен бірге, 1932 жылы Алматы қаласында жарық көрген «Шығыстағы ұлт-азаттық көтерілістер тарихи» атты монографиялық еңбектері мен оқулықтарына енген болатын. Бұл еңбектердің барлығы дерлік Қазақстан тарихын оқытуда оқушылар мен студенттердің тарихи танымын арттырып, Отандық тарихқа деген қызығушылық көзқарастарын қалыптастыруда қомақты үлес қосты деп айтуға болады.

Профессор С.Аспандиаровтың тарих жөніндегі лекцияларына қатысып, ағалық ақыл-кеңесін тыңдап, қамқорлығына бөленген шәкірттері ұстаздарын жылы лебізбен еске алып, алғыстарын білдіріп отырған.

«Санжар Жапарұлы студенттердің сүйікті ағасы болып кетті», - деп жазады университеттің алғашқы түлектерінің бірі, белгілі сыншы Мұхамеджан Қаратаев, - қамқор ректор, кейін тек профессор, әділ де адал, сезімтал да кішіпейіл адам болғандықтан ғана емес, терең білімді, нәзік мәдениетті, тілге жүйрік майталман ұстаз болғандықтан да профессор Аспандиаровтың қазақ тарихы жөніндегі лекциясын тыңдауға әлденеше курс жиналатын едік» /5/.

Сонымен бірге, С.Аспандиаров, студенттерді лекция тыңдауға семинар сабақтарына әзірленуде қосымша әдебиеттер мен мезгілді және күнделікті баспасөз материалдарын пайдалана білуге үйретумен бірге, арнайы диспуттар өткізіп, студенттерді ғылыми айтыс-тартыстарға қатысуға қызықтыра білген шебер ұстаз, өз ісінің білгір маманы болғаны даусыз ақиқат. Сондықтан болар «Оның лекциясын тыңдауға, - дейді шәкірттерінің бірі, - басқа факультеттердің де студенттері келіп қатысып жүретін» /4/. Профессор С.Аспандиаровтың лекциясы да, өзі де, сөз мәдениеті де студенттерді еріксіз баурағаны соншалық «Жеті жұрттың тілін білетін, жеті ғылымды тауысқан» деп ол кісінің атын аңыз етіп айтатын болған. Профессор С.Аспандиаров студенттермен бірге үнемі жатаханаларына барып, олармен әр түрлі тақырыпта әңгіме жүргізіп, танымдарын арттыруға себепші болған. «Біздер ол кісіден «Қазақстан тарихының» төрт

курсын түгел тыңдадық. Оның әр сабағы дәл фактілерінің байлығы, құрылысының қызықтылығымен таңқалдыратын, Санжар ағайдай үлгілі ұстаз болу - әр студентке қолжетпес арман болды, өміріме жолдама берген өнегелі ұстаз маған әлі ыстық» /3/ - деп тебірене жазған Қажым Жұмалиев. Шәкірт жүрегіне жол таба білген ұстаздарын осылайша ыстық сезіммен еске алғандардың арасында Мұхамеджан Әбдіхалықтовтың «Ол ешқашанда ешкімді бөліп - жармайтын, керек десеңіз ол бүкіл адамзаттың ортақ мақтанышы, уәкілі», - дегенін өз аузынан естідік.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіз мемлекет болып жариялануымен бірге, қоғамның барлық саласында саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер енгізіліп, реформалар іске асырылуда. Осыған орай, Қазақстан ғылымыда өзінің ғылыми ізденіс бағыт-бағдарларын айқындай отырып, бет-бейнесін түбірінен өзгертуде.

Өйткені, кеңес дәуірінде ғылыми-техникалық революцияның даму жетістіктерін социализмнің артықшылықтарымен ұштастыра отырып, коммунистік партия, ғылымды өз мүддесіне қызмет етуге мәжбүр етті.

Ал, Қазақстан ғылымы Одақ кезінде жалпы тұтас құбылыстың бір ғана бейнесі еді. Ол кездегі ғылым Одақтың тұтастығын қорғауға, қолдауға, әлем алдындағы беделін қамтамасыз ету үшін қызмет жасады. Ал, бүгінгі біздің егемен елдің ғылымы - ұлттық дербес құбылыс ретінде өріс алуда. Оның мақсаты тәуелсіз мемлекетіміздің дербестігін баянды ету. Орыстың ғұлама ғалымы А.Д.Сахаров: «Бүгін индустрияланған, ғылымы дамыған елдерде артта қалған елдерге қарағанда адам өміріндегі қажеттіліктерге жан-жақты мүмкіндіктер жасалынған. Ол елдердегі цивилизация әлде қайда ілгері /6/, - деуінің өзі ғылымның орны адамзат тіршілігі үшін және қоғамның өркендеуінде маңызы жоғары екендігін көрсетеді. Олай болса, Қазақстанда ғылымның дамуы мен оның қоғамдағы алатын ролі туралы сөз қозғағанда ең алдымен Қазақстан Ғылым Академиясы ауызға ілінетіні белгілі.

Бүгінгі таңда Қазақстан Ғылым Академиясы кемелденген, республика өмірінде маңызды орын алатын ірі орталыққа айналды. Бұл іргелі ғылыми мекеменің халқымыздың өткен тарихын саралай отырып, атқарған қызметінің маңызы зор екені баршаға мәлім.

Қазақстандық тарихнамада Ғылым Академиясының ашылуын 1946 жылдан бастап есептейді. Әрине, бұл дұрыс факті екені рас. Бірақ та, жоқтан бар пайда болмайтыны сияқты, академияның құрылуына алғы шарт жасаған, сонау 20-жылдары жұмыс істеп, Қазақстан ғылымының бастау бұлағы болған - Тәжірибе стансалары мен лабораторияларының, геологиялық барлау мекемелерінің қызметін ерекше атаған жөн. Бұған қоса Орынбор, Семей, Верный сияқты қалаларда Орыс География қоғамның бөлімдері мен бөлімшелері ашылып, онда тиісті ғылыми жұмыстар жүргізілуіне жол ашылды.

Бұл қоғам - қазақ халқының тарихын, мәдениеті мен тұрмысын, этнографиясы мен ауыз әдебиетін зерттеуде біраз жұмыстар атқарды, яғни архивтерден, экспедицияларда, археологиялық қазба жұмыстары кезінде жинақталған материалдарды өңдеумен айналысып, бірқатар музейлер мен кітапханалар ұйымдастырғаны белгілі.

Бірақ қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның табиғи байлықтарын, тарихы мен мәдениетін ғылыми тұрғыдан зерттеу жұмыстары тым мардымсыз болды. Көпшілік жағдайда зерттеу жұмыстары жекелеген фактілерді қорытып, арнайы шешімі шығарылмай тек оларды жинақтаумен шектеліп отырды. Дегенмен, патша үкіметінің империялық отарлау саясатына қарамастан жекелеген ғалымдар: И.Г.Мелин, И.П.Паласс, П.Фальк, И.Рычков, В.Н. Татищев сондай-ақ И.Я.Бичурин, В.И.Даль,

А.И. Левшин және П.Семенов - Тянь-Шаньский, Н.М.Прежевальский, Г.Н. Потанин, П. Михаэлис., қазақ халқының рухани, материалдық мәдениеті туралы деректер жинап, салт-дәстүрі мен өмір-тұрмысына терең ден қойып, қазақ өлкесінің жан-жақты зерттелуіне мол үлес қосқандарын жоққа шығара алмаймыз.

Ғылыми жұмыстардың бір жүйеге келуі қазан төңкерісінен кейін жүргізіле бастады. өйткені, Кеңес үкіметі өз бағдарламасында ғылым мен білімді дамытуды бірінші кезекке қойды.

Қазақ АССР-ның, онымен бірге Халық Ағарту Комиссариатының құрылуы республикадағы мәдени құрылыстың барлық мәселелерін басқара отырып, ғылыми-зерттеу, білім беру жұмыстарының дамуы үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Бірақ, автономиялы республикалар үшін бұл мүмкіндіктер шектеулі болды, өйткені ол тек орталықтан келген бұйрықты орындайтын, оған қоса большевиктер ғылым саласында өз тізгінінде ұстап, қатаң бақылауға алып отырды.

Соған қарамастан алғашы жылдардың өзінде Қазақстанда ғылыми экспедициялардың зерттеулері жүргізіліп, нәтижелері шығарыла бастады. Сонымен бірге азамат соғысынан кейінгі бүкіл елді жайлаған бүліншілік пен экономикалық құлдыраудың ауыр зардаптары мен жалған таптық күрес өршіп тұрған кезде де ең бастысы ғылыми кадрлардың мүлдем жетіспеушілігі жағдайында қызмет жасаған, мәдениет пен ғылым қайраткерлерінің ерлігі патриоттық рухы және өз міндеттеріне жоғары саналылықпен қараған табандылықтарын бүгінгі ұрпақ жадында берік ұстап, үлгі тұтуға міндетті.

Кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарында дәлірек айтсақ 1920 жылы қазан айында, республиканың этнографиясын, тарихын, фольклоры мен музыкасын, табиғи ерекшеліктерін ғылыми-зерттеу мақсатымен ұйымдастырылған Қазақстанды зерттеу Қоғамының еңбегі ерекше болды /7/. Бұл қоғам қызметі барысында профессор Санжар Жапарұлы Аспандиаровтың да атқарған еңбегі өлшеусіз.

Қазақстан ғылымының дамуына себепкер болған жоғарыдағы Қоғаммен бірге, 1926 жылы Кеңес Одағы Ғылым академиясының Одақтас және автономиялық республикалардың табиғи ресурстарын зерттеу жөніндегі Ерекше Комитеті құрылды. Комитет академик А.Е.Ферсманның басшылығымен жұмыс істеді. Бұл Комитеттің ұйымдастыруымен С.Неустроев, Н.Крашеников, С.Руденко және тағы басқа ғалымдар басқарған бірнеше экспедициялар Қазақстанның топырақ және су қорларын, этнографиялық, антропологиялық, дәрігерлік-санитарлық жағдай-лары туралы зерттеулер жүргізілген /7/. Осы кезеңде Қазақстанда 75-ке жуық тәжірибе стансалары мен лабораториялары, 150-дей геологиялық мекемелер жұмыс істеген. Бір айта кететін жәйт, бұл ғылыми топтарда, жоғарыдағы зерттеу қоғамы да өз қызметінің бас кезінде кейбір нәтижелер шығарғанымен, көп жағдайда өз мүдделері үшін ғана қызмет етті, яғни ғалымдар, ғылыми жұмыс нәтижелерін топтастырып, қорытындылары шығарылмады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының бытыраңқы болып, бекітілген ғылыми-зерттеулердің жүйесіз жүруі және ең бастысы ғылыми жұмыстарға бағыт-бағдар беретін жетекші органдардың болмауы, Қазақстанда ғылыми-зерттеу жұмыстарын бір орталықтан басқару қажеттігін тудырды.

1932 жылы ақпан айында КСРО Ғылым Академиясының конференциясы негізінен Қазақстанның өндіргіш күштерін зерттеу жөніндегі мәселені қарастырды. Конференция республикадағы индустрияландыру ісінде «ғылыми-зерттеу жұмыстарының жәйі жаңа құрылыстың қазіргі қарқынына мүлде сай емес екенін» атап көрсетті /8/. Яғни, орын алып келген барлық қиындықтарға қарамастан, 20-жылдары республикада жоғарыда аталып кеткендей, ғылыми

қоғамдар құрылып, өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудағы алғашқы қадамдары Қазақстан үшін маңызды құбылыс болғанмен, Одақ көлеміндегі талаптарға сай келмеді. Өйткені, қанша дегенмен автономиялық республикада мемлекеттің барлық нышандары яғни, территориясы, конституциясы, мемлекеттік биліктің жоғарғы органдары, сот және прокуратураның болғанына қарамастан, қолдарында абсолюттік өкілеттілік болмады. Сондықтан, Қазақ АССР-і тәуелді еді. Бұл жағдай өз кезегінде республикадағы көптеген шаралардың толыққанды іске асуына кедергі келтірді. Бұл жоғарыдағы конференциядағы қаралған мәселеге де қатысты еді.

Аталған конференциядан кейін Қазақ АССР-нің үкіметі КСРО Ғылым Академиясы Президиумына Қазақстандық база құру жөніндегі ұсынысын білдіреді. Себебі, Қазақстан астанасында тұрақты түрде жұмыс істейтін, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге мүмкіндік беретін және жергілікті халық арасынан жер-жерде жоғары дәрежелі маман кадрлар даярлауға жол ашатын кешенді сипаттағы ғылыми-зерттеу орталығын ашу қажеттігі әбден пісіп-жетілген еді. Одақтық Ғылым Академиясының Президиумы Қазақстан үкіметінің бұл ұсынысын кезекті мәжілісінде қарап, Қазақстан Ғылыми Академиясының базасын ұйымдастыру кезек күттірмейтін мәселе деп, осы 1932 жылы құру тапсырылды.

Сөйтіп, 1932 жылы наурыз айында КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық базасы құрылды, шілде айында базада жұмыс жүргізетін ғалым қызметкерлердің құрамы белгіленеді. Академиялық базаның төрағасы болып белгілі түріктанушы ғалым, Ленинград университетінің профессоры, сталиндік репрессияның жазықсыз құрбандарының бірі, академик А.Н.Самойлович бекітілді. Ал, президиум мүшелігіне академик В.А.Келлер, профессор С.Ж.Аспандиаров, М.Төлепов және ғылыми хатшылыққа И.Барышников сайланды /9/. Аз уақыт өткен соң, профессор С.Аспандиаров КСРО Ғылым Академиясы Қазақстандық базасының төраға орынбасары болып бекітіледі.

Осы уақыттан бастап, Санжар Аспандиаров, 1937 жылдың күзіне дейін ғылыми базаның жұмысын ұйымдастырып, қазақ жастарының ғылымға ден қойып алға ілгерлеуіне, республикадағы ғылыми ой-сананың қалыптасып, дамуына маңызды үлес қосқан санаулы қандастарымыздың басында жүрді. Айта кету керек, профессор С.Аспандиаровтың басты-басты ғылыми еңбектері мен монографиялары, білім беру мен мәдениет, тарих жөніндегі ғылыми мақалалары негізінен осы Академиялық базаның жұмысымен бірге өріс алған. Ол еліміздегі кадрлардың жетіспеушілігіне байланысты бірнеше міндеттерді қатар алып жүруіне тура келді. Мысалы, ғылыми базадағы негізгі қызметіне қоса, Денсаулық сақтау Халық Комиссариатында, Қазақ АКСР Халық Ағарту Комиссарының ғылыми істер жөніндегі орынбасары және толып жатқан қоғамдық ұйымдардың жұмысымен бірге, ғылымның әр саласында тарих, тіл, терминология, өлкетану мәселелерімен шұғылданып, Қазақстан ғылымының дамуы мен гүлденуіне тікелей атсалысып, жоғары деңгейдегі мамандарды даярлауға мол үлес қосқан жан.

1932 жылдың соңына қарай КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық базасы, құрылғанына аз уақыт өтсе де, Қазақстан үкіметінің тікелей қолдауымен және ғылыми ұжымның белсенді әрі табанды жұмысының нәтижесінде белгіленген анағұрлым көп, ауқымды істер атқарады. Қазақстан Республикасының табиғи климатын, өсімдіктер мен жануарлар әлемін зерттеу мақсатында алдымен ботаникалық кейіннен зоологиялық секторлар құрылып, Қазақстан территориясында 3-экспедиция аса маңызды ғылыми барлау жүргізеді. Сол жылдың өзінде Географиялық сектор құрылып, ғалымдардың

ғылыми потенциалын арттыру және жергілікті ұлт өкілдерін ғылымға тарту мақсатымен «Ғылыми кеңес және насихат бюросы» ұйымдастырылып, оның қызметіне профессор С.Аспандиаров тікелей басшылық жасаған.

Бұл бюро өзінің белсенді қызметінің барысында республика ғылымының құрылуы мен дамуы жолында көптеген маңызды істер атқарды. Әсіресе, ғылым мен мектеп арасында тығыз байланыс орнату үшін, оқушылармен қызықты кездесулер ұйымдастырып, олардың таным деңгейін арттыруға, ғылымның әр саласына деген қызығушылықтарын мектеп қабырғасынан қалыптастыруға қызмет жасады. Сондай-ақ орта мектеп мұғалімдерінің оқу құралдарға деген зәруліктерін ескере отырып, жекеленген пәндер бойынша ғылыми кеңес беріп отырған» /10/.

Қазақстандық базаның жұмысында материалдық жетіспеушілік пен қатар, ғылыми кадрлар әсіресе, қазақ кадрлары жетіспей жатты. Сондықтан жергілікті мамандарды даярлауға ерекше көңіл бөліну керек болды. Өйткені, орталықтан жіберілген жас мамандар Қазақстанның жай-күйімен таныс болмағандықтан көп тұрақтамайтын. «Демек, ғылыми кадрларды, - деп атап көрсетті профессор С.Аспандиаров, - қазақстандықтардың өзінен яғни, елдің табиғаты мен тұрмысын және тілін жақсы білетін қызметкерлерден даярлау өте маңызды»/11/. Осыған орай, 1932 жылдың соғына қарай, Қазақстандық база, КСРО Ғылым Академиясына, ғылыми тұрғыдан біршама жақсы даярланған қазақ жастарының бір тобын аспирантураға жібереді. Бірақ, Қазақстан сияқты табиғи ресурстарға өте бай, жер көлемі байтақ мемлекеттің ғылыми-экономикалық қуатын арттыру үшін, жоғарыда аталған шаралар жеткіліксіз еді. Әрі сыртта оқитын қазақ жастарын Қазақстан үкіметі өзі қаржыландырғандықтан республика бюджетіне бұл ауыр салмақ салатыны сөзсіз еді. Сондықтан, ғылыми кадрларды Қазақстанның өз ішінде, яғни жоғарғы оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарында аспирантура бөлімдерін ашу арқылы даярлау әлде қайда тиімді екендігін Қазақстандық ғылыми база өз отырыстарында бірнеше рет талқылайды. Бұл мәселені түбегейлі шешу барысында КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық база төрағасының орынбасары, профессор Санжар Аспандиаров табандылық көрсетті. Ол Қазақ АССР Халық комиссарлар кеңесі төрағасына хат жолдап» «Қазақстанда ғылыми қызметкерлерді кең әрі жоспарлы түрде даярлау мәселесі әлі күнге дейін нақты шешімін тапқан жоқ. Жастарды ғылымға тарту өте төмен дәрежеде. Ал, орталықтың ғылыми орындарында даярланатын отандастарымыздың саны мардымсыз. Сондықтан Ғылым академиясының базасы «Аспирантура туралы ережесін» бекітіп, Қазақ орталық атқару комитеті жанындағы ғылыми комитетке аспиранттарды қабылдау ісі тапсырылуын сұраймыз» /11/ - деген. С.Аспандиаровтың бұл өтініші ұлт мүддесі үшін күрескен қайраткердің бейнесін сомдай түсетіні даусыз.

Академияның Қазақстандық базасында аспирантура бөлімін ұйымдастыру ісі, елде қызу жүріп жатқан саяси науқан яғни, «Халық жауларымен» күрес жүргізу барысында ұзаққа созылып, тек, 1939 жылы құрылады. Дегенмен, бұған дейін Қазақстанның әртүрлі жоғарғы оқу орындарында, ҚазМУ-де, ҚазПИ-да, медициналық және мал дәрігерлік, сондай-ақ ғылыми-зерттеу институттарында аспирантура бөлімдері құрылып, ғылымның әр саласы бойынша, қазақ жастарының өз қабілеттерін сынап, берілген мүмкіндіктерді пайдалана отырып, қазақ ғылымының дамуына үлес қосуларына жол ашылады.

Бұл оқу орындарында да жастардың ғылыммен шұғыл-дануына, ғалым ретінде профессор Санжар Аспандиаровтың тигізген ықпалы мол болды.

Солардың қатарында, топырақтану институтының басшысы болған, белгілі ғалым Ө.Оспанов, С.Аспандиаровпен қызметтес болған жылдарын жылы лебізбен еске алып» «Ол кісі маған Қазақстанда ғылымның оның ішінде топырақтану саласының зор келешегі барлығын айта отырып» «Сен алдымен топырақтану туралы зерттеулерді мұқият оқы, оларға талдау жаса, содан кейін ғана Қазақстан табиғатының ерекшеліктерін ескере отырып, жұмысқа кірісу керек» /12/ - деген ақыл-кеңестері Ө.Оспанов сияқты, талай қазақ жастарының қиындықтар мен мүмкіншіліктердің аздығына қарамастан, ғылым жолында қанаттануларына дем беріп отырған.

Қазақ АКСР Халық комиссарлар кеңесі 1933 жылы 5 қарашада қазақстандық базаны сақтап, оны одан әрі дамыту туралы қаулы қабылдады. Осыған сәйкес базаның мәдениет саласындағы /тарих, тіл, әдебиет, өнер, өлкетану/ барлық ғылыми-зерттеу жұмыстарын біріктіру және бір орталыққа топтастыра отырып дамыту мақсатымен, Қазақ АКСР Халық комиссарлар кеңесі, 1933 жылы 11 қарашада «Ұлттық мәдениет институтын ұйымдастыру» туралы қаулыны бекітті. Бұл ғылыми-зерттеу институты өз кезегінде қазақ мәдениетінің дамуына түрткі болып, тіл, терминология, тарих, әдебиет сияқты салалардың жаңа қарқынмен жұмыс істеуіне негіз қалады. Кейіннен бұл аталған салалар бойынша жеке-жеке секторлар құрылып, ал олар институттарға айналдырылып, қазақ ғылымының жаңа сатыға көтерілуінде ерекше роль атқарды.

Профессор С.Аспандиаров ғылыми зерттеулерін басшылық, ұйымдастыру жұмыстарымен қатар алып жүрді. Ол академияның қазақстандық базасында төраға орынбасарлығына қоса, тарих және археология комиссиясының жұмысына басшылық жасады. Бұл жағдай Қазақстандағы тарих ғылымының әсіресе, отандық тарихтың өркендеуіне жол ашты. Аталған комиссия қазақ халқының және Қазақстан жерін мекендеген басқа да халықтардың тарихынан мағлұмат беретін дерек көздерін архивтерден, көне көз қариялардың айтуы бойынша жинап, сараптаумен, оларды басып шығарумен айналысты.

Сол жылдары партиялық органдар басқа салалармен бірге ғылымда да номенклатуралық бақылауды күйшейте түседі, дей тұрғанмен дәл осы жылдары қазақ халқының өткен тарихын бір жүйеге келтіріп, жан-жақты зерттеу ісі дұрыс жолға қойылған еді. Мысалы, Қазақ АКСР Халық комиссарлар кеңесінің 1933 жылғы қараша айындағы, кезекті отырысында «Патшалық Ресейдің Қазақстанда жүргізген отарлау саясатының тарихы туралы» ғылыми-зерттеулер жүргізіп, оны жинақ етіп 1934-1935 жылдардан қалдырмай басып шығаруды академиялық базаның тарих-археология комиссиясына тапсырып және арнайы қаулы арқылы осы материалдарды жинау шығынына мемлекет қорынан 10 мың сом ақшалай қаржы бөлуі /10/ - Қазақстан үкіметінің ғылымға деген дұрыс көзқарасын білдіреді. Ұкімет тарапынан көрсетілген мұндай қолдау әрине, ғалымдарды қанаттандыратыны сөзсіз. Осы 1933 жылдың өзінде тарих-археология комиссиясы бірқатар істерді атқарып үлгереді. Комиссия жетекшісі профессор С.Аспандиаров өз кезегінде бұл іске барынша атсалысады. Ол кезекті ғылыми отырыста комиссия мүшелерін Алматы қаласының кітап қорларындағы қазақтармен Орта Азия халықтарының тарихына қатысты бірқатар құнды деректермен таныстырып, басқада әдебиеттер тізімін ұсынып, комиссияның болашақ жоспарларынан хабардар етеді. Осы отырыста комиссия С.Аспандиаров пен профессор В.Кунтеге тарихи материалдарды жинақтау ісін тапсырады /10/. Нәтижесінде, 1935 жылы «Қазақстанның өткені деректер мен материалдарда»

атты тұңғыш рет құжаттар жинағы жарық көреді. Сонымен бірге, В.Кунте, Федоров, Брайнин, О.Жандосов, Жолдыбаев, Алманов және С.Аспандиаров сияқты көрнекті ғалымдар мен мемлекет қайраткерлері бар Ғылыми кеңес тұрақты жұмыс істеді.

Қазақстандық базаның тарих-археография секторы, халықтың тарихи білімін көтеру мен рухани дүниесін молайту барысында көптеген істер атқарды. Әсіресе жас ұрпақтың тарихи танымын арттыру жолында ғалымдарымыз аянбай тер төкті. Осындай көпшілік көңіліне қонған игі істердің бірі - жоғарғы оқу орындарының студенттері мен мектеп оқушыларына Қазақстан тарихынан көрнекі құрал ретінде атластық карта құрастыру қолға алынады /10/. Картаның жобасына профессор С.Аспандиаровтың тікелей жеткізілігімен басқа да тарихшы және картограф мамандар атсалысады. Алайда, 1937 жылғы ойран бұл жоспардың іске асуына мүмкіндік бермейді.

КСРО Ғылым академиясы Қазақстандық базасында тарих секторынан басқа да ғылыми салалар бойынша іс-тәжірибелер жүргізіліп жатты. Әсіресе, 30 - жылдары ғалымдар, Қазақстан жерінде мұнай мен минералды тұздардың кен орындарын зерттеп, игерудің ғылыми негіздерін ұсына бастады.

1930-34 жылдардағы геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде Одақ көлемінде Қазақстан көптеген пайдалы қазбаларды әсіресе, түсті металлургия, көмір өндіру, сирек кездесетін металдарды игеру бойынша бірінші орынға шықты. Бұл жағдай халық шаруашылығында көптеген жаңа салалардың дамуына жол ашты. Осы 1930-1934 жылдардағы геологиялық барлаудың жемісті нәтижесінде Шымкент қорғасын зауыты, Балхаш мыс қорыту комбинаты, Қарағанды көмір бассейні т.б. сияқты индустрия алыптары салуға қол жетті.

Қорыта айтқанда, 30-жылдары Қазақстан Республикасындағы экономикалық қиыншылықтар мен саяси қысымдарға қарамастан, статистикалық мәліметтер 20-30 жылдары Қазақстандағы ғылыми қызметкерлердің саны үнемі өсу үстінде болғандығын көрсетеді /10/. Сондықтан, Қазақстан ғылымындағы қол жеткізген табыстар мен жетістіктер тікелей Академиялық база мен оның көрнекті басшыларының бірі болған профессор С.Аспандиаров есімімен тығыз байланысты.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Альжанов Ш. Пять лет борьбы и строительство первого казахского национального вуза. // Просвещение национальностей. 1934. №3.
2. Асфендиаров С.Ж. Недочеты в деле подготовки национальных научных кадров // Народное хозяйство Казахстана. 1934. №8-10.
3. Жұмалиев Қ. Үлкен ұстаз. –А., 1969. 190.
4. Дінасылов Д. Қабілетті ұйымдастырушы. // Қазақстан мұғалімі, 1990, 8 наурыз.
5. Қаратаев М. Көргенім мен көңілдегім. –А., 1982. 107-112.
6. Адам – қоғам – ғылым. Тезистер жинағы. –М., 1993.
7. Аханов Ж. Қазақстан ғылымының бастауы. // Егемен Қазақстан, 1997, 24 мамыр
8. Советская степь. 1932. - 29 июнь.
9. Культурное строительство в Казахстане. –А., 1969. 334 с.
10. Ғылым Академиясы мен Ғылым Министрлігінің Архиві. 1-қ, 1-т, 12-і, п-15.
11. Мұстафаев Н.Н. Из истории науки и научной интеллигенций Казахстана (1932-41 г.г.). // Известия А.Н. РК. Серия общ.наук. - 1992. № 4. 58 с.
12. Исин М. «Өкімет алдында кінәм жоқ». // Социалистік Қазақстан, 1991, 6 сәуір.

## ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы ғылым мен ағарту саласының дамуы және оны ұйымдастырудағы белгілі қоғам қайраткері, профессор, С.Ж.Аспандиаровтың ролі жан – жақты көрсетілген.

## РЕЗЮМЕ

В статье говорится о развитии науки и просвещения Казахстана в 20-30 годы XX века и о роли известного общественного деятеля, профессора С.Ж.Асфендиярова в организации этого процесса.

## КЕЙБІР ГУМАНИСТІК ТӘРБИЕ ТЕОРИЯЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Майғаранова Ш. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Гуманистік білім беру философиясы кең мағынада өмір философиясы деген ұғымға саяды, өйткені өмірдің мәні, мақсаты, оның құндылығы, ар-ұят, сана жайлы мәселелерді зерттейді. Ғылыми бағыт ретінде өмір философиясы сезімді құбылыстың маңызды қыры ретінде қарастырады.

Гуманистік философиялық құндылықтар: жалпы гуманистік мұраттар, көп мағыналы философиялық көзқарастар мен жеке тұлғаның ынта-ықыласы, еркіндігі, сыртқы ықпалға лайықты өзіндік шешім қабылдау әрекеті. Жеке адам өз қажеттігін қамтамасыз ету әрекеті арқылы, қоғамның қажеттігін де қамтамасыз етеді. Толықтыру принципі қарама-қайшылық күресі арқылы емес, үш негізді әдіснама - синергетика, конвергенция теориясы мен стратификация және комплементарлық принцип арқылы іске асуы тиіс (Н.Бор, Дж. Гэлбрейт, И.Пригожин, Г.Хакен, П.Сорокин, Я.Тинберген, А.Эйнштейн). Осы идеяларға сәйкес педагогикалық ықпал өзара әрекеттесуге, серіктестікке, тұлғаның өзін жетілдіру бағытын өз еркімен таңдауына, пікірлесуіне жол береді.

Түйіндей келе, гуманистік білім беру философиясы жеке тұлғаның өмірлік құндылықтарды өз еркімен таңдауын, қоғам мен тұлға арасында түсіністік пен тепе-теңдік орнату қажеттігін ұстанады.

Материализмді ұстанған тәрбие теорияларының тым біржақты екені белгілі болып отыр. Сондай-ақ, философияда материя мен рухты бірдей мойындайтын – дуалистік көзқарасты көбінесе жаратылыстану ғылымдарының мамандары ұстанады. Өйткені олар физиканың мәніне неғұрлым терең бойлаған сайын, физикадан басқа да, терең мәнді бірдеңенің бар екендігіне көз жеткізуге болатындығын айтады (Б.Раушенбах).

Академик А.Сахаровтың пікірінше дүниеде материядан және оның заңдылықтарынан басқа да бірдеңе бар, сол дүниенге жылылық береді. Оны діни сезім деуге де болады, дүниенің мәнін сезіну - молекулалардың жиынтығын білу емес. Демек, ғылым қазіргі кезеңде логикадан тысқары байланыстарға назар аударып, интуитивтік сезімнің мәнін түсіне бастады. Ежелден діни сезім ғарыштық үрдістерге қатысты болған. Қарапайым адам өзінің Әлеммен үйлесімді байланысын, алыс және жақын ғарыштық үрдістерді санасымен түсініп, жан

дүниесімен сезіне білген. Дүниені қисынмен игеруден гөрі, интуитивтік сезім арқылы игеру ауқымының кеңдігіне көз жеткізуге болады.

Қазіргі кезеңдегі физиктердің зерттеулеріне сүйенсек, бүкіл жаратылыс табиғаты информация, энергия мен материядан тұратынын, ал адам табиғаты да осыларға байланысты екенін дәлелдейтін информациология ғылымы қарқынды дамып, ноосфералық интеллектпен үйлесімді тіршілік құрудың тәсілдерін қалыптастыруда /2/.

Педагогика бүгінгі ғылыми жетістіктермен қарулану мақсатында синергетикалық зерттеулерге да басты назар аударып отыр. Синергетика - өздігінен ұйымдастырылу - кез келген жүйенің өздігінен дамуға бағытталуы, өз бойынан жаңа, тұрақты құрылымды «өсіруі». Педагогикалық тұрғыдан өздігінен ұйымдастырылу дегеніміз мұғалімнің өзінің ішкі ресурстарын «өздігінен өсіру» қабілеті, яғни педагогикалық іс-әрекетке ізгілік мән беретін тұлғалық сананың құрылымын қалыптастыру. Ішкі ресурстарды өсіру үшін сырттан ықпал жасалуы керек.

Тұлғаның саналық құрылымын қалыптастыру, педагогикаға феноменологиялық және синергетикалық күрделі тепе-теңдіксіз жүйелерді зерттеуден келген түсінік, жүйенің жаңа сапаға өзгеруі, яғни өздігінен дамуы синергетикалық негіздегі өзін іске асыратын феноменге негізделеді.

Гуманистік көзқарас тұрғысынан тұлғаның іштей өздігінен ұйымдастырылуын педагогикалық синергетика терминдері арқылы түсінуге болады. Синергетика - өздігінен ұйымдастырылу жүйесін зерттейтін көптеген ғылымдармен кешенді жұмыс жасайды. Күрделі, үнемі даму үстіндегі ашық жүйе, басты қасиеті - жағдайдың өзгеруіне байланысты жаңа сапаларды өз бойынан дамытып, өзін сақтап қалуды көздейді. Педагогикада өзін-өзі ұйымдастыратын жүйеге жататындар: білім беру, сана, тұлға. Олардағы ішкі өзгерістер сананың тұлғалық құрылымының әрекетін өзгерту арқылы оқу-тәрбиені қамтамасыз етеді. Санада жаңа мықты құрылымның пайда болуы, жаңа сапалы білім мен әрекет тәжірибесін қалыптастыру үшін бірнеше жағдайды ескеру керек.

Біріншіден, ескі жүйе тоқырауға тірелуі керек. Білім беру саласының тоқырауға ұшырауы, білім саласында жаңа мақсатты белгілейді. Ол оқушыны өз өмірінің, кәсіби даярлығының, әлеуметтік тұрғыдан өз мақсатын іске асырудың, өздігінен даму және өздігінен ұйымдастырылу субъектісі ретінде дайындау; дәстүрлі білім беру жүйесі оқушы-жастар арасындағы түрлі келеңсіздіктің белең алуына, адамгершілік құндылықтардың құлдырауына, оқушылардың санасында белсенді әрекеттен аулақ болу, ресми тәрбие жүйесіне қарсы қарапайым мұраттар ұстанып, адасушылыққа ұрыну.

Екіншіден, жаңа сапаның пайда болуы жүйенің ішкі ресурсынан өрбуі тиіс. Дегенмен де, ішкі өздігінен ұйымдастырылатын «іске қосылу» тетігі үшін, сырттан «қорек» алуы қажет. Педагогикалық синергетика сананы тек қызмет атқарушы жүйе ретінде ғана емес, сонымен бірге мазмұнды жүйе ретінде тұлғалық әрекет таңдайтын, ортаға біртұтас көзқараспен қарайтын, оқу әрекеті мен тәртібін қалыптастырады деп қарайды. Осы орайда, оқушы санасының дамуы, «тұлғаның сапасы» туралы атқарылған қызметпен ғана емес, оның сапалық көрсеткіші туралы да түйіндеуге болады.

Бұрын тәрбие үрдісінде жеке тұлғаны қалыптастыру тұлғаға мемлекеттік, саяси- экономикалық, т.б. жан-жақты мүдделер ықпал етіп, тұлғаның жеке бас қажеттілігін ескермей келген еді. Аталған мүдделер тұлғаның жеке бас мүддесінен жоғары қойылған болатын. Дейтұрғанмен де, осындай кемшілік тұстарына қарамастан, белгілі бағыттағы тәрбие – сана негіздерін және әрекет

тәжірибесін қалыптастыруда тұлғаның дамуын жалғастыруға бастама болатындығын ұмытуға болмайды.

Қазіргі кезеңдегі тәрбие тұлғаның санасын тек қызмет атқаруға, орындаушылыққа тәрбиелеумен шектелмеуі керек. Тәрбиенің мақсаты күрделеніп, адамның тұлғалық ішкі, субъективтік әрекет негіздерін анықтап, оларды дамытуы қажет. Сонымен бірге санадағы жаңа құрылым эволюция барысында кездейсоқ ауытқулардан аман қалу үшін белгілі тұрақтылыққа, тұлғалық сапаға ие болуы керек.

Тұлғалық сапа – адамның жеке басына қатысты жалпы құндылықтарға қарым-қатынасына қарай, мінез, мәдениет, шығармашылық, бостандық, таңдау еркі, елін сүйу, толеранттық, жеке табыс, жеке меншік, азаматтық қоғам, әділдік, тәртіптілік, т.б. сапалармен сипатталады: тұлғалық сапа сананың тұлғалық құрылымының мазмұны және деңгейі арқылы анықталады.

Тұлғалық құрылым – реттелген сананың құндылық мазмұны, оның әрекетінде көрініс береді. Ол адамның ойлау қызметін реттеп, басқарып, ойлау қабілетін дамытып, мәдениет, білім, тәжірибе, өмірлік және кәсіби мақсатқа құндылық қарым-қатынас арқылы, оның әрекетін анықтайды.

Сананың басты қасиетінің бірі - бақылау. Сана адамның айналамен қарым-қатынасын қамтамасыз ете отырып, оны үнемі бақылайды. Кез келген жағдайды сананың бақылауы, сананың кешенді басқа құрылымдарын өрбітеді.

Сындарлылық, тұлғаның өзінен тысқары ортада жүріп жатқан құндылықтар, қалыптар, тәртіпке өзіндік, субъективтік баға беруі; ішкі дүниесіндегі құндылықтарға өзіндік қатынасы, көңіл-күйі, әрекеті, болып жатқан құбылыстарға өзіндік ұстанымының болуы.

Рефлексия, өз «Менін» түсіну, байқау, талдау, өзгелермен, болған оқиғалармен өзін салыстыру. Өз «Менін» басынан өткізетін бір жағдайдың аясында көре білу, өзін құрметтеу, өзіне сенімді болу, өз бағасын және қоғамдық орнын білу.

Коллизия, болған оқиғаның себептерін салыстыру, талдау арқылы анықтап, байқалмайтын қырларына назар аударып, оның негіздерін анықтап, қоғамдық және тұлғалық құндылықтардың астарлы қайшылықтарын айқындау арқылы оқиғаның ішкі бастауларын, байланысын, тетіктерін, мәні мен мағынасын терең түсіну.

Тұлға санасының құрамына жататын ең маңызды құрылым - түрткі тудыру. Оқиғаға тұлғалық мән беру арқылы өз әрекетін, адамдармен қатынасын, әлеуметтік және танымдық тәжірибесін эмоциялы-құндылық, мазмұндық-мәнді түрде бойынан өткізу, тұлғаның өмірлік мақсаты, құндылық бағдары, ұмтылыс жүйесінің жаңа әрекет тісілдерін тудыру. Түрткі тұлғаның субъект негізін мынадай сана құрылымымен толықтырады: бағытты анықтау, дербестік, мәнді шығармашылық, өзін-өзі актуальдау, өзін-өзі іске асыру, өмірдің рухани деңгейін қамтамасыз ету.

Тәрбие тұлғаның шығармашылық сапасын қалыптастыратын тұлғалық құрылымды тәрбиелеуі тиіс. Білім берудің мақсаты - оқушыны тәрбиелеуге жағдай мен орта қалыптастырғанда шығармашылыққа қабілетті тұлғаны дамытады.

Жаңа мәнге ие болған синергетикалық педагогикалық жүйенің негізгі қызметі - мақсат, тұлғалық-құндылық мағыналы мазмұн және технологиялық негіздер арқылы мазмұнды синергетикалық бағдар, жалпы және жеке принциптер мен бағдарлы жағдай арқылы өзін басқаруды өзгертеді.

Гуманистік білім берудің бірінші принципі – танымдық сананың субъективтілігі. Зерттеуші бақылауды жүйенің ішінен жүргізеді. Мұғалім мен оқушы білім беру субъектісі ретінде анықталады. Оқу-тәрбие білімді зерттеу кеңістігіне айналады.

Екінші принцип - толықтыру, классикалық емес кванттық теорияда ашылған маңызды жаңалық - комплементарлық тұжырымдаманың мәні, қарама-қайшылық дамудың негізі ретінде бірін-бірі жоймайды, керісінше толықтырады, келісімге келеді. Осыған орай оқу-тәрбие үрдісіндегі мұғалімнің жеке сөзінің орнына сұхбаттасу, пікірлесу, әрекеттесу, серіктестік, тұлғаны дамытатын шынайы еркіндікке бағдарлау - адамның адамилығын дамытады.

Үшінші принцип – оқыту мен тәрбиелеу ақпаратының ашықтығы.

Төртіншіден, жүйедегі (білім беру, сана, тұлға) жаңа сапа синергетикалық принципке және жағдайға сәйкесу керек. Мұғалім мен оқушы арасындағы шынайы ізгілік қатынас үйреншікті білім беру мен тәжірибені ұйымдастырудан өзгеше, яғни оқу-тәрбиедегі өзара ынтымақтастық арқылы өздігінен дамудың және өздігінен ұйымдастырылудың ішкі көздерін айқындау шарт.

Педагогикада синергетикамен қатар, жалпылама феноменологиялық тәрбие тұжырымдамасы да дамып келеді. Қазіргі педагог бұрынғыдай ақыл айту, «тәртіпке үйрету» сияқты қызметінен, оқушыны түсінуге, өзімен бірге шешім қабылдауға, тұлғаға қолдау көрсетуге назар аударып отыр. Феноменологиялық тұрғыдан, қазіргі теорияның атқаратыны, құбылысты біржақты түсіндіру емес, оны табиғи қалпында суреттеу. Осындай ғылыми бетбұрыс құбылысты бір жақты емес, түрлі қырынан, соның ішінде оқушының пікірімен санаса отырып суреттеу үрдісін ескереді.

Мұнда мұғалімге қойылатын талап та өзгеріске ұшырайды: бағдарламалық материалды қабылдаудан - шығармашылық мақсаттарды шешуге, сананың көпқырлы деңгейін жетілдіруге, өзіні-өзі іске асыру қабілетін қалыптастыруға бағытталады. Сондықтан, мұғалім тек пән мұғалімі және әдіскер ғана емес, жаңа тәрбие феноменологы болуы тиіс.

Феноменология - адам санасының даму жолдары мен тәсілдерін, тұлғаның адамгершілігін, рухани жағын өздігінен дамыту туралы ілім, феномен, яғни ерекше құбылыс, бізге тек сезім арқылы ғана емес, мәндік мағынада да беріледі; феноменология – ішкі терең танымдық бастауларды, байланыстарды, тетіктерді, құбылыстың мәнін іздейтін тәсіл.

Таңдау, бостандық, адамгершілік, өзін-өзі іске асыру феномені – бұл сыртқы жағдайдың ықпалынан емес (орта, тіршілік жағдай, этникалық әрекет үлгілері), сонымен бірге ішкі жағдайлардың ықпалы – ең бірінші - сана мен оның ішкі мазмұны - тұлғалық құрылымының нәтижесі. Ішкі жағдайлар тұлғаның мақсаттық бағытын, ынтасын, өзін іске асыру еркіндігін және өзіне сенімін анықтайды.

Дегенмен де осы бағыттарға «дайын күйінде» қол жеткізу қиындық тудырады. Олар танымдық санада қайта «тууы қажет». Тиімді жолдардың бірі танымдық сананы ізгілік тұрғыдан ұйымдастыру.

Гегельдің феноменологиялық ұстанымы бойынша болмыс (әлеуметтік орта) мен адамның ішкі дүниесі «субъективті рух» өзіне тән рухани субстанцияның саналы мазмұнмен сәйкестігін тануы тиіс. «Санадағы құбылыс» тек адамға тән, тұлғаның рухани дамуы «сезімнен абсолюттік білімге» жоғарылауы. Осылардың арасындағы ойлау қызметі сананы жетілдіреді.

Соңғы жылдары педагогикада пайда болған тың көзқарастың бірі - Ш. Амонашвилидің гуманды-тұлғалық қатынасқа негізделген “Өмір мектебі” атты

педагогикалық трактаты. Онда бастауыш сынып оқушыларының рухани, адамгершілік, тұлғалық, интеллектуалдық дамуын қамтамасыз ету көзделген. Табиғаттың іргелі заңдарын, дүниені, психиканы игеру үшін адамды рухани тұрғыда дамыту көзделеді. Балаға өмірді таныту, одан тәжірибе алуына ықпал ету, өмірдің шексіздігін, мәңгілігін түсіндіру, “Мен не үшін өмір сүремін?” деген ізденіс барысында “Дүниені тану, өзін-өзі жетілдіру, рахымдылықты ұлғайту, адам эволюциясын дамыту” талаптарын нысанаға алу қарастырылады. Сонымен, гуманды-тұлғалық мектептің басты ұстанымы - баланы өмір арқылы дамытып тәрбиелеу.

Ш.Амонашвилидің “Өмір мектебі” атты трактаты іргелі аксиомалық бастамаға, ақиқатқа негізделген әлемдік-діни, рухани-философиялық ілімдерге сүйенеді. Олардың түйіні: жан - дүниеде бар субстанция; ол мәңгі жетіліп өрлеуде; бұл дүниедегі өмір - рухани өрлеудің бір кезеңі. Осы түйіннен үш қағида өрбиді де ол мұғалімнің Сеніміне арқау болады:

Бұл өмірде бала кездейсоқ жаратылыс емес. Оның бұл дүниеге келуі қажеттіліктен туған. Оны осы өмірге шақырған адамдар бар, олар онсыз өмір сүре алмайды. Баланың өмірлік мақсаты – осы өмірде қызмет ету тиіс. Ол алыс-жақынға, таныс-бөтенге, бүкіл планетарлық эволюцияға қызмет етуі тиіс. Мысалы, ұлы тұлғалар адамзатқа қызмет ету үшін өмірге келгендер. Бала рух иесі, оның бойында рухтың ұлы қуаты бар. Ол Кіші ғарыштық әлем, ол дүниемен бірліктегі тіршілік иесі. Ол кемелдену жағынан Жаратушыға ұқсас болғысы келеді. Баланың бойында қуат қоры мол болғандықтан, оның ұмтылысы да биіктей түседі.

Қорыта келе, мұғалім Баланы жоғары әлемнен келген құбылыс ретінде бағалап, оның осы өмірде атқаратын белгілі қызметімен бірге, үлкен қуатқа ие екеніне Сенім артуы, өзінің шығармашылық төзімділігін жетілдіріп, баланы құрметтеуі, оның тұлғалық қасиетін шыңдап, балаға қалтықсыз берілуі және оның тағдырына жауапты болуы шарт. Сенім дегеніміз білімді сезіну, ал оның қағидалары ғылыми дәлелдерге сай келе бермейді. Тек ішкі сезімдік ой ғана сенімді білдіреді де, ол іс-әрекетке ұласады /3/.

Сонымен, гуманистік тәрбие теорияларының басты нысанасы - тұлғаның ішкі мүмкіндіктері мен қабілеттерін дамытып, өздігінен білімін жетілдіру, санасын дамыту, сезімдік-эмоциялық жағдайы мен интуициясын дамыту, сана мен сезімді үйлестіру, жаратылыстан берілген ақпарат көздерін түсіну, адамның тектік коды мен әлеуметтік тәжірибесін үйлестіру, қоғам мен адам арасындағы қарым-қатынасты ізгілікке бағындыру. Ең жоғары құндылық - адамның тұлғалық қасиеті, оның ішкі дүниесі, бостандығы, еркі, даралығы және шығармашылығын дамытуды жүзеге асыру.

Идеалистік философияға негізделген мектептердің бірі – Вальдорф мектептерінің қозғалысы. Бұл мектеп адам дамуының антропософтік түсініктемесіне, яғни адам бойындағы тәндік, жандық, рухтық факторлардың үйлесімділігіне сүйенеді. Антропософтік мектептің негізін қалаған неміс философы Р.Штайнер. Вальдорф мектебінің басты мақсаты тәрбиені рухани негізде, яғни жас ұрпақтың «руханилықты пайымдауға» қабілеттілігін дамыту барысында, рухтық және жандық қасиеттерді сезім мүшелері қабылдағандай сезініп, оны қабылдай алуға тәрбиелеуді көздейді және ерікті тұлға тәрбиелеу арқылы, оның шығармашылығын өрбітіп, қоғамдағы консервативтік әлеуметтік құрылымдар мен стереотипті іс-әрекеттерден бойын аулақ ұстауға баулу. Тәрбиенің негізгі ұстанымы – ең бірінші көркемдікке, сұлулыққа, онан кейін ақыл-ойды дамытуды алға қоюды көздейді. Тәрбиеленушілерді көркемдік,

шығармашылық іс-әрекетке тәрбиелеу басты ұстаным болғанымен, оны ақыл-оймен, ерік сапасын дамытатын басты құрал ретінде қарастырып, өзгермелі әлеуметтік ортада өз мүмкіндігіне сәйкес қатынас құра білуге тәрбиелеу іске асырылады /4, 5/.

«Біріктіру тәрбие философиясы» реалистік бағытқа жатады. Бұл теорияда адамның «тәндік және жандық жаратылысы» үйлесімділікте қарастырылады. Осы негізде құрылған тәрбие тұжырымдамасы жеке тұлғаны қалыптастыруда мынадай теориялық мәселелерді ескеру қажет деп санайды: жүрек тәрбиесі – руханилық немесе сезім аспектісі; моральдік және этикалық тәрбие отбасынан басталады; білімді игеру – ақыл-ой, ерік бірлігін және адам әрекетін, шығармашылығын жетілдіру.

Қорыта келе, бұл тұжырымдама бойынша шынайы құндылыққа адам тек жүрек жылуы, мейірім арқылы ғана жетеді. Тек ақыл-ой арқылы құндылықтарды игерудің жеткіліксіз екенін көрсетеді. «Біріктіру тәрбие философиясы» жоғарыда аталған жүрек тәрбиесі, отбасынан бастау алатын моральдік және эстетикалық тәрбие, білімді игеру мәселелерін тығыз байланыста қарастырып, рухани білім беру теориясының негізін қалайды.

“Біріктіру тәрбие философиясына» негізделген Халықаралық білім қоры тарапынан шығарылған “Мен адамдар арасындамын” атты отбасы тәрбиесі мен мектеп оқушыларына арналған этикалық құралдың рухани танымдық қырына тоқталатын болсақ, онда “жетілген тұлға - мықты отбасы - бейбіт қоғам - жасампаз адамзаттық іс” тәрізді жоғары мұраттар бірлігі қарастырылады /4, 6/.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында С.А.Назарбаеваның жетекшілігімен “Өзіндік таным” пәнін үздіксіз білім жүйесіне ендіру мақсатында оқу бағдарламалары, оқу-әдістемелік құралдары орыс-қазақ тілдерінде даярланып, мектепке дейінгі мекемелер мен бастауыш сыныптарда және жоғары оқу орындарының 1 курстарында тәжірибелік байқаудан өткізілуде. “Өзіндік таным” курсының өмір талабынан туындап, оқу жоспарына енуі, жас ұрпақтың дүниетанымын, белсенді өмірлік ұстанымы мен әрекетін қалыптастыруды көздейді. Сонымен, руханилыққа негізделген кейбір гуманистік тәрбие тұжырымдамаларын талдай отырып, олардың көбінесе жаратылыстану ғылымдарының соңғы жетістіктеріне негізделетіні анықталды.

Екіншіден, адам жаратылысының тәндік, жандық, рухтық негіздерін бірлікте қарастыру, іргелі аксиомалық бастамаға, ақиқатқа негізделген әлемдік-діни, рухани-философиялық ілімдерге сүйену, тұлғалық қарым-қатынас, психологиялық белсенді іс-әрекет негіздерін қалыптастыруды көздейтіні айқындалды.

Қорыта келе, жоғарыда талданған гуманистік тәрбие теорияларында жеке тұлғаны рухани дамытудың түрлі қырлары, әсіресе сезім мәселесі нысанаға алынған. Соңғы жылдары тәрбие теориясында тұлғаның руханилық қырын дамыту мәселелері, жаңа әдіснамалық негіздегі, тың көзқарастағы теорияны қажет ететіні белгілі болды. Жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтарды ескере отырып, тәрбиедегі кейбір гуманистік теорияларды зерттей келе, бүгінгі адамзат қауымдастығының рухани таным мәселесін зерделеу барысында мынадай маңызды мәселелердің басын ашып алу қажеттігін көрсетті: жеке тұлғаның өзіндік танымын, рухани санасын дамыту; оны жетілдіру бағыттарын анықтау; тәрбиедегі құндылықтар теориясының негізін анықтау; жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде ноосфералық зият қалыптастыру үрдісінің негіздерін игеру.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Пригожин И., Стенгерс И. Порядок из хаоса. Новый диалог человека с природой. Предисловие. – М.: Прогресс, 1986.
2. Юзвишин И.И. Основы информациологии. - М.: Международное издательство “Информациология”, Высшая школа, 2000.
3. Амонашвили Ш. Школа жизни. - М.: Изд. дом Амонашвили, 1998.
4. Битинас Б.П. Введение в философию воспитания. -М. 1996.
5. Гейдебранд К.Ф. Учебный план Вальдорфской школы. М.: 1992
6. Бжиска А.Л., Станеки-Козвоски М., Феллени Д., У Хейнс, К.Бозжанова, Майгаранова Ш. /Ред. басқар. Майгаранова Ш. Мен адамдар арасындамын. Этикаға арналған құрал.-А.: Test-Company, 2004.

### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада тәрбиенің синергетикалық, феноменологиялық, дуалистік, тұлғалық тұжырымдамалары және тұлғаның рухани дамуының түрлі аспектілері қарастырылған.

### РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются синергетическая, феноменологическая, дуалистическая, гуманно-личностная концепции воспитания, антропософия, философия объединения и самопознание, которые освещают различные аспекты духовного развития личности.

## ҚАЗІРГІ АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Машенбаев Т.Б. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалар нарықтық экономика жағдайында әлемдік кеңестік ауқымына бағытталып отыр. Дербес Қазақстан мемлекетінің болашағын бүгінгі ұрпақ тәрбиесімен тікелей байланыстырсақ, шәкірттің рухани әлемі ғаламдық білімімен, өз халқының ғасырлар бойы жинақтаған асыл қазынасымен, ұлттық салт-дәстүрлерінің айшықты үлгілерімен сусындату міндетіне тәуелді болып шығады.

Мектептердің, әсіресе ауылдық мектептердің білім беру мақсатының жаңаша тұжырымдалуы оны ізгілендіру мен демократияландыру ұстанымдарынан туындайтынын ескерсек, мектептегі білім мазмұны жасөспірімдерге өз ұлтының тілін, мәдениетін тарихын терең түсінуіне және басқа ұлт өкілдерінің тілін, тарихи-мәдени дамуы жөніндегі мағлұматтар арқылы өз халқының, егеменді еліміздің дүниежүзілік мәдени мұрадағы орнымен үлесін білуге мүмкін береді.

Ауылдық қазақ мектебінің басты мақсаты – баланың ой-өрісін өсіріп, өзіндік дүниетанымын қалыптастырып, шығармашылықпен жұмыс істейтіндей жағдай туғызу. Сөйтіп, әрбір оқушының өзін-өзі дамытуына, өз мүддесі мен қызығушылығын қанағаттандыруына, бойындағы қабілетіне сай білімін тереңдетуіне ықпал жасау міндеті тұрады.

Оқушылардың тіл мәдениетін дамыту, сауатты жаза білетін, өз пікірін, сезімін, ойын, көзқарасын жеткізе алатын азамат етіп тәрбиелеу де - өзекті мәселелердің бірі. Білім жоқ жерде ешқандай көзқараста жоқ, яғни «білім –

ізгіліктің иегері». Олай болса ірілік жолындағы ізденістер екі бағытта жүреді. Бірі - оқып, білім алу, екіншісі - адамгершілікті қалыптастыру тәлім тәрбие беру.

Адамгершілік тәрбие – тәрбиенің негізі екендігін бәріміз жақсы білеміз және адамгершілік тәрбиенің негізі ұлы Абайдың даналық ойларымен қабысып, бастау алатыны даусыз екенін тағы да ұғамыз. Бұл арайда Абайдың төменгі өлең шумақтары сөзсіз ойға оралады:

Бес нәрседен қашық бол  
Бес нәрсеге асық бол  
Адам болам десеңіз  
Тілеуің, өмірің алдында  
Оған қайғы жесеңіз  
Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек бекер мал шашпақ  
Бес дұшпаның білсеңіз  
Талап еңбек терең ой,  
Қанағат рақым ойлап қой  
Бес алыс іс көңсеңіз, -  
Деп келіп.

Ғалым болмай немене,

Балалықты қисаңыз, - деп насихат етеді. Бұл қашық болатын бес нәрсе, асық болатын бес нәрсе - үлкен ұғымдары адам бейнесін, оның кісілік болмысын айқындайтын парасаттылық көрсеткіші. Біздің ғылыми негізде дәлелдемек болған ойымызды ойшыл қысқа да нұсқа жыр жолдарымен айтып берген.

Ұстаздар мен ғалымдардың екінші Қазақстандық съезінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Қымбатты ұстаздар, сіздер біздің балаларымызды өсіріп, олардың ақыл-ойын жетілдірудесіздер. Олар үшін кейде ата-аналарына қарағанда сіздердің беделдеріңіз үлкен. Жаңа ұрпақтың болашақ азаматтық бағдары, олардың патриотизмі, туған жерге етенелілігі көп ретте сіздерге байланысты. Оларды зиянды әдеттерден, есірткіден сақтап, бойларында салауатты өмір салтын орнықтыруға сіздердің күш-қуаттарыңыз жетеді. Ел үшін оның балалары балғын шағынан тәуелсіз Қазақстан үшін мақтаныш сезімін бойларына сіңіріп, оның тарихы мен заңдарын, мемлекеттік нышандарын білгені өте маңызды», - деген. Жалпы қоғам, халық өзінің жарқын болашағына саналы азаматтарын сүйеніш етсе, сол сүйеніш еткен дара тұлғалар – ұстаздар екені Елбасы лебізінен айқын көрініп тұр.

Қазіргі өскелең өмір талаптарына сай жастарға білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту - қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі. «Білім беру – бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз процесі» - деп жазған.

Оқу мен тәрбие егіз. Ол бір – бірінен бөліп алып қарауға болмайтын, табиғаты жақын тұрған үрдіс. Ұстаз – бір елдің болашағы үшін жасайтын киелі мамандық иесі. Оның парасаты, жүріс-тұрысы, сөйлеу мәдениеті, ішкі жан дүниесі, тіпті киім киісі бәрі баланың назарынан тыс қалмайды. Қазақтың кемел ойлы ұстазы А.Байтұрсынов: «Мұғалім нашар болса, сыйлы мектепте отырып сабақ бере алмайды. Мұғалім болу оңай нәрсе емес. Тәртіппен жасалған оқу құралдарымен оқытуға, тәртіппен оқыта білетін мұғалім керек» -деп айтқан.

Әбу Насыр Әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» -деген екен.

Үйелмендік тәрбие жеке адамның жан-жақты және үйлесімді дамуына жауапты. Балалардың үйелменде тәрбиеленуі білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмыстарымен ұштасады. Ауылда жергілікті білім беру органдары мен мекемелер, ғылыми-зерттеу, институттары, қоғамдық бірлестіктер, еңбек ұжымдары біріге отырып, оқыту мен тәрбие жұмысын жақсартуда ата-аналарға, оларды алмастыратын адамдарға отбасы тәрбиесі жайында көмек көрсетеді, жағдайлар жасайды. Мектеп жасына дейінгі балаларды отбасында тәрбиелеуге үкімет көмектеседі. Ол үшін ата-аналарға өтем төлемдері беріледі.

Балалардың қабілеттілігі мен бейімділігін дамыту, қоғамдық белсенділігін арттыру еңбекке, кәсіби бағдар беруге, ғылым мен техникаға, өнерге, әдебиетке, спортқа, ұлттық дәстүрлерге құштарлығын тәрбиелеу, олардың мәдени демалысын, бос уақытын, дұрыс ұйымдастыру мақсатында осы жұмыстардың бәрін мектептен тыс білім және тәрбие беру мекемелері ұйымдастырады. Мұндай мекемелерге: ауылдың мектептер, балалар кітапханалары, жас табиғатшылар станциялары, балалар стадиондары, спорт, музыка мектептері және мектептен тыс басқа да балалар мекемелері жатады.

Барлық мектептен тыс білім және тәрбие беру мекемелерінің жұмысы өздерінің ережелері мен бағдарламасын, оқушылардың өз іс-әрекеттерін мектептермен тығыз байланыстыра ұйымдастырады. Тәрбие және білім беру жұмыстарын осындай принциптерді негізге ала отыратын жүргізудің нәтижесінде, оқушылардың түрлі іс-әрекеттерінде қызығушылығы мен бейімділігі байқалады. Таным қабілеті дамиды, сапалы тәрбие, терең және тиянақты білім алу жолындағы күресте белсенділігі артады. Міне, осылардың нәтижесінде олардың өмірге, дүниеге ғылыми көзқарастары, кеңиді, қалыптасады.

Сонымен білім мен тәрбие беру – бұл Республика азаматтарының құзыретін және адамгершілік, интеллектуалды, мәдени дамуының жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған үздіксіз тұтас педагогикалық процесс.

Үздіксіз білім беру жүйесін жақсартудың басты бағыттары: оны дамыту, демократияландыру, гуманитарландыру, нақты білім беру саясаты және халықтың әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері білім беру ісін жетілдірудің арқауы болып табылады.

Қорыта келгенде, ауыл мектебі қоғамдың сол ортаның әлеуметтік ұясы. Онда демократияландыру, ізгілендіру негізінде оқушылық ұжым нығаяды, қалыптасады, идея жағынан шынығады.

Ізгілендіру барлық мектеп өмірін демократияландыру жағдайында жүзеге асырылады. Ізгілендіру – бұл балаға деген зор қамқорлық, қайырымдылық, оның мақсатын, тілегін мүддесін қабылдау, баланы қоғамның белсенді тұлғасы ретінде қалыптастыру, теориялық және практикалық білім негізінен қаруланған мүшесі етіп дайындау.

Оқыта отырып тәрбиелеу, тәрбиелей отырып оқыту – педагогика ғылымының басты қағидасы. Білім беру мен тәлім-тәрбиенің бірлігіне негізделген бұл ерекше маңызды міндетті, жүзеге асыру-әрбір сапалы ауыл мұғалімінің қасиетті борышы.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ауылдық қазақ мектебінің баланың ой-өрісін өсіріп, өзіндік дүниетанымын қалыптастырып, шығармашылықпен жұмыс істейтіндей жағдай туғызу мүмкіндіктері және оқушының өзін-өзі дамытуына, өз мүддесі мен қызығушылығын қанағаттандыруына, бойындағы қабілетіне сай білімін тереңдетуіне ықпал жасау міндеті қарастырылған.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы формирования и создания условий для саморазвития и самосознания детей казахских школ сельской местности.

### ЖАН ПИАЖЕНІҢ ИДЕЯЛАРЫНА БҮГІНГІ КӨЗҚАРАС

Мирсеитова С. (Алматы қ., Қазақстан оқу ассоциациясы)

Біз әр уақытта оқытудағы дара қатынас туралы айттық және айта береміз. Теориялар өте көп және менің ойымша бүгінгі күні мұғалімдер мен мектеп әкімшілігінің диагностикалық тестермен жаппай айналысуы мәселені басқа жағына тартады. Жалпы оқыту үрдісінде Жан Пиаже маңызды орын алады, себебі біз үшін басты мәселе баланың сабақтағы «қауіпсіздігі», яғни артқа жалтақтамай және толқусыз өзінің дамуына қатысуға деген құштарлықты ояту. Қазақстан Оқу Ассоциациясы мұғалімдермен жұмыс істегенде негізінен Ж. Пиаженің идеяларына сүйенеді. Біздерге дара қатынас жайында тест және шексіз диагностика жүргізу болып табылмайды, біз әрбір оқушыға «әлем туралы өз көзқарасын терең және кеңірек дамытуға» мүмкіндік береміз /1/. Басқаша айтар болсақ, біз Л. Выготскийдің анықтамасы бойынша баланың және мұғалімнің «жақын даму аймағында» жұмыс жүргіземіз. Л. Выготский ізіне ілесе отырып, біз білімді «күнделікті» және «академиялық» деп бөлеміз, сонымен бірге Дж. Дьюи мен Ж. Пиажеге ілесе отырып, біз күнделікті «эмоционалдық күшті» академиялық білімде үлкен әсерге жету үшін қолданамыз.

Жан Пиаже мұралары өкінішке қарай біздің көптеген мұғалімдердің қолдарына түспейді. Ж. Пиаженің біздің оқырманымыз үшін таныс 1994 жылы орыс тілінде басылған «Сөз және Баланың ойлауы», «Баланың пайымдауы мен талқылауы» деген еңбектері 1923 және 1924 жылдары жарияланған болатын. Осылайша бұл еңбектер оның ұзақ еңбек жолы мен көптеген жаңа басылымдарына жол ашты. Мүмкін өзгерістер болған шығар, дегенмен көбісі кеңейтілді және біздің мұғалімдердің қолына түсе қоймаған жаңа идеялар пайда болды. Мүмкін біздің түсіндіруімізде оның идеялары басқаша берілер еді. Біз Пиаже идеяларын американдық ғалымдар көзімен қарастыруды ұсынамыз, себебі бір жағынан алғанда бұл шындығында да қызықты, ал екінші жағынан алғанда, Пиаже мұндай түсіндіру рухында «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» (RWCT) жобасында, басқа білім философиясында, мысалы, Тілге тұтас қатынас сияқты берілген.

Неліктен біз бұны жасаймыз? Біріншіден, бұл «оқытуды бейнелеуші» деп аталатын нәрсе – өзінің оқыту процесін бақылау және рефлексия жасау. Тиісті мұғалімдер мұндай жұмысты тұрақты жүргізеді. Біздің елде сыныпты зерттеу, оның нәтижесін сипаттап жазу және жариялау ғалымдардың ісі болып саналды. Англия мен АҚШ - та кеңінен қанат жайған «мұғалім-зерттеуші» қозғалысы мұғалімнің сыныптағы зерттеуінің маңыздылығы жөніндегі Дьюи мен Пиаже идеяларын толық көрсетеді. Екіншіден, мұғалімдер шынайы еңбекпен жұмыс істеу барысында RWCT жобасын ішінен «көруге» тырысуы қажет. Әрине, бұл оларға Дьюи, Пиаже және Выготскийдің идеяларын тәжірибеде қолдануға көмектеседі. Ең басынан, тіптен біз Дьюи, Пиаже және Выготскийдің нақты не айтқанын айтпасақ та, барлық уақытта олардың идеяларымен, қағидаларымен жүрдік. Біздің сыныптағы тәжірибемізге олардың көзімен қарайтын сәт туды.

«Тыңда! Маған бір керемет ой келіп тұр!» Бұл Е. Дакворттың кітабының атынан көрініп-ақ тұрғандай, Ж. Пиажениң мектеп пен ойдағы алатын рөліне арналған кітабының негізгі идеясы болып табылады. Е. Дакворт кітабын мына сөздермен ашады: «Керемет ойдың пайда болуы интеллектуалды дамудың көрсеткіші болады. Баланың өзіндік ойын құрып, сол ойды құрғаны үшін өзін жақсы сезінетіндей орта құру педагогиканың негізі болып табылады» /1, p.1/.

Мәселен, белгілі бір нәрсені есте сақтау мен оны қажетті жағдайда қолдану және басқа да құбылыстармен байланыстыру бүлдіршіннің жас кезінде қолайсыз болады. Не істеу керек? Мәжбүрлеп оқытуды жалғастыру керек пе? Немесе уақыт келгенде олар өз идеяларын қалыптастырады дегенді күткен жөн бе? Оларды қырнау қажет пе?

Е. Дакворт Ж. Пиаже ретінде түсіну кезінде осындай шектеулерді есте ұстап, кез-келген сыныптың түрлі деңгейде болатындығын есте ұстауымыз керек деп санайды /1/.

Мемлекеттік оқу жоспарында 050120 – бакалавр, "Кәсіптік білім" мамандығы бойынша болашақ маманды кәсіби даярлауда педагогикалық практика жоспарланған. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының оқу жоспарында кәсіптік білім мамандығы бойынша 1-4 курстарда педагогикалық практикалар ұйымдастырылған. Педагогикалық практика үздіксіз және арнаулы мамандандырылған деп екіге бөлінеді. Бастапқысы 1-ші курстан басталып, маманның кәсіби қалыптасуында негізгі қызмет атқарады. Практиканттың негізгі мақсаты шығармашылық жұмысын талдау, технология және қолөнер шеберлерінің идеялық шығармашылық ізденістері арқылы оқушының эстетикалық көзқарасын және көркемдік қабілетін жетілдіруге жағдай жасау, олардың кәсіптік шығармашылыққа қызығушылығын қалыптастыру. Қолөнердің мәні мен алатын орнын оқушының меңгеру деңгейін дамыта отырып, өз халқының ұлттық дәстүріне, мәдениетіне деген эстетикалық сезімін қалыптастыру, жан-жақты тәрбие беру.

Педагогикалық практикадағы тәжірибе жұмысын жоспарлауда болашақ мамандардың кәсіби шығармашылығын дамыту бүгінгі күн талабына сай болу керек деген қағиданы негізге алдық. Үздіксіз педагогикалық практика бағдарламасындағы талаптар мазмұнын игерудегі мақсат: мектепте педагогикалық мамандықпен танысу; басқада оқу орындарымен байланыс ұстау; мектеп құжаттарымен танысу және теория мен практиканың байланысын қалыптастыру; педагогикалық жаңа технологияны үйрену. Осыған байланысты алға қойған мақсатты жүзеге асыру барысында мынадай міндеттер жүзеге асырылады:

- оқушылардың қазақ қолөнеріне, тігін ісіне қызығушылығын арттыруын бақылау;
- қазақ қолөнерінде халықтық тәлім-тәрбие дәстүрлерінің негізі бар екенін дәлелдеу /3/.

Осы мақсат-міндеттер негізінде 1-4 курс студенттерімен әр түрлі мазмұнда жұмыстар орындалады, мәселен:

1-ші курста ұйымдастырушылық және теориялық жоспарлау, 2-ші курста ғылыми-әдістемелік, 3-ші курста тәжірибелік бақылау кезеңдері жүзеге асырылады, арнаулы маманданған практика 4-ші курста жүргізіледі. Оның мақсаты: мұғалімді шығармашылық тұрғыда кәсіптік әдіс-тәсілдерге үйрету, мектеп мұғалімдерінің жұмыс тәжірибелерін практикалық түрде үйрету /4/. Бұл мақсатты меңгеруде студент-практиканттар "Машинатану", "Тігін бұйымдарының технологиясы", "Кәсіби еңбекті оқыту әдістемесі", "Тігін бұйымдарын кұрастыру", "Педагогика" т.б. пәндерден алған теориялық білім негіздеріне сүйенеді. Студенттер жалпы білім беретін мектептің технология сабақтары бағдарламаларын оқып-үйреніп, зерттеу мен олардағы тақырыптар мазмұнына қосымша материалдар енгізу, соның нәтижесінде сабақ беру, жаңа технологияларды қолдану үлгілерін көрсетеді.

Педагогикалық практика барысында студенттердің тапсырмаларды орындау, зерттеу нәтижелерін талдай келе:

- базалық және арнайы пәндер негізінде алған білім, шеберлік, дағдыларын жетілдірумен бірге, эстетикалық тәрбие беруде пайдалануға деген қызығуын қалыптастыруға әсер етеді;
- болашақ мұғалімдердің дүниетанымдық ойлау қабілетін дамытып, өздігінен ғылыми іздену мен еңбекке деген белсенділігі артатындығын анықтайды;
- студенттердің арнайы мамандандыру пәндерінен білім қорын молайтып, практикалық және әдістемелік шеберлік дағдыларын жетілдіреді деген қорытынды жасадық.

Студент-практиканттардың педагогикалық практика кезіндегі мектептегі атқарған жұмыстарының сапасы, оларға әдіскер пән мұғалімдерінің жәрдем көрсетуіне тікелей байланысты екендігі белгілі. Студенттердің педагогикалық практика барысында атқарған іс-шаралары әр түрлі бақылау түрлерімен қорытындыланады. Пән әдіскерлері практиканттардың мектептегі жұмыстарын үнемі бақылау, олардың сабақтарына, тәрбиелік кештеріне қатысу, пән мұғалімдерімен әңгімелесу жүргізілді /3/. Осылайша нақты және жүйелі ұйымдастырылған педагогикалық практика студенттердің шығармашылық іскерліктері мен дағдыларының қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Педагогикалық практика студенттердің кәсіптік шығармашылығын, ғылыми ізденушілігін дамытуда тиімді көрсеткіш бола алады дей отырып, қолөнер бұйымдарын дайындау жобасының әдістерін қолдануды қажет етеді. Бұл жоба мынадай бөлімдерден тұрады: ұйымдастыру-даярлау, құрастыру (конструкторлық), технологиялық және қорытынды кезеңдері.

*Ұйымдастыру – даярлау кезеңі*, бұйымды таңдау, эскизін және оны орындаудың техника әдістерін қарастыру; сыртқы түрін сипаттау; тақырып таңдаудың негіздемесі; бұйым туралы шығармашылық материалдарды іздестіру; таңдап алынған қолөнер бұйымы жөніндегі тарихи деректер жинақтау; бұйымның таралу, қолдану аймақтары; өлшемі және дамуы; бұйымды дайындау үшін материал таңдау және оның түрлі-түсті гаммасын, түс сәйкестігін қарастыру; құрал-жабдықтарды іріктеу.

*Құрастыру (конструкторлық) кезең*, бұйымның сыртқы пішіміне байланысты бұйым эскизін дайындау, үлгісін қағаз бетіне түсіру, сызбасын құрастыру. Схема бойынша түсін таңдап алу.

*Технологиялық кезең*. Бұйым дайындаудың технологиялық тізбектілігі немесе реті. Бұйым бөлшектерін құрастыру және түрлі әшекеймен өңдеу. Бұйымның сапасын тексеру.

*Қорытынды кезең*. Бұйым бағасының экономикалық есебі. Бұйымды қорғау. Қолөнер бұйымдарын орындау жобасының түсініктеме қағазын дайындау. Мазмұны бойынша қолөнер бұйымдарын дайындау жобасының түсініктеме қағазы тек қана қолөнер бұйымдарының белгілі бір арнаулы түріне тән бөлімдерінің айырмашылығы бар. Барлық негізгі бөлімдер әртүрлі жобаларда бірдей сақталады.

Түсініктеме қағазы мынаны қамтиды: титулдік бет, мазмұндама.

Кіріспе: Тақырыпты таңдаудың негіздемесі; бұйым жөнінде және таңдап алынған бұйымға орындалу әдістер техникасы туралы мәліметтер, бұйымның сыртқы көрінісіне немесе пішіміне сипаттама.

Негізгі бөлім: бұйымның эскизі немесе иллюстрациясы, (фото сурет); бұйымның сызбасы немесе үлгісі; қолданылған материал және құрал-жабдықтар тізімі; бұйым бөлшектерін дайындауда технологиялық өңдеу реті; бұйымды жинақтау технологиясының тізбектілігі.

Қорытынды бөлім: бұйымның құны кесте түрінде; бұйымның жарнамалық жобасы; қосымша оқушыларды қызықтырарлық көрнекіліктер (ребус, өлең, жұмбақ т.б.) жұмыс нәтижесі және жобаның өзіндік құны.

Жобаны бағалау белгісі (критерийі). Жобаны бағалау кезінде есте сақтайтын жағдайлар: бұйымды орындау сапасы (күрделілігі, ұқыптылығы, біліктілікке, дағдылыққа, ептілікке сәйкестігі). Түсініктеме қағазының жоба жайлы жұмысқа сәйкестігі және оны өңдеу әдіс-тәсіліне сәйкестігі. Сөйлем құрастырудың ерекшелігі, тыңғылықтық, терминалогияны дұрыс қолдана білу.

Жобаға тән қағазды орындаудың жалпы қағидалары. Жобаның түсініктеме қағазы қара пастамен жазылады немесе компьютерде басылады. Жобаның әр беті сол алаң 30мм, ал қалған алаңдар 20мм болады.

*Жобаның бірінші беті.* Жоғарғы жағында оқу орнының аты толық көрсетіледі, "тақырып" деген сөз және жобаның тақырыбы түгел жазылады. Жобаның тақырыбы неғұрлым қысқа түсінікті болуы қажет және де негізгі мазмұнына сай. Төменде сол жағында орындаушы студент-практиканттың аты-жөні, курсы және жетекшісінің аты-жөні жазылады. Ең төменде орындалған "қаласы" мен жылы көрсетіледі.

*Мазмұны:* мазмұнында түсініктеме қағазының тақырыптары толық көрсетіледі және қай парағында екені көрсетіледі, тақырыптарды қысқарту немесе басқаша мазмұнда көрсетуге тыйым салынады. Барлық тақырыптардың аты жазба әрпімен жазылады және соңына нүкте қойылмайды. Барлық беттің сандары соңғы санға теңеліп жоғарыдан төмен (столбцом) жазылады. Жаңа тақырып сөздің соңынан жазылмауы керек, тақырыптың бөлімдері жаңа беттен басталады. Беттер төменгі оң жақ бұрышында номерленеді. Түсініктеме қағазының бірінші парағы және мазмұны номерленбейді бірақта саналады. Осылай белгіленген жүйемен жұмыс жасау нәтижесінде болашақ маман иелерінің кәсіби шыңдалуы іске асырылады. Бұл үрдіс педагогикалық практика барысында дағдыланып, қалыптасады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. //Қазақстан мектебі. №2, 2004.
2. Симонов В.П. Педагогическая практика в школе. Учебно-методическое пособие для преподавателей и студентов. - М.: 2000.
3. ЮсуповБ.Ю., МашенбаевТ.Б., ӘбілдаевЕ.С. Педагогикалық практика. -А.,2005
4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. 050120 - Кәсіптік білім. Астана, 2004.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада „Кәсіптік білім“ мамандарының педагогикалық практикадағы зерттеу болжамының мәні, маңызы, құрылымы және оған қойылатын әдістемелік талаптар қаралған.

#### РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается значение педагогической практики в развитии профессионального творчества будущего специалиста профессионального обучения.

## МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУЫ

Абдурахманова Ғ. А. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Қазіргі Қазақстандағы білім және тәрбие үрдістерінде “Қазақстан Республикасының Конституциясы”, “Қазақстан Республикасының Білім туралы” Заңы, “Қазақстан Республикасының тәрбие тұжырымдамасы” т.б. мемлекеттік құжаттар басшылыққа алынады. Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру мәселелері мемлекет болашағының негізі болып табылатындығына Қазақстан Республикасының Президенті де назар аударып келеді.

Бұл мәселе бойынша бүгінгі оқушылардың шығармашылық қасиеттерін қалыптастырып, дамыту да тиісінше орын алмақ. Өйткені өркениетті заман жастарының шығармашылық іс-әрекеті қоғам дамуының алғы шарттарының бірі болып табылатындығы белгілі. Жастарды шығармашылыққа тәрбиелеудің ғылыми негіздері педагог-ғалымдардың еңбектерінен көрініс тапқан.

Қазіргі кездегі мектептің ең маңызды мақсатының бірі оқушының шығармашылық белсенділігін қалыптастыру, потенциалдық мүмкіндіктерін ашу және қабілетін дамыту болып табылады. Оқушылардың білімдер жүйесін жай түрде қабылдауы жеткіліксіз, сол себепті жастарға өздерінің шығармашылық іс-әрекеттерін әрі қарай дамытулары керектігін түсіндіру қажет. Оқулық пәндерінің функциясының үнемі өзгеріп тұруына байланысты оқып-үйрену объектісі жеке оқушыны дамытудың тәсілі болып қалады. Бұл жағдайларда мектеп курсына бірнеше пәндердің оқу процестері кезінде оқушының шығармашылық тәжірибесін дамытуға мүмкіндік беретін оқыту технологиясын дайындау туралы өте өзекті сұрақ туады. Мұғалім (оқытушы) шығармашылық және танымдық қабілетті жеке адамның белсенділігін арттыруға жетелейтін оқыту тәсілдерін меңгеру керек. Оқушыларды тұрақты белсенділікке үйрете отырып, шығармашылық мәселелерді шешетін белсенді, іздепаз, қайраткер адам шығаруға болады. Педагогика ғылымы неғұрлым, шығармашылық және ойлау процестерін ашқан сайын, мектепте соғұрлым балалардың білімге, белсенді ақыл-ой еңбегіне деген құлшынысын, сүйіспеншілігін нақты түрде арттыруға тәрбиелейді.

Біздің зерттеулерде оқушының жеке танымдылық, бағалық, шығармашылық және коммуникативтілік потенциалын бағалау үшін ақпаратты техникаларды қолдана отырып, бейнелеу қызметінде оқушының шығармашылық белсенділігін дамытудың, бағалаудың өлшемдері қолданылады:

- жаңа идеяларды генерация жасауға қабілеттілік;
- жаңа техникаларды игеру қабілеттілігі;
- визуалды мәдениетті көркем талғамға ие болу;
- коллективті жұмыс үшін жылдам болу түрде өзін-өзі анықтау және ұйымдастыру.

Алғашқы үш өлшем оқушының жеке қасиеттерін анықтау үшін бағытталған: продуктивті және репродуктивті қызметке, стереотипті шығармашылыққа, ойлауға бейімділік, оқушының ой-қиялының даму деңгейі.

Ұжымдық жұмыста өзін-өзі анықтау жылдам ұйымдастыруды дамыту, оқушыларды тәрбиелеудің барлық контекстерінде маңызды, ол адамның мінез-құлқына, оның қоғамдағы қарым-қатынастарының қалыптасуына әсер етеді. Бұл тәсіл жеке адамның коммуникабельдік потенциалын бағалауға көмектеседі.

Критерийлерді дамытудың деңгейлері мен бұл критерийлер жеке адамның психологиялық қызметтік жол табуында теориялық жағдайлары негізінде жасалған (С.Л.Рубинштейн, Л.С.Выготский т.б.). Осы теорияның негізінде зерттеу мақсатын және бейнелеу қызметінде оқушының шығармашылық белсенділігін арттыруға болады. Қызмет теориясының негіздерінде адамның кез-келген қызметі оның игерген ақпарат негізіне жатады. Қызмет кезінде ақпаратты қолдану сипатына байланысты екі түрлі болады: репродуктивті және продуктивті. Репродуктивті қызмет кездерінде адам өзіне белгілі іс-қимыл ережелері мен бұрын игерілген қолданыстарды қайта қолданады. Продуктивті қызметті орындау кездерінде бала үшін және адамзат үшін жаңа ақпарат жасалады. Жаңа технологияларды игеруге қабілеттілік (жеке адамның танымдылық потенциалы), біздің есептеуімізше, жеке адамның танымдылық потенциалын көтереді. Бейнелеу үрдісінде іс-әрекет кешенді түрде болады. Осының нәтижелерінде көркем ой визуальды түрде беріледі. Бұл жағдайда өнердің визуальды әдісі, көркем әдісінің құралдары, сондай-ақ бейнелеу қызметінде қолданылатын технологиялық кешені, технологияны беру техникасы шешуші роль атқарады.

Осылайша, бейнелеу өнерін модельдеу курсына бағыттау және жобаны орындау техникасын таңдау, компьютерлік графикаға бағыттау мәселесі айқын қойылады.

Оқушының жаңа технологияларды игеру қабілетін бағалау үшін олардың негізгі операцияларды игеру жылдамдығы үш этапқа бөлінеді: (олардың анықтамасы үшін интелекті белсенділігі деңгейлері негізге алынады), Д.Б.Богоявленская бойынша стимулды-өнімді деңгейде негізгі операцияны игеру жылдамдығы төмен.

Эвристикалық деңгейде негізгі операцияларды игеру жылдамдығы орташа. Бұл деңгейде оқу қызметінің жоғары мотивтермен және мақсатты түрде қабылдаумен байланысты түсінік қана емес, жаңа техниканы қолданудың жолдарын іздеу бақыланады.

Ақпараттық деңгейде негізгі операцияларды игеру жылдамдығы жоғары, бұрын алынған білімнің және жаңа техникада негізгі білім, біліктілік пен дағдының белсенді қолданылуы тез өтеді. Шығармашылық өнім іс-әрекет сипатына ие болады, осының нәтижесінде іс-әрекетінің мақсаты өз бетінше қойылады, жаңа ережелер жасалады.

Ақпараттық және компьютерлік технология оқу мен тәрбиеде адам қабілетінің дамуына оның ақыл-ойының, барлық танымдық үрдістердегі біртұтастық негізгі құралы болып табылады. С.И. Архангельский оқытуда автоматтанған техниканы пайдалану “оқушыларды интеллектуалды еңбектен босату емес, бұл еңбекті әлдеқайда жоғарғы сатыдағы шығармашылық қызметте ойлауға, автоматталған техникалық құралдарды пайдалану сапасын күшейтуге қолдану” – деген.

Визуальдық мәдениет пен көркем талғам критерийлері бойынша жеке адамның бағалау потенциалын, А.А.Мелик-Пашаев пен З.А.Новлянскийдің әдісі бойынша екі шығармашылық жаттығудың көмегімен өткіздік. 1-жаттығу бойынша түс арқылы қайырымды сиқыршы мен зұлым сиқыршының бағы белгілі бір көңіл-күйді беруі керек. Бұл жаттығуда мазмұнды және көркем аспектілерді түстің кешенді құрылымымен байланыстыру қажет болады. Тапсырма баланың көркем шығармашылықты игеруіне.

Келесі жаттығу оқушы шығармасының образдық мазмұнын түсінуге бағытталған, тапсырма көркем шығарманы талдауға, шығарманың терең мазмұнын түсінуге арналған. Бұл үшін сюжетті жалпы сезімдік тонға қарама-

қайшы болатын сәйкес шығарма алынады. Балаларға суреттен алған әсерін айту және сәйкес тақырып табу ұсынылады.

Жеке адамның бағыт потенциалын визуальды мәдениет және көркемдік талдауға ие болу критерийлері бойынша бағалау үшін екі жаттығу бойынша жалпыланған сипаттамалар қолданылады.

Стимул өнімді деңгей түстік мәнер үшін бір жай түстер алынады, жұмыстың жалпы колориті, автордың шығармаға эстетикалық қатынасын білдірмейді. Берілген өнер туындысының образды мазмұнын түсіну төмен, өнер туындысын игерудегі оқушының инициативасы, іс-әрекеті сыртқы стимулдарының әсері бойынша анықталады. Ол туындының оқушылар ойлап тапқан тақырыбы формальды түрде сюжетті білдіреді. Ақпараттық деңгей түстік мәнер, орта, негіздерінде бірыңғай емес, күрделі түс қолданылды. Шығарманың жалпы колориті жеткілікті, белсенді түрде автордың бейнеленген затқа эстетикалық қатынасын көрсетеді. 2-жаттығудағы ойлап шығарылған тақырып, өнер туындысының мәнін ашады, оқушының образды мазмұнды түсінуі, шығармашылық автордың терең ойымен ұштаспайды, шығармашының жазған жері мен уақыты жайлы өзіндік көзқарастар және ойлармен толығады. Жетекшілікті мөлшерлі жоғары жалпы мәдени деңгей мақсатты саналы түрде қабылдаумен сипатталады (өнер туындыларында әлемдік мұраның игерілуі). Ақпараттық деңгей сезімді нәзік ұжымдық шешімде, өрнекті белсенді қолдануда және жоғарылық фактураның көрінуі. Шығармашылық өнімді іс-қимылымен сипатталады, осының нәтижесінде іс-әрекеттің мақсаты өз бетінше қойылады, жаңа ережелер жасалады және зерттеліп жатқан құбылыстардың жаңа жақтарын іздеу жүргізіледі.

2-жаттығуды орындау кездерінде автордың шығармасына қызығушылық пен шығармашылық мәнін түсіну ғана емес, жалпы мәдени контексте шығармашының авторлық ерекшеліктерімен жалпылау бақыланады.

Келесі екінші өлшемдерді шығармашылық белсенділікті дамыту деңгейін өнімді қызметте бағалау үшін қолдандық.

Қорытындылар 5-6 сынып оқушыларының шығармашылық белсенділігін қалыптастырудың шешуші негізі (ақпараттық техникаларды қолдану арқылы компьютерлік графика мен бейнелеу өнерінің модульды курсы игеру сабақтарында) :

- әлемдік мәдениетті игеру сабақтарында көркем шығармашылықтарды қабылдау, оқушының образды көркем бейнелеу құралдарын игеруі (репродукция іс-әрекеті);
- шығармашылық дамуға септігін тигізетін практикалық іс-әрекет, (продуктивті қызмет).

Жоғарғы сынып оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамытуды бағалаудың өлшемі, (бейнелеу қызметі үрдісінде).

Репродукция қызметі: жаңа техникаларды тез игеру қабілетілігі (жеке адамның тандаулық потенциалы); визуальды мәдени, көркемдік талғауына ие болу (бағыт потенциалы).

Продуктивті (ақпараттық) қызметі: жаңа идеяларды генерациялау қабілеті (жеке адамның шығармашылық потенциалы); ұжымдық жұмыс үшін жылдам өзін-өзі анықтау және ұйымдастыру (компьютерлік потенциалы).

Оқушының шығармашылық белсенділігін игеру бойынша эксперимент барысында біз оның диагностикасы үшін мына авторлардың ақпараттық бағытарының әдістерін қолдандық (Д.Ж.Гильфорд, Е.Горранс).

Алайда, іздеу экспертизiнiң нәтижесi, сипатталған белгiлер (жылдамдық, нәзiктiк т.б.), жеке адамның психологиялық қасиетiн бағалау үшiн қолданылады. Зерттеу экспериментте бiз құрал-жабдық әдiстер мен суреттi мәтiндердi оқушының белсендiлiгiн дамытуға, талдау жасау үшiн және репродуктивтi, продуктивтi ақпаратты қызмет ретiнде бiрiктiруге тырыстық.

Репродуктивтi қызметiнiң даму деңгейiн бiлдiретiн олардың әдiстерiн шартты түрде екi топқа бөлдiк:

- оқушының көркем шығармашылықтарын бағалау;
- оқушының көркем шығармасының бағалау ерекшелiктерi шығармашылық белсендiлiк феноменiн қарастыру.

Бiз қазiргi уақытта кең тараған жеке психологиялық қасиеттерiн өлшеу жолы арқылы сандық бағалаудан алшақтауға тырыстық. Негiзгi көңiл оқушының көркем шығармашылығын қабылдауын жүйелеу және өзара байланысқа, оқушының көркем шығармасын замандастарының бағалауы, балалар мен жасөспiрiмнiң шығармасының психологтың сипаттамасына бөлiндi. Эксперимент топтың мүшелерi бiр уақытта оқушының көркем шығармасын бағалайтын эксперттер мен көркем шығарма иелерiнiң ролiн орындады. Осылайша А.А.Мелик-Пашаев мен З.А.Новлянскийдiң әдiсi оқушының репродуктивтi және продуктивтi шығармашылық қызметiн дамытуда пайдаланды.

А.А.Мелик-Пашаев пен З.А.Новлянский әдiстемесi баланың көркем шығармасын игеруге бағытталған және бұл үрдісті негiзгi белгiде модельдейдi. Әдiстеме бойынша оқушылар бiр контурлы суреттi екi рет бояуы қажет. Бiрiншi жағдайда оқушыларға бұл қайрымды сикыршының бағы, екiншiде, зұлым сикыршының бағы деп түсiндiрiледi. Мұнда, балалардың түстiк мәнердi қолдануы қатты айшықтанды. Кейбiр оқушыларда екi сурет бiрдей, ал қалғандарында түс сезiмдi беру тәсiлi болды: қайратты сикыршының бағы ашық түстермен, зұлым сикыршының бағы күнгiрт түстермен боялды. Берiлген жағдайларда, балалардың алдында тұрған мәселе әдеттегi сурет салумен салыстыруда қарапайым - оған суреттi, оны нақты ойлап табу, кешендi ұйымдастыру қажет емес, алайда оның түстен жұмысы бөлек болып келедi.

Күрделi потенциалды бiлiмдi меңгеретiн интернеттердi ақпараттылық қорды мәдени және бiлiм хабарлары бағытында тарату – бұл электронды кiтапхана, анықтауыштар, үздiк мұражайлар т.б. Ғалымдардың мәлiмдеуiнше, мәдени, гуманитарлық ой-өрісін кеңейтуді интернетпен бiрiктiре, ұштастыру әлдеқайда ұмытылыспен өтуде.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Лук Л.Н. Теоритические основы выявления творческих способностей. Науч.–аналит. обзор – М.: 1979.
2. Любарская Л.Н. Развитие художественно-творческой активности у школьников в процессе занятий изобразительным искусством: Автореф. дис. к.н. -М., 1980.
3. Мелик-Пашаев А.А. Педагогика искусства и творческие способности.-М. 1981.
4. Әлмухамбетов Б.А. IV–VII сынып оқушыларына ұлттық бейнелеу өнері арқылы эстетикалық тәрбие беру. А., 1999.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мектеп оқушыларының бейнелеу өнер сабағында шығармашылық белсендiлiгiн дамыту, жеке тұлға ретiнде өз ойларын iске асыруына мүмкiндiк туғызу мәселелерi қарастырылған.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы развития творческой активности, самореализации, самоутверждения личности, то есть предоставление школьнику возможности воплощения своей идеи–проекта на уроках изобразительного искусства.

ӘОК 371.013

### ТЕХНОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАБІЛЕТІ МЕН ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН АРТТЫРУ

Шагирова К.Ә. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Қазіргі таңда уақыт талабына сай күрделі өзгерістер, ғаламдану үрдісі, ақпараттық технологиялардың өсуі, нарықтық қатынастардың дамуы білім беру саласында үлкен өзгерістер енгізуді талап етеді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында білім беру жүйесін дамыту десе, «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» жолдауында 2008 жылдан бастап 12 жылдық жалпы орта білім беруге көшіп, педагогтардың кәсіптік деңгейін, оқулықтар мен білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру керек екенін атап өтті /2/.

Білім беру саласындағы басты мәселе – білімді халықаралық деңгейге көтеру. Білім деңгейін көтеру үшін оқушыларға жаңа технологияларды, инновациялық тәрбиені толық меңгертуді, үйретуді қажет етеді. Осы қажеттілікке байланысты технология пәнінің оқытушылары өздерін жаңаша оқыту мен инновациялық тәрбиелеуге барынша жетілдіруі, ізденуі тиіс.

Инновация латын сөзі - жаңалықты ендіру деген ұғымды білдіреді, ал инновациялық тәрбиелеу дегеніміз – жаңалықты ашу, оны игеру, өмірге енгізу. Жаңа технология түсінігіне тоқталсақ «техно» - өнер, шеберлік, ал «логос» ғылым деп түсіндіріледі. Педагогика саласында шеберліктің мәнін береді. Осыған орай мектептегі оқу – тәрбие үрдісін жүйелі түрде жүргізу, тәрбие мәселесін алға шығару, оқушылардың бойына жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды дарытуда технология пәнінде қолөнерді мейлінше кең қолдануды жүзеге асыру.

«Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебіміздің сау, таза, берік, һәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізде құра білсек келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негіз құра алмасақ, келешегіміз күңгірт» - деген, қазақтың зиялыларының бірі Мағжан Жұмабаев /3/.

Ұлтымыздың ұмытылып бара жатқан көне мұрасын жаңғыртып, ізденіп іске асырып, қазіргі заман талабына сай – топтастырып, жинақтап, жүйелеп, түрлендіріп тұтынуды мектеп қабырғасынан бастап келешек ұрпаққа жеткізу қажет.

Еліміздің елдігін көрсетіп, мемлекеттің мерейін өсіретін, халықты мұратына жеткізіп, қажеттілігін қанағаттандыратын ұлтымыздың болашағы - өскелең ұрпақ екендігі белгілі. Сондықтан, технология пәнінде заман талабына сай эстетикалық, патриоттық тәрбие бере отырып, жан-жақты жетілген, парасаты мен пайымы мол,

асқақ рухты, туған елі мен Отанын сүйетін ұлтжанды, өмірге деген өзіндік көзқарасы дамыған, іскерлі нарық заманына лайықты азамат тәрбиелеу. Қазіргі қоғамымыздың талабы қолөнер дүниелерін топтастырып, жинақтап, жүйелеп жас ұрпаққа жеткізу. Жас ұрпақты ХХІ ғасыр есігінен еркін енетін, дүние жүзілік мәдениетті танытын, төл мәдениетін сыйлайтын, таныта, сыйлата алатын, рухани дүниесі бай, эстетикалық, интеллектуалдық (өрелік) деңгейі жоғары, білімді, білікті етіп тәрбиелеу. Бүгінгі таңда эстетикалық тәрбие ісіне ерекше мән беріп отыр.

«Эстетика» - грек сөзі, «әдемілік», «сұлулық» - деген мағынаны береді екен. Эстетикалық тәрбие әр пәннің түрлі мүмкіншіліктеріне қарай жүзеге асырылады. Классиктердің айтуынша, қолөнер – адамның эстетикалық мәдениетін көтеруде маңызы зор. Эстетикалық тәрбие адамгершілік тәрбиесі мен еңбек тәрбиесі арқылы ұштастырылған. Адамгершілік тәрбиесі адам бойына, қажетті ізгі қасиеттерді сіңірумен айналысса, еңбек тәрбиесі сол адамға қажетті іс-әрекеттерді дағдыландырады /3/.

Бала тәрбиесі отбасына, мектеп пен ұстазға да байланысты. Оқушыны жетілген, ұлттық намысы зор азамат етіп тәрбиелеу үшін ақыл-ой тәрбиесі, имандылық, еңбек, эстетикалық, тіл мәдениеті, дене тәрбиесі, экологиялық, экономикалық, жыныстық және патриоттық тәрбие ғылыми педагогика мен халық педагогикасы негздерінде жүргізілуі тиіс. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы» - деген ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби, осы айтқан сөзі де мұны дәлелдей түскендей.

Елімізде нарық экономикасының заңдылықтарына сай білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой - талғамы бар, адамгершілігі жоғары әрі жан - жақты жетілген жастарды тәрбиелеу – басты мақсат, абыройлы міндет. Өйткені, жастар егеменді еліміздің тізгінін ұстар тірегі, еліміздің болашағы.

Осындай ұрпағымызға қалдырған халқымыздың бай мұрасынан үлкен өнеге, өнер, ұрпақ жалғастығын байланыстырып тұрған халықтың өміршең тәжірибесіне толы екенін көруге болады. Қазақтың бай мұрасынан халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасып, жалғасып келе жатқан ұлттық өнерінің бірі - қолөнері. Қазақ халқының қолөнерін тарихи – этнографиялық тұрғыда сипаттап зерттеген Х.Арғынбаевтың, Ә.Марғұланның, С.Қасимановтың, Ө.Жәнібековтың, М.С.Мұқановтың т.б. монографиялық еңбектерін атап айтуға болады.

Ою - өрнектерді қолдану технологиясына байланысты С.Асанованың еңбегінде ою-өрнек түрлерін қазақтың ұлттық киімдеріне бүгінгі күн талаптарына сай қолдану әдістері жөнінде мәліметтер берілген.

Қазақтың ұлттық киімдері де өзінің сипатымен, сырымен, сұлулығымен, сәнімен осындай сан ғасырлық тарихтың иісін сақтаған, бедерін жеткізген. Қазақтың ұлттық киімдеріне қарап-ақ қазақтардың қандай халық болғанын айтқызбай немесе өзін көрмей білуге болады. Ұлттық киімдеріміз ата-бабамыздың жауынгер, батыр, халық болғанын көрсетеді. Ата-бабаларымыздың қай дәуірде, қай кездерде, қандай жағдайда болмасын өмір сүрген ортасының тыныс тіршілігінен мағлұмат беретін, жерінің, табиғатының байлығын, дархан даладай көңіл-күйінің кеңдігін танытатын, сұлулық пен сезімталдыққа деген көз қарасын бүгінгі күнге қаз қалпында жеткізетін өсиетіндей, өлмейтін мәңгілік алтын қазына, асыл мұралары жетерлік. Сондай кейінгі ұрпақ үшін қасиеті мен қадірі, мәні мен мағынасы, берер тәлім тәрбиесі мен ұлағаты ерекше асыл мұра қазақтың ұлттық киімдері деседе болады.

Жасыратыны жоқ, кеңес дәуірі кезеңінде сан ғасырлардан бері ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса жаңғырып жеткен сол қазынамыздың бетін тот басып, көңілден көмескіленіп, өмірден аласталып, тіптен сәл-пәл санамыздан сызылып қала жаздағаны рас емес пе? Енді міне, тәуелсіз мемлекет атанып, көк аспанмызда көк байрағымыз желбіреп, алақанымызға төл теңгеміз түсіп, барлық мемлекеттермен тереземіз тең болып жатқан тұста ұлттық сана-сезіміміз өсіп, іздеуге мүмкіндік туып, даңғыл жол ашылды.

Осы ата-бабамыздан жеткен асыл мұраны, қазақтың ұлттық киімдерін бүгінгі ұрпаққа жаңғыртуға «Сымбат» сән академиясы да өзінің үлесін қосып отыр. Ұлылығы мол, ұлағаты жетерлік ұлттық киімдердің кез-келгенін көзге көрікті, көңілге қонымды ететін нәрсе тігілуі, ою-өрнектің түсірілуі мен әшекейлерінде.

Педагогика ғылымы саласында қолөнеріне қатысты зерттеген Ж.Балкенов, А.Қамақов, Б.Әлмұқанбетов, Қ.Әмірғазин, Л.Котенколардың еңбектерінде 4-8 сынып оқушыларына эстетикалық тәрбие беру мәселесі шешімін тапқан. Олардың еңбектерінде қазақтың қолөнер үлгілерін оқушылардың қабылдай білуі, жасай алуы, ондағы образды бейнелерді ұға білу дағдылары мен эстетикалық мәдениеті элементтерін қалыптастыру /4/.

«Ою» деген сөз бен «өрнек» деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау, немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатыр. Қазақ көбінесе бір өрнекке салып қиып алған үлгіні, үлгіге салып кескен сырмақтың қиығын, сондай-ақ барлық қошқар мүйіз өрнектерін де «ою» дейді. Ал «өрнек» дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейненің, күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалыптап істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортақ атауы іспеттес. Сондықтан көбінесе «ою-өрнек» қосарланып айтыла береді /8/.

Сан алуан түрлі қолөнер бұйымдары әсемдігімен, өрнегімен, тұрмысқа сән берілуімен адамдарға ләззат әкелген. Қолөнер бұйымдарындағы түрлі түсті ою-өрнек, оның орналасуы, зер сала қараған адамға адамзат дүниесінің табиғатпен біте қайнасқан ерте заманнан келе жатқан қарым қатынасын, көңіл-күйін, жан дүниесіндегі күштердің бірлігін аңғаруға болады. Шеберлердің қолынан шыққан, қолөнер бұйымдарының бет-белдеріне түсірілген ғажайып ою-өрнектері табиғат сұлулығын сипаттап, керемет өзгеше бір тілмен ақтарыла сыр шертетіндей.

Осы бір керемет ою-өрнектерде терең сырдың мағынасы жатқанын, мына мысалдардан да байқауымызға болады. Мысалы, қазақ халқының ерте кезден бергі әдет – ғұрпы, салты бойынша, бөтен жерге, алыс ауылға күйеуге ұзатылған, белгілі бір уақыттан төркін жағына сәлемдеме жіберу дәстүрі болған. Сәлемдемеге жас келіншек өзінің күйеуге шыққаннан кейінгі тұрмыс жағдайын ою - өрнекпен бейнелеп жіберген.

Салт бойынша тұрмысқа шыққан қыздың үйіне жіберген сәлемдемесінде алақандай жарғақ, оның бетіне бойы сорайған ұзын және өте жіңішке, әрі арық адам бейнесі кестеленіп салынған және оның жанында тұрған дөп – дөңгелек адам тұрпаты бейнеленген. Бұл сәлемдемеде қыздың ата-анасы жат-жұртқа ұзатылған баласының «отырса опак, тұрса сопак» болғанын, мүшкіл қалін түсінген. Ал басқа ретте күйеуге ұзатылған қыздан «құсмұрын» бейнесі салынған сәлемдеме келсе, ата-анасы одан баласының барған жерінде құстай ерікті, басы бостандықта, жағдайы жақсы екенін ұғатын болған. Сол себепті ұзатылған қыздан сәлемдемеге құс тұмсық жүзік келсе немесе құс тұмсық ою-өрнекті түскиіз, басқұр сияқты зат келсе ауыл – аймағы қуанып, той жасап, атап өтуді әдет еткен /4/.

Тағы бір мысал, «қошқармүйіз» - қазақ халқының ең байырғы оюларының бірі, қазірде қолөнер шығармаларының барлық түріне салынады. Қошқармүйіз – қошқардың мүйізі тәріздес ою. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқының көшпелі өмір салтымен байланысты туған. Қошқармүйіз оюы неше түрлі формаларға еніп, қазақ бұйымдарының көбінде кездеседі. Әсіресе киіз үй жасауларының барлық түріне де салып тоқуға болады. Мәселен, текеметтің ортасына «қошқармүйіз», шет-шетіне «тұмар», «шаршы» немесе «су» оюлары салынады. Мұнысы туған жер төсін толтырған отар-отар қой болсын деген халықтың арман тілегі. «Қошқармүйіз» оюы молшылықтың нышаны ретінде бұл күнде де жиі қолданылып келеді.

Қолөнер өңделу, жасалу сапасына қарай бірнеше салаларға бөлінеді. Олар: пішуші, тігуші, ою оюшы, тоқушы, иіруші. Қолөнер бұйымдарын күнделікті өмірде қолданады. Шеберлердің қолынан шыққан небір асыл бұйымдар мен мүліктер құлпырып жаңа түрге еніп, асыл дүниеге айналған. «Шеберді ісімен танысың», «Шебердің қолы ортақ» осы сияқты халық мәтелдері шеберлердің ісін дәлелдегендей. Қолөнер атадан балаға мұра болып келе жатқан дәстүр.

«Ата көрген оқ жонар,

Ана көрген тон пішер» -

деп те халық бекер айтпаған. Анадан мұра болып қалған қолөнерінің бір саласы пішу, тігу. Мысалы, үй, жиһаздарының бірі - құрақ көрпе құрау. Көрпеше ата-бабаларымыздың дәстүрлі төсеніші болған және тұрмысымызға көрік берер сәнді бұйымдардың бірі. Құрақтан қолдорба да жасалынған, керме, аяққап, шайдорба, сандық жапқыш т.б. көптеген бұйымдар жасалынғандығына мысалдар келтіріледі, Қазақстанның Орталық музейіндегі киіз үй ішінің суретін эпидоскоптен көріп, осы айтылғандарға көз жеткізуге болады. Құрақ Қазақстанның барлық облыстарына тән өнердің түрі. Құрақты мектеп жоқ кездің өзінде шеберлер геометрияны оқымаса да түрлі геометриялық фигуралардан тұратын құрақты сәндеп құрай білгендігін оқушыларға үлгі етіп, ежелгі мәдениетіміз тек сәнді емес, үнемді де болғандығын айтуға болады.

Бүгінгі күнде де құрақ бұйымынсыз бір де бір қазақтың үйі жоқ деседе болады. Әр ана өз қызына құрақ құрау өнерін үйрете отырып, қызын ісімерлікке, еңбекқорлыққа баулып отырған. Осыған орай айтылған «Шешесіне қарап қызын ал» - деген халықтың мақалы бар.

Құрақ құраудың да әдіс - тәсілдерін, өрнектеп үйлесімін тауып құрай білген жөн. Құрақ құрауда аса шеберлікті қажет етеді. Құрақ құрауды мектеп оқушыларына үйрету өте тиімді. Себебі, оқушыларға қалдық мата қиындыларын іске асыруға, қалдық мата қиындыларын үнемді пайдалануға және оқушылардың ойлау қабілетін арттыруға, әсемдікті өз қолдарымен жасауға, ұқыптылыққа, жинақылыққа, тыңғылықтылыққа, қайта оралмайтындай, дер кезінде бітіруге дағдыландырады. Өзінің және жолдасының жұмысына талдау жасай білуге үйретеді, үй тұрмысына қажет бұйымдардың дайынын сатып алу мен қолдан өзі жасағандағы үнемділікті есептетіп қана қоймай, оның ата-анаға да қуаныш әкелетінін де айтуға болады.

Жалпы құрақтың бірнеше түрлері бар: ботакөз, шатыр, тырна, оюлы құрақ, жұлдыз, иттабан, шаршы, сегізгүл, раушангүл, таға, қайшы, қарсы құлақ, жауқазын т.б. Матаның үйлесімділігіне, қиюласу өрнегіне қарап құрақ мынадай топтарға бөлінеді:

1. Өсімдік тектес – көкөрістік,
2. Жануарларға байланысты – зоо-аморфты,
3. Ғарыштық космогониялық,

4. Геометриялық,
5. Тұрмыстық,
6. Көкөрістік топқа: сегізгүл, раушангүл, қалампыр, жауқазын, масақ т.б.,
7. Жануарларға байланысты: қошқар мүйіз, сынық мүйіз, иттабан, омыртқа, ботакөз,
8. Ғарыштық: жұлдызша т.б.,
9. Геометриялық: шаршы, қарсы т.б.,
10. Тұрмыстық топқа: қайшы, таға т.б. құрақтар жатады /3/.

Мектептегі технология пәнінде құрақ құрау өнері арқылы оқушылардың іскерлігін, икем – дағдысын, ұқыптылығын, ұйымшылдығын, тиянақты жұмысын орындауға үйрете отырып, эстетикалық, экономикалық тәрбие беру, шығармашылық қабілетін дамыту көзделеді.

Қолөнер тек ою-өрнек қана емес, олар математикалық ойдың, есептің, бұрыштар өлшемдерінің, өң-түс, сабақтастықты жан-жақты шығармашылықпен ойландыратын тәрбие құралы.

Қазақтың ұлттық қолөнерінің тәрбиелік, тағылымдық мүмкіндіктері жоғары, өйткені, ол ұрпақ тәрбиесіне кешенді түрде әсер етеді. Оқушылардың ақыл – ойын өсіреді, адамгершілік, сыйластық, жауапкершілік қасиеттерін арттырады, эстетикалық түйсік-талғамын дамытады, еңбекке баулиды. Сондықтан, оқушыларға еңбектің мағынасын, өмірде алатын орнын түсіндіру керек. Қолөнердің қайнар көзі – еңбек екенін М.Горькийдің еңбек туралы, оның адамды ұлы да данышпан ететін ұлы күш екенін айтатын аталы сөзінен үзінді келтіріп, еңбек құдіретін, маңызын түсіндіру. Еңбек адамның іскерлігі мен ой-өрісін ғана өсіріп қоймай, оның адамгершілігін, дүниеге көз қарасын қалыптастырып, рухани сезімін байытады. «Еңбек - өнер өрісі, өнер-өмір жемісі» - дегендей, еңбекпен өнердің егіз екенін, өнердің қай түрі болмасын қажымай-талмай еңбек етуді талап ететінін есте ұстау.

Оқушыларды қолөнер пәнінің процестерімен таныстырып, өнер құралдарымен жұмыс істеуді үйрете отырып, білімі мен шеберлігін қалыптастырудағы міндеттеріне тоқталайық:

- оқушының политехнологиялық ой-өрісін дамытып, ынта-ықыласын нығайту және мамандықты саналы түрде таңдап алуға даярлау;
- қоғам өміріндегі еңбектің, өнердің рөлін түсіну, өнер адамдарына деген құрмет;
- өнерге деген сүйіспеншілік, еңбек етуге қабілеттілік пен шеберлік, қоғам пайдасына шын ниетпен, шығармашылықпен жұмыс істеу тілегі, қоғамдық пайдалы, өнімді еңбекке даярлық;
- еңбек мәдениеті мен оны ғылыми ұйымдастыру негіздеріне үйрету, қауіпсіздік ережелерін білу, сақтау дағдыларын жетілдіру;
- қолөнер мамандықтары бойынша оқушы бейімі мен қабілеттеріне сәйкес және қоғамдық қажеттіліктерді ескере отырып мамандық таңдау. Қолөнерді оқыту арқылы тәрбиелеу:
- өз аулындағы, өз туыстары мен жақындарының өнер туралы ұғымдары мен мүдделерін ұжым қажеттерімен ұштастыру ниетін тәрбиелеу;
- көрнекі құрал ретінде пайдаланылатын өздері жасаған бұйымдарға, көрме экспонаттары мен мектеп мүлкіне аялы көз қарасқа тәрбиелеу;
- сынып ұжымына, мектеп отбасы өмірі мен еңбегіне, жеке тұрмыс салтына әсемдікті енгізуге ұмтылдыру;
- мінез-құлықтағы, тіршіліктегі, тұрмыстағы көріксіздікті айыптау көзқарасына тәрбиелеу /7/.

Оқу-тәрбие үрдісінің деңгейін көтеру жолдарын жүзеге асыруда мектептің, отбасының, әкімшіліктің, құқық қорғау орындарының жауапкершілігі аса зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан - 2030». Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. А., 1997.
2. «Қазақстан Республикасының 2005-2010 жылға дейінгі білім беруді дамыту бағдарламасы». 2004.
3. Мектептегі технология. 2004 .
4. Әбдіғалпарова Ұ.М. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері. Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика. 2005.
5. Асанова С. Қазақтың ұлттық киімдері. А. 2000.
6. Әбдуалиева Ш. Халық қолөнері. А. 2000.
7. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. А. 2000.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақтың ұлттық қолөнеріне деген оқушылардың сана сезімін ояту, оның қасиетін, тәрбиелік мәнін түсіндіру қарастырылған.

#### РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы формирования национального самосознания учащихся посредством использования казахских народных традиций.

*СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ*

УДК 378.016.02:504(574)

**ФИЗИЧЕСКАЯ АКТИВНОСТЬ КАК ФАКТОР СНИЖЕНИЯ  
ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ОПАСНОСТИ ДЛЯ ЗДОРОВЬЯ СТУДЕНТОВ**

Абдыкадырова Д.Р., Потапов И.А. (г. Алматы, КазГосЖенПИ)

Постоянно растущее влияние человека на среду обитания, обусловленное интенсивным развитием промышленного и сельскохозяйственного производства, транспорта и энергетики, высокий рост численности населения и его урбанизация, а также ряд других факторов приводят к значительному загрязнению биосферы. Негативное антропогенное воздействие на природу, превышающее ее восстановительный потенциал, способно вызвать необратимые изменения окружающей среды и создать угрозу самому существованию человека. Под влиянием факторов загрязнения, действующих на организм, снижаются его защитные силы, уменьшаются приспособительные и компенсаторные возможности, что способствует образованию вредных побочных продуктов обмена и в самом организме. В результате нарушается физическое, психическое и социальное благополучие людей, происходят изменения в их генетическом фонде. Противостоять вредному действию факторов внешней среды на человека в условиях нарастающего экологического кризиса можно не только затормозив процесс загрязнения природы, но дополнительно и повысив адаптационные силы самого организма. Одним из путей достижения этой цели является регулярная двигательная активность, особенно в виде аэробных физических упражнений, выполняемых при достаточном уровне окислительных процессов.

В результате систематических, динамических, аэробных, физических нагрузок совершенствуются механизмы приспособления не только к мышечной деятельности, но и к влиянию неблагоприятных природных и социальных факторов. При их действии нейрогенное и гормональное звенья системы управления вызывают в организме совокупность биохимических, физиологических и структурных сдвигов. Они обуславливаются генотипическими и фенотипическими реакциями, протекающими на всех уровнях. В результате происходит мобилизация энергетических ресурсов организма, активируется деятельность систем адаптации, формируются структурные основы долговременного приспособления к меняющимся условиям /1/, /2/. Возрастающая при мышечной деятельности потребность в энергообеспечении активирует процессы фосфорелирования в митохондриях, что является стимулом повышения ресинтеза АТФ. Аналогичные изменения отмечаются и при гипоксии или действии холода /3/. Развивающаяся при систематических тренировках экономизация функций способствует более бережной деятельности механизмов адаптации, а постепенно возрастающее функционирование стресс-лимитирующих систем ограничивает стресс-реакции. В крови при адаптации повышается содержание оппоидных и других регуляторных пептидов, активируется серотонинэргическая система и другие.

При адаптации к физическим нагрузкам снижается риск возникновения сердечно-сосудистых заболеваний, нарушений углеводного и жирового обмена. Это обусловлено в частности тем, что повышается функциональная активность митохондрий. В результате увеличивается аэробная мощность организма и

утилизация продуктов углеводного и жирового обмена. Развивается умеренная гипертрофия миокарда при одновременной умеренной дилатации полостей. В мышце увеличивается число и плотность капилляров, возрастает просвет коронарных сосудов, повышается утилизация кислорода. В следствие этого снижается вероятность ишемических повреждений сердца /2/.

Большую роль в приспособительных изменениях в организме играет лимфатическая система. В проведенных нами исследованиях /4-6/ было обнаружено, что при пассивных движениях и вызванных сокращениях скелетных мышц возрастает резорбционная и транспортная функции лимфатической системы, значительно увеличивается выведение плазменных белков из межклеточного пространства мышц. Сдвиги будут способствовать интенсификации трансапипиллярного обмена, лучшей доставке к тканям необходимых веществ и отведению метаболитов.

Оптимальная физическая активность, как и антиоксиданты, усиливает разрушение и удаление из организма таких вредных побочных продуктов обмена как свободные радикалы. Они образуются при различных нарушениях экологии, инфекциях, снижении защитных сил. Параллельно при регулярной мышечной деятельности нормализуется холестериновый обмен, соотношение липопротеинов низкой и высокой плотности. Уменьшается вероятность развития такого заболевания как атеросклероз /7-9/. Гипертрофия дыхательных мышц, развивающаяся при систематической тренировке, рост жизненной емкости легких, экономичность дыхания, проявляющаяся в снижении дыхательного объема при меньшей частоте дыхания, лучшая утилизация кислорода тканями являются мощными механизмами адаптации при отрицательных воздействиях внешней среды /10/.

Регулярные аэробные физические упражнения оказывают общее стимулирующее влияние, повышая жизнеспособность организма. Чем интенсивнее двигательная деятельность человека в пределах оптимальной зоны, тем значительнее восстанавливается и повышается энергетический потенциал, увеличиваются функциональные ресурсы, более полно реализуется генетическая программа, возрастает продолжительность жизни /11-12/.

У физически тренированных людей наблюдается снижение стресс-реакций не только на большие мышечные нагрузки, но также на действие сильного холода, выраженные отрицательные эмоции /8/, повышается иммунный статус организма /13/. Профилактический эффект адаптации к физическим нагрузкам выражается и в повышении устойчивости к боли, в возросшей способности к выработке целесообразных поведенческих условнорефлекторных реакций /2/, в увеличении умственной работоспособности /14/.

Таким образом, систематическая динамическая мышечная деятельность в оптимальном объеме не только является средством повышения физических возможностей человека. положительные перекрестные эффекты проявляются в увеличении функциональных возможностей организма, повышении его физиологических резервов. В результате возрастает устойчивость к повреждающим воздействиям вообще, повышается способность противостоять неблагоприятным факторам меняющихся условий существования. Это и может служить одним из обоснований использования регулярных динамических физических упражнений как средства профилактики, лечения и реабилитации при различных повреждающих воздействиях, в том числе обусловленных ухудшением экологии.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Кассиль Г.Н., Вайсфельд И.Л. и др. Гуморально-гормональные механизмы регуляции функций при спортивной деятельности. – М.: Наука, 1978, 304с.
2. Меерсон Ф.З., Пшенникова М.Г. Адаптация к стрессорным ситуациям и физическим нагрузкам. – М.: Медицина, 1988, 253с.
3. Меерсон Ф.З. Адаптация сердца к большой нагрузке и сердечная недостаточность. – М.: Наука, 1975, 263.
4. Потапов И.А. Очерки физиологии лимфообращения. – А., 1977, 272с.
5. Потапов И.А., Сарсенова С.Т., Парпиев У. Влияние электростимуляции на резорбцию белков плазмы из скелетных мышц. В кн: Влияние экстремальных факторов на функции и тканевые структуры организмов. – Алма-Ата – 1985.
6. Потапов И.А. Влияние классического массажа на кровообращение и лимфообращение. // Теория и методика физической культуры, 2000, №2, с.22.
7. Климов А.Н. Атеросклероз. В кн.: Превентивная кардиология. Под ред. Г.И.Косицкого. – М.: 1987, 239 с.
8. Косицкий Г.И. Преодоление гипокенезии. - В кн: Превентивная кардиология. Под ред. Г.И.Косицкого. – М.: 1987, 401 с.
9. Органов Р.Г., Метелица В.И. Актуальные проблемы профилактической кардиологии. // Кардиология, 1982, №8, с.5.
10. Бреслав И.С., Иванова А.С. Дыхание и работоспособность человека в горных условиях. – Алма-Ата, Ғылым, 1990, 184с.
11. Виру А.А., Юрияэ Т.А., Смирнова Т.А. Аэробные упражнения. – М.: 1988.
12. Волков В.М., Мильнер Е.Г. Человек и бег. – М.: ФиС., 1987.
13. Хрущев С.В., Левин М.Я. Влияние систематических занятий спортом на неспецифическую и специфическую (иммунологическую) реактивность юных спортсменов – В кн: Детская спортивная медицина – М.: Медицина. – 1991.
14. Купер К. Аэробика для хорошего самочувствия. – М.: ФиС, 1989, 224с.

#### РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены перспективные проблемы в развитии валеологического образования и воспитания, вопросы адаптации организма детей и молодежи к обучению в вузе.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

